Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81'25

Қолжазба құқығында

ЖАПАРОВА АСЕМЖАН ЖАПАРҚЫЗЫ

Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау

6D020700 – Аударма ісі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филол. ғ. д., профессор Ж.Д.Дәдебаев

Шетелдік ғылыми жетекші:
PhD, профессор А.Олдфилд

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 5

1. МЕТАФОРА ПОЭТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

1.1. Метафораның зерттелу тарихы.....11
1.2. Метафора – поэзиядағы бейнелі ақпаратты беру механизмі 25
1.3. Метафораның жіктелімі мен негізгі қызметтері.....32
1.4. Аудармадағы метафора және оны аударудың негізгі әдістері..... 40
1.5. Аударматанудағы баламалылық және барабарлық мәселесі.....47

2. МӘТІНДІ АУДАРУ АЛДЫНДАҒЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

2.1 Абай метафораларының зерттелуі.....55
2.2 Абай поэзиясында дәстүрлі метафоралардың түрлену ерекшеліктері……..62
2.3 Ақынның авторлық метафораларының мазмұндық сипаты.....80
2.4 Абай метафораларының қызметі.....99

3. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 Абай өлеңдеріндегі метафоралардың орыс тіліндегі аударма нұсқалары: тұпнұсқаға барабарлығы.....106
3.2 Абай метафоралары тәржімаларының вариативтілігі / көп нұсқалылығы («Абайдың 37 өлеңі» жинағы бойынша).....127
3.3. Абай метафораларының ағылшын тіліне аударылуы: түпнұсқа мен аударманың салғастырмалы-семантикалық талдауы 137
3.4. Абай метафораларын аударуда қолданылған трансформациялар.....144
3.5 Абай өлеңдері тәржімаларындағы метафоралық трансформация түрлері..153

ҚОРЫТЫНДЫ.....166

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....170

АНЫҚТАМАЛАР

Антонимдік аударма – кез-келген бір түсінікті қарама-қарсы мағынадағы түсінікпен ауыстыру немесе түпнұсқадағы болымды форма аударма тілде болымсыз формаға айналатын лексико-грамматикалық трансформация.

Грамматикалық алмасулар – аударма трансформациясының бір түрі, түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аударма тілде басқа грамматикалық бірлікке алмасуы.

Деметафоралау – түпнұсқадағы метафоралық тіркесті метафоралық емес тіркеспен тәржімалау.

Жалпыландыру (генерализация) – аударма трансформациясының бір түрі, түпнұсқадағы тар мағыналы сөзді аударма тілінде кең мағыналы сөзбен алмастыру.

Калькалау – аударма әдісінің бір түрі, түпнұсқадағы лексикалық бірлікті, оның құрамдас бөлігі – морфема немесе сөздерді аударма тіліндегі лексикалық сәйкестіктерге негіздеп аудару.

Өтеу, орнын толықтыру (компенсация) – аударма траснформациясының бір түрі, аударма кезінде жоғалған түпнұсқалық бірліктер аудармада басқа түрде беріледі, дәл түпнұсқада тұрған орнында тұруы шарт емес. Осылайша аудармада жоғалған түпнұсқалық мағынаның орны толтырылады.

Нақтыландыру (конкретизация) – аударма әдістерінің бірі, түпнұсқадағы заттық-логикалық кең мағынасы бар сөзді не сөз тіркесін аударма тілінде тар мағыналы сөзбен алмастыру, түпнұсқадағы кең мағынасында қолданылған сөздің аударма тілінде типтік ұғыммен берілуі.

Метафора – заттар мен ұғымдардың ортақ ұқсастық белгілеріне негізделген сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы.

Метафоралау – метафоралық емес сөз не сөз тіркесінің метафоралық тіркеспен аударылуы.

Модульдеу (модуляция) немесе мағыналық дамыту – түпнұсқалық бірлік мағынасынан логикалық түрде туындайтын сөзбен аудару, яғни түпнұсқа тіліндегі сөзді аударма тіліндегі сөзбен алмастыру.

Реметафоралау (қайта метафоралау) – метафоралық трансформацияның бір түрі, метафораның метафорамен аударылуы.

Сөз қосу – түпнұсқада жоқ сөзді не тіркесті аудармада келтіру.

Сөзбе-сөз аударма немесе синтаксистік ұқсастық – түпнұсқаның синтаксистік құрылымы аударма тілдегі ұқсас құрылымға айналатын аударма әдісі.

Сөйлемдерді бөлшектеу – аударма трансформациясының бірі, түпнұсқадағы синтаксистік құрылымды аударма тілде бір немесе екі предикативті құрылымға айналдыру.

Сөйлемдерді біріктіру – трансформацияның бірі, түпнұсқадағы синтаксистік құрылым аудармада өзгереді, яғни екі жай сөйлем бір сөйлемге айналады.

Транскрипция – түпнұсқадағы аударма тілі әріптерінің көмегімен оның дыбыстық формасын қалпына келтіру жолымен лексикалық бірлікті аудару.

Транслитерация түпнұсқадағы аударма тілі әріптерінің көмегімен оның графикалық формасын қалпына келтіру жолымен лексикалық бірлікті аудару.

Трансформация – түпнұсқа тілдегі бірліктерді аударма тіліндегі бірліктерге ауыстыруға септігін тигізетін түрлендіру, қайта жасау. Латын сөзі «transformatio»– қайта өзгерту, «transformare» – өзгерту, кейпін өзгерту, аудару деген мағыналарды білдіреді.

Түсіріп тастау – аударма трансформациясының бірі, түпнұсқада бар сөзді не тіркесті аудармай қалдырып кету.

Экспликация немесе сипаттамалы аударма – аударма трансформациясының бірі, түпнұсқа тілдегі сөз не сөз тіркесі аударма тілде эксплициттік мағынада қолданылады, яғни сол сөзді аударма тілде толықтай түсіндіреді немесе анықтамасын береді.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Абайдың поэтикалық жүйесіндегі метафоралардың функционалдық ерекшеліктері, эстетикалық және семантикалық маңызды троп ретіндегі метафораның орыс және ағылшын тілдеріне аударудың түрлі әдістері қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев шығармалары әлі де заманауи, маңызды және өзекті Ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толуына арналған Жарлыққа қол қойды. 2020 жылы көптеген елдер осы күнді атап өтеді, сондықтан зерттеушілердің Абай шығармашылығын әдебиеттану, аударматану, лингво-философиялық және басқа да ғылыми талдау тұрғысынан қарастыруы өзекті болып табылады.

А. Құнанбаев шығармашылығы бойынша ғылыми зерттеулер бар болса да, қазіргі отандық аударматануда ақын троптарының, әсіресе, Абай поэтикалық жүйесіндегі метафораның функционалдығы, қазақ поэзиясында көркем, онтологиялық, гносеологиялық параметрлері тұрғысынан жаңа сөз болған ақынның эстетикалық жүйесіндегі жаңашыл өзгерістер бойынша жұмыстардың жетіспеушілігі байқалады.

Бұл ретте, Абайдың метафоралық ойлау саласындағы жаңашылдығы, дәстүрлі қазақ лироэпосында болмаған, Абайға дейінгі қазақ ақындары мен жыраулар поэзиясындағы канондық және қалыпты метафоралардан ерекшеленетін, бейнелілігі мен жаңа мағыналарды жинақтау тұрғысынан әлеуметтік және тарихи маңызы бар жаңа мағыналы жаңа метафоралар жүйесін жасау мәселесі маңызды болып табылады. Осыған байланысты Абай метафорикасына жүгіну және жаңартылған, көп ретте трансформацияланған ақын метафораларының орыс, ағылшын тілдері құралдарымен аударылған аударма сапасын, сипатын анықтау өзектілігі де айқын.

Абай поэзиясын орыс тіліне аудару мәселелері бойынша бірқатар жұмыс жазылған, алайда мағыналық новациялар мен трансформациялар, семантикалық үстелуі (өсім), аллюзивтілік пен интертекстуалдық ассоциативтілікті ескере отырып, метафоралардың аудармада берілуі жеткілікті түрде қарастырылған жоқ.Аударматану мен компаративистика саласында салыстырмалы-салғастырмалы сипаттағы еңбектердің, атап айтқанда, Абай метафораларының ағылшын тілі құралдарымен аудармада берілуін зерттеген жұмыстар саны аз, алайда аударматанудың аталмыш аспектісі, отандық филологиялық білім берудегі ағылшын тілінің күн санап әлемдік мәртебесінің арта бастауына байланысты рөлі мен мәні жағынан өзекті екені белгілі.

Бұл тұрғыда жұмыстың өзектілігі қазіргі филология пәндері, соның ішінде пәнаралық тәсілге қол жеткізу тұрғысынан, Абай метафораларын эстетикалық және әдебиеттік интерпретациялау, талдау, типологияландыру және жіктеу қажеттілігімен негізделеді, сонымен қатар, Абайдың поэзиясын аударудың

бүгінгі күнге дейін жинақталған орыс және ағылшын тілдері құралдарымен берілген ізденістер мен аударма сәтсіздіктерін, қателіктерді талдау және жинақтау маңызды болып тұр. Соңғы жылдары Абай поэзиясы мен қара сөздерін ағылшын тіліне, соның ішінде Халықаралық Қазақ Пен-клуб қызметінің аясында, аудару талпыныстары жасалуына байланысты әдістемелік маңызы зор.

Қазіргі уақытта қазақ поэзиясының, оның ішінде оның мәнерлі құралдары корпусының қарқынды дамуы мен жаңартылу үдерісі байқалады, жаңа стильдік ағымдар пайда болды, сол себептен ақындық принциптердің мәні, тартымдылығын осы күнге дейін жоғалтпаған Абай көркем әлемінің бірегейлігі, оның поэзиясындағы сөз үлгілеріндегі жаңашылдық сипаты– оның поэтикасы мен эстетикасының барлық аспектілері, әсіресе – метафорикалық ойлау мен әлемді бейнелі игерудің өзіндік ерекшеліктері өзекті болып отыр.Жыл сайын Абай поэзиясына деген қызығушылық шет елдерде, батыс және шығыс мемлекеттерінде артып келеді, Абай шығармаларының жаңа аудармалары пайда болады. Бұл тұрғыда, әрине, жаңа аудармалар мен Абай поэзиясын әлем халықтарының әр түрлі тілдеріндегі аудармаларын талдау мен сараптау, бағалау ерекше ғылыми маңызға ие.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі таңда іс жүргізу тілі, Қазақстандағы мәдениаралық өзара әрекеттестік тілі болып табылатын, ғаламдық коммуникативтік ақпараттық жүйе ретіндегі ағылшын тілінің эстетикалық мүмкіндіктерін интерпретациялау және сипаттау қажеттілігімен де байланысты болып отыр.

Абай поэзиясын үш тілде салыстырмалы-салыстырмалы түрде талдау, зерттеу ҚР тіл саясатының концепциясы, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы, 2015-2020 жылдарға арналған Үш тілді білім берудің Жол картасы сияқты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында тіл саясатын табысты жүзеге асыруға қосымша серпін беретіні де анық.

Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі: Зерттеудің теориялық базасын Ш.Балли, М.Джонсон, Дж.Лакофф, Э.Маккормак, А.Оганьян, П.Рикер, Р.Якобсон және басқа да көптеген ғалымдардың метафораға арналған еңбектері құрады. Метафора жіктелімі мен қызметіне қатысты мына ғалымдардың еңбектері қарастырылды: И.В.Арнольд, Н.Д.Арутюнова, К.Аханов, М.Блэк, В.Г.Гак, Қ.Жұмалиев, М.Н.Кожина, В.П.Москвин, М.В.Никитин, П.Ньюмарк, С.Сансызбаева, Г.Н.Скляревская, В.Н.Телия, Ф.Уилрайт, В.Харченко, Б.Х.Хасанов және басқа да зерттеушілер. Метафоралардың аударылуы бойынша мынадай ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізге алынды: И.С.Алексеева, И.А.Аржанова, Л.С.Бархударов, Н.И.Борковец, Р. Броек, В.Н.Вовк, И.Р.Гальперин, Т.А.Казакова, В.Н.Комиссаров, А.Л.Коралова, Х.П.Крингс, Е.С.Кубрякова, Я.И.Рецкер, А.В.Федоров, А.Д.Швейцер және т.б. Аударматанудағы барабарлық пен баламалық мәселесіне қатысты А.Алдашева, В.С.Виноградов,

Н.К.Гарбовский, В.Коллер, Дж.Кэтфорд, Р.Левицкий, Ю.И.Львин, Ю.Найда , Ә.Тарақ, С.В.Тюленев еңбектері қарастырылды. Абай шығармаларының зерттелуі бойынша Р.Сыздықова, З.Ахметов, Б.Кенжебаев, Ж.Дәдебаев, Р.Сыздықова, Ж.Ысмағұлов және т.б. еңбектеріне көңіл бөлдік. Поэтикалық шығармалардың аударылу мәселесі бойынша А.Жақсылықов, Т.Есембеков, Н.Сағандықова еңбектері қарастырылды.

Зерттеу жұмысының мақсаты.

Зерттеудің мақсаты – Абайдың метафоралық жүйесінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда берілу тәсілдерін анықтау.

Жұмыста қойылған мақсатты іске асыру үшін диссертациялық зерттеуде келесідей **міндеттер** қойылады:

– Абайдың ақындық шығармаларындағы дәстүрлі және авторлық метафораларды анықтау және талдау;

– Абай өлеңдеріндегі метафорының қызметін анықтау;

– Абай метафорасына семантикалық талдау жасау, троптың орыс және ағылшын аудармаларын түпнұсқамен салыстыра отырып талдау;

– Абай метафораларын орыс және ағылшын тілдері құралдарымен аудару әдістерін сипаттау және жүйелеу;

– Абай метафораларының аудармадағы метафоралау трансформациясының түрін анықтау;

Зерттеу нысаны. Абай поэзиясындағы метафоралар мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

Зерттеу жұмысының пәні. Абай өлеңдеріндегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдердегі аудармаларда жасалу жолдары.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесідей әдістер қолданылады:

дереккөздерді жинау барысында жаппай іріктеу әдісі, Абай метафораларын семантикалық және мәнмәтіндік талдау; метафора түпнұсқасы мен аударманы салыстырмалы-салғастырмалы талдау;

Зерттеу дереккөздері. Абай Құнанбаевтың өлеңдері, М.Рамазанов, С.Сабатаев, Вс.Рождественский, Ю.Нейман, А.Штейнберг, М.Петровых, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, Ю.Кузнецов, С.Липкин, М.Зенкевич, М.Дудин, Е.Курдаков, П.Карабан, К.Досжан, А.Жовтис, О.Румер, Б.Момышұлы, Л.Длигач, М.Зенкевич, М.Тарловский, С.Тілеубаев, Б.Каирбеков, М.Адибаев, Ә.Қодар, Э.Шехтман, Р.Маккайне, Том Боттинг аударған ақын өлеңдері.

Зерттеу материалдары. Абайдың 176 өлеңінен 523 дәстүрлі метафора мен 524 авторлық метафора жинақталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

– Абай өлеңдеріндегі метафоралар дәстүрлі және авторлық түрлерге жіктелді, талданды, олардың аудармаларда берілу жолдары анықталды;

– алғаш рет Абай метафораларының қызметтері анықталды және олардың аудармада берілу ерекшеліктері көрсетілді;

– Абайдың авторлық метафораларының жасалу ерекшеліктері айқындалды;

– Вс.Рождественский, М.Петровых, Ю.Нейман, А.Штейнберг, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, С.Тілеубаев, Б.Каирбеков, М.Адибаев, Ю.Кузнецов, Ә.Қодар, Т.Боттинг, Р.Маккайне сынды аудармашылардың Абай метафорасын аударудағы стильдік ерекшеліктері көрсетілді;

– Абай метафораларының орыс және ағылшын тілдеріне аударудың негізгі әдістері көрсетілді,

– алғаш рет Абай метафоралары метафоралық трансформация тұрғысынан қарастырылды және талданды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– Метафора – поэтикалық жүйенің ең басты құрылымдық бірлігі болып табылатын Абай поэзиясының негізгі тропы және оның өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан орыс және ағылшын тіліне аударуда белгілі бір қиындықтар туындайды. Әсіресе, бұл жаңашылдығымен және бірегей семантикалық мағынасымен дараланатын Абайдың авторлық метафораларын аударуда байқалады.

– Абай метафораларының коннотативті және эстетикалық, сонымен бірге, философиялық, философиялық-эстетикалық, философиялық-экспрессивті, экспрессивті, символдық қызметтерді атқарады, олар ақын өлеңдерінде жүйелі және мәнмәтіндік мағынаға ие, осының барлығы аудармашыларға белгілі бір қиындықтар туғызады.

– Абайдың поэтикалық шығармаларындағы метафораның орыс тіліндегі түрлі аудармаларын салыстырмалы-салғастырмалы талдау кезінде М.Петровых, Ю.Нейман, А.Штейнберг, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, М.Зенкевич, Вс.Рождественский, М.Адибаев секілді аудармашылардың метафораны теңеумен аудару, сөзбе-сөздік, метафораны дамыту әдісімен беру және т.б тәсілдерді қолданғандығы анықталды.

– Абай метафораларының орыс тіліндегі аудармалары, негізінен, мына трансформациялар арқылы жүзеге асқан: калькалау, нақтыландыру, жалпыландыру, мағыналық дамыту, өтеу (компенсация), түсіріп тастау, сөз қосу, экспликация, сөзбе-сөз аударма. Аталған аударма трансформация түрлері ағылшын тіліндегі аудармаларға да қатысты. Өзгешелігі: ағылшын тіліндегі тәржімаларда антонимдік аудармалар орын алған. Ал жалпыландыру (генерализация) мен өтеу (компенсация) кездеспейді.

– Ағылшын тілі аудармалары сатылы аударма, яғни ортадағы дәнекер тіл – орыс тілі арқылы жүзеге асады. Орыс тілі аудармасындағы кеткен қателік ағылшын тілінде де көрініс табады. Алайда ағылшын тілінің аудармашысы өлеңді орыс тіліндегі дайын аударма нұсқадан емес, жолма-жол аудармадан тәржімаласа, әрі аудармашы жан-жақты білімді болып,Абайдың негізгі ойын түсінсе, аударма барабар шығуы мүмкін.

– ақынның айтар ойын және метафораларды қолдану аясын дұрыс түсінбеу салдарынан, Абай метафоралары орыс, ағылшын тілдеріне аудару барысында кеткен кемшіліктер көп, мысалы метафораны түсінбеу салдарынан тек бір метафора емес, тұтас бір шумақ аудармада қалдырылып кетеді.

– Абай метафораларын аудармас бұрын мәтінді аудару алдындағы талдау жасаған жөн: ақын өлеңінің шығу тарихынан хабардар болу; ақын қолданысындағы метафораның түрін анықтау; метафораның семантикасы, этимологиясына мән беру және т.б.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Аударма теориясы мен практикасы тұрғысынан зерттеу жасайтын бұл жұмыс барысында алынған ғылыми нәтижелер, алдымен Абайдың мағыналық поэтикалық новацияларын мен оның ассоциативті өрісін зерттеуде отандық әдебиеттанудағы троптардың поэтологиясына, метафораның аудармашылық интерпретациясын қарастыру поэтикалық аударма теориясына, поэтикалық жүйедегі функционалды маңызды элементтердің аудармада берілудің теоретикалық мәселелерін зерттеу аударматану, Абайтану, әдеби компаративистиканың дамуына үлкен үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері аударматану бойынша оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, «аударматану», «Абайтану» т.б. арнайы курстарда өтілетін дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер аударма теориясы мен практикасын оқыту саласында, Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларының мазмұнына кіретін элективті аударма пәндерін қалыптастыру кезінде, аударматану мен аударма тәжірибесіндегі әдіснамалық жұмыстар үшін пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 14 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, халықаралық конференцияларда 5 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, анықтамадан, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі – 180 бет.

Кіріспеде жұмыстың жалпы сипаттамасы беріледі, таңдалған тақырыптың өзектілігі негізделеді, диссертациялық зерттеудің пәні мен нысаны, мақсаты мен міндеттері, әдістері мен әдіснамасы белгіленеді, жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы анықталады, қорғауға ұсынылатын ережелер тұжырымдалады, зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар тізбеленеді.

«Метафора поэтикалық категория және аударматану нысаны ретінде» атты бірінші тарауда метафораның зерттелуі, метафораның поэзиядағы орны, метафораның жіктелімі мен қызметтері, аударматану ғылымында қолданылатын метафораны аударудың негізгі әдістері, барабарлық пен баламалылық мәселесі қаралады.

«Мәтінді аудару алдындағы талдау және Абай поэзиясындағы метафоралардың ерекшелігі» деген екінші тарауда Абай метафораларының зерттеу тарихы, ақын қолданысындағы дәстүрлі және авторлық түрлері, поэзиясындағы метафоралардың қызметі қарастырылады.

«Абай поэзиясындағы метафораның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстырмалы талдау» атты үшінші тарауда ақын өлеңдерінің орыс тіліндегі алғашқы аудармалары**,** ақын өлеңдерін поэзиямен орыс тіліне аударған алғашқы аудармашы Вс.Рождественский жасаған аударма нұсқалар, 1981 жылы жарыққа шыққан ақын аудармалары мен Абайдың 37 өлеңі жинағындағы тәржімаларға талдау жасалады. Абай метафораларының орыс, ағылшын тілі аудармаларында берілу жолдары қарастырылады.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдалары беріледі.

1 МЕТАФОРА ПОЭТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

1.1 Метафораның зерттелу тарихы

Зерттеу нысаны болып отырған метафора құбылысын алғашқы зерттеу, дәстүрлі түрде, Аристотель есімімен байланыстырылады. Өзінің «Поэтика» атты еңбегінде Аристотель метафора жайлы мынадай пікір айтады: «Метафора – ұқсастықтар негізінде қалыптасқан сөз мағынасын басқаша ойлаудың әдісі. Жақсы метафораларды ойлап табу деген – екі нәрсе мен құбылыстың ортақ белгілерін байқау деген сөз»[1, с.70].Түп негізінде аналогия, яғни ұқсастық белгісі жатқан метафораны Аристотель риторикалық фигура ретінде қабылдады Аристотельдің метафора жайлы ой-пікірлері оның «Риторика» және «Поэтика» атты екі туындысында көрініс тапты. Сол кездің өзінде Аристотель метафораның атауыштық қызметін атап көрсетті, кейіннен бұл пікірді эллинист-зерттеушілер (И.Дройзен, П.Пьеррон) дамыта бастады. Paul Ricoeurдің «The rule of Metaphor» («Метафора ережесі») кітабында келтірілген үзіндіге сәйкес, «Риторика және Поэтика дискурстың екі нақты бағытын ұстанады. Біріншісі тыңдаушыны сендіру, иландыруды көздесе, екіншісінің мақсаты мүлдем ол емес. Поэзия мұраты – қорқыныш, аяушылық сияқты сезімдерді жою болып табылады. Алайда біріне-бірі ұқсамайтын екі бағыттың негізі бір, ол – метафора. Метафораның бірегей құрылымы бар, ол – сөз мағыналарын ұқсастық белгілеріне қарап ауыстыру. Дегенмен метафораның екі түрлі қызметі бар: риторикалық және поэтикалық», – деп француз философы Ricoeur көрсетіп кеткен [2, p. 12].

Осылайша, сонау б.з.д. 384-322 жылдары өмір сүрген ежелгі грек философының заманынан бері метафораға деген қызығушылық артпаса, кеми қойған жоқ. Ежелгі грек философы Аристотельдің шәкірті Теофраст «метафораны тілдегі тапшы сөз орнын толықтырады» деп есептеген [3, с. 6]. Мұндай анықтама метафораның қоғамдағы, ғылымдағы өзіндік орнын белгіледі.

Метафора – троптың бір түрі. Метафора (грек тілінің «meta», «phero» деген сөздерінен құралған) сөзі «ауысу», «алмастыру» мағынасында қолданылады. Метафора дегеніміз – заттар мен құбылыстардың ортақ белгілері, ұқсастығы, сәйкестігіне қарап, екі түрлі нәрсені салыстыру, жақындату, жуықтату, жанастыру негізінде ишарамен, тұспалдап, жанамалы түрде жаңа мағына беретін көркем сөз немесе мағыналы сөз тіркесі. Мысалы, домбыраның құлағы, күй сандығы, көздің нұры. Метафора көзқарас, түсінік, танымның жан-жақтылығы, әр жақтан хабардарлығы, әмбебаптығы болып саналады.

Метафора құбылысын сан түрлі ғылым саласы қарастырады: тіл білімі, әдебиеттану, психология, логика, философия. Әр сала мамандары метафора атты құбылыс түрін өздігінше пайымдап, түсіндіруге талпынады. Бірақ ресейлік ғалым, философ В.А.Канкенің сөзімен айтсақ, «философиялық талдаусыз, кез келген нақты ғылыми талдау өзінің жоғарғы шегіне жете

алмайды [4, с. 4].Сондықтан біз метафораны қарастыруда, алдымен, философия ілімінің, оның ішінде философ ғалымдардың берген пікіріне көбірек жүгіндік.

Антика дәуірінің философы Цицерон метафоралық сөздерді екіге бөліп қарастыруды ұсынды: катахреза (лингвистикалық метафора) және метафора (әдеби метафора). Сол кездегі ғалымдардың пікіріне сүйенсек, метафораны зерттеу екі түрлі аспектіде, яғни логикалық және психологиялық тұрғыда жүзеге асады. Бірінші аспектіде, метафора жасырын салыстыру ретінде қарастырылса, ал психологиялық сипат тұрғысынан метафора адресат пен адресант танымының когнитивті түп негізіне бағытталады [5, с. 8].

Аристотельдің шәкірті, ізбасары Квинтилиан метафораны қысқартылған немесе эллиптикалық теңеу деңгейіндегі троп деп есептеді. Бұл философтың ойынша, метафораның типологиясы ауысу, алмасудың төмендегі типтері бойынша жүзеге асады: 1) екі тірі/жанды нәрселердің өзара ұқсастығы; 2) екі жансыз заттың ортақ белгілері негізінде; 3) жанды немесе тірі нәрсенің жансыз затқа ұқсастық өзгешеліктері негізінде; 4) өлі не жансыз зат пен құбылыстың тірі нәрсеге ортақ белгілері бойынша [6, p. 19].

Цицерон да, Квинтилиан да метафораны күнделікті өмірге қажетті сөздердің «әдемі киімі» деп есептеген. Өз кезегінде Теофрастың шәкірті Деметрий Фалерский метафораға жоғары баға берген. «Тұрақты метафоралардың арқасында, сөздердің ауыспалы мағынасын байқамай да қаламыз» деп санаған [7, с. 251].

Антика дәуірінің философтары метафораны саралап, зерттеп жүргенде үнді ойшылдары да бұл троп түрін өз ғылымдары негізінде түсінген. Үнді тілінде «рупака» деп аталатын метафора тропы гипербола, каламбур, теңеу сияқты троптармен бір қатарға жатқызылады. Алғашқы рет метафора «Натьяшастра» (Драма жайлы оқулық) деп аталатын санскрит тілінде жазылған ежелгі үнді мәтінінде кездеседі. 36 тараудан тұратын бұл еңбек авторы – Бхарате Муни (б.з.д 4ғ - б.з.2 ғ.). Аталмыш туынды музыка мен драма теориясына арналған [8, с. 363].

Метафораны арнайы қарастырған үнді әдебиет теоретигі – Анандавардхана (820-890) «Дхваньялока» атты трактатында әдеби шығарма тілінің поэтикалық деңгейін зерттеген. 9-шы ғасырда жазылған бұл трактатта үнді поэтикасында алғаш рет метафораның жіктелімі ұсынылған. Бір жағынан метафораның құрылымын, екінші жағынан метафораның стилистикалық қызметін ескере отырып, метафораны 2 типке бөлу көрсетілген: метафора-эпитет (қара түндегі ұялшақ ай, оның тәтті келбеті) және етістікті метафоралар (ол қыз шағына жеткенде; аңқыған иіс қозғалысы) [9, с. 44]. «Дхваньялока» еңбегінде жиі қолданылатын термин – «дхвани». Поэзияны талдауда әлі күнге дейін пайдаланылатын, шығарма түп негізінің астарлап, жанама түрде берілу жиынтығы. Метафора – осы дхвани терминінің ішіне кіретін ұғым. Дхвани жайлы ілім одан ары қарай Бхатта Наяки мен Абхинавагупты (10-11 ғ.ғ.) есімдерімен байланысты. Одан арғы метафораның зерттелуі Мукула, Маммата (11-12 ғ.), Вишванатхи (17ғ.) трактаттарында орын табады [9, с. 52].

Антика дәуірінен кейінгі орта ғасырда (5-14 ғ.ғ.) метафора, негізінен, сол кездегі қоғам құрылысын түсіндіру үшін қолданылды. Сондықтан, ортағасырлық метафораларды қарастыру қоғам құрылымының принциптерін зерттеу әдісі болып табылады. Орта ғасыр дәуіріне символдық образдар жүйесіне негізделген метафоралық ойлау тән. Әртүрлі кезеңдерде ортағасырлық мәдени дәстүрде ғимарат-кеңселер, адам тәні мен ағаштардың метафоралық бейнелері пайдаланылды.

Классикалық орта ғасыр дәуірінде қоғамды адамның дене мүшесі сияқты қарастыру кең сипат алды. «Адам тәні» бейнесі ортағасырлық әлеуметтік үйлесім, ынтымақтастық, серіктестік идеясын білдірді. Ағылшын-француз жазушысы, педагог Иоанн Солсберийский «Policraticus» («Поликратик») атты трактатында сол кез қоғамын адам денесіне ұқсатты. Кітаптан үзінді келтірсек: «Қоғамның басы – патшасы, көз, құлақ – сот қызметкерлері, жүрек – сенат, қол – патша әскері, адам аяғы – шаруа, қолөнерші, ұстаны сипаттады. Адамның аяғы басқа мойынұсынып, бүкіл денеге қызмет етеді. Бүтіндік, тұтастық метафорасы» [10, с. 270] делінген.

12 ғасырда «шіркеу» метафорасы кеңінен танымал болды. Ортағасырлық схоласт, тарихшы Гонорий Августодунский өзінің «О драгоценностях души» атты трактатында қоғамды архитектура, ғимарат (әсіресе, «шіркеу» образы басым) арқылы қарастырды. Адальберон Ланский, Герард Кремонский, Гуго Сен-Викторский және басқа да ортағасырлық ғалымдар мен философтар секілді, Г.Августодунский де адам денесі мен ғимарат ұқсастығы негізіндегі метафораны қолданудың негізінде билік принципі жатыр деп есептеген. Басшылықта тұрғандар – зәулім үйдің негізгі құрылымы, эпископтар – бағаналар, князьдер – арка, рыцарь, серілер – шатыр, шаруалар табын – «ғимарат едені» деп қарастыру орын тапты. Бір жағынан бұл, шаруаларды ең төменгі топ деп қарастыру болса, екінші жағынан, үйдің бекем, мықты болуы іргетасына байланысты екенін ескерсек, шаруалардың сол қоғамдағы әлеуметтік рөлі өте жоғары болғанын айғақтайды. Адам денесі бейнесіне жүгіну одан бұрын да басталған. Гуго Сен-Викторский де «Трактат о таинствах» еңбегінде метафора жайлы көп сөз етеді. Алғаш рет бұл метафораны (адам денесі – қоғам – ғимарат) қолданған ортағасырлық ақын Валафрид Страбон болатын [11, с. 230]. Ғалым Жорж Дюбидің пікірінше, «дене/тән» метафорасын қолдану өте пайдалы, өйткені ол қоғам мен ондағы түрлі құбылыстарды талдап-саралауға септігін тигізеді [11, с. 237].

Ортағасырлық дәуірде «дене/тән» метафорасының басты мағынасы оның қоғаммен, саясатпен байланысында болатын. Қоршаған орта, әлем, дүние – адам аналогиясы ретінде қабылданды. Адам – әлемнің нақ өзі, бірақ сол әлемнің кішкентай нұсқасы болып саналды. Дәл осы «адам – әлем» метафорасын Хильдегарда Бингенскаяның «Деяние святых апостолов» (12 ғ.) еңбегінен байқай аламыз.

Ортағасырлық дәуірде адамның дене мүшесіне қатысты қолданылған метафоралар мыналар: «бауыр – нәпсіқұмарлық орны» (Исидор Севильский, 8

ғ.), «жүрек – денедегі Күн» (Ален Лильский, 12 ғ.), «жүрек – уайым орталығы» (Рене Анжуйский, 15ғ.) т.б. Жак ле Гофф, Николя Трюонның «История тела в средние века» атты еңбегінде адам дене мүшесіне байланысты бірнеше метафоралар арнайы сөз болады. Олар: «адам – микрокосмос», «бас – адам денесіндегі бастық», «қол – басты қару», «бас – күш-қуат», «жүрек – адамның нақ өзі», «бауыр – от-жалын» т.б. Соңғы «бауыр – от-жалын» метафорасы аталмыш органның адам денесіндегі физиологиялық қызметіне байланысты шыққан. Бауырдың ішінде жалын бар деп есептелінген. Сол жалын миға дейін көтеріліп, одан қайтадан кері қайтып, көзге және басқа органдарға, дене мүшелерінде таралады. Бұл жалынның арқасында, бауыр тамақтан бөлінген сөлді қанға айналдырып, онымен бүкіл ағзаны нәрлендіре түседі [12, с. 183].

Адам мүшелерінің метафора ретінде қолданылуы ерте ортағасыр дәуірінде (476 -1100 жж.), Каролингтер (Батыс Франк патшалығы) кезінде (751- 987 жж.), Григориан реформасы уақытында (11ғ.аяғы мен 12 ғ.басы) кеңінен таралды. Дене (тән) метафорасының саяси қолданылуы 11-14 ғасырларда кеңінен танымал болды. Қоғамның басты қызметтерін атқарушы патша мен сенат болды. Патша – бас, сенат – жүрек метафорасымен таңбаланды. Қоғамға аса қажетті мамандық иелері бейнелі түрде бас жақта орналасты. Көз – сот, құлақ – әкімшілік т.б. Метафоралар көптеген трактаттар, брошюралар мен памфлеттерде жарияланды. Мысалы, Гумберт де Муаенмутьеның «Против симониаков» (1057 ж.) атты трактаты, авторы белгісіз «Установление траяна» еңбегі, Генрих де Мондевильдың «Rex Racificus» трактаты т.б. [12, с.186-191].

Қайта өркендеу дәуірінде (14-16 ғғ.) де, дәл антика және ортағасырлық дәуірлеріндей, метафора Аристотельдің салып кеткен үлгісі бойынша, риторикалық фигура ретінде қабылданды. Классицизм (14-15 ғғ.) және барокко (17-18 ғғ.) кезеңдерінде жазба және ауызекі тілде қолданылатын метафора тек «көркемдеуіш, сөйлеуді әсемдеуіш құрал» тәрізді сипатталды.

Американың әдеби сыншысы А.А.Ричардстың «The Philosophy of Rhetoric» («Философия риторики», 1936) атты еңбегінде былай делінген: «Риторика тарихында, сан жылдар бойы метафора сөз икемділігіне негізделген, тек кей жағдайларда ғана қолданылатын, арнайы қабілет пен тиянақтылықты қажет ететін сәтті, әрі ұтымды әдіс-тәсіл ретінде қарастырылды. Метафораға әшекей, уақ-түйек бұйымша сияқты көзқарас қалыптасқан, яғни тілдің негізгі формасы емес, тілдің қосымша механизмі ретінде қабылданды » [13, с. 45].

Сол кездің ойшылдары Т.Гоббс, Дж.Локк, Р.Декарт метафора ғылыми-техникалық және діни-этникалық принциптерге тәуелді емес деп есептеді [14, с. 29].

Әсіресе, ағылшын философ-рационалистерінің метафораға деген көзқарастары жағымсыз болды. Философ Томас Гоббстың айтуынша, адамның айтар ойы мен пікірін, білімін жеткізу үшін, тек тура мағынасында қолданылған сөздер қажет, өйткені сөздердің тек дәл мағынасында қолданылуы ғана осы мақсатқа жеткізе алады, метафора және өзге де ауыспалы мағынада қолданылатын құбылыстар тілдің басты мақсаты – адамның айтар ойы мен

пікірін, білімін жеткізуіне бөгет жасайды. 1651 жылғы мемлекет мәселелеріне арналған «Левиафан» атты еңбегінде тілге жасалатын қиянаттың 4 түрлі амал-әдісін келтіре отырып, оның екіншісі ретінде сөздердің метафоралық қолданылуын меңзеген. Философ кітабынан үзінді келтірер болсақ: «Адам санасы мен ақылының биік көрінісі – қос мәнділіктен тазартылған, нақты дефинициясы бар, көкейге қонарлықтай, қонымды, түсінікті сөздер. Пайымдау дегеніміз – қадам, білімнің өсуі – жол, адам баласының амандығы – мақсатымыз. Метафора және қосмәнді сөздер, керісінше, ignes fatui (бұлыңғыр жарық, от) секілді, ал мұндай құралдар көмегімен пайымдау дегеніміз – сансыз жөнсіздік пен қисынсыздық арасында адасып жүру деген сөз, нәтижесінде, олар тек келіспеушілік, ашу кернеу, жеккөрушілікке әкеп соқтырады» [15, с. 63].

Жалпы айтқанда, 18-ші ғасырдағы рационалистер, сенсуалистер мен позитивистер көбі сөздің ауыспалы мағынасында қолданылуына қарсы болып, метафора туралы жағымсыз көзқараста болды. Дж.Локк, Д.Гартли, Дж.Миль еңбектерінде метафора тек адамның дамыған ассоциативті қабілеттерінің нәтижесі ретінде қабылданды [16, с. 13].

Өз кезегінде ағылшын педагогы мен философы, эмпиризм мен либерализм өкілі Джон Локк Т.Гоббстың идеясын қолдап, «метафора – тек жалған идеяларды иландыруға, сендіруге қабілеті бар құбылыс» деп санаған. Сондықтан метафораны көркем әдебиет пен ғылымда әсте пайдалануға болмайды деп есептеген. Сөздердің ауыспалы түрде қолданылуын сынға алып, былай деді: «Сөздердің бейнелі қолданылуы тек жалған идеяларға итермелейді, олар адамды ақылынан адастырып, яғни таза өтірікке әкеп соқтырады. Мұндай жалған сөздерге ренжудің қажеті жоқ, өйткені адамдар өздерінің алданып отырғанын біле тұра, осындай әдемі сөздерге сеніп жүре береді» [17, с. 12]. Адамның метафораға бейімділігін Джон Локк табиғилыққа қарсы деп санады.

Шын мәнісінде, метафора туралы жағымсыз пікірде болса да, осы троптың арқасында Джон Локк сана-сезімнің жаңа еуропалық моделін (новоевропейская модель сознания) ойлап тапты. Бұл ретте жалпы жұртқа белгілі «сана-сезім – мұнтаздай таза тақта» деген метафораны ғана емес, сонымен бірге мына метафораларды атай аламыз: «сана-сезім – идеялар қоймасы», «сана – ақылдың қабылдау бөлмесі», «сана – қытай қалта шамы» т.б. Сана-сезімге анықтама беріп жатып, философ оның не екенін таза логикалық тілмен жеткізе алмады, оған себеп Джон Локктың көркем сөзге әуестігінде емес, философтың зерттеу пәні мұны талап етті [18, с. 100].

Француз философы, механик, математик, аналитикалық геометрия мен қазіргі алгебралық символиканың құрастырушысы, «Meditations on First Philosophy» («Размышления о первой философии»,1641), «Principles of Philosophy» («Первоначала философии»,1644) атты еңбектердің авторы Рене Декарттың пікірінше, философия тілі ұғынықты, түсінікті сипатта болуы тиіс. Философтың метафора туралы пікірі мынадай болған: «Астарлы, ишара, тұспал мағыналарға ие тіл элементтері мен формалары уақытша және логикалық түрде жөнге келетін сипатқа ие. Мұндай сөздердің ауыспалы, өткінші функционалдық

мағынасы бар» [19, с. 39]. Декарт метафоралық сөздерді қолдануға қарсы болды. Философия идеалы – анық, ақиқат, сенімді сана, таным. Осы жүйені ұстанатын адам біртіндеп, бара-бара әлемдегі бар маңызды аспектілерді жан-жақты, жеткілікті, толық меңгеріп, теңдесі жоқ білімге қол жеткізе алады. Философия және басқа ғылымда қос мәнді, екі бағытты сөздерге орын жоқ деп есептеген. Рене Декарттың осы пікірі Discourse on the Method («Рассуждение о методе»,1637) атты кітабында жазылған.

Логикалық позитивистер (Г.Лейбниц, Б.Рассел, ГФреге, А.Уайтхед) де метафораға қарсы болып, оның ғылыми теорияларда орын алмауын қадағалап, метафоралардың қолданылуын қылмыс жасаумен теңестірді (to commit a metaphor = to commit a crime). Ницше де метафора ақиқатты түсініп білуге бөгет болып, иллюзияға әкеп соқтырады деп есептеді. Тек 20-шы ғасырда неогумбольдт мектебінің өкілдері, В.Гумбольдт және Э.Кассирердің философиялық іліміне сүйеніп, метафораға деген оң пікірлерін білдіре бастады.

Э.Кассирер метафорикалық ойлауды дискурстық-логикалық ойлаумен бір қатарға қойып, әлемді танудағы басты фактор деп есептеді. Марбург мектебінің өкілі, неміс философы Э.Кассирер ойлау түрлерінің ерекшеліктерін атап көрсетіп, метафораның танымдық қызметіне жоғары баға берді. Адам баласы символдар мен бейнелер әлеміне шомып кеткені соншалық, метафора деп аталатын жасанды дәнекерсіз ешнәрсені көре де, біле де, тани да алмайды. Э.Кассирер алғашқылардың бірі болып метафора мен сана, түсініктің арасындағы байланысқа назар аударып, метафораны «бір құбылысты екінші бір құбылыспен саналы, зерделі түрде ауыстыру, алмастыру» деп атады [20, с. 35].

Таным, санаға байланысты қазіргі ғылым салаларының барлығы дерлік (психология, герменевтика, лингвистика, семиотика, логика) метафора теориясының қалыптасуына өздерінің үлестерін қосуда. Көптеген мамандар метафораны адам санасының негіздерін түсінудің, әлем жайлы менталды түсінік пен ұғым қалыптастыру үдерісінің, сыртқы дүниенің нақтылығын ұғынудың психологиялық негіздерінің бірден-бір кілті деп қарастырады, бұл критерийлердің барлығы метафораның бірегей мүмкіндіктерін айғақтайды [21, б. 142].

Испан философы және әлеуметтанушысы Хосе Ортега-и-Гассет метафораны «ойлаудың қажетті құралы» деп санаған. «Эстетика. Философия культуры» атты кітабында метафораға өте жоғары баға бере отырып былай деген: «Метафора – ғылыми таным формасы, ойлаудың негізгі қайнар көзі. Поэзия метафораны ойлап шығарса, ғылым оларды өз керегіне жаратып, пайдаланады. Метафора – ақыл, сана әрекеті, оның көмегімен, түсініксіз құбылыстарды ұғынып, оларды жете аңғарамыз. Колдағы, жанымыздағы бар заттардың арқасында, ой арқылы біз алыстағы мен қол жетпейтінге жақындай түсеміз. Метафора ой әрекеті радиусын ұзартып, логика саласында «қармақ» не «қару» іспеттес болады. Ғылымдағы рөліне келер болсақ, метафора тек көмекші, қосалқы, қосымша сипатқа ие. Бұл, әсіресе, поэзиямен салыстырғанда, ерекше байқалады, өйткені поэзияда метафора – мән мен шындықтың нақ өзі.

Алайда эстетика тұрғысынан алар болсақ, метафора тек көркемдеуіш құрал. Сондықтан болар, метафора ақиқат, шындық екенін бірі түсінсе, бірі мүлдем түсіне бермейді. Олай болса, поэзияның, сонымен бірге, зерттеу екенін де мойындауымыз қажет: өз кезегінде, поэзия да дәл ғылым тәрізді, пайдалы, әрі игі білімді біздерге ұсынады». Осылайша философ метафора мен поэзияның деңгейін биікке көтеріп, олардың қоғамға қосар үлесінің зор екенін ерекше атап көрсетті [22, с. 203].

Француз философы, философиялық герменевтика өкілі Поль Рикер метафораны елес пен қиял теориясы шеңберінде қарастырып, семантикалық және психологиялық деңгейлерде талдау жасады. Оның пікірінше, метафораны зерттеу мен оқудағы, тарихи тұрғыдан қалыптасқан тәсілдер мен түсініктемелердің көптүрлілігі әсте кездейсоқ емес, метафораға деген жан-жақты, сонау ертеден жалғасып келе жатқан қызығушылық оның табиғи әмбебаптылығын, ерекшелігін растайды. Метафора тіл мен оның формаларымен қатар пайда болып, үнемі дамып келе жатқан әмбебап құбылыс [23, с. 142].

Осы орайда В.Г.Гактың пікірін келтіре кеткен орынды. Оның ойынша, метафора әмбебап, жан-жақты және бұл әрқырлылық кеңістік пен уақытта, тіл құрылымы мен оның қызметінде әр тараптан көрінеді. «Метафора кез келген дәуірдегі тілдердің барлығына тән, ол тілдің түрлі аспектілерін қамтып, тілдің түрлі функционалды әртүрлілігінде көрінеді» [24, с. 11].

Метафора – тек кеңістіктік-уақыттық тілдік универсалия емес, сонымен бірге, бүкіл халықтар мен барлық дәуірге ортақ өзекті әлеуметтік құбылыс. Сонау Антика заманынан бері әр қырынан зерттеліп келе жатқан метафора құбылысына Ресей ғалымдары да назар аударған. Алғашқылардың бірі болып, Антика дәуірінде – Аристотель, Квинтилиан, Теофраст, Цицерон; Орта ғасырларда – Иоанн Солсберийский, Адальберон Ланский, Герард, Гуго Сен-Викторский, Гонорий, Исидор Севильский; Ресейде – Стефан Яворский, Андрей Белобоцкий, М.В.Ломоносов, В.К.Тредиаковский (18 ғасыр) метафораға ден қоя бастады.

Ресейдегі метафораны зерттеушілердің ең алғашқысы – М.В.Ломоносов. «Краткое руководство к риторике» (I бөлім: «Риторика», 1748) атты жұмысында метафораны көркем сөйлеу тәсілі ретінде сипаттайды. Метафора мәселесінің теориялық негізін де қалаған осы – М.В.Ломоносов. Ломоносовтың пікірінше, «метафора дегеніміз – бір нәрсені екінші бір заттың ұқсастық ортақ белгілеріне қарап басқаша атау, яғни сөздің негізгі мағынасын өзгеше айту» [25, с. 340]. Екі заттың ортақ белгілеріне қарап, мағынаны өзгеше айтудың басты шарты – «фантазия, қиял күші». Құрамына метафора тропы да кіретін тілдің бейнелеу және суреттеу құралдары екі ережеге бағынады. Біріншіден, барлық троптар мен фигуралар баяндау тақырыбына сәйкес сипатталуы тиіс. Екіншіден, троптар мен фигураларды шектен тыс қолданбау керек. М.В.Ломоносовтың сөзімен келтірер болсақ, «тек орнымен болмаса, метафораларды жиі қолданудың қажеті жоқ, себебі тым асыра қолданылған

астарлы, ауыспалы сөздер, мағынаны асқақтатудың орнына, сөз көлеңкесінде қалып қояды » [25, с. 340].

Қазақ халық ауыз әдебиетінің қай түрі болмасын метафораға тұнып тұр. Жырау, би, шешендеріміз, ақын-жазушыларымыз осы бір троп түрін шығармаларына үнемі қосып, туындыларын одан бетер көркейте түскен. Алайда метафораға ғылыми тұрғыдан алғашқылардың бірі болып баға берген – қазақ зиялысы, түркітанушы, ақын, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынов. Өзінің «Әдебиет танытқышында» көркем өнердің 5 тарауы мен (сәулет, сымбат, живопись, әуез, сөз) мазмұн түрлерін (әуезе, әліптеу, байымдау) келтіреді. «Тіл көрнекілігі мынадай әдістермен жүзеге асады. Көрнектеу, меңзеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу (лептеу), қайталақтау, шендестіру» [26, 170-199 б.] деп жазады А.Байтұрсынов. Осы орайда әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсыновтың метафора жайлы айтқаны: «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. Осындай ұқсастығымен ауыстырып, өз мағынасын өзгелеп айту – ауыстыру деп аталады» [26, 174 б.].

Академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың құндылығын былайша сипаттайды: «Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), арнау секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады» [27, 64 б.].

XX ғасырда филология мен лингвистика, әсіресе, психолингвистика, когнитивті лингвистика мәнмәтінінде метафора теориясын қалыптастырған бірқатар ғалымдар – Н.Д. Арутюнова, Д.Бикертон, К.Бурк, В.Н. Вовк, Р.Гиббс, В.П. Григорьев, М.Джонсон, Э.Кассирер, Л.Д. Коэн, С.Левин, Э.Маккормак, А.А. Потебня, А.Ричардс, Г.Н. Скляревская, В.Н. Телия, М.Тернер, У.Эко, Р.Якобсон т.б. Метафора мен сана, түйсік, таным арасындағы байланысына қатысты зерттеулер өте кең таралған. Өткен ғасырдың екінші жартысында метафораны түйсік, таным тұрғысынан қарастырған бірқатар ғалымдар бар. Олар М.Блэк, Д.Дэвидсон, Дж.Лакофф пен М.Джонсон, П.Рикер, А.Ричардс, Дж.Серль.

Метафора мәселесіне арналған шетелдік ғалымдар еңбектері: Paul Ricoeur «The Rule of Metaphor» 1979 [2], George Lakoff, Mark Johnson «Metaphors We Live by», 1980 [28], George Lakoff, Mark Turner «More than Cool Reason» ,1989 [29], Phillip Stambovsky «The Depictive Image: Metaphor and Literary Experience», 1988 [30], Andrew Ortony «Metaphor and Thought» ,1993 [31], Z.Kovecses «Metaphor», 2002 [32], Cameron Lynne «Metaphor and Educational Discourse», 2003 [33] және басқалары.

Когнитивті лингвистикада метафораның когнитивті теориясы деген ұғым бар. Оны қалыптастырған ғалымдар дегенде, негізінен, Э.Маккормак, Дж.Лакофф пен М.Джонсон есімдері аталады. Когнитивті лингвистика аясында, метафораны – ойлау тәсілі ретінде егжей-тегжейлі қарастырған Эрл

Маккормактың «Метафораның когнитивті теориясы» еңбегін жазды. Бұл жұмысында ғалым метафораны қоршаған орта туралы жаңа білімді алуды қамтитын, танымдық үдерістің бір түрі ретінде сипаттайды. Яғни, метафораны ішкі құрылымдық талдау кезінде, бұл троп ішінде когнитивті үдерістердің барлығына көз жеткіземіз, осы когнитивті үдерістер бізге жаңа мағлұматтар алуға мүмкіндік береді. Эрл Маккормактың пікірінше, метафораның пайда болуына адам санасында салыстыруға келмейтін семантикалық концептілерді салыстыру, салғастыру болып табылады. Бір жағынан, метафора дегеніміз – оның құрамдас бөліктерінің ортақ ұқсастық белгілері болса, екінші жағынан, екі құбылыстың арасындағы айырмашылық, өзгешелік болады, себебі метафораның мақсаты – өзге жаңа мағына тудыру болып табылады [34, 360].

Метафораның концептуалды теориясы Дж.Лакофф пен М.Джонсонның «Метафоры, которыми мы живем» атты еңбектерінде жақсы көрсетілген. Дж.Лакофф пен М.Джонсон зерттеуіне сүйенсек, метафораның когнитивті теориясының негізгі тезисі мынадай: метафоризация үдерісі негізінде, фрейм мен сценарийлер жатыр. Фреймдар мен сценарийлер түрінде көрінетін білім, адамның қоршаған ортамен, яғни объектілер әлемі мен социуммен қарым-қатынасының жалпыланған тәжірибесін көрсетеді. Тілдік деңгейде, оның ішінде, онтологиялық метафорлар түрінде көрініс беретін, материалды дүниемен тікелей қарым-қатынас тәжірибесі ерекше рөль ойнайды. Ғалымдар еңбегінде мынадай бір ой бар: «метафорикалық жүйелер ядросы, белгілі бір метафораларды құрайды». Тегінде, бұл тезис метафора қызметінің ең бастысы – когнитивтілігін, яғни жаңа білім алу қызметін растайды. Метафораның когнитивті теориясының қайнар көзі – әлемдегі адамның практикалық өмірі тәжірибесінің жиынтығы, қорытындысы, түйіні. «Концептуалды метафоралар» деп аталатын метафоралар жиынтығы да бар. Мысалы, еврей мәдениетінің концептуалды метафорасына мына метафоралық проекцияларды жатқызуға болады: «уақыт – ақша», «дау, жанжал – соғыс», «өмір – сапар» т.б. Метафора адам санасына әсер ететін когнитивті феномен болып табылады. Екі автордың кітабында көптеген тезис бар. Маңызды тағы біреуі келесідей: «Метафоралар, табиғаты бойынша, түсінуді, жете ұғынуды қамтамасыз ететін феномен болып табылады» [35, 16] дейді авторлар.

Қазіргі таңдағы шетелдік ғалымдар метафораны түрлі ғылым саласында зерттейді. Шетелдік зерттеу дегенде жалпы әлемдік және Ресейдегі зерттеулер деп түсінген жөн.

Метафора тек тілдік бірлік емес, сонымен бірге ойлау элементі ретінде когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану аспектілерінде зерттеліп жүр. Мұнда метафора адамның жеке және мәдени-тілдік тәжірибесімен, эмотивті және мәдени коннотациясы бар тілдің лексикалық және фразеологиялық тіл бірліктерімен, танымен, санамен байланыста кешенді талданады. Осы бағыттарды топтастырып, өкілдерін атап өтейік.

Ғалымдар метафораны түрлі бағыттар бойынша зерттеді: когнитивті лингвистика және семантика тұрғысынан (Н.Ф.Алиференко, Н.Д.Арутюнова, А.Н.Баранов, М.В.Никитин, С.Д.Кацнельсон, Е.С.Кубрякова, В.А.Маслова, А.Ортони, Э.Ропт,); авторлық метафораның когнитивті талдауы (Р.А.Короленко, Е.В.Рыжков, Ю.А.Старостип,). Ал метафораға деген заманауи көзқарас Э.Кассирер (1990), А.Ричардс (1990), З.Ю.Резанова (1991), Н.Ф.Крюкова (2000), Е.А.Пименова (2000), С.Г.Дудецкая (2004), В.В.Юнеев (2007) еңбектерінде көрініс тапқан.

Әлемдік деңгейде метафораны психология, филология, логика, философия салаларында қарастырады. Жұмысымыз гуманитарлық салаға жататындықтан, соған қатысты негізгі жұмыстарды атап, кейбіріне шолу жасауды жөн санаймыз:

Қазіргі әлемдік зерттеулерде метафораны когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастырған еңбектер қатарына мыналарды жатқызамыз: Alice Deignan «A corpus-based study of some linguistic features of metaphor» (1997) University of Birmingham [36]; Gladys Nyarko Ansan «Metaphor and bilingual cognition: the case of Akan and English in Ghana» (2011) University of Lancaster [37]; J.B. Herrmann «Metaphor in academic discourse: linguistic forms, conceptual structures, communicative functions and cognitive representations» (2013) University of Amsterdam [38].

Аударма теориясында да метафораны зерттеушілер қатары біршама. Олар: Elsie Kit Ying Chan «Translation as metaphor: Yan Fu and his translation principles» (2003) University of Warwick [39]; Charles Thursby Denroche «Metaphor, metonymy, language learning and translation (2012) Institute of Education» [40]; Mohd Nour Al Salem «The translation of metaphor from Arabic to English in selected poems of Mahmoud Darwish with a focus on linguistic issues» (2014) University of Leeds [41];

Charles Thursby Denroche еңбегінде метафора мен метонимияның коммуникацияда, тіл үйрену, мәтін құрау мен аудармадағы рөлі сипатталады. Метафора мәселесін зерттеген әлем ғалымдарының метафора жайлы пікірлерін саралай келе, соның негізінде кесте түрінде, метафораның мынадай типтерін бөліп көрсетеді: weak metaphor / strong metaphor (M.Black); dead metaphor/ living metaphor (D.Davidson); literal metaphor/ figurative and imaginative metaphor (G.Lakoff пен M.Johnson); dead metaphor and catachresis/ novel and standard metaphor (E.Kittay); dead metaphor/metaphoric utterance (J.Searle); dead metaphor/ novel and conventional metaphor (R.Gibbs); dead and buried metaphor/ active and inactive metaphor (A.Goatly) [40, 49].

Ресейлік зерттеулерге келсек, метафора мәселесімен 1970 жылдан бері қарай мына ғалымдар айналысып келеді: К.И. Алексеев, Н.Д. Арутюнова, Г.С. Баранов, О.М.Бессонов, И.В. Полозов, В.А. Суровцев, В.Н. Сыров т.б.

«Соотношение метафоры и науки» зерттеу жұмысының авторы О.В.Тарасовтың пікірінше, қазіргі кезде метафораға диалектикалық тұрғыдан

көңіл бөлу орын алған. Оның сөзіне сүйенсек, мұндай тәсіл Ф.Уилрайт пен П.Рикер еңбектерінде байқалады [42, с. 106].

Ф.Уилрайт метафора мен теңеу арасына шек қоймайды. Эпифора мен диафора секілді екі ұғымның арасындағы айырмашылықты көре отырып, метафораның ішінде эпифоралық пен диафоралық факторлардың жиынтығы болуы мүмкін деп санайды. Мұндай метафоралар, әдетте, мейлінше қызықты, әрі айқын болады дейді, – Ф.Уилрайт [43, с. 109].

П.Рикер де метафораны қарастырғанда, А.Ричардс, М.Блэк, И.Кант, П.Хенле, М.Хестер идеяларын негізге ала отырып, семантика мен психологияның арасындағы ара-жікті байланыстыруға талпынады [44, с. 446].

Әдебиеттанудағы метафораларды зерттеу жұмыстарына Б.П. Иванюктің «Метафора и произведение: структурно-типологический, историко-типологический и прагматический аспекты исследования»[45]; Н.А. Туранинаның «Именная метафора в русской поэзии начала XX века» [46]; Н.С. Трифонованың « Метафора в ранней лирике Анны Ахматовой: «Вечер» – «Белая стая» – «Anno Domini [47]; А.М.Оганьянның « Метафора как основной троп поэтической речи: на материале англоязычной поэзии XX века» [48] атты ғылыми еңбектерін атауға болады.

Н.А.Туранина метафоралардың түрлі жіктемелерін жұмысында келтіреді. Сонау М.В.Ломоносовтың жасаған жіктемесінен бері қарай, А.Потебня, С.Ульман, А.К.Авеличев, Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия, В.Г.Гак, Ш.Балли, Г.Н.Скляревская, Е.М.Вольф жіктемелерін назарға ұсынады. Метафораның индивидуалды-авторлық түрін басқа типтерден арнайы қарастырған Н.Туранина былай дейді: «Қаламгердің әлемге деген көзқарасы, алдымен, оның индивидуалды авторлық метафораларынан көрініс табады» [46, с. 36].

Н.С.Трифонованың ғылыми жұмысы А.Ахматова шығармаларындағы метафора мен оның қызметтеріне, метафораның лирикалық сюжетті дамытуындағы рөліне арналған. Трифонова Ахматова шығармаларындағы метафораларды екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – дәстүрлік, екіншісі – авторлық. Дәстүрлік метафоралар А.Ахматова поэзиясына ерекше сипат береді [47, с. 32] деп есептейді зерттеуші.

Отандық зерттеулер бойынша метафора мәселесі біршама қарастырылған. Метафораны арнайы зерттеу пәні ретінде талдаған қазақ тіл біліміндегі алғашқы зерттеу еңбектердің бірі – Б.Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» (1964) атты кандидаттық диссертациясы. Өз жұмысында Б.Хасанов осы турасында былай дейді: «Метафора қазақ филологиясында өз алдына зерттеу объектісі болған емес, тіпті орыс тілі материалының негізінде де диссертациялық еңбек жазылмаған, сондықтан да қазіргі шешімі талап етілген отырған тақырып ретінде қазақ тілінің негізінде метафора мәселесіне барлау жасауды мақсат еттік» [49, 3 б].

Одан бөлек Р.Барлыбаев «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен таралуы» (1963), Р.Садықбеков «Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналығы» (1973) атты кандидаттық зерттеу еңбектері жазылған.

Р.Барлыбаевтың ғылыми еңбегінде сөздің тура және ауыспалы мағыналары арнайы зерттелген. Р.Барлыбаев метафораға мынадай анықтама береді: «Бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестікке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына ауысады екен. Олай болса, сөз мағынасының ауысуы объективтік болмыстағы заттардың, құбылыстардың жалпылық жақтарының негізінде туған тілдік құбылыс деп қарайық» [50, 136 б] деп жазады зерттеуші.

Р.Садықбеков метафора түрлерін сөз ете отырып, ғалым мынадай пікірін ортаға салады: «Поэтикалық және жеке қолданыстағы метафоралар метафоралық қолданыс ретінде ұғынылса, өлі метафора, жалпыхалықтық метафора және тілдік метафора дегендер метафоралық мағына ретінде ұғынылады» [51, 11б].

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде метафора мәселесі жан-жақты зерттелген. Атап айтқанда, метафора мәселесін көтерген келесі кандидаттық диссертациялар: А.Сыбанбаеваның «Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі» (1999), И.С.Мұратбаеваның «Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы» (2000), Г.Зайсанбаеваның «Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі» (2004), Ж.Омирбекованың «Метафора және тіларалық транспозиция» (2005), Ж.Абитжановаңың «Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы» (2008), С.Кәрібаеваның «С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар» (2010) еңбектері және т.б.

А.Сыбанбаеваның «Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі» атты кандидаттық диссертациясында метафораның танымдық, ұлттық ерекшеліктері, метафораның түрлері, оның ішінде концептуалдық метафора мен оның әртүрлі ғылым тілінде қолданылу аясы сөз етіледі. Концептуалдық метафораларға А.Сыбанбаева былайша баға береді: «Концептуалдық метафора – тілдің ұғымдық және семантикалық аппаратын байыту құралы, оның қатысуымен бір уақытта жаңа мағыналық қабаттар жасалып, тілдік атауларға ие болады» [52, 73б].

Г.Зайсанбаеваның «Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі» атты ғылыми жұмысы екі тараудан тұрады: «Метафораның аталым тәсілі ретіндегі теориялық негіздері» және «Метафоралы сөзқосым аталымдары когнитивтік аспектіде». Ғалымның бұл еңбегінде метафоралы ауысулардың когнитивті үлгілері, метафоралық аталымдардың семантикалық топтары, бейнелі-бағалауыштық метафоралардың тілдік сипаты тағы басқа мәселелер орын табады. Зерттеушінің метафораға берген анықтамасы мынадай: «Метафора – когнитивтік феномен, яғни адамның әлемді тануда жаңа ұғымдардың қалыптасуына, сонысымен жалпы әлем туралы білімді толықтыруға, дамытуға жағдай жасаушы тілдік құбылыс. Адам ойлау қабілетінде метафоралану, яғни әр заттың сипатын өзге затпен салыстыру, сол арқылы жаңа ұғымның қалыптасуы ойлаудың негізгі үрдісі болып табылады» [53, 21б].

Ж.Омирбекованың «Метафора және тіларалық транспозиция» атты кандидаттық диссертациясы Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бойынша жазылған. Ғылыми еңбекте «Соңғы парыз» романындағы метафоралар мен аудармадағы метафораның сақталу көрінісіне назар аударылған. Ә.Нұрпейісов метафораларын орыс тіліндегі аударма нұсқалармен салыстыра отырып, зерттеуші Ж.Омирбекова мынадай пікір қалдырады: «Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын орыс тіліндегі аудармаларымен салыстыра талдау, көркемдік бейнелегіш тәсіл болып табылатын метафораларды аудару кезінде аудармашылардың кездестіретін қиыншылықтарын аңғартады. Шығарманың жоғарғы стиль ерекшілігін сақтау үшін орыс тілінің экспрессивтік құралдарын барынша шебер пайдалана білу керек» [54, 98 б].

Ж.Абитжановаңың «Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы» атты еңбекте Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралық қолданыстар мен метафоралық мағыналар, метафоралардың қызметі, мағыналық құрылымы, метафоралардың номинативтік, бейнелі, когнитивті түрлері сөз етіледі. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі метафоралар жайлы мынадай пікірін ортаға салады: «Орхон-Енисей ескерткіштерінде метафоралы оралымдар белсенді қолданылып, сол кезеңнің сөйлеу әрекетінде айрықша орын алған» [55, 28 б].

С.Кәрібаеваның «С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар» деген ғылыми жұмысы қаламгер поэзиясындағы авторлық метафоралардың когнитивті сипатына арналған. Саяси және окказионал қолданыстағы авторлық метафоралар мәселесі көтеріледі. С.Кәрібаева «сөздің метафоралынып қолданылуы – поэзия тіліне тән» [56, 52 б] деп есептейді.

С.Садуақасованың PhD докторлық диссертациясы «Медиамәтіндегі саяси метафоралар: әлеуметтік-лингвистикалық, педагогикалық аспектілері» (2015) мәселесіне арналған.

Қазақ тілінде әдебиеттану саласында метафораға қатысты құнды ой-пікірлерді мынадай ғылыми еңбектерден табуға болады: Ө.Жақыпов «Қуандық Шаңғытбаевтың ақындығы» (1999), А.Көпбасарова «Абай өлеңдерінің образдылығы және оның орыс тіліндегі көркемдік сипаты» (2000), Л.Мұсалы «Символ және оның көркемдік қызметі» (2003), Ж.Боранбаева «Мағжан поэзиясының көркемдік жүйесі» (2003), Ж.Өтейұлы «Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі» (2007), Б.Жылқыбекұлы «Қазіргі қазақ өлеңі:көркемдік және дәстүр жалғастығы» (2009), Н.Агалиева «Шәкәрім лирикасының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері» (2010) т.б.

«Мағжан поэзиясының көркемдік жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында Ж.Боранбаева ақын Мағжанның мынадай метафораларын келтіреді: «қара жылан – қалың ойлар», «шыбын жаным», «заман – түлкі, тазы бол» [57, 115 б].

«Символ және оның көркемдік қызметі»деген ғылыми жұмысында Л.Мұсалы аллегория мен метафораның, символ мен метафораның аражігін атап көрсетеді. «Метафора аллегориядан екі тұрғыда ажыратылады: аллегорияда екі

бөлшектің: дерексіз ойлау мен тезис, осы тезисті безендіру мақсатындағы суреттің теңсіздігі байқалады. Ал метафорада осы екі бөлшек тұтастық тауып, бүтін құрайды. Ол екеуін түсіндіруші мен түсіндірілушіге бөлуде еш мағына жоқ» [58, 39 б].

Орыс тілінде жазатын отандық ғалымдар да метафора мәселесін қарастырған болатын. Мысалы, А.Рахимжановаңың «Авторская метафора как способ экспликации архетипических знаний в художественном тексте» атты кандидаттық диссертациясында (2010) Г.Гессенің «Степной волк» романындағы авторлық метафоралары қарастырылады. А.Рахимжанова авторлық метафораларға семантикалық-когнитивті талдау жүргізеді. Г.Гессе романын саралай отырып, ғалым авторлық метафораның негізгі үш қайнар көзін бөліп көрсетеді: «табиғат метафоралары, әлеуметтік метафоралар және жарық пен су концептісінен туындайтын метафоралар» [59, с. 96] деп жазады зерттеуші.

Лингвистика саласы бойынша мына диссертациялар бой көтерді: Э.Когай «Метафора как универсальное средство создания индивидуально-авторской картины мира в творчестве А.Кима» (1999), Ем Су Чжиннің «Метафора в газетном тексте» (2001), С.Сансызбаеваның «Метафоры-фреквантализ в сфере животное-человека» (2001), Г.Кусаинованың «Функциональный аспект политической метафоры на страницах казахскоязычных и англоязычных газет» (2006), Ф.Сеитованың «Метафора в тексте искусствоведческой проблематики» (2007), Г.Дюсенбаеваның «Метафорический потенциал глаголов физического движения человека в русском языке» (2008), Д. Калкабековаңың «Метафора персонификации в публицистическом дискурсе» (2010), Б.Ныгметованың «Метеорологическая метафора в русском и немецком языках» (2010) және т.б. Тіл білімі саласындағы жоғарыда аталған диссертациялар метафораның сан түрлі мәселелеріне арналған. Мысалы, С.Сансызбаеваның «Метафоры-фреквантализ в сфере животное-человека» атты диссертациясында метафора-фреквенталийлер әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудың бір әдісі ретінде сипатталады. Зерттеуші қазақ және орыс тілі материалдары негізінде, орнитоморфизм мен киноморфизмдердегі метафораларға жан-жақты тоқталған. Адамның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ақыл-ойын сипаттаушы зооморфизмдерді қарастырып, әр түр бойынша метафораларға талдау жасайды. Қазақ тіліндегі метафораларды саралай келе, зерттеуші мынадай пікірге келеді: «Қазақ тілінде сұңқар, жолбарыс, қыран, қабылан, арыстан, барыс, бүркіт, қасқыр метафоралары ержүрек, батыл, қайсар адамдарды сипаттайды» [60, с.54].

Кейінірек жазылған, яғни PhD докторы атағын алу үшін дайындалған докторлық диссертация авторы – М.Тричик. Зерттеу жұмысының атауы – «Концептуальные метафоры в политическом дискурсе (на материале предвыборной речи Б.Обамы и М.Ромни)» 2014.

Сан ғасырлардан бері сан түрлі ғылым мамандары тарапынан әралуан елде бұл троп түрін қанша зерттесе де, метафора табиғатын тануға деген ғылыми

ынта, ықылас толастар емес. Жоғарыда біз метафораның антика заманына бастап қазірге дейінгі зерттелуіне біршама шолу жасадық. Мақсатымызға орай, Абай метафораларының табиғатын, оның аудармада берілуін талдау үшін біз алдыңғы іргелі зерттеулер нәтижесін есепке ала отырып, олардың кейбірінің теориялық, әдіснамалық құралдарына негізделіп, өз жұмысымыздың толыққанды дәйекті жүргізілуін қамтамасыз етеміз.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдар саласында метафора жайлы шетелдік ғалымдар біршама зерттеулер жасаған. Біз атап айтқанда Ресей, АҚШ, Еуропа елдерінде және отандық филологияда метафораның зерттелу аспектілеріне, қарастырылу деңгейіне тоқталдық.

Сонымен қатар, метафоралардың ғылым салаларында зерттелу аспектілері де әртүрлі. Тіл білімінің дәстүрлі құрылымдық жүйесінде қарастырылып келіп, соңғы уақытта тіл білімінің жаңа бағыттары танымдық тіл білімі, танымдық семантика, прагмалингвистика, т.б. аспектілеріне ойысса, әдебиеттану саласында дәстүрлі бағытта қарастырылып келгенін көреміз, ал қазіргі аударматануда метафора мәселесін зерттеген, оны зерттеу нысаны ретінде қарастырған еңбектер саны да біртіндеп көбейіп жатқандығын байқаймыз.

1.2 Метафора – поэзиядағы бейнелі ақпаратты беру механизмі

Метафора философия мен логика, математика мен медицина, лингвистика мен әдебиеттанудың да зерттеу нысанына айнала алады. Дегенмен, метафора, алдымен, филология, оның ішінде әдебиеттануда көбірек жұмсалады. Әдебиеттанудың екі бағыты – проза мен поэзияда жиі қолданылатын троп. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде метафораға мынадай анықтама берілген: «Метафора (грек сөзі «metaphora» – ауыстыру, алмастыру, тасымал) – негізгі поэтикалық троптардың бірі, ұқсастық негізіндегі, бір құбылыс не заттың анықтамасын беру үшін, сөздің ауыспалы мағынасында жұмсалуы. Метафораның қолданылуы екі заттың ортақ белгілерін көрсетеді немесе керісінше, құбылыстардың өзгешеліктерін ерекшелейді, жазушы мұны оқырман назарын аудару үшін жасайды» [61, с. 83].

Метафора мәтінге ерекше реңк береді, метафора көмегімен, көркем әдебиетте түрлі бейнелер түзеледі, эмоционалды әсер арқылы оқырманның назарын өзіне аудартатын, сол арқылы ақынның айтар ойы оқушыға жететін сөз құралы. Метафора екі түрлі құбылыс арасындағы «концептуалдық ұқсастық» негізінде пайда болады. Метафора біздің әлемді қалай қабылдап, оны қалай түсінгеніміздің айғағы. Адам түрлі эмоцияларды басынан кешіреді, қарапайым сөздермен ішкі күйзелісті, уайым не сағынышты айтып жеткізу мүмкін емес, сол кезде метафора жәрдемші бола алады. Нақты, сыйымды, көкейге қонымды метафора көп сөздерді алмастырады. Сондықтан болар, метафора көмегіне ақындар жиі жүгінеді.

Метафора – әлемнің сан алуан тілдерінде ақындар қолданысындағы ең жиі пайдаланылатын троп [62, 207 б]. Жоғарыда атап өткен Аристотель, Платон, Теофраст, Цицерон, Квинтилиан, Дж.Локк сияқты ойшылдардың

философиялық еңбектерінде, метафораны тек поэтикалық сөйлеудің көркемдеу құралы ретінде қарастырған. Өзінің «Поэтика» атты кітабында Аристотель ең алғашқы рет метафораны – ұқсастық негізінде сөз мағынасын басқаша ойлаудың әдісі ретінде сипаттаған.

Метафораның екіжақты қасиетін, яғни, тіл құралы және поэтикалық фигура қызметін атқаратындығын сонау Ежелгі Рим философы Марк Туллий Цицерон айтып кеткен болатын: «Сөзді астарлы, метафоралық мағынада қолдану – ең көп таралған құбылыс. Ол қажеттіліктің салдарынан пайда болған құбылыс. Метафора тура киім секілді, алғашында киім-кешек тек суықтан қорғау үшін шығарылса, кейіннен адам келбетін әдемілеу мен ерекшелік белгісі ретінде қолданылып жүр, метафоралық сөздер де дәл сондай, сөз тапшылығына бола ойлап табылған олар, қазірде олар сөйлеу кезінде ләззат, әдемілік, рахат үшін пайдаланылады» [63, с.156].

Сонымен, Цицеронның сөзіне сүйенсек, алдымен тілдік метафора, кейіннен көркем не поэтикалық метафора пайда болған. Алайда, бір жағынан, ұтымды, сәтті көркем не поэтикалық метафора, уақыт өте келе өз авторын жоғалтып, тілге сіңісіп кетеді. Кезінде бір автор ойлап тапқан метафора, енді бүкіл халықтың еншісіндегі сөз құралы болып шыға келеді. Дәл осы көркем не поэтикалық метафора тіл дамуының қуатты қайнар көзі деп санаймыз.

Д.Лакофф пен М.Тернер өздерінің «More than cool reason. A field guide to Poetic Metaphor» (1989) кітабында поэтикалық метафора жайлы былай дейді: «Поэтикалық тіл – қарапайым тілден өзгеше, одан әлдеқайда биік, метафора мен метонимия секілді өзіндік құралдар мен техникалары бар асқақ тіл. Дегенмен де, ұлы ақындар да, біз секілді тіл құралдарын қолданады, бірақ ақындардың біздерден өзгешелігі – осы тіл құралдарын қалай қолданғанында деп түсінеміз. Ақындардың шеберлігі – дарын, білім, тәжірибенің жиынтығы. Метафора – күнделікті өмірде адамдар ойланбастан пайдаланатын сөз құралы. Асылында, метафора ойдың түр-түрін қамтиды, табиғат, адам, тіл, өмір мен өлім туралы ойлар, т.б. Біздің көкейіміздегі ой, пікір, уайымды шебер ақындар өз өлең жолдарында шағын, қысқа да нұсқа етіп жеткізеді. Метафора – өзімізді және өмірді түсінуге бағытталған негізгі құрал, ал қуатты поэтикалық метафора өмірдің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. [29, p. 1]. Ауқымды ойды дәл, анық жеткізе алуға қабілетті метафораға зерттеушілер осындай баға берді. Кітапта метафораның поэзиядағы орны ерекше аталып өтілді.

XX ғасырдың басында Женева лингвистикалық мектебінің негізін қалаушы, жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл білімі, стилистика саласында орасан зор еңбек еткен лингвист Шарль Балли алғаш рет тілдік метафора мен поэтикалық метафораларды салыстыра отырып, тілдің жалпы метафорикалық сипатын жұртшылыққа паш етті. «Образдар табиғатында да, образды сөйлеуде де көптеген ерекшеліктерді байқауға болады. Өз кезегінде, белгілі бір әлеуметтік орта туралы пікір қалыптастыратын тілдік фактілер, түрлі тілдердегі экспрессивті факторлардың символдық және әлеуметтік сипаты көптеген қызықты мәліметтерге жетелер еді» дейді ғалым [64, с.42-43]. Осылайша,

алғашқы рет Шарль Балли метафора экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторларға байланысты екенін айтқан болатын.

Метафораның екі типі – тілдік және көркем/поэтикалық метафоралардың бар болуы – ақиқат. Көркем метафоралық номинацияны атау үшін терминдер қатары түзелген, мысалы: көркем метафора, поэтикалық, индивидуалды, индивидуалды-авторлық, шығармашылық, окказионалды, стиль метафорасы т.б. Дегенмен, дәстүрлі көркем не поэтикалық метафора атауы көбірек қолданылады, себебі жоғарыда меңзелген терминдерге тән сипат (жеке және шығармашылық сипат, окказионалды бола алатындай өзінің бірегейлігімен ерекшеленетін қасиеттерге ие) дәл осы көркем/не поэтикалық метафораның бойынан табылады [65, с.67].

Расында, метафора қазіргі тілдік әлемде үлкен рөль атқарады. Метафора поэзияның өн бойында жатыр. Шынтуайтына келгенде, метафора – поэзияның негізі, өйткені поэзия образдарға құралған, ал метафора – образ түзеудің ең басты амал, тәсілі. Испан философы Хосе Ортега-и-Гассет «Екі негізгі метафора» («Две главные метафоры») атты зерттеуінде метафора мен поэзия жайлы былай деп ой бөліскен: «Метафора – ақыл-парасат, сананың баға жетпес, таптырмайтын құралы, ғылыми ойлаудың формасы. Оны қолдана отырып, ғалым кейде шатасып, өз ойының жанама не метафоралық сипатын шындық, не тура мағынадағы ой ретінде қабылдап қалады. Мұндай жаңылыс, сөзсіз, жөнге келуі тиіс; бірақ осындай тәріздес олқылықты, есептеу кезінде физик те басынан өткеруі әбден мүмкін. Алайда, осыған бола, математиканы физикадан түбегейлі аластату деген сөз емес. Амал, әдіс-тәсілді қолданудағы олқылық – бүкіл ғылымға қарсы шығу дегеннің дәлелі емес. Поэзия метафораларды ойлап тапса, ғылым оларды қолданады. Бұдан артық та емес, кем де емес» [66, с. 68]. Сондықтан, метафора ғылымда қосымша қызмет атқарса, ал поэзияда метафораның нақ өзі білінеді. Поэзия мен метафора бірімен-бірі тығыз байланыста болады.

Кез-келген өлеңнің жазылу себебі бар. Өлең белгілі бір ортаға, оқырманға арналады, өлеңнің өз адресаты болады. Оқушыға ойды дұрыс жеткізу мақсатында, ақындар метафораға ден қояды. Метафора – сендірудің әдемі тәсілдерінің бірі. Қолданылып отырған бейне неғұрлым айқын, жарқын болса, тыңдарманға соғұрлым күштірек әсер етеді. Филолог О.Барфилд сөзімен айтсақ: «Метафораны өзгертіп, басқа сөзбен айтып көріңіз, онда поэзияның жартысы жойылып кетеді» [67, p.55]. Өзінің «Poetic Diction» [68] атты зерттеу еңбегінде, стилистикалық тәсілдердің ішінде тек метафораға тоқталып, арнайы зерттейді.

Метафора – поэзиядағы басты троп. Сөзіміз дәйекті болу мақсатында, кейбір сөздіктерде берілген анықтамаларға тоқталық.

«Поэтический словарь» атты сөздікте берілген анықтама: «Метафора – көркем сөзде қолданылатын негізгі троп. Метафорада сөз не тіркес өзінің тура, автологиялық мағынасында емес, ауыспалы мағынасында жұмсалады. Метафора негізінде салыстырылған екі затқа ортақ белгі не ерекшелік жатыр.

Метафора – салыстыруға негізделген бейнелі сөз, түрлі формалар мен модификация түрінде кездесетін бұл троп поэтикалық мәтіндердің барлығында бар. Поэтикалық метафора басқа метафоралардан өзінің жаңашылдығымен ерекшеленеді» [69, с.156-158] .

«Метафора – ұқсастық ассоциациясы немесе аналогия негізіндегі троп түрі. Мысалы, кәрілікті – күз немесе кеш деп атауға болады, себебі бұл ұғымдарға ортақ белгі – бір нәрсенің өз мәресіне жетуі, аяқталуы. Метафора тек поэтикалық емес, сонымен бірге, жалпытілдік стильге де тән. Поэтикалық метафоралар – жаңа сөз қолданудың нәтижесі немесе тілдегі бар метафоралардың жаңару, жандануы болып табылады» [70, с.434-437] делінген «Словарь литературных терминов» сөздігінде.

О.С.Ахманова құрастырған «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» метафора типтері көрсетілген. Олар: гиперболикалық метафора, лексикалық метафора, жүйелі метафора, және поэтикалық метафора. Аталған сөздікте поэтикалық метафораға мынадай анықтама берілген: «Поэтикалық метафора – поэтикалық шығарманың экспрессивті әдіс-тәсілдерінің құрамына кіретін және күрделі жан-жақты семантикалық құрылым ретінде көрінетін метафора» [71,с. 237].

Метафораны поэзияның басты бейнелеу құралы ретінде ақындар өз өлең жолдарында қолданып жүр. Метафора – поэзияға қажет троп, белгілі бір образды, жағдайды, адам тағдырын, пейзаж, ақын өзінің күйзеліс, күйініш, қасіретін суреттеу, бейнелеу мақсатында осы тропқа жүгінеді. Оқырман автордың айтпақ ойын, көз алдына ойша елестетіп, қиялына ерік береді. Жақсы табылған метафора есебінен, оқырманның сол оқыған дүниесі жадында қалады. Метафора адам сөзін айқынырақ, естен кетпестей етіп жасаса, ал өлең жолдарын жандандырып, оларға өткір, қанық, әсерлі реңк береді. Жақсы метафора адамға жағымды әсер етіп, көптеген ассоциациялардың туындауына себеп болады, ол ми, сана, ақыл-ой, сезімге, бейсанаға да оң ықпалын тигізеді. Метафораның көмегімен, күнделікті, қарапайым нәрселерге басқа көзбен қарауға мүмкіндік туады, расында да, табылған ұтқыр ой деп таңдай қағасың. Метафораның бейнелілігі мен көркемдігі назар аудартады. Шығармашылық адамдары болып табылатын ақын-жазушылар мұны тиімді пайдалана алады. Нәтижесінде, ерекше, өзіндік ерекшелігі бар, бірегей идея мен ойды қамтитын метафора көз алдымызда тұрады. Ұтымды, сәтті шыққан метафора – артық сөздерді үнемдеп, бір айтса, кесіп, тауып айтады. Аристотельдің сөзімен айтар болсақ, «метафораларды ойлап табу – шебердің ісі. Сондықтан болар, ақындар шығарған метафора бізге сондай көркем, көрікті, нақышты көрінеді» [72, с. 902].

А.С.Пушкиннің «Пайғамбар» атты өлеңіндегі «рухани шөл» метафорасы, Б.Пастернактың «Түс» өлеңіндегі «қыркүйектің қанды көздері», Абайдың «Жастықтың оты, қайдасың?» шығармасындағы «жастықтың оты», Эмили Дикинсонның «Күз келді – ақындардың құрбысы» өлеңі, Омар Хайямның «Тозақ пен жұмақ аспанда» рубаиндағы «тозақ пен жұмақ – бұл жанның екі

жағы» метафоралары – поэзиядағы айқын, бейнелі метафоралар мысалы. Әдетте, өлең тақырыптары да метафоралардан құралады. Джордж Байронның «Достық – қанаты жоқ махаббат» өлеңі, Шекспирдің «Махаббатым – сырқатым» сонеты, С. Есениннің «Сүйіктімнің қолдары – қос аққу» өлеңі осыған дәлел бола алады.

Сөзсіз, метафораның мақсаты – суреттеу, бейнелеу, әсте, затты не құбылысты атау емес. Оқырман образды бойына сіңіріп, сол кезде ақын шығармалары оқырманға эстетикалық әсер етеді. Кейде метафора дерексіз, кездейсоқ көрінуі мүмкін, алайда оның түп тамыры шындыққа негізделуі шарт. Метафора тек әдемі, сұлу сөздер жиынтығы емес, санамызда ассоциациялар тудыруы тиіс. Ақын үнемі келісті метафоралар іздеумен болады, метафора ақынның өз ойы мен ниетін оқушыға жеткізудің бір тәсілі. Метафора тек ақынға қажет дүние емес. Метафора – әмбебап, ол ұстаз бен ғалымға, дәрігер мен математик, бәріне керек сөз құралы.

Ақын – ерекше жан иесі, адам тебіренісі мен толғанысын жетік жеткізе алатын ерен жандар. Ақын – қарапайым адамның көзінен таса болатын құбылыстарды байқай қояды. Поэзия деген күрделі дүниені игерген өзгеше адамдар. Поэзия дегеніміз не? деген сауалға көптеген қаламгерлер метафорамен тұщымды жауап қайырады. Мысалы, «Көркемөнер – көрінетін поэзия, поэзия – естілетін көркемөнер» (Леонардо да Винчи); «Поэзия – радий өндіру. Өнім салмағы – 1-ақ грамм, ал кеткен еңбек – орасан зор. Жалғыз бір сөз үшін, мыңдаған тонна сөз кенін қопарасың» (Владимир Маяковский) ; «Поэзияның қайнар көзі – әдемілік» (Николай В.Гоголь); «Поэзия – дерт, сырқат. Температурадан айығу, құлан таза жазылу емес. Керісінше! Қызу тазартып, жадыратады» (Франц Кафка); «Поэзия – бұл қуаныш, қасірет, ғажайып тасқыны және сөздіктегі сөздердің шағын ғана бөлігі» (Джебран Халиль Д) ; «Поэзия – ақыл мен сезім ойыны» (Александр Красный); «Поэзия – мұздатылған жалын» (J.Patrick Lewis); «Поэзия – адамдардың жүрегінде жазылған мәңгілік граффити» (Лоуренс Ферлингити) және т.б. Абай Құнанбайұлы да «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп, поэзияны жоғары мәртебеге көтерді.

Метафора – поэзияда көп қолданылатын әдіс. Орыс және американ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О. Якобсон поэзияның метафораға, ал прозаның метонимияға деген тартылыс күшінің себептерін түсіндіре келе былай деп өз ойын пайымдады: «Поэзияның назары таңба, белгіге, ал прозаның зейіні (көп дәрежеде, тәжірибеге негізделген) ең алдымен, референтке ауады. Троптар мен фигуралар, сайып келгенде, бейнелілік пен мәнерліктің поэтикалық тәсілдері ретінде қарастырылды. Ұқсастық принципі поэзия негізінде жатыр: ұйқастырылған сөздердің метрикалық параллелизмі мен дыбыстық эквиваленттігі семантикалық ұқсастық пен контраст туралы мәселені ойға салады. Проза, керісінше, ең бастысы, шектестік, аралас-құралас нәрсеге негізделеді». Өз ойын қорытындылай келе, Р.Якобсон мынадай тұжырымға келді, «метафора – поэзия үшін, метонимия – проза үшін жаралған. Бұл екеуі де сөз өнерінің құралы, сондықтан болар, поэтикалық троптарды зерттеу

мәселесіне келгенде, негізінен, барлығы метафораға қарай бағытталады» [73, с.130].

Әдебиетанушы, аудармашы Б.В. Томашевскийдің де пікірі келесідей: «тілімізде кездесетін әртүрлі сөздердің жаңа мағыналары екі класс бойынша түзеледі: метафора классы бойынша және метонимия классы көмегімен құралады. Бұл, көбінесе, нақты бір әдеби мектептерге тән құбылыс, сөз таңдау қатаң қаралатын кезеңдерге тән, дәл осы уақыттарда қарапайым сөздер поэтикалық емес деп есептелді» [74, с.104]. Б.В. Томашевскийдің «Әдебиет теориясы. Поэтика» атты оқу құралында «Сөз мағынасының ауысуы. Поэтикалық троптар» деген тарау бар. Оның басты тропы болып метафора аталады. Кейіннен эпитет, аллегория, метонимия, перифразға орын бар. Мұның өзі метафораның поэтикалық троптардың ең бастысы екенін айғақтайды. Осы ретте автордың мына пікірін келтіргенімізді жөн санаймыз. «Метафора тек поэтикалық тілдің спецификалық ерекшелігі емес, сонымен бірге ол практикалық, ауызекі тілде де қолданылады» [74, с. 36].

Поэзия мен метафораға ортақ қасиеттер көп. Екеуінің де жасалуына білім, тәжірибе, дарын, еңбек қажет. Терең мән-мағынаны кішігірім формаға салу қасиеті, екеуінің де бойынан табылады. Жақсы өлең мен көкейге қонымды метафора жасау үшін, үнемі ой үстінде болып, талай пікірді ой елегінен өткізу керек. Нәтижесінде, оқушыға ұғынықты өлең жолдары не есте тез сақталар метафора пайда болады.

А.М.Оганьянның «Метафора как основной троп поэтической речи» (2006) атты зерттеу жұмысы XX ғасырдағы ағылшынтілді поэзия негізінде жасалған. Ғылыми жұмыстан үзінді келтірер болсақ: «Метафора – ұқсастыққа негізделген тілдік бірліктің ауыспалы мағынада қолданылуы. Троптың маңызды ерекшілігі – оның бейнелі-декоративті қызметі, метафора – тіл формасының ең көркем бейнелі түрі. Поэзияда образ жасау барысында метафораның эстетикалық қызметі басым болады... Поэзияда метафоралық концептілердің екі типі айрықша көрінеді: негізгі (немесе константт/тұрақты, конвенционалды) және окказионалды (индивидуалды-авторлық). Біріншісін, авторлық түсінік пен оқырман қабылдауының біржақтылығы деп түсінсек, екіншісін автордың дүниені өзіндік қабылдауы деп ұғамыз» [48, 9-12]. Осылайша, зерттеуші метафораның поэзияда жұмсалатын ең негізгі троп екендігін дәйекті түрде жазып көрсетті. Зерттеушінің пікірінше, «поэтикалық метафора – поэтикалық шығарманың негізгі суреттеу құралдарының бірі. Поэтикалық метафора – күрделі құрылым. Поэзиядағы метафораға гиперболалық сипат басым, себебі айтылымның экспрессивтілігі өте айқын. Поэтикалық метафора – ақындық концептуализацияның күшті құралы. Концептуалды поэтикалық метафора – тізбектелген троп, ассоциативті түрде бір бейнеден екінші бір бейнені тудырады» [48, с.194-196].

Е.Г.Субачеваның «Лингвокогнитивные основы поэтической метафоры» атты зерттеу жұмысында, метафораны ақынның жеке стилінің құрамдас бөлігі деп атаған: «Метафора – ақындар ғасырлар бойы қолданып жүрген поэтикалық

айтылымның ауқымды бейнелі формасы. Метафора – оқырманға ықпал етудің бірден-бір құралы. Метафора поэтикалық мәтіннің конструктивті бірлігі, тілдің басқа да бейнелі құралдарымен бірге ақынның негізгі ойын оқушыға жеткізеді. Демек, метафора ақынның жеке стилін түзуші құрамдас бірлік ретінде қарастырылуы мүмкін» [75, с. 10-11].

Филолог, аудармашы М. И.Стеблин-Каменский поэтикалық метафоралардың әсері, әдетте, олардың жаңашылдығы мен бірегейлігіне негізделеді деп есептейді. Поэтикалық метафораны, яғни метафоралық қолданыстағы сөздерді тура мағыналы сөздермен алмастыру мүмкін емес, одан шығарманың көркемдігі жойылады [76, с.74-80].

Метафора – поэзиядағы негізгі бейнелеу тәсілі болып табылады. Метафораны өлең жолдарында қолданбайтын ақындар кемде-кем. Себебі, метафора өлеңді әсерлі етеді, оқырманға эмоциялық ықпал етеді. Метафораны тым көп, не аз қолдану – ақынның өзінің құқығы. Мысалы, белгілі лингвист, әрі әдебиеттанушы В.М.Жирмунский «Поэтика А.Блока» еңбегінде, А.Блокты «метафора ақыны» [77, с.219] деп атаған.

Поэзия – сөз өнерінің ерекше түрі. Поэзияның негізгі қызметі деп ақынның өлең жазу кезіндегі эмоциясын, жан тебіренісін, айтар ойын оқырманға жеткізу деп білеміз. Метафора шығарманың экспрессивтілігі мен эстетикалық әсерін күшейту үшін қолданылады. Жоғарыда айтылғандардан пайымдалатын түйін – метафора поэтикалық жүйенің ең басты құрылымдық бірлігі. Метафорасыз поэзияны елестету мүмкін емес. Метафораның басты қасиеті деп адам санасына әсер етіп, одан адам қиялының белсенді жұмыс істеуі деп айтар едік. Метафора – поэзиядағы қарым-қатынас жасаудың қуатты құралы, адамның ішкі әлемін тереңірек түсінуге септігін тигізеді, екіжақты диалогтың орнауына себепші болады. Ақын мен оқырман арасында диалог бары анық. Осындай екіжақты байланысты жасай алған бірден-бір ақын Абай деп білеміз. Абай – өз замандастарымен де, сондай-ақ болашақ барлық қазақ халқы арасында көпполярлы диалог – рухани-интеллектуалдық қарым-қатынасты орната алған алғашқы қазақ ақыны. Абай өз халқының, яғни қазақтардың менталитетінде, дүниетанымында, өмірлік қағидаларында өзгерістердің ауадай қажеттілігін айқын түсінді, олар ескі әдеттерден арылып, білімге, ғылымға ұмтылу керектігін, өмір салтын, мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарын өзгерту қажеттігін анық білді. Өз сөздерін халқына жеткізу мақсатында, ақын-ойшыл Абай, өз халқы үшін шындықты іздейтін рухани адептің жолын таңдады. Халқының болашағы үшін таңдалған шайқас алаңы – оның өлең жолдары, кітап беттері, поэзиясы мен қара сөздері. Өлеңдері арқылы ол өз отандастарының жүректеріне жол табуға, олардың ақыл, сана-сезімдерін терең ұйқы мен рухани жалқаулықтан оятуға тырысты. Поэзия халық қабылдауына, ұжымдық санаға әсер ететін, ғасырлар бойы пайдаланылған арна болды. Сол арнаның басты кілті – метафора атты сөз құралы.

1.3 Метафораның жіктелімі мен негізгі қызметтері

Метафора тропын әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдары өз әдістері бойынша зерттейді, қай ғылым нысаны болғанына қарай түрлері де өзгешеленеді.

Тіл білімінде зерттеушілердің метафораға жасаған жіктелімдерін ұсынамыз.

Тіл білімі тұрғысынан қарастырған лингвист Н.Д. Арутюнова тілдік метафораны төмендегідей бөліп қарастырады:

1) атауыштық метафора (зат атауын тасымалдау), бір мағынаны өзге мағынамен алмастырудан тұрады;

2) бейнелі метафора, сәйкестендіргіш мағынаның предикатқа айналуы салдарынан туындайтын және астарлы/бейнелі мағына мен тілдің синонимикалық құралдарынының дамуына әсерін тигізеді;

3) когнитивті метафора, предикативті сөздер үйлесімділігінің өзгеруі нәтижесінде пайда болады және полисемияны түзеді;

4) жалпылама метафора, логикалық қатар арасындағы сөздің лексикалық мағынасындағы шектерді жоятын және логикалық полисемияның пайда болуына себепші болады [78, с.366].

Лингвист М.В. Никитин ұқсастық белгілері бойынша метафоралардың келесі типологиясын ұсынды:

1) когнитивті метафора

2) эмотивті-бағалауыштық метафора.

Өз кезегінде, когнитивті метафора былай бөлінеді:

а) онтологиялық

ә) синестезикалық

Ал онтологиялық метафора екіге бөлінеді:

а) тікелей

ә) құрылымдық [79, с.37-38].

Онтологиялық метафораны, яғни тікелей және құрылымдық түрлерін, синестезикалық түрімен жақындататын (эмотивті-бағалауыштық түрінен ерекшелейтін) факт, белгілі бір ұқсастық негізінде, жанама түрде, салыстыру объектісін (зат, қасиет немесе жағдай), сол объектінің өзіндік белгілері бойынша анықтап, сипаттауға ұмтылады. Сондықтан да метафораның осы үш түрі (онтологиялық тікелей метафора, онтологиялық құрылымдық метафора, синестезикалық метафора) метафораның жалпы категориясына кіреді.

Тіл білімінде метафора жіктелімі мәселесін толық түсіндіруге тырысқан ғалымдар – Дж.Лакофф, В.П. Москвин, Г.Н. Скляревская. Лингвист В.П. Москвин метафораның ең толық жіктелімін ұсынды. Метафораның семантикалық, құрылымдық және функционалдық жіктелімін жасады.

1. Метафораның семантикалық жіктелімі:

Метафоралық бірліктің мағыналық жағын қарастырады, мағыналық екіжақтылығы бар (негізгі субъект пен салыстыру аспектісі). Аталмыш жіктелім метафораны былайша бөліп қарастырады:

– салыстырудың негізгі субъектісі бойынша;

– салыстырудың қосымша субъектісі бойынша (антропоцентрикалық немесе кейіптеу (олицитворение), анималистикалық, «машиналық»);

– салыстырудың негізгі және қосымша субъектілерінің ортақтығы негізінде;

– метафораның ішкі формасының тұтастық деңгейі бойынша (бейнелі метафоралар, жалпыпоэтикалық (узуалды, көпшілік мақұлдаған) және неологиялық (индивидуалды-авторлық), жойылған (стертые) метафоралар мен өлі (мертвые) метафоралар.

Бейне таңбаның (қосымша субъект) терминдер жүйесінің қайсысына жататына байланысты, зерттеушілер мына топты бөліп көрсетеді:

а) медициналық («экономикалық инсульт», «сайлау алдындағы қызу», «өкініштің жедел ұстамасы»);

ә) спорттық («өтелмеген төлем эстафетасы», «өндірістің рекордттық көрсеткіші», «бір қақпаға енгізу ойыны»);

б) әскери («сайлау алдындағы шайқас», «өндірістік соғыс», «экономикалық жарып өту»);

в) техникалық («билік тұтқасы»);

г) құмар ойын («саяси рулетка»);

д) биологиялық («саяси босану»);

II. Метафораның құрылымдық жіктелімі:

Аталмыш жіктелімнің негізінде нақты бір лексика-грамматикалық бірлік ретіндегі метафораның сыртқы құрылымы жатыр. Метафораның сыртқы құрылымы 2 элементтен тұрады:

а) салыстыру термині (сөз тіркесінің метафораланылған/ (метафоризируемый) компоненті, ауыспалы мағынадағы сөз);

б) аргумент – сөз (тірек сөз) (ауыспалы мағынаға тақырып белгілеуші сөз тіркесінің метафорияландыратын / (метафоризирующий) компоненті).

Бұл жіктелім барысында, метафораның берілу ерекшелігі назарға алынуы мүмкін, соның ішінде метафоралық бейне бірлігінің деңгейлік қатыстылығы ескеріледі [80, с. 177]. Сондықтан сөздік метафора және фразалық метафора деп бөліп қарастыру бар. Сөз табының қай мүшесі болғандығына байланысты, сөздік метафоралар: субстантивті, адъективті, етістікті және үстеулі деп бөлінеді.

Метафоралық бейне бірлігінің санына қарай метафора төмендегідей бөлінеді:

а) жай метафора. Метафора бір сөзбен берілгенде;

б) ұлғайған метафора (метафорикалық тізбек). Метафоралық бейне тақырып бойынша байланысқан бірнеше бірлік ретінде құралған.

Тірек сөздің бар болуы немесе болмауына байланысты мынадай жіктелім бар:

а) салыстыру метафорасы (тұйық метафора). Мұндай метафора түрінде параметр сөз де бар, тірек сөз де орын алған.

б) метафора – жұмбақ. Бұл жерде тірек сөз жоқ.

3. Метафораның функционалдық жіктелімі:

Метафоралар жұмсалымдық (функционалдық) сипаттамалары бойынша топтастырылады.

а) Атауыштық метафора. Әлі өзіндік атауы жоқ затты атау үшін қолданылады (Жер серігі). Метафораның бұл түрі тек атау кезінде өмір сүреді де, атауыштық қызметті атқарғаннан соң, ол өзіндік ішкі формасын жоғалтып, жоқ болады. Метафораның бұл түрі түрлі ғылым мен техника салаларында терминжасам үдерісінде қолданылады.

б) Декоративті (көркем) метафора. Сөйлеуді көркейту, әсемдеу құралы болып табылады. Негізгі қолданысы – көркем сөйлеуде.

в) Бағалауыштық немесе экспрессивті метафора (мысалы, адамдар туралы: түлкі, жылан, қасқыр). Газеттік және ауызекі сөйлеуге тән. Публицистикада экспрессивті метафора эмоционалды-бағалауыштық әсер қалыптастыру мақсатында қолданылады. Публицистикадағы метафоралық моделдер, негізінен, бағалауыштық қатысты керек ұғымнан метафоралық мағынаға тасымалдау үшін қажет. Қазіргі баспасөз беттерінде мынадай бағалауыштық сөз тіркестер орын алған: азық-түлік соғысы, газ соғысы, саяси капитуляция т.б.

д) Түсіндірме (педагогикалық, дидактикалық) метафора. Ғылыми сөйлеуге тән.

Атауыштық метафораға қарағанда декоративті, бағалауыштық, түсіндірме метафоралар көп уақытқа дейін бейнелілігін сақтайды, асылында, олар ішкі форма үшін жасалады, бұл ішкі форма метафораларда белгілі бір функционалдық жүктемеге ие. Атауыштық метафораның ішкі формасында мұндай жүктеме болмайды [80, с.112-163].

Одан бөлек, метафораны келесі лингвист-ғалымдар былайша топтастырған: жай және ұлғайған метафора (И.В. Арнольд) [81, с. 64]; extinct – жойылған метафора, dormant - потенциалды метафора, пайда болғанына біраз болса да, назардан тыс қалатын тип, active - белсенді метафора (M.Black) [82, p. 25]; онтологиялық: тура және құрылымдық, синестезикалық және эмотивті-бағалауыштық (М.В. Никитин) [83, с.36]; толық метафорикалық тасымалдау: екіжақты метафора, біржақты семасиологиялық метафора, біржақты ономасиологиялық метафора; ішінара метафорикалық тасымалдау (В.Г. Гак) [84, с.151]; метафора – теңеу; метафора – жұмбақ; өзге нәрсенің қасиетін өзіне иемденіп алатын метафоралар, мысалы «улы көзқарас», «өмірі жанып кетті» (Ю.И. Левин) [85, с.293]; сәйкестендіргіш немесе индикативті метафора, кейде оны дескриптивті, нақты метафора деп атайды; когнитивті метафора; бейнелі метафора; бағалауыштық метафора; бағалауыштық-экспрессиялық немесе эмотивті боялған метафора (В.Н. Телия) [86, с.193-196];

Метафораның түрлі жіктелімдермен бірге, ғалымдар метафораның 2 түрін қарастырады: тілдік метафора және көркем (немесе индивидуалды-авторлық) метафора.Төмендегі жіктелім сөзімізге дәлел бола алады: автордың шығармашылық қиялынан туындаған авторлық метафоралар; өзге де тілдік

бірліктермен қатар өмір сүретін, халық қолданып жүрген стереотиптік метафоралар (И.Р.Гальперин) [87, с.129]; тілдік метафора және индивидуалды-авторлық метафора (Г.Н.Скляревская) [3, с.30]; жалпытілдік сипаттағы метафоралар, мысалы «тау етегі»; өзіндік «жаңашылдығын» жоймаған метафоралар, мысалы «ақ шаштағы күміс»; поэтикалық немесе индивидуалды метафоралар (М.Н. Кожина) [88, с. 205-208]; жалпы халықтық тілдегі метафоралар және жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралар (К.Аханов) [89, 158 б]; индивидуалдық метафора және дәстүрлі метафора (Б.Х. Хасанов) [48, 138 б].

Метафораны лингвист ғалымдармен қатар, әдебиет зерттеушілері де қарастырады. Лингвистер «тілдік метафораны» зерттесе, әдебиетшілер «көркем метафораны» зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Дегенмен, тілдік метафора мен көркем/ әдеби метафораның айырмашылығы неде? Ғалым Ж.Вардзелашвилидің пікірінше, «тілдік метафора дегеніміз – лексиканың дайын элементі, мұндай метафораны үнемі шығарудың, құрастырудың қажеті жоқ» [65, с. 68].

Социолингвист Б.Ларин көркем/әдеби метафора жайлы былай дейді: «көркем метафора – көпқырлы, оның бойында жаңашылдық, бірегейлік бар, көркем метафора – қалыпты ойлау стандартынан әлдеқайда асып кетуі мүмкін» [90, с.4].

Тілдік және көркем метафораның гносеологиялық аспекті тұрғысынан тағы бір айырмашылығы мынада: «Кәдімгі өмірлік құбылыстар мен жағдайларды көрсете отырып, тілдік метафорикалық номинация өзге де лексикалық бірліктермен бір қатарда тұрып, өмірді сипаттауға ат салысады» [91, с.25]. Көркем метафора, керісінше, барлығына айқын, анық қарым-қатынасты жылжытуға ұмтылады, бұл ретте, «дәстүрлі классификациялар бұзылады» [92, с.331].

Н.Д.Арутюнованың пікірінше, метафораның (қай түріне болмасын) өзіне тән қасиеттері бар. Әсіресе, метафора мен поэтикалық дискурсты ортақтастыратын мынадай өзіндік сипаттар бар:

1. бейне мен мағынаның бірігуі;
2. объектілердің тривиалды таксономиямен кереғарлығы, қарама-қарсылығы;
3. категориялы ілгерілеу, алға жылжуы;
4. «кездейсоқ байланыстарды» өзекті қылу;
5. сөзбе-сөз өзгертіп, басқаша айтуға келмейді;
6. мағынаның синтетикалығы, диффузиялығы;
7. түрлі интерпретациялардың бар болуы;
8. мотивацияның болуы міндетті емес немесе оның жоқтығы;
9. білімге емес, қиял, елестетуге деген апелляция;
10. объект мәніне деген ең қысқа жол таңдау [93, с.20].

Дәл тіл білімі секілді, әдебиеттану да метафораға өзіндік жіктеме жасайды. Әдебиетші Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі метафораларды құрылысына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырады:

1. метафораның жай түрі;
2. жалғаулар арқылы жасалатын метафора;
3. көмекші етістік арқылы жасалынатын метафора;
4. күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі;
5. метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздердің көмегімен жасалатын түрі [94, 216 б].

Ю.В.Цинковская қазіргі әдебиеттануда метафораны тағы мынадай 3 топқа бөліп қарастыратынынын айтады:

1) витальды метафора (лат.vita – өмір деген сөзінен). Бұл метафора түрлерінде өмір семантикасы басым, объект тірі, жанды нәрсе секілді қабылданады. Витальды метафоралар алуан түрлі, шартты түрде, семантикасына байланысты, бірнеше түрлері бар. Затты жануар түрінде бейнелеу; витальды метафораның екінші түрінде адам семантикасы басым, яки зат адамға тән қасиеттерге ие болады, бұл метафора кейіптеуге жақын.

2) морталды метафора (лат.mors – өлім деген сөзінен). Бұл метафора түрлерінде жансыз заттардың семантикасы басым болады, айтылып отырған нәрсе жансыз зат ретінде сипатталады. Метафораның мұндай түрлерінде тіпті адамды да жансыз затқа ұқсату бар. Әдетте бұл метафора түрі адамның жағымсыз қасиетін меңзеуге бағытталған.

3) интертекстуалды метафора – екі мәтін ара-қатынасын немесе мәтін мен өнердің басқа түрінің (кино, сурет) қарым-қатынасын құрайды. Интертекстуалды метафоралар шығарма шекарасын кеңейтіп, мәтінге басқа мәтін мен өнер туындыларын дербес, жеке көркем бейнелері ретінде енгізеді [95, с.154-158].

Метафораның қазіргі теориясында метафораны 2 типке бөліп қарастырады. Метафораны бұлай бөліп қарау, Филипп Уилрайттың «Метафора мен шынайылық. Метафораның 2 түрі» деген еңбегінен (1962 ж.) бастау алады.

1) диафора (өткір, бейнелі, қарама-қарсы метафора)
2) эпифора (қалыпты, өшірілген метафора) [96, с.83-90].

Американдық әдебиетші Джонатан Каллер метафораның 2 типі немесе метафораны түсінудің 2 түрін ұсынды – via philosophica және via rhetorica, яғни метафора – когнитивті және риторикалық болады деп есептейді ғалым. Когнитивті метафорада алмастыру, ауыстыру актісі – таңба мен зат арасында болады, сондықтан да ол таным актісі болады, жаңа зат бізге мәлім, таныс сөзбен аталады, осылайша біз жаңа түсінік пен ұғым қалыптастырамыз. Риторикалық метафорада алмастыру, ауыстыру актісі – бір сөз немесе сөз тіркесінің түрлі мағыналары арасында орын алады, сондықтан бұл жерде жаңа білім қалыптаспайды, тек тіл байып, көркемделе түседі. Көркем әдебиетке, әдетте, риторикалық метафораны қолдану тән [97, p.202].

Дж.Лакофф пен М.Джонсонның «Метафоры, которыми мы живем» («Metaphors we live by») атты еңбегінде метафораның мынадай түрлері жіктеледі.

– бағдарлы метафоралар (ориентационные метафоры)

– онтологиялық метафоралар.

Кеңістіктегі бағдарлармен байланысты болғандықтан, мұндай метафора түрлерін бағдарлы метафоралар деп атайды. Бұл бағдарлар төмендегідей: «жоғары – төмен», «ішінде – сыртында», «алдыңғы жақ – артқы жақ», «терең – таяз», «орталық – шалғайдағы». Бағдарлы метафоралар концептке, кеңістікке бағдар береді. Мысалы, «Happy is up» /Бақыт жоғарда, бақытты адам көтеріңкі, жоғары көңіл-күйде жүреді. Яғни, бақыт концептісі жоғарыға бағытталған. Ағылшын тіліндегі «I'm feeling up today» деген «Бүгін мен өзімді өте бақытты сезінемін», бұл жерде «up» – жоғары бағдары қолданылған. Кітапта, Уильям Наги (1974) қарастырған «төмен-жоғары» кеңістік бағдарлы метафоралары талданған. «Бақыт – жоғарыда, мұң, қайғы, уайым –төменде» (Happy is up, sad is down) метафоралық концептісі. Осы метафоралық концептінің күнделікті өмірде, ауызекі тілде көрініс табуы мынадай: 1. Бұл менің рухымды көтерді (That boosted my spirit). 2. Сіздің көңіл-күйіңіз – көтеріңкі (You're in high spirits). 3. Осы күндері ол қатты құлазып, төмендеп кетті. (He's really low these days). 4. Оның көңілі қалды, төмендеді (He is feeling down). 5. Сол қыз туралы ойласам үнемі көңілім көтеріледі (Thinking about her always gives me a lift) [35, с. 36].

«Жоғары – төмен» кеңістік бағдарлы метафоралары тек бақыт не уайыммен байланысты емес. Бұл қатарға мынадай антонимдік тізбектер де жатады: өмір мен өлім, дені саулық пен сырқаттану, билік пен билікке мойынсұну, күш пен әлсіздік, көптік – аздық, әлеуметтік жағдайы жоғары – әлеуметтік жағдайы төмен, жақсы – жаман, адамгершілік – зияндық, рационалдылық – қызбалық т.б. Кеңістік бағдарлы метафоралар адамзаттың практикалық және мәдени тәжірибесіне негізделеді.

Онтологиялық метафоралар дегеніміз бейнебір субстанция секілді, іс-әрекет, жағдай, эмоция, идеяларды көруге мүмкіндік беретін метафоралар. Мәселен, «Ақыл-ой – машина» (The mind is a machine), «Адам санасы – өте нәзік объект» (The mind is a brittle object), «Инфляция – тірі организм» (Inflation is an entity) т.б. «Адам санасы – өте нәзік объект» (The mind is a brittle object) онтологиялық метафорасына осы еңбектен мысалдар келтірсек. 1. Бұл уайым оны есеңгіретіп жіберді, денсаулығын бұзды (The experience shattered him). 2. Оның ақыл-есі істен шықты (His mind snapped). 3. Ол қыздың жаны өте нәзік (Her ego is very fragile). 4. Ол қысымға оңай беріледі (She is easily crushed).

Онтологиялық метафоралардың өмірімізге сіңгені соншалық, өздігінен айқын, анық ой үдерістерінің тура сипаттамасы сияқты қабылдаймыз. Олардың метафоралық табиғаты жайлы ойланбаймыз. Өйткені, мысалға «адам санасы – өте нәзік объект» секілді онтологиялық метафоралар біздің мәдениетімізге тән, адамның ішкі әлемі моделінің ажырамас бөлігі болып табылады; адамдардың көбісі осы модельге сай іс-әрекет етеді, ойлайды [35, с.49].

Метафораның қызметіне келер болсақ, В.Харченко «Функции метафоры» атты еңбегінде, метафораларды қызметтік қатыстылығына байланысты, олардың 15 типін айрықша атап өтеді:

– метафораның атауыштық қызметі (атаулардағы метафора түрі);

– метафораның ақпараттық қызметі (метафорикалық ақпарат ерекшелігі);

– метафораның мнемоникалық қызметі (метафора және еске сақтау);

–метафораның стильтүзуші қызметі (көркем шығармадағы метафора);

– метафораның мәтінтүзуші қызметі (метафора және мәтін);

–метафораның жанртүзуші қызметі (метафора және жанр);

–метафораның эвристикалық қызметі (ғылыми жаңалықтағы метафора);

– метафораның түсіндірме қызметі (метафора және түсінік);

– метафораның эмоционалды-бағалауыштық қызметі (метафора және бағалау);

– метафораның этикалық қызметі (метафора және тәлім-тәрбие);

– метафораның аутосуггестивті қызметі (метафора және өзін-өзі сендіру);

– метафораның кодтаушы қызметі (метафора және код);

– метафораның конспиративті қызметі (метафора және құпия, сыр);

–метафораның ойын қызметі (метафора және әзіл-сықақ);

– метафораның ритуалды, салттық қызметі (метафора және салт, ырымдар) [98, с. 9-80].

Бұл оқу құралында зерттеуші метафораның әр түріне жеке-жеке тоқталып, мысалдармен келтірген. Сонымен бірге, метафора қызметінің иерархиясы мен олардың өзара байланысы туралы жазылған. В.Харченконың пікірінше, метафораның әр қызметі екінші бір қызметімен тығыз байланысты. Мысалы, метафораның ойын қызметі мен кодтаушы қызметтерінің тығыз ара-қатынасын байқауға болады.

Н.Д.Арутюнова «Метафора мен дискурс» атты мақаласында дискурстың түрлерін келтіреді. Метафора іскерлік дискурстта мүлдем кездеспейді: заң мен әскери бұйрықтар, жарғы, жарлық, нұсқаулық, экспертті қорытынды мен медициналық ұсыныстар, патент пен анкеталар, аннотацияларда метафора жоқ.Дискурстың қай түрінде кездескеніне байланысты, метафораның да өзіндік қызметі болады. Әдеби шығармада метафора эстетикалық (мәтіннің көркемдеуіш құралы ретінде) және белсендіргіш (адресаттың назарын аудару) қызмет атқарады. Ғылыми дискурста метафора эвристикалық (нысанның басқа түрлері туралы білімге сүйене отырып, зерттеудің жаңа нысанын түсіну үшін мүмкіндік береді) және аргументативті (теория мен гипотезалардың шынайылығын сендіреді) қызмет атқарады. Саяси дискурста метафораның екі түрлі қызметі бар: эвристикалық және аргументативті. Педагогикалық дискурста метафораның когнитивті қызметі басым (соның көмегімен жаңа материалды түсіндіру және күрделі феноменді қабылдауды жеңілдейді) және мнемоникалық қызмет (бұл қызмет түрінің мақсаты – ауқымды ақпаратты есте сақтауды жеңілдету). Діни дискурста метафораның қызметі белсендіргіш (тыңдармандардың назарын аудару), эвристикалық (діндегі күрделі мәселелерді

түсіндіру) және эмотивті (тыңдаушыны тәубеге келтіру) қызмет атқарады [99, с. 5-32].

A Textbook of Translation (1988), Paragraphs on Translation (1989), About Translation (1991), More Paragraphs on Translation (1998) атты зерттеу еңбектердің авторы метафораның түрлері, қызметі жайлы жазып кеткен. П.Ньюмарк тек теоретик емес, ол аудармашы-практик. Түрлі аудармашылық мәселелерді шешуге арналған принциптерді ұсынып, оларды практикалық тұрғыдан талдап, нақты мысалдармен келтіреді. Өз еңбектерінде ғалым метафораны аудару мәселесін де назарынан тыс қалдырған жоқ. П.Ньюмарк метафораның мынадай жіктелімін жасады: жойылған (dead), метафора-клише (cliche), жалпы немесе кәдімгі (stock and standard), бейімделген (adapted), «соңғы кездегі» (recent), бірегей (original) [100, p.100]. Питер Ньюмарк метафораның негізгі екі қызметін бөліп қарастырады: коннотативті және эстетикалық. Коннотативті қызмет деп дерексіз (абстракт) бен нақты ұғымдарды жете және толық түсіндіру, сипатталып отырған зат қасиетін бейнелеу, ойды айқындырақ жеткізу. Эстетикалық қызмет дегеніміз – метафораның оқырманға эстетикалық әсер ету, мәтінге деген қызығушылығын ояту, яғни оқушыға эстетикалық ықпал тигізу, оның назарын аударту, таңғалдыру. П.Ньюмарктың пікірінше, бұл екі қызмет түрі метафора бойында бар: метафора – форма мен мазмұн бірлігі, коннотативті және эстетикалық қызмет үйлесімділігі [100, p.104-105]. П.Ньюмарктың сөзіне сүйенсек, аудармашының алдында тұрған екі негізгі мәселе бар: «бүкіл мәтінді аударуға және метафоралардың аудармасына қажетті тиімді аудармашылық принципті айқындау» [100, p.104]. Бұдан байқағанымыз, метафора – күрделі ұғым, оны аудару білімді, біліктілік пен тәжірибені талап етеді. Әйтпесе, теоретик, әрі практик П.Ньюмарк метафора мен жалпы мәтінді аудару – аудармашының екі мәселесі деп бөлмес еді.

Метафораның жіктелімі, қызметі жайлы тіл білімі зерттеушілері де, әдебиеттанушылар да құнды ой-пікірлер, еңбектер қалдырып кеткен. Тіл білімі тұрғысынан қарастырылатын метафора әдебиетшілер зерттейтін метафорадан ерекшеленеді. Шетелдік және отандық ғалымдар метафораның жіктелімін жан-жақты қарастырды. В.П.Москвин метафора жіктелімін жан-жақты зерттеп, оның семантикалық, құрылымдық және функционалдық жіктелімін ұсынды.Дж.Лакофф пен М.Джонсон метафораны когнитивті лингвистика тұрғысынан талдап, оның бағдарлы және онтологиялық түрлерін бөліп көрсетті. В.Харченконың пікірінше, метафора қызметінің 15 түрі бар. Н.Д.Арутюнова қай дискурс түріне байланысты, метафора қызметінің өзгешеленетіні туралы жазды. П.Ньюмарк метафора жіктелімі мен оның атқаратын қызметін атап көрсетті. П.Ньюмарк аударматану теоретигі, әрі практик аудармашы болғандықтан, оның еңбектері, метафораны аударматану тұрғысынан қарастыруы, зерттеу жұмысымызға біраз арқау болады.

1.4 Аудармадағы метафора және оны аударудың негізгі әдістері

Метафора аудармасы – әдеби, лингвистикалық, мәдени, философиялық, психологиялық мәселелердің шешілуімен байланысты болып келеді. Бейнелі ақпаратты дұрыс аудару және аударма нұсқада метафора көркемдігін сақтап қалу өте маңызды.

Метафораны аудару аударматанудың теориясы мен практикасында ерекше, әрі күрделі мәселелердің бірі болып табылады, себебі көптеген зерттеушілердің пікірінше, метафораларды аударудың өзіндік қиындықтары бар. Соның бірі Рэймонд Броек өзінің «Метафораларды аудару» атты мақаласында метафораны аударудың мүмкіндіктері мен оны аударудың тәсілдерін нақты бір түрде жинақтап айту мүмкін емес деп есептейді [101, p.73].

Метафораны аудару қиын болу себебі метафораның онтологиясымен байланысты. Бір тілде пайда болған бейнелі тіркестер екінші тілде болмауы мүмкін. Menachem Dagut: «Бір тілде оп-оңай, жеңіл түсінікті болатын, ұғынықты болатын метафора келесі бір тілде қиыншылықтар тудырады. Яғни, метафоралық изоморфизмге ие емес», – деп көрсетеді [102, p.32].

Лингвист Е.С.Кубрякованың пікірінше, метафорикалық бейнені өзге тілде сөйлетудің негізінде ассоциативті-бейнелі, мәдени, психологиялық және әлеуметтік-келісім факторлары жатыр [103, с.17].

Көркем аударманың мақсаты – түпнұсқаны мейлінше сақтап, барынша дұрыс аударма нұсқаға қол жеткізу. Өзге тілдегі мәтіндерді жетік аударғанда ғана, түпнұсқадағы бар ой сақталып, ол тәржіме мәтінде де орын алады. Түпнұсқадағы көркем-бейнелі сөздер мен сөз тіркестерді, троптарды екінші бір тілде жеткізу оңай емес. Ал қысқа да нұсқа формуласына сай келетін метафораны аудару тіптен күрделі [104, 17 б].

Филолог, аудармашы, көркем аударма теоретигі А.В.Федоров метафоралардың аударылуы жайлы пікірін өзінің «Аударманың жалпы теориясының негіздері: лингвистикалық мәселелері» (Основы общей теории перевода: лингвистические проблемы, 1983) атты кітабында жазады: «Метафоралардың аударылуы – көпдеңгейлі үдеріс, оның мақсаты – түпнұсқа метафораларымен баламалылық қарым-қатынаста тұратын, мазмұнды және эмоционалдық құндылығы сақталған, көркем сөйлеу қызметінің тиісті деңгейлеріндегі баламалық бірліктерді аударылатын тілден табу» [105, с.283].

Аударматану мамандарының, ғалым, зерттеушілердің метафораны аудару мәселесіне қатысты көптеген еңбектері бары белгілі. Метафораны аударудағы басты принциптер, қағидалар айқындалған. Солардың арасында, аударматану саласында орасан еңбек еткен ағылшын профессоры Питер Ньюмарктың «A Textbook of Translation» атты еңбегі бар. П.Ньюмарк – аударматану теоретигі, аудармашы, аударматанудан ұстаздық еткен маман, лингвист. П.Ньюмарк аударма концептілері мен аудармашылық техникаларды ойлап тапты. «A Textbook of Translation» атты зерттеуінің бір тарауы «Метафоралардың аударылуы» («The Translation of Metaphors ») деп аталады. Ғалымның ойынша, «метафораның мақсаты, негізінен – екеу. Оның қағаз жүзіндегі мақсаты –

менталды әрекетті не жағдайды, концептіні, адамды, затты жинақы, қысқа, нұсқа түрде сипаттау; метафораның прагматикалық мақсаты – адамды қуанышқа бөлеу, таңғалдыру, қызығушылығын ояту. Бірінші мақсаты – когнитивті болса, екіншісі – эстетикалық болып табылады. Жақсы метафорада осы екі мақсат бір-бірімен, мазмұны мен формасы секілді ұштасады » [100, p. 104].

П.Ньюмарктың пікіріне сай, аудармада метафораның семантикалық құраушы бөлігін қаншалықты деңгейде беру керектігін түсіну кез келген метафораның мағыналық құрамдас бөлігі – бейнелілік пен суреттеліп тұрған зат семантикасының тоғысқан жерінде жатыр. Метафораны аудару барысында, тәржімашы мына екі қағидаға назар аударғаны жөн: а) метафораның жағымды не жағымсыз екендігін дұрыс анықтау, яғни салыстырудың себебін анықтау; б) беріліп отырған сала коннотативті не денотативті екенін түсіну.

Ньюмарк метафораның 6 түрін бөліп көрсетеді және аталған метафораларды қай типке жататындығына байланысты, аудару тәсілдерін ұсынады. Метафораның ғалым көрсеткен 6 түрі: жойылған (dead), метафора-клише (cliche), жалпы немесе кәдімгі (stock and standard), бейімделген (adapted), соңғы кездегі (recent), бірегей (original).

1) жойылған (dead) метафора

жойылған метафора дегеніміз – бейнелі, астарлы мағынасы сезілмейтін метафоралар. Әдетте, жойылған метафоралар уақыт пен кеңістікті, географиялық атаулар мен әртүрлі қызмет салаларын, дене мүшелері, табиғи құбылыстар мен абстракты ұғымдарды белгілеуде кездеседі. Мысалы, ағылшын тілінде мұндай сөздер қатарына мыналар кіреді: «field», «top», «foot», «mouth», «arm» т.б. Негізінен, мұндай метафораларды аудару барысында аудармашы ешқандай қиындықтарға тап болмайды, бірақ мұндай метафораларды сөзбе-сөз, дәлме-дәл аудару әр кезде мүмкін бола бермейді. Ағылшын тіліндегі «at the foot of the mountain», орыс тілінде де «у подножья горы», қазақ тілінде де «тау етегінде» баламалары бар. Жойылған метафораларды аудару барысында аударылатын тілдегі лексикалық үйлесімділік принциптерін басшылыққа алған жөн, яғни түпнұсқа тіліндегі жойылған метафораларға сай келетін, аударылатын тілдегі баламасы бар өшірілген метафораларды тапқан жөн. Метафораның негізі болып табылатын бейне, түрлі тілдерде біріне-бірі сай келмеуі мүмкін. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, жойылған метафораның бейнелік қыры жойылып, тек семантикалық мағынасы қалады [100, p. 104].

2) метафора-клише (cliche)

Метафора-клише дегеніміз – өзінің эстетикалық құрамдас бөлігін біраз жоғалтқан, тек коннотативті қызметті ғана орындайтын, яғни өз ойын жеткізу үшін қолданылады. Мұндай метафораларды аудару кезінде түпнұсқада автор қолданған барлық клише сөздерді мейлінше аудармада жеткізуге тырысу, яғни автордың бұл метафоралары оған оғаш, ерсі көрінсе де, автордың стилін сақтап қалу маңызды. Ал авторы көрсетілмеген мәтіндерде, метафора-клишені аудару кезінде сөзбе-сөз, дәлме-дәл жеткізуді байқау керек. Мысалы, ағылшын

тіліндегі «black swan» (сөзбе-сөз алғанда, «қара аққу»), орыс тілінде «белая ворона» деп аударылса, қазақша оны «ақ қарға» немесе «қара аққу» демей, «елден ала бөтен, елден ерек» деп аударған орынды.

3) кәдімгі метафора (stock or standard metaphors)

Зерттеушінің пікірінше, метафора-клише мен кәдімгі метафора ұқсас келеді. Кәдімгі метафора дегеніміз – оқырманға эмоционалды әсер ететін, нақты не болмаса абстракты ұғымды сипаттаудың тиімді тәсілі болып табылатын метафораны атаймыз, жойылған метафорадан айырмашылығы – бұл метафора эстетикалық қызметке ие. Мұндай метафораларды аударудың тәржімашыға әкелер біраз қиындықтары бар, мәселен: метафора ескірген болуы мүмкін не болмаса тек нақты бір әлеуметтік топ иелері, не нақты белгілі бір жас ерекшелігінде топтарға (жастар, орта жастағы адамдар, т.б.) қатысты қолдануы мүмкін. Мұндай метафораны аудару үшін аударылатын тілде бар баламалы метафора тапқан жөн. «To throw light on» метафорасын «пролить свет на что-то» деп аударған жөн. Қазақшада бұл метафораның баламасы жоқ секілді. «All that glitters is not gold» метафорасының екі тілде де дәл баламасы бар: «Не все то золото, что блестит» – орысша нұсқасы; қазақшасы – «жылтырағанның бәрі алтын емес».

4) бейімделген (adapted) метафора

Зерттеуші бейімделген метафора қатарына авторлық метафоралық окказионализмдерді жатқызады. Бұл конструкцияларды аудару барысында, шет тіліндегі метафораны түпнұсқа тіліндегі тілдік конструкцияға мейлінше бейімдеген абзал. Сөзбе-сөз аудармаға да жүгінудің қажеті шамалы. Аудармашы бейімделген метафораларды өзге тілге жеткізу кезінде, форманы да, мазмұнды да сақтап қалуға барын салу керек.

5) соңғы кездегі (recent) метафора

Бұл типке түпнұсқа тілінде кеңінен таралған метафоралық неологизмдер жатады. Кейбір метафоралық неологизмдер жаңа ұғым береді. Оларды аударғанда неологизмдерді аудару принциптерін басшылыққа алған дұрыс.

6) бірегей (original) метафора

Ғалымның ойынша, бірегей метафора дегеніміз – индивидуалды-авторлық метафоралар, бұл метафораларды тек жеке бір автор ғана қолданады және күнделікті қолданыста қолданылмайды. Авторлық метафораларды түпнұсқаға мейлінше жақындатып өзге тілде берген абзал, себебі:

1. Авторлық метафора автордың жеке стилі мен шығармашылығының көрінісі;

2. Авторлық метафоралар аударма тіліндегі сөздік қорының молаюына септігін тигізеді.

П.Ньюмарктың сөзіне сүйенсек, авторлық метафораларды сөзбе-сөзге жақын етіп аударған жөн. Алайда осы типтегі метафораға тән мәдени бірлікті аударылатын тілде міндетті түрде берген жөн. Авторлық метафораның бастапқы формасын барынша сақтаған дұрыс, сонымен қатар, ғалымның

пікірінше, авторлық метафораны, түпнұсқаны қайтсем де сақтаймын деп мәтіннің жалпы стиліне дисбаланс (үйлесімсіздік) жасауы мүмкін.

«Метафоралардың аударылуы» («The Translation of Metaphors») деп аталатын тарау соңында, ғалым аудармашыларға қажет болатын мынадай кеңес береді: «Метафораны аудару барысында, метафораның мағынасы мен формасы, мазмұнымен қатар, мәнмәтіндік (контекстуалды) факторларға да назар аударған жөн» – дейді [100, p. 113]. Қорыта айтқанда, П.Ньюмарк метафораларды аударудың мына тәсілдерін ұсынады:

1) метафоралық бейнені сақтау мақсатында, сөзбе-сөз аудармаға жүгіну;

2) метафораны теңеумен аудару;

3)түпнұсқадағы метафораны аударылатын тілдегі метафораның баламасын табу;

4) метафоралық бейнені сақтай отырып, қасына түсіндірме қосып кету, бұл теңеу негізін эксплицитті ету;

5) өзгертіп айту [100, p. 104-113].

Аударма теориясына қатысты бірнеше еңбектің авторы, профессор Т.А.Казакова метафораларды аударудың мынадай тәсілдерін ұсынады.

1. Толық аудару. Бұл ретте, әдетте, түпнұсқа тілінде де, аударылатын тілде де метафоралық бірліктер үйлесімділік жағынан да, аталған метафорада берілетін эмоционалды-бағалауыштық ақпарат та толықтай сай келіп, балама түрде аударуға мүмкіндік береді.

2. Өз тарапынан сөз қосу немесе бір бөлігін қалдырып кету. Мұндай жағдай, әсіресе, түпнұсқа тілі мен аударылатын тілдегі ұқсастық деңгейі өзгеше болғанда қолданылатын әрекет. Мұнда түпнұсқа мәтіндегі мағынаның экспликация немесе керісінше, түпнұсқа мәтіндегі мағынаның импликациясы қажет етіледі.

3. Ауыстыру. Түпнұсқа тілі мен аударылатын тілдегі бірліктер арасында лексикалық немесе ассоциативті сәйкессіздік кезінде іске асырылады.

4. Құрылымдық өзгерту немесе түрлендіру. Түпнұсқа тілі мен аударылатын тілдегі метафораның грамматикалық өзгешіліктері кезінде осы әдіс қолданылады.

5. Дәстүрлі сәйкестік, жанасым. Әдетте бұл сәйкестік фольклорлық, библиялық, антикалық метафораларға байланысты қолданылады. Түпнұсқа тілі мен аудыралатын тілде метафоралық ұқсастықты түрлі әдіс-тәсілдермен беру қалыптасқанда пайдаланылатын жол.

6. Жарыспалы немесе параллель тәсіл. Бұл әдіс кең таралған метафораны аудару үшін пайдаланылады. Түпнұсқа метафорасын алмастыру немесе құрылымдық жағынан өзгерту керек болып, ал екінші жағынан берілетін ақпаратты, бейнені сақтау қажет болған жағдайда қоданылатын амал [106, с. 245-246].

В.Н.Комиссаров пен А.Л.Коралованың пікірінше, мәтінде метафораны кездестірген бойда, аудармашы метафораны аудармада қалдыру керек пе дегенді және оны мейлінше жақсы етіп қалайша аударамын деген мәселені

шешіп алуы керек. Метафораны жоғалтып алған жағдайда мағына толыққанды берілмей қалуы мүмкін, сондықтан метафоралық бейнені сақтап қалу – маңызды [107, с. 115].

И.Р.Гальперин метафораның аудармада сақталуы жайлы былай дейді: «Аударма теориясында «метафораны сақтап қалу заңы» деген бар, осыған сәйкес метафоралық бейне аудармада мүмкіндігінше, сақталуы тиіс. Бұл заң сақталмаған жағдайда фраза мағынасы өзгеріп, ал оның эстетикалық және прагматикалық әсері төмендей түседі» [108, с. 82].

«Языковая метафора в художественной речи» монографиясының авторы В.Н.Вовктың пікірінше, «метафораны сақтап қалу заңы» бар екенін біле тұра, аудармашылар кейде авторлық метафораны қалдырып кетеді немесе оны түрлендіріп жібереді, нәтижесінде метафораның экспрессивтілігі және түпнұсқалық метафораның мағынасы жойылып кетеді. Зерттеуші былай дейді: «түпнұсқа мәтініндегі метафораларды аудармай қалдырып кету – автордың ойын бұрмалау мен үлкен қате болып табылады» [109, с.127].

Түпнұсқа тіліндегі бірлік пен аударма тіліндегі бірлік арасындағы қарама-қайшылық негізінен былайша көрінеді: компоненттердің семантикасының өзгеруі (семантикалық өзгеру немесе түрлену), грамматикалық формалардың бірдей болмауы/дәл келмеуі (құрылымдық түрлену), троптың стилистикалық деңгейінің өзгеруі (функционалдық түрлену). Сонымен бірге, метафораларды аудару барысында, түпнұсқа тіліндегі метафора өзге тілде басқа тропқа ауысып кетуі әбден мүмкін (теңеу).

Лингвист, лексикограф, аудармашы Я.И.Рецкер метафораны аударудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

1) эквивалентті сәйкестіктер. Егер де түпнұсқа тіл мен аударма тілдегі метафоралық жүйелер ұқсас болса, онда тиісті сәйкестіктерді іздеп тапқан жөн. Мысалы, лексикографияда тіркелген, ағылшын тіліндегі жойылған метафоралардың көбісінде дерлік орыс тілді баламалары бар.

2) вариативті сәйкестіктер. Бұлар метафоралық тіркесті берудің, сөздікте тіркелген, бірнеше әдістері бар болған жағдайда, нақты бір кезде қолданылады.

3)трансформация. Трансформациялық әдіс дегеніміз – түпнұсқа метафорасының негізін толықтай өзгерту.

4) калька. Аудармада түпнұсқа метафорасының толық аналогын қалпына келтіру [110, с. 117].

Аудармашы тек метафора мағынасын сақтап қана қоймай, сонымен бірге аударма мәтіндегі метафора мағынасын реципиентке жеткізуі қажет. Баламалық критерийлері тек лингвистикалық мәселелерге ғана қатысты емес, сонымен қатар түпнұсқа реципиенті мен аударма мәтіндері реципиентерінің рефлексиясына негізделуі керек.

Аударматану теориясы мен практикасында тілдік (дәстүрлі, конвенционалды) және авторлық (индивидуалды) метафораларды бөліп қарастыру маңызды болып табылады. Метафораның қай түріне жататындығына байланысты, оның аударылу әдісі де өзгеше болады. Дәстүрлі не

конвенционалды метафоралар аудару барысында, аударылатын тілде бар, жалпы қолданыстағы аналогын, клише сөздерді табуға тырысу керек. Ал авторлық метафораларды, мейлінше, түпнұсқаға жақын етіп аудару қажет. Авторлық метафораларды аударудың мақсаты - автор стилі мен мағынаның сақталуы.

Метафораны аудару оңай емес. Ал авторлық метафораны аудару – қиынның қиыны. Авторлық метафоралардың дайын тұрған баламалары жоқ, сондықтан болар, аудармашы біраз қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Авторлық метафора өзінің бірегейлігімен, жаңашылдығымен өзгешеленеді. Авторлық метафора – қаламгердің жеке стилін айғақтайды. Түпнұсқа мәтінімен жұмыс жасау барысында, аудармашының алдындағы міндет – стилистикалық тәсілдің (метафораның) қызметін анықтап, сол стилистикалық тәсілді аударма нұсқада сақтау не оны басқа стилистикалық тәсілмен алмастыру туралы шешім қабылдау [111, с. 99].

Метафораны аудару тәсілдері аясында диссертация қорғаған Н.И.Борковец авторлық метафораны аударудың тәсілдерін көрсетеді:

1) сөзбе-сөз балама жасау (сөзбе-сөз аударма);

2) аударма тілде бейнелі аналогты табу (балама аударма);

3) түсіндірмелі аударма;

4)түпнұсқадағы бейнені аударма тіліндегі бейнеге ауыстыру (трансформация);

5) компенсация;

6) экспрессивтік-прагматикалық конкретизация;

7) метафораны нейтрализациялау [112, с. 153].

Аударматану ғылымында «трансформация» термині кеңінен қолданылады. Кейде бұл терминді «әдіс» («прием») деп те атайды. «Аударматанудың негізгі түсініктері» («Основные понятия переводоведения») деген сөздікте «Аударма трансформациясы» терминіне мынадай анықтама берілген: «латын сөзі «transformatio» – қайта өзгерту», «transformare» – өзгерту, кейпін өзгерту, аудару деген мағыналарды білдіреді. Осы терминологиялық анықтамалық-сөздікте, «аударма трансформациясы» терминіне аударматанушы ғалымдардың мынадай анықтамалары берілген:

1) «түпнұсқа тілдегі бірліктерді аударма тіліндегі бірліктерге ауыстыруға септігін тигізетін түрлендіру, қайта жасау» (Комиссаров В.Н., 2002);

2) «аудармашылық түрлендіру; лексикалық, грамматикалық және мәтіндік деңгейде қайта құруды қажет ететін тіларалық өзгеру» (Алексеева И.С., 2004);

3) «аударма тәсілінің негізі» (Нелюбин Л.Л., 2003);

4) «берілуге тиіс ақпараты сақталған, түпнұсқа мәтіндерінің формалды лексикалық немесе грамматикалық түрленуі немесе семантикалық өзгеруі; аударма үдерісі барысындағы тіларалық қайта жасаулар» (Гарбовский Н.К., 2004) [113, с. 125].

Аударма түрленуін отандық, ресейлік аударматануда «трансформация», «әдіс/ прием» терминдері арқылы аталса, шетелдік аударматануда осы ұғымды

«стратегия» деген терминмен белгілейді. Неміс ғалымы H.P.Krings берген анықтамада былай делінген: «аударма стратегиясы дегеніміз – аудармашының белгілі бір мәселені шешуге бағытталған әрекеті» [114, p. 264].

Аударматанушы В.Н.Комиссаров аударма транформацияларын мынадай типтерге бөліп қарастырады:

1. Грамматикалық трансформация:

а) синтаксистік үйлесім/ұқсату (сөзбе-сөз аударма);

ә) грамматикалық ауыстырулар.

б) сөйлемдерді бөлу;

2. Лексикалық трансформация:

а) транслитерация;

ә) транскрипция;

б) калькалау;

в) лексика-семантикалық ауыстырулар (модульдеу, нақтыландыру/конкретизация, жалпыландыру/генерализация)

3. Кешенді немесе лексика-семантикалық трансформация:

а) экспликация (түсіндірмелі аударма);

ә) антонимдік аударма;

б) өтеу, орнын толтыру (компенсация) [115, с. 411].

Трансформациялар жайлы пікір айтқан аударматанушы ғалым И.С.Алексеева былай дейді: «Орын өзгерту трансформациясы деп құрмалас сөйлемдегі сөз бен сөз тіркестері ретінің өзгеруін атаймыз. Ауыстыру трансформациясына сөз формасы, сөз таптары, сөйлем мүшелерінің алмастыруын жатқызамыз, сонымен бірге құрмалас сөйлемдегі синтаксистік ауысулар, лексикалық ауысулар (түпнұсқа лексемасының семалық құрамының жартылай өзгеруі, түпнұсқа лексемасының семалық құрамын қайта бөлу, конкретизация, генерализация) жатады. Қосу және түсіріп тастау, антонимикалық аударма, компенсация және түсіндірме аударма бар» [116, с. 158-168].

Ресейлік аударматанушы ғалым И.А.Аржанова да, метафораларды аударудың тәсілдерін ұсынады:

1) Нақтыландыру (конкретизация) –түпнұсқадағы кең ауқымды мағыналы сөз аудармада мағынасы жағынан тарлау сөзбен алмастырылады, нақтыландыру – аударма тәсілінің бірі.

2) Жалпыландыру (генерализация) – лексикалық ауыстырулардың бір түрі. Түпнұсқадағы сөзге қарағанда, аудармадағы сөз кеңірек, ауқымдырақ референттік мағынасы бар сөзбен алмастырылады.

3) Метафораны теңеумен аудару. Дәстүрлі аударма теориясында аталмыш трансформация қалыпты, әдеттегі әрі маңызды тәсілдердің бірі болып саналады. Көбінесе, метафораны теңеумен аудару тек стилистикалық вариант болып табылады. Мұндай жағдайда теңеу, образдың егжей-тегжейін ашу, тәптіштеу үшін, берілген бейнеге/образға ерекше айқындық, бейнелілік беру мақсатында қолданылады.

4) Эквиваленция.Аударма трансформациясының бірі. Аудармада эквиваленция, түспнұсқада дәстүрлі конвенционалды метафоралар қолданылған жағдайда, аударма тілде, тиісті саланы метафоризациялау үшін, дәстүрлі түрде өзге образ/бейне қолданылады.
5) Стилистикалық бейтараптандыру (нейтралдау). Аталмыш аударма трансформациясы аударманың прагматикалық деңгейін қозғайды, эквиваленцияның бір түрі болып табылады. Стилистикалық бейтараптандыру қолданылған кезде аудармада түпнұсқадағы авторлық түрі де, конвенционалды да метафоралар жойылады, яғни көрініс таппайды. Авторлық метафора тұтастай метафоралық емес, бейтарап сөзбен берілуі мүмкін.
6) Біртұтас түрлендіру.Бұл трансформация (метафораның тұтастай өзгеруі, жаңадан жасалуы) түпнұсқа мәтініндегі метафора фрагменті толықтай, тұтастай өзгертуге қолданылады.
И.А.Аржановаңың пікірінше, метафораны аудару үшін:
1) мәтінде атқарылатын қызметі тұрғысынан, метафоралық тіркесті түсіну және талдап шығу;
2) аударма тілде тиісті, сай келетін мағына беру амалдарын (сөз, сөз тіркестері, грамматикалық формалар, сөйлемдер) таңдау керек [117, с. 138-140].

Метафора күрделі троп болып табылады. Метафора – ауқымды ақпарат жиынтығы, бейнелі құрал, сондықтан аударма барысында оны мейлінше сақтап қалған жөн, әйтпесе оның семантикалық күрделігі, нәтижесінде, метафораның өзі жойылып кетуі мүмкін. Ал ақынның қаламынан туған, өлеңдерінің негізін қалайтын авторлық метафораларды аудармада сақтау – өте маңызды мәселе. Метафораны қалай аудару мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектерін, аудару принциптерін негізге алған аудармашы метафораны аударуға барын салатыны сөзсіз.

1.5 Аударматанудағы баламалық пен барабарлық мәселесі

Аударматануда баламалық пен барабарлық ұғымдары әртүрлі түсіндіріледі, кейде бұл екі термин бірін-бірі алмастыруға қабілетті түсініктер ретінде қарастырылады. «A Linguistic Theory of Translation» оқулығының авторы Дж.Кэтфорд «барабарлық» пен «баламалық» терминдерін синонимдер ретінде қолданады [118, p. 27-29]. Дәл осындай пікірді тағы бірқатар ғалымдар ұстанады: Р.Левицкий [119, с.75], В.Липатова [120, с.106]. С.В.Тюленевтің «Теория перевода» (2004) кітабында былай делінген: «Түпнұсқа мен аударма арасында форма мен мазмұн жағынан тығыз байланыс орнағанда, тілдердің әртүрлілігі байқалмай қалады. Бұл байланысты, әдетте, баламалық (эквивалентность) немесе барабарлық (адекватность) деп атайды» [121, с.135].

Ғалымдар К.Райс, Г.Вермеер, А.Д.Швейцер барабарлықты – аудармадағы үдеріс, ал баламалылықты - аударма нәтижесі деп санайды. Баламалылық – түпнұсқа мағынасының аудармада максималды берілуі болса, ал барабарлық – аударма стратегиясы [122, с. 95-96] дейді А.Д.Швейцер. Осы зерттеушінің

пайымдауынша, барабар аударма жасалса, аударма нұсқа да оқырманға дәл түпнұсқадағыдай әсер етеді [123, с. 270].

1 –Кесте – А.Д.Швейцер қарастырған баламалылық пен барабарлық категориялары

Категория	Категория сипаты	Категория нысаны	Мазмұны
Баламалылық	Нормативтік-бағалауыш	Аударма –нәтиже ретінде	Мәтіндердің ара-қатынасы
Барабарлық	Нормативтік-бағалауыш	Аударма – үдеріс ретінде	Коммуникативтік жағдай сәйкестігі

1950 жылы Я.И.Рецкер «О закономерных соответствиях при переводе на родной язык» мақаласында түпнұсқа тіліндегі мәтінді аударуға қажет аударма тәсілдері туралы жазды. Ғалым бұл тәсілдерді «заңды сәйкестіктер» деп атап, сәйкестіктің үш түрін бөліп қарастырды: « баламалар (эквивалент); ұқсастықтар (аналогтар) және барабар ауыстырулар. Дегенмен бұл жіктеме жүйелі болған жоқ (барабар алмасуларды сәйкестік түрі деп айта алмаймыз, барабар ауыстырулар – сөздіктегі сәйкестіктер жоқ кезде қолданылған түрленулер болып табылады), дегенмен «сәйкестік» ұғымы зерттеу тәжірибесіне түбегейлі енді. Балама (эквивалент) – мәнмәтінге тәуелді емес, маңызы бірдей сәйкестік; ұқсастық (аналог) – мүмкін болған бірнеше синонимдердің біреуін таңдап, ұқсастық бойынша жасалған аударма нәтижесі; аудармашы барабар ауыстыруға (адекватная замена) ойды анық жеткізу үшін жүгінеді, аудармашы түпнұсқа әрпі, сөздік және фразалық сәйкестіктерді тыс қойып, тұтастық деген бірлестікті құрайтын мазмұн, идеялық бағыттылық және түпнұсқа стиліне негізделіп, алдына қойылған аудармашылық мәселені шешуге тырысады, мұны барабар ауыстыру дейді. Балама (эквивалент) тек біреу ғана болады, ұқсастықтар көп» деп жазды зерттеуші [124, с. 157-158]. Я.И.Рецкер ұқсастықтар көмегімен, фразеологизм, мақал-мәтелдерді аударуға ұсынады.Алайда уақыт өте келе, Я.И.Рецкер өзінің жіктемесін қайта қарастырып, ұқсастық (аналог) терминінен бас тартты. Аударматанудағы қазіргі зерттеулерде бұл термин мүлдем кездеспейді [113, с. 15].

Аударманың барабарлығына келсек, Л.С.Бархударовтың пікірінше, толық аудармалық барабарлыққа жету үшін, прагматикалық фактор – басты шарт болып табылады. Барабар аударма дегеніміз – прагматикалық және семантикалық факторлардың тепе-теңдігі [125, с. 125, 132] деп есептейді ғалым.

«Введение в переводоведение» оқулығының авторы В.С.Виноградов барабарлық, баламалылық мәселесіне қатысты ой-пікірлерін «Проблема эквивалентности и тип переводимого текста» (2001) зерттеуінде білдірді: «Аударма теориясы мен практикасында баламалылық (эквивалентность), барабарлық (адекватность) және теңбе-теңдік (тождественность) деген ұқсас

ұғымдар бар. Кең мағынасында, баламалылық бірдей, тең; барабарлық әбден тең, теңбе-теңдік ұғымы толық сәйкестік дегенді білдіреді. Бәлкім, баламалылық сөзінің семантикалық тиянақтылығы айқын болғандықтан, қазіргі аударматануда ғалымдар бұл терминді көбірек қолданады. Сөзсіз, барабарлық, теңбе-теңдік, толыққандық және тіпті ұқсастық ұғымдары баламалылық терминімен бір семантикалық қатарда тұр. Баламалылық дегенімізді, түпнұсқадағы мазмұнды, мағыналық, семантикалық, стилистикалық, қызметті-коммуникативті ақпараттың біршама бірдей болуы, теңдігі» [126, с. 18].

Отандық аударматануда зерттеушілердің аудармадағы баламалылық, барабарлық туралы ойлары әртүрлі. «Аудармадағы баламалылықтың түрлері» мақаласының авторы А.Алдашеваның пікірі келесідей: «Қазақ аударматану ғылымында жиі қолданылып жүрген балама, баламалы аударма, баламалылық (эквивалент, эквивалентный перевод, эквивалентность) деген терминдердің қазіргі уақытқа дейін ұғымдық анықтамасы нақтылана қоймады. Кей тұстарда сөз болғалы отырған аталымдар теңбе-теңдік (тождественность), дәлме-дәл аударма (адекватный перевод) деген терминдермен теңбе-тең дәрежеде ұғынылады. Сонымен бірге, балама (эквивалент) дегендегі түпнұсқа тілдегі сөздің басқа тіл сөздігінде көрсетілген варианттары немесе аудару үдерісі кезінде түпнұсқадағы сөзге, тіркеске, фразаға, синтаксистік тұтастыққа тәржімашы аударылатын тілден таңдап, іріктеп алған мағынасы жуық нұсқалар деп түсіндіретін реттер де жоқ емес» [127, 39 б].

Бүгінгі таңда «эквивалент» терминін кейбір ғалымдар (Ж.Дадебаев пен С.Абдрахманов) «саймасай» деп тәржімалап жүр. Ал «адекватный перевод» тіркесін «балама аударма» (А.Алдашева), «деңгейлестік аударма» (Ә.Тарақ), «дәлме-дәл аударма» немесе «адекватты аударма» (Б.Дуанина) деп аударады.

Н.К.Гарбовский сөзіне сүйенсек, қазіргі аударматану теориясында баламалылық («эквивалентность») терминімен қатар барабарлық («адекватность») термині кең таралған. Бір қызығы, шын мәнісінде, баламалылық («эквивалентность») және барабарлық («адекватность») ұғымдары этимологиялық жағынан байланысты болып келеді, себебі тең, бірдей деп аударылатын «aeque» латын сөзі формасына сайып келеді [128, с. 286]. Кей ғалымдардың пікірінше, бұл екі ұғымды бірдей деп айтуға келмейді, екеуі екі түрлі термин. Зерттеуші В.Коллердің пікіріне сүйенсек, барабарлық пен баламалылық терминдері бірдей емес. Баламалылық («equivalence») дегеніміз – түпнұсқа мен аударманың мазмұнды, мәтінді, стилистикалық, экспрессивті, формалды, динамикалық, коммуникативті, прагматикалық ұқсастығы, сонымен бірге, түпнұсқа мен аударма реципиенттеріне бірдей әсер ету[129,p.99-102].

В.Н.Комиссаровтың пікіріне сүйенсек, «түпнұсқа мен аударма мәтіндері мазмұндарының біп-бірдей болмайтыны анық, сондықтан түпнұсқа мен аударма арасындағы байланыс «баламалылық» терминімен анықталады. Баламалылық, әдетте, аударманың негізгі белгісі және аударма шарты болып

табылады.Бұдан шығатын қорытынды, баламалылық термині аудару анықтамасының ішіне кіруі керек.

Аударматанушы Дж.Кэтфорд «аудару дегеніміз – бір тілдегі (түпнұсқа тіл) мәтінді материалды екінші тілге (аударылатын тіл) баламалы мәтінді материалмен алмастыру» деп жазып кеткен.

Американдық зерттеуші Ю.Найданың пайымдауынша, «аударманың мақсаты – түпнұсқаға мейлінше жақын баламаны аударылатын тілде жасау керек».Аударманың баламалылығы түпнұсқа мен аудару мәтіндері мазмұндарының барлық деңгейлердегі максималды ұқсастық, бірдейлік, сәйкестік; тек баламалы аудару ғана «жақсы», «дұрыс» деп саналады, сондықтан «барабарлық» («адекватность») терминін қолдану артықтау болады [130,118].

Аударманың баламалығын (эквиваленттігін) бағалау мақсатында, деңгейлік модель қолданылады. В.Н.Комиссаровтың аудару баламалығының бес деңгейі бар. В.Н.Комиссаровтың баламалылық деңгейінің теориясына сәйкес:

1) аудару баламалығының бірінші типі дегеніміз – коммуникацияның мақсатын құрайтын түпнұсқа мәтінінің тек бір бөлігінің мағынасын сақтау.Коммуникацияның мақсаты деп әңгімелеудің барлығынан өрбитін мағынаны айтамыз. Оқи отырып, реципиент мәтін мазмұнын қорытындылай келе, тек мәтінде баяндалатын нәрсені емес, сонымен бірге баяндаудың мақсатында түсінеді.

2) аудару баламалығының екінші типі барысында, түпнұсқа мәтіні мен аудару мәтіні мазмұндарының жалпы бөлігі коммуникацияның бірдей мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге тура сондай, бірдей, тілден тыс жағдайды теңестіреді (бұл жерде жағдай деп отырғанымызды баяндауда суреттелетін объектілер мен олардың арасындағы байланыс жиынтығы деп түсінген жөн).

3) аудару баламалығының үшінші типі деп аудару мәтіндегі коммуникация мақсатының сақталуы мен тура дәл сондай ситуацияның сәйкестендіруін, сонымен бірге аудармадағы жалпы түсініктердің сақталуын атаймыз.

4) аудару баламалығының төртінші типі барысында, үшінші типте сақталатын, мазмұнның 3 компонентімен бірге аудару нұсқада түпнұсқаның синтаксистік құрылымы мағынасының негізгі бөлігі де көрініс табады.

5) аудару баламалығының бесінші типі кезінде түпнұсқа мен аудару мазмұнының әртүрлі тілдердегі мәтіндер арасында болуы мүмкін ең максималды жақындық, сәйкестік деңгейіне жетеміз [131, с. 51-56].

В.Н.Комиссаровтан бөлек, аудару теоретигі, динамикалық эквиваленттілік теориясының негізін қалаушы, аудару теоретигі Ю.Найданың 1950-1960 жылдары ұсынған аудару баламалығы концепциясы бар. Юджин Найда пікірі бойынша, баламалықтың 2 типі бар: формалды және динамикалық.

1) формалды баламалылық (formal equivalence)– түпнұсқаға бағытталған, басты мақсаты әртүрлі тілдегі мәтіндерді тікелей салыстыруға мүмкіндік

беретін тип. Мұндай баламалыққа қол жеткізу үшін, аудармада сөз таптарының сақталуы міндетті, түпнұсқадағы сөйлем мүшелерінің орнын ауыстыруға немесе бөлшектеуге болмайды, пунктуациясы сақталған, тіпті абзацтары да орнында тұрады. Конкорданс (concordance, ағылшыннан аударғанда үйлесімділік, сәйкестік, гармония дегенді білдіреді) принципі қолданылады. Сонымен қатар, барлық идиомалар калька әдісімен аударылады, тіпті әріптік ауытқушылықтар сілтеме ретінде түсіндіріледі.

2) динамикалық баламалылық (dynamic equivalence) – рецептордың, яғни қабылдаушының реакциясына бағытталған, басты мақсаты – аударма мәтінін оқып отырған оқырманға әсер ету тепе-теңдігін қамтамасыз ету. Бұл лексика мен грамматиканың адаптациясын меңзейді, өйткені аударма мәтін де дәл түпнұсқа тәрізді әсер етуі керек. Бұл лексика мен грамматиканың аударма тілдегі бейімделуін білдіреді, өйткені аударма мәтін де, дәл түпнұсқа тәрізді әсер етуі керек, автор оны аударма тілінде жазған тәрізді ықпал етуі керек. Динамикалық баламалықтың негізгі қызметі – түпнұсқа мәтінінің толыққанды коммуникативтік қырын алмастыру. Ю.Найданың пікірінше, формалды баламалы аударма шынайы болуы мүмкін емес, ең бастысы – рецепторлар реакциясының тепе-теңдігі, ал бұл тек динамикалық баламалылық кезінде ғана мүмкін болады. Формалды деген терминнің өзі мұндай баламалықтың күмәнділігін тудырады [132, p. 22-24].

Байқағанымыздай, бұл концепция авторы динамикалық баламалылық жағында екені айқын көрініп тұр. Ю.Найданың пікірінше, аударманың міндеті – «мейлінше жақын табиғи балама» («the closest natural equivalent») жасау. «Toward a science of translating» (1964) кітабында, Ю.Найда, формалды және динамикалық баламалылық туралы жете жазады. Ю.Найданың көзқарасына сәйкес, өте дәл аударманың болуы мүмкін емес. Алайда, түпнұсқаға мейлінше жақын болуы мүмкін нәрсе – аударманың оқырманға әсері. Формалды баламалық кезінде, назар түпнұсқаның формасы мен мазмұнында болады. Мұндай аударма кезінде поэзия поэзиямен, сөйлем – сөйлем, ұғым – ұғым болып аударылуы тиіс.Бұл аударма түрін Ю.Найда gloss-translation деп атайды [133, p. 158-160]. Формалды балама аударма тәржімашы түпнұсқа тіліне, оның формасы мен түпнұсқа мәтіннің мазмұнына көбірек көңіл бөледі. Тұпнұсқа мәнмәтіні аясындағы сөздер мен мағыналар қолданысындағы тұрақтылық, грамматикалық форманың аудармада толық көрінуі үшін аудармашы барын салады.Мұндай аудармалар түсініктеме, ескертпе жазуды талап етеді, бірақ, сөзсіз мұндай аудармалар да болуы қажет. Бұл аудармалар басқа халықтың мәдениеті мен тілі туралы барынша толық және нақты ақпарат алғысы келетін оқырмандарға, мамандарға арналады. Осылайша, формалды баламалылық принципі бойынша аударылған мәтіндер салғастырмалы лингвистика мен салыстырмалы мәдениеттану тұрғысынан өте маңызды болып табылады.

Динамикалық баламалылыққа негізделген аударма – түпнұсқа мәтініне мейлінше жақын, табиғи баламасы болып табылады. Динамикалық

баламалылықты айқындайтын 3 аспекті туралы сөз етеді:
– аударылатын тіл қағидалары мен мәдениетін ұстану (сөз, грамматикалық категориялар, семантикалық класс, дискурс түрлері, мәдениет мәнмәтін сәйкестігі);
– мәнмәтін сәйкестігі (мәнмәтін аясындағы түпнұсқаның стилистикалық сәйкестігі, сонымен бірге, түпнұсқа интонациясы мен ырғағы);
– аудитория деңгейіне сай болу (аударма тіліндегі мәтінді түсіну, ұғыну).

Ю.Найданың теориялық концепциясы «Toward a science of translating» кітабында егжей-тегжейлі жазылған. Бұл теориялық концепция Ю.Найданың Ч.Тейбермен бірлесе жазған «The Theory and Practice of Translation» (1969) әрі қарай жалғасын табады. Ю.Найданың аудармашылық концепциясында бастысы – «рецептор реакциясы» [134, p. 6]. Аударма сапасын бағалаудың басты критерийі, түпнұсқаны аударма нұсқамен салыстырумен емес, рецепторға аударманы ұсыну мен оның реакциясын бақылау болып табылады. Ю.Найданың пікірінше, дәл осы динамикалық баламалылық аударманың негізгі қызметі – түпнұсқа мәтінінің толыққанды коммуникативтік алмастыру болып табылады.

Бұдан бөлек, аударматану ғылымында аударманың мынадай баламалылық деңгей теориялары бар:
– баламалылықтың денотативті (denotative equivalence), коннотативті (connotative equivalence), мәтіндік-нормативті (text-normative equivalence), прагматикалық (pragmatic equivalence), формалды (formal equivalence) деңгейлері (W.Koller) [129].
– баламалылықтың синтаксистік, семантикалық, прагматикалық деңгейлері (А.Д.Швейцер) [123];
– баламалылықтың формалды, мағыналық, жағдаяттық деңгейлері (В.Г.Гак, Ю.И.Львин) [135].

Қорыта айтқанда, баламалылық пен барабарлық ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі, екеуінің де мақсаты – аударылатын тіл құралдары көмегімен түпнұсқа мағынасын, мәнін жеткізу. Баламалылық нақтылыққа, дәлдікке және түпнұсқа мәтіннің құрылымы мен мағынасын сақтауға негізделген. Баламалылық дегеніміз – түпнұсқа мәтіннің ішкі құрылымдарын берудегі дәлдік, түпнұсқа мағынасын анық беру, аудармада дәл жеткізу.

Барабарлық аударылатын тілдегі сөз құралдарымен интерпретация жасауға мүмкіндік береді. Барабар аударма дегеніміз – тәржімә тіліндегі мәтіннің жеңіл қабылдануы, оқырманға оқылымды болуы, аударма нұсқаның, шын мәнінде, тәржіма екені білінбеуі.

Баламалылық идеясын қолдайтын аудармашылар түпнұсқаға мейлінше жақын варианттарды іздейді. Осы кезде аударылмаушылық мәселесіне кезігеді, өйткені әр сөз не құбылыстың екінші бір тілде дәлме-дәл, соған тура келетін сәйкес нұсқасы болмауы мүмкін. Бұл ретте сөзбе-сөз аудармадан абай болу керек.

Барабарлықты көздейтін тәржімашылар түпнұсқа мағынасын

аударылмаушылық жағдайы болмайтындай етіп аударуға тырысады. Демек, мағына аудармасы бейімделу (адаптация) көмегімен іске асады. Аударылатын тілде жоқ сөздер мен құбылыстар, мағынасы жақын ұқсастықтар негізінде тәржімаланады. Осыдан келіп, түпнұсқаның бұрмалау мәселесіне келіп қалады. Аударылмаушылық пен түпнұсқаны бұрмалау – аударманың басты екі мәселесі. Оларға тап болмау үшін, аудармашылар жұмыстың жаңа стратегиясын, аударманың жаңа модельдерін ұстануға тырысады. Мысалы, аударманың тек баламалық не барабарлық тұсын көздемей, түпнұсқа мәтініндегі жалпы жағдайды қарастырған жөн. Баламалық пен барабарлықты қатар ұстану тиімдірек деп есептейміз. Сол кезде аударылмаушылық не түпнұсқаны бұрмалау деген екі күрделі мәселемен кездеспеуге мүмкіндік туады.Баламалық пен барабарлығы қатар сақталған аударма нұсқа ғана толыққанды аударма бола алады. Сайып келгенде, баламалылық пен барабарлық екеуі біріне-бірі жақын ұғымдар, екеуінің де мақсаты – жақсы аудармаға қол жеткізу болса, оларды бірінен бірін ажыратудың қажеті бар ма екен деген сауал шығады. А.Д.Швейцер сөзіне сүйенсек, барабар аударманың мақсаты – оқырманға лайықтап, аударма бейне бір сол тілде жазылғандай етіп, оқырманға түпнұсқадағыдай әсер ету. Ал баламалылықтың екі түрін көрсетіп кеткен Ю.Найданың меңзеп отырған динамикалық баламалылық деңгейінің де мақсаты сол, рецептордың реакциясы, оқып отырған аударма мәтін дәл түпнұсқа оқушысына әсер еткендей етіп тәржімалау.Баламалылық пен барабарлықтың екеуі бір мақсатты көздегенде, оларды бірдей сақтап, түпнұсқа тіліндегі мәтінді тең дәрежеде аудармада сөйлете білуге талпынған жөн.

1-тарау бойынша тұжырым

1. Метафора – заттар мен құбылыстардың ұқсастық, сәйкестігіне қарап, екі өзге нәрсені салыстыру негізінде тұспал, жанамалы түрде жаңа мағына беретін көркем сөз, мағыналы сөз тіркесі. Метафораны алғашқы зерттеу Аристотель есімімен байланыстырылады. Метафораны зерттеу антика дәуірінен басталып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Ғалымдардың метафораға деген көзқарастары да түрліше болды: «риторикалық фигура» (Аристотель) [1, с.70], «эллиптикалық теңеу деңгейіндегі троп» (Квинтилиан) [6, p. 19], «тілдегі тапшы сөз орнын толықтыратын құрал» (Теофраст) [3, с. 6]. Алайда, бірқатар философ ғалымдар метафораға жағымсыз көзқараста болды: «метафора – тек жалған идеяларды иландыруға, сендіруге қабілеті бар құбылыс» (Дж. Локк) [17, с. 12], «астарлы мағыналарға ие тіл элементтеріне философия не басқа ғылымда орын жоқ» (Р.Декарт) [19, с. 39]. Метафораға деген оң көзқарасты қайта қалыптастыруға В.Гумбольдт, Э.Кассирердің ой-пікірлері себепші болды. Э.Кассирер метафорикалық ойлауды дискурстық-логикалық ойлаумен бір қатарға қойып, әлемді танудағы басты фактор деп есептеді. Ол метафораны «бір құбылысты екінші бір құбылыспен саналы, зерделі түрде ауыстыру, алмастыру» деп атады [20, с. 35]. Түрлі ғылым нысанына айналған метафораны зерттеу тарихы өте қызықты. Ресейдегі метафораны ең алғашқы

зерттеушілердің бірі – М.В.Ломоносов. «Краткое руководство к риторике» (I бөлім: «Риторика», 1748) атты жұмысында метафораны көркем сөйлеу тәсілі ретінде сипаттайды.Метафораға ғылыми тұрғыдан алғашқылардың бірі болып баға берген – Ахмет Байтұрсынов. Тіл көрнекілігі әдістерінің барлығына, оның ішінде метафораға (ауыстыру) да анықтама береді. Осылайша, метафораның қазақстандық, ресейлік, әлемдік әдебиеттану, когнитивті лингвистика, аударматану сияқты салаларда антика заманынан бастап қазірге дейінгі қарастырылу жағдайына қысқаша шолу жасалды.

2. Метафора (грек сөзі «metaphora» – ауыстыру, алмастыру, тасымал) – негізгі поэтикалық троптардың бірі [60, с.83]. Метафора екі түрлі құбылыс арасындағы «концептуалдық ұқсастық» негізінде жасалады. Метафора тек келісті сөздер жиынтығы емес, санамызда ассоциациялар тудыруы қажет. Метафора – поэзиядағы негізгі бейнелеу тәсілі болып табылады. Метафораны өлең жолдарында қолданбайтын ақындар өте аз. Метафора – поэзиядағы қарым-қатынас жасаудың қуатты құралы, адамның ішкі әлемін тереңірек түсінуге септігін тигізеді, екіжақты диалогтың орнауына себепші болады.

3. Метафораны әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдары өз әдістері бойынша зерттейді, қай ғылым нысаны болғанына қарай түрлері де өзгешеленеді. Метафораның жіктелімдері сан алуан. Шетелдік, отандық лингвист және әдебиеттанушы ғалымдар ұсынған метафора жіктелімін осы тарауда келтірдік. Метафораның қызметі де түрліше болып келеді. В.Харченко метафораның 15 түрлі қызметі бар деп есептесе, П.Ньюмарк метафораның негізгі екі қызметін бөліп қарастырады.

4.Метафораны аудару аударматанудың теориясы мен практикасында күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Метафора – бейнелі сөз, ал бір тілде пайда болған астарлы сөз не тіркестің екінші тілде болмауы мүмкін. Сондықтан метафораны аудару білім, тәжірибе, еңбекті қажет етеді. Ал авторлық метафораны аудару тіптен қиын. Дегенмен, метафораны аудару мәселесі біраз зерттелген. Метафораны аудару мәселесіне қатысты аударматанушы ғалымдар өзіндік ой-пікірлерін білдірген, еңбектер жазған. Метафораларды аударуға қажетті өзіндік тәсілдерін ұсынды. Сонымен бірге, аударматануда «метафораны сақтап қалу заңы» деген бар, соған сәйкес, метафора аудармада барынша сақталуы керек.

5. Баламалылық пен барабарлық терминдері аударматану ғылымында қатар жүретін ұғымдар. Кей ғалымдар бұл екі түсінікті синоним деп санаса, енді кейбірі ондай пікірді ұстанбайды. Аударманың баламалығын бағалау мақсатында, деңгейлік модель қолданылады (В.Н.Комиссаров, Ю.Найда, А.Д.Швейцер, В.Коллер, В.Г.Гак пен Ю.И.Львин ұсынған деңгейлік модельдер). Баламалылық пен барабарлық ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі, екеуінің де мақсаты – аударылатын тіл құралдары көмегімен түпнұсқа мағынасын жеткізу.

2 МӘТІНДІ АУДАРУ АЛДЫНДАҒЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

2.1 Абай метафораларының зерттелуі

Аударматану ғылымында аударма стратегиясы деген ұғым қалыптасқан. Алғаш аударма стратегиясы туралы айтқан неміс ғалымы Х.Крингс болатын [114, p.268-271]. Аударма стратегиясы үш кезеңнен тұрады: 1) мәтінді аудару алдындағы талдау; 2) аударманың өзі; 3) аудармадан кейінгі өңдеу.

Аударманың балабарлығы мен баламалығына жету үшін, аудармашы міндетті түрде аударма стратегиясын ұстанғаны жөн. Мәтінді аудару алдындағы талдау экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардан тұрады. Экстралингвистикалық факторларға мыналар жатады: мәтін авторы, автордың интенциясы, мәтін реципиенті, мәтіннің коммуникативті мақсаты т.б. Лингвистикалық факторлар деп мәтіннің тақырыбы, мазмұны, құрылымы, мәтіннің стилистикалық ерекшеліктері, лексикалық құрамы және т.б. атайды. Абай метафораларының өзге тілге аудармас бұрын, аталған факторларды (экстралингвистиклық, лингвистикалық) қамтитын мәтінді алдын ала талдауға кіріскен жөн. Сондықтан метафораның түрі, қызметі, оның мәнмәтіндегі семантикасына басты назар аударған дұрыс.

Абайтану ғылымының қалыптасуы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов еңбектерінен бастау алған. Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауи, Кәкітай Ысқақұлы, С.Торайғыров – Абай шығармашылығының насихатталуына, ақынның әдеби мұрасының танылуына үлес қосқан тұлғалар. 1933 жылы М.Әуезов шығарған, 1934 жылы І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов ұйтқы болған жинақтардан, аталған зерттеушілердің еңбектерінен Абай шығармашылығына деген қызығушылықты көреміз. Абай еңбектерін М.Әуезов, З.Ахметов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов та зерттеді. А.Нұрқатов, Р.Сыздықова, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Т.Әлімқұлов, М.Мырзахметов, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов, М.Сильченко, Х.Сүйіншәлиев, А.Ысқақов, Қ.Мұхамедханов, Т.Тәжібаев, Ә.Жиреншин және өзге ғалымдар зерттеді, осылайша, Абайтану ғылымының дамуына үлкен ықпал етті.

Кей ғалымдар екі диссертациялық жұмысты (кандидаттық диссертация, докторлық диссертация) да Абай шығармаларының зерттелуіне арнады: Р.Сыздықова «Абай тілінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» (1959), Абай шығармаларының тілі» (1971). Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» [136], «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» [137] атты екі кітап баспа бетін көрді.

Қазіргі Абайтану ғылымының дамуына ерен еңбек етіп жүрген зерттеушілеріміздің кітап, монографиялары Абайтану саласына қосқан үлкен үлес. Атап айтқанда, Д.Омаров «Абайдың рухани мұрасы» [138], Ж.Ысмағұловтың «Абай: Даналық дәрістері» [139], Ж.Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» [140] және т.б.

Абай шығармашылығының қазақ тілінің көркейіп, дами түсуіне ықпал еткенін бірталай әдебиет зерттеушілері айтып кеткен. Өзінің Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі деген зерттеу еңбегінде Қ.Жұмалиев мынадай бір құнды пікір қалдырады: «Қазақтың өзіне дейінгі тіл байлығын, шығыс, орыстың классик поэзияларының үлгілерін меңгере отырып, қазақтың әдеби тіліне өзіне дейінгі әдебиеттерде қолданылмаған жаңа сөз, жаңа сөйлем құрылыстарын енгізді. Әйтсе де Абай тіл жөніндегі енгізген жаңалықтарының негізі етіп жасалынды, жаңа сөздерді емес, жаңаша сөйлем құрылыстарын алды. Бұрынғы әдебиеттерде қолданылмаған, бірақ қазақтың жалпы тілінде бар сөздердің жақсыларын теріп, өлеңдеріне кіргізіп... өзінің тілдегі жаңашылдығының негізгі тірегі етті» [141, 201 б].

Кей зерттеушілер Абай метафоралары туралы құнды пікір айтқан. Мәселен, З.Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» кітабындағы «Абайдың тіл ұстарту өнегесі» деген тарауда Абайдың метафорасы туралы арнайы айтылмағанмен, мынадай құнды пікірді кезіктіреміз: «Абай поэзиясындағы адамның сезім дүниесінің орасан зор байлығы, сезімнің нәзіктігі мен өткірлігі, оқушыны баурап алатын керемет күші ақынның тіл кестесіне, сөз қолдануына бөлекше сипат дарытқанын көреміз. Өлең тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып өзгеруін көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздер көп кездеседі. Осылардың көбін ақын өз көңіл күйін, сезімін жеткізу мақсатымен айтқан. Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, ой өлкесі деген секілді метафоралар қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың дені Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне-метафора арқылы сипатталады:

Жүрегім менің қырық жамау,

Қиянатшыл дүниеден.

Осындағы жұлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлініп, парша-парша болған жүрек бейнесі адамның бүкіл жан жүйесін тебірентпей ме? Әрине, солай» [142, б. 61].

Абай поэзиясындағы метафоралар, олардың түрлері жайлы біраз ашып айтқан, жақсы ой-пікір қалдырған зерттеуші – Қ.Жұмалиев. Оның 1960 жылғы «Абай поэзиясының тілі» атты монографиялық зерттеуінде, Абай поэзиясында кездесетін троптардың (мысалы, метонимия, синекдоха, символ, аллегория, кейіптеу) әрқайсысына тоқталып, мысалдар келтірген.

Қ.Жұмалиев ақын шығармаларындағы метафораның түрлеріне ерекше көңіл бөліп, әрқайсысына ауыз әдебиетінен және Абайға дейінгі әдебиеттерден мысалдар келтіреді. Содан соң Абай поэзиясында кездесетін метафораларды атап, мысалмен сөзін дәлелдейді.

Қажым Жұмалиев, алдымен, қазақ әдебиетінде кездесетін метафораның түрлерін атап өтеді. Кейіннен, аталған метафора түрлерінің барлығы Абай шығармашылығында кездесетінін айтады. Метафораның жасалуының бес түрлі

әдісін көрсетеді: 1) метафораның жай түрі; 2) жалғаулар арқылы жасалынатын метафора; 3) көмекші етіс арқылы жасалынатын түрі; 4) күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі; 5) метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздер көмегімен жасалатын түрі.

Монографиядан үзінді келтірсек: «Абай өлеңдерінен метафораның қай түрі болсын түгел кездестіндігін көреміз.

1) Жай түрі:

Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал,
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал...
(Абай, I том, 192 бет)

2) Жалғау арқылы келетін метафора:

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым...
(Абай, I том, 199 бет)

Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш.
(Абай, I том, 165 бет)

Жаңа жылдың басшысы – ол
(Абай, I том, 180 бет)

Көңілім күні өткен соң,
Жалғанда болмас сүйініш.
(Абай, I том, 245 бет)

Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің...
(Абай, I том, 191 бет)

Алдындағы асау жас жайнап тұрған,
Мен болмаспын, бір уыс топырақпын.
(Абай, II том, 106 бет)

Мен көмірмін қалған өрттен,
Енді ұлықсат бізге бер...
(Абай, II том, 7 бет)

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем...
(Абай, II том, 80 бет)

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы, жаман көргенің,
Ойлап тұрсам, у екен...
(Абай, I том, 145 бет)

3) Көмекші етістік арқылы келетін метафоралар:

Жаңа жылдың басшысы – ол,

Мен ескінің арты едім...

(Абай, I том, 180 бет)

(Сен) Ескеріп істеп ойлаған,
Тәуекелге нар едің...

(Абай, I том, 177 бет)

4) Метафораның ұлғайған түрі:

а)

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.

(Абай, I том, 83 бет)

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ақылың – ашыған у, ойың – кермек...

(Абай, I том, 44 бет)

Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң...

(Абай, I том, 52 бет)

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

(Абай, I том, 181 бет)

ә)

Берекелі болса ел –
Жағасы – жайлау, ол – ірі көл.
Жапырағы жайқалып,
Солқылдайды, соқса жел.
Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл...

(Абай, I том, 100 бет)

Абай өлеңдерінде жоғарғы метафоралардың балайтын нәрсесін айтпай, тек баланатын нәрсесін ғана айтушылық жиі ұшырайды.

Осының екінші бір түрі – балайтын нәрсесін өлеңінің бас жағында ғана бір рет келтіріп, басқа жағында баланатын нәрсесінің өзін суреттеу. Мысалы:

Кешегі Оспан –
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, түзі – той.
Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жас асар ма осыдан...

Ел тамағын,
Жұрт азабын,
Жеке тартқан кетті гүл.

(Абай, I том, 149 бет)

5) «Бейне», (бейне бір), «тең» тәрізді сөздер арқылы жасалатын түрлері:

Интернатта оқып жүр

Талай қазақ баласы,
Жасөспірім, көк өрім
Бейне қолдың саласы...

(Абай, I том, 66 бет)

Қайғың болар шермен тең,
Қара көңілім жермен тең,
Сенсіз маған жат төсек,
Болар бейне көрмен тең...

(Абай, I том, 107 бет)

«Бейне», «тең» сөздері қосылған жерде сөйлемнің мағыналары теңеу емес, метафорикалық ұғым беретіндігін бұл мысалдардан анық көруге болады.

Әрине, тілде болмаған жаңа сөздермен әдеби тілді байыту – қандай ақынға болсын шамадан тыс жұмыс...Бізше, Абайдың қазақ поэтикалық тіл қорына қосқан жаңа метафорасы да аз емес. Метафора Абайдың ең сүйіп және көп қолданатын көркемдік құралы» [93, 121-362 б].

Қажым Жұмалиев Абай поэзиясында кездесетін метафоралардың ең жиі түрі деп эпитеттік метафора мен метафораның шендестірумен байланысты түрлерін атайды:

«Эпитеттік метафора:
Иісің – гүл аңқыған,
Нұрың – күн шалқыған.

(Абай, I том, 135 бет)

Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл

(Абай, I том, 135 бет)

Шендестірумен байланысты келетін метафоралар дегеніміз төмендегілер:
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май,
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай...

(Абай, I том, 107 бет)

Қайғың -– қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мәз.

(Абай, I том, 135 бет)

Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

(Абай, I том, 108 бет)

Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз...

(Абай, I том, 148 бет)

Бұл үзінділердегі сөздерді бір нәрсені екінші нәрсеге тікелей балауы жағынан алғанда – метафора. Бірақ «қыс пен жазды», «от пен майды», «қырғауыл мен тұйғынды», «балдырған мен қурайды», қысқасы, арасы алшақ жатқан екі нәрсені бір-біріне қарсыма-қарсы қоюшылық жағынан – шендестіру.

Ақын айтайын деген ойын сөз жоқ, метафора арқылы бермек. Әйтсе де ойын жинақы, жанды етіп беру үшін шендестіруді де қоса қолданады». [143, 108-109 б].

Б.Хасанов «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» атты кандидаттық диссертациясын 1964 ж. қорғады. Дәл осындай атпен бұл ғылыми еңбек 1966 ж. кітап болып шықты. Б.Хасанов XVIII-XIX ғғ.қазақ ақындары, сонымен бірге Абай, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин шығармаларындағы метафораны біршама қарастырды. Осы тұрғысында зерттеушінің өзі былай дейді: «метафораның сыр-сипатын барлау үшін қазақ әдебиетінің асқар шыңдары А.Құнанбаев, І.Жансүгіров, С.Сейфуллиннің шығармаларына тоқтала кеттік. Өйткені бұл ақындарымыздың поэзиялық туындылары өзінің мол метафоралығымен көрініс береді. Олардың шынайы шеберлігінің бір тамыры терең мазмұн берерлік метафоралы сөз қолдануында» [144, 133 б].

Кей ғалымдар зерттеу арасында Абай метафорасы жайлы айтып кетеді. Атап айтқанда, М.Базарбаев «Абайдың жаңашылдығы» атты зерттеуінде «Күз» деген өлеңіне талдау жасай келе, былай дейді: «...шындық құбылыстың суретін Абай өзіне тән тәсілмен, арзан нақышқа бармай, сонда да көркем, әдемі береді де, оны адам өміріне әкеп, оның тіршілік характеріне байланыстырады. Мұнда ойнамай, қызмет атқармай тұрған дыбыс, сөз жоқ. Теңеу, ұқсату, метафора – жалпы суреттеу құралдары зергер ісіндей мінсіз. Мұнан Абай шығармаларының асқақтамай, тасымай, қарапайым, жатық келіп, бірақ көңілге алуан түрлі ой салатыны көрінеді. Абай әуел бастан әшекейден, әсіре жылтыр нақыштан қашады. Бұл – көркем сөздің жан баурар күшін, асыл айбатын біржола меңгеріп, оны өзіне әбден бағындырған суреткердің әдісі» [145, 100 б].

М.Сильченко өзінің «Путь Абая к реализму» атты мақаласында «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңін талдау барысында, метафора жайлы тек мынадай жолдарды келтіреді: «Ертістің суын татып» («полакомившись водой Иртыша») – ерекше, жарқын метафора, бұл метафораның көмегімен, оқырман Ертістің бойында орналасқан әкімшілік-басқарушы орталықтарын, жала, өсек, пәле іздеп жүретін адамдарды өзіне тартатын орынды көз алдарына елестете алады» [146, с.125].

Абай метафорасы жайында пікір айтқан тағы бір зерттеуші Фатима Исмаилова «Пушкин және Абай поэзиясындағы романтикалық әйел образдары» («Романтические женские образы в поэзии Пушкина и Абая») атты зерттеуінде ақынның «Айттым сәлем Қаламқас», «Көзімнің қарасы» өлеңдерін талдай келе, мынадай пікір қалдырады: «Айттым сәлем Қаламқас», «Көзімнің қарасы» өлеңдері Абайдың махаббат лирикасының үздік туындылары болып табылады. Махаббат сезімінің орасан зор күші, ақынның суреттеуіндегі жарқын, батыл образдар, формаларды асқан шеберлікпен қолдану – барлығы Абай поэзиясына тән құбылыс. Екі өлең де – сүйіктісіне деген жолдау, арнау. Кемшіліксіз, мінсіз сүйіктісінің образы көз алдымызға келеді. Біршама еркін түрде, қазақ халық поэзия дәстүрі рухында, Абай сүйіктісінің физикалық ерекшеліктерін суреттейді. Ақын қыз әдемілігін жарқын шынайы образда

жырлайды, бұл ретте ол батыл да күтпеген теңеулер, бірегей метафоралар, аллюзия мен эпитеттер қолданады» [147, с. 260].

Абайдың аудармашылық шеберлігін, әсіресе, Лермонтов өлеңдерін тәржімалаудағы шеберлігі жайында жазған И.И.Девицкий өзінің «Абай Кунанбаев» атты мақаласында, Абай аудармашылығы жайлы мынадай ой білдіреді. И.И.Девицкий сол мақаласында «Жергілікті тыңдарманға ұғынықты, түсінікті болу үшін, қазақ ақыны Лермонтовтың идеялық биіктігі мен эмоционалдық көңіл күйін сақтай отырып, туған тілінде жаңа теңеулер, метафоралар мен ырғақ ойлап табуға мәжбүр болды»,– деп жазады [148, с. 746].

Қазақ тілін жетік меңгерген, қазақ әдебиетін жақсы білген бірегей тұлғалардың бірі аудармашы, публицист Герольд Белгер болатын. Ол қазақ ақыны Абайға арнап екі кітап жазып шығарды. Бірі – «Абай. Я – человек-загадка» [149] деп аталса, екіншісі – «Абай. Двадцать стихотворений на трех языках» деген атаумен шықты.Сол екінші кітабында, алғы сөз ретінде жазылған «Властитель – Слово (Почему трудно переводить Абая)» атты мақаласы бар. Сонда метафора туралы аз ғана айтылған болатын. Мақаладан үзінді: «Гете айтпақшы, өзін-өзі шектеуде тежеуде шебер шеберлігін көрсете түседі. Бұл тұрғыдан алғанда, өзін-өзі шектеу, өзін-өзі тежеп ұстау Абайға тән. Поэтикалық құралдарды таңдау мен іріктеп алуда шек қою, сөз материалын қатаң үнемдеу, айтатын ойын, тұжырымын нығыздап тығыздау, метафоралық бейнеліліктің қоюлығы, тығыздығы Абайға тән. Сондықтан болар, әрбір оқырман мынадай бір ойға кезігеді: Көлемі жағынан Абай шығармашылығы екі томға сыйған дүниеден әлдеқайда көбірек. Абай оқырманы үнемі жаңашылдыққа, жаңалыққа, оқи отырып жаңа нәрсеге кез болады. Оның поэзиясының құдыреті – оның көпмағыналылығында, көптондығында, әрқилығында. Абай шығармалығымен мектеп қабырғасынан бері таныспын, сансыз рет өлеңдерін оқыдым, сілтеме бердім, салыстырдым, жолма-жол аударма жасадым, оның ғақлияларын – философиялық эсселерін конспектіледім, десе де әр кез оқыған сайын оның шығармашылығын өзіме қайтадан ашқандай боламын, еріксіз түрде, өлең жолдарының тереңдігіне, оның мағыналық көптүрлілігіне, сөз жаңашылдығына, метафоралық қасиетіне, бейнелілігіне таң қаламын. Сондықтан болар, Абай маған түпсіз, шексіз, орасан зор, барлығын тегіс қамти алатындай көрінеді. Көрінеді емес, дәл солай» [150, с. 8].

Б.Кенжебаевтың Абай Құнанбаевқа арналған «Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы» атты зерттеу еңбегі бар. Б.Кенжебаев Абай шығармашылығын сөз ете келе, ақын қолданған троптар туралы да айтып кетеді. Метафора деп анық, ашық айтпаса да, сол троптардың арасында метафораның бары анық. Еңбектен үзінді келтірер болсақ: «Абай жаңа сөздерді, эпитет, теңеу сияқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған: 1) бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен, 2) бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағына беріп қолдану жолымен жасаған» [151, 95 б].

Б.Кенжебаев Абай өлеңдері жайлы ой-пікірін одан ары жалғастырады: «Абай өлеңдерін көріктеуге ұста. Бұл жөнінде ол эпитеттің, салыстыру-

теңеудің, ауыстыру-шендестірудің, әсірелеудің, фигуралық сөздердің неше алуан түрлерін қолданады. Бұл оның әрбір өлеңінен айқын көрініп отырады; кей өлеңдері бастан-аяқ кілең эпитеттермен, теңеулермен, шендестірулермен, әсірелеумен келеді. Және бәрі де өте жарастықты, көрікті болып келеді» [151, 98 б].

Соңғы зерттеулер арасында, 2013 жылы қорғалған М.Қожақанованың «Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасының әдем тілдеріндегі аудармалары (рецепция, интерпретация)» атты зерттеу жұмысында, Абай шығармаларындағы метафораның аударылу сипаты деген тарауша бар. Сол тараушада Абайдың кей метафораларының (өткір тіл – ұялшақ қыз, жүрек – мұз, ала жылан, аш бақа) аударылуы жайлы айтылады. Зерттеуші Абай өлеңдерінің аударылуы турасында мынадай пікір білдіреді: «Ақынның көркемдеу бейнелеу құралдары күрделі, ұлттық реңі бай, сондықтан аудармада олардың осындай ерекшеліктерін сақтау үшін аудармашы біраз тер төгуі қажет» [152, 48 б].

Көріп отырғанымыздай, Абай метафораларын Қ. Жұмалиев, Б.Хасанов және М.Қожақанова ғылыми еңбектерінде біраз қарастырды. Қ.Жұмалиев Абай поэзиясында кездесетін троптардың әрқайсысына тоқталса, Б.Хасанов Абайдан басқа, XVIII-XIX ғғ. ақындар, сонымен бірге І.Жансүгіров, С.Сейфуллин шығармаларындағы метафораларды қарастырған. М.Қожақанова зерттеу еңбегінің бір тараушасында Абай метафораларының аударылуы туралы сөз қозғайды.

Ақынның метафоралары жайлы арнайы зерттеу жетімсіз. Сондықтан бұл жұмыста біз Абайдың метафораларын аудармаларымен салғастырмалы талдай отырып, автор қолданған метафораның өз табиғаты мен аудармада берілу ерекшеліктерін, аудару тәсілдерін және оның түпнұсқадағы мәнді беру деңгейін талдау мақсатына байланысты міндеттерді шешу үшін Абайдың төл қолданысындағы метафораларды жан-жақты қарастырып алуды жөн санаймыз.

2.2 Абай поэзиясында дәстүрлі метафоралардың түрлену ерекшеліктері

Абай өлеңдерінде жоғарыда аталған тіл білімі бойынша да, әдебиеттану бойынша жасалған жіктелімдегі метафора түрлері де бар. Абай поэзиясында Н.Д.Арутюнова белгілеген атауыштық, бейнелі, когнитивті, жалпылама метафоралар кездеседі. М.В.Никитин қарастырған метафора түрлері: когнитивті және эмотивті-бағалауыштық түрлері де жоқ емес. Метафораның жай және ұлғайған түрлері де кездеседі.

Алайда сонау Цицерон метафораларды екіге бөліп қарастыруды ұсынды: катахреза (лингвистикалық метафора) және метафора (әдеби метафора) [5, с. 8]. Одан кейін мына ғалымдар да Цицерон жіктемесін жалғастырғандай болды. Мысалы, И.Р.Гальперин жіктемесі: өзге де тілдік бірліктермен қатар өмір сүретін, халық қолданып жүрген стереотиптік метафоралар, автордың шығармашылық қиялынан туындаған авторлық метафоралар[86, с.129];

М.Н.Кожина квалификациясы: жалпытілдік сипаттағы метафоралар және поэтикалық немесе индивидуалды метафоралар [84, с.205-208]; Отандық ғалымдар да метафораны дәл осылай бөліп қарастыруды ұсынды. Мысалы, К.Аханов метафораларды: жалпы халықтық тілдегі метафоралар және жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралар [88, 158 б] деп бөлді. Одан өзге Б.Х.Хасанов: дәстүрлі метафора және индивидуалдық метафора [48, 138 б] деп бөлуді ұсынды. Орыс ғалымы Г.Н.Скляревская да, метафораны осы 2 типке бөлді: тілдік метафора және индивидуалды-авторлық метафора [3, с.30]. Сондықтан, біз де Абай метафораларын осы ғалымдар ұсынып кеткен жіктеме бойынша қарастыруды жөн көрдік.

Тілші Б.Хасанов: «Метафораның екі түрі бар деуге болады: бірі – белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі – халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар. Бірақ бұл екеуінің ара-жігі жоқ, өйткені жеке авторлар жасаған метафоралар көбіне халықтық дәстүрлі метафоралардың ізімен жасалады және олардың көпшілікке кең тарауы мүмкін», – дейді [48, 138 б].

Дәстүрлі метафораларға көптеген ғалымдар анықтама берген. Мысалы, лингвист-ғалым И.В.Арнольд дәстүрлі метафора туралы мынадай пікірімен бөліседі: «Дәстүрлі метафора дегеніміз – белгілі бір кезеңде немесе белгілі бір әдеби бағытта қалыптасқан, мақұлданған метафоралар. Мысалы, ағылшын ақындары, сұлу қыздардың әдемілігін суреттей отырып, мынадай дәстүрлі қалыпты метафоралық сөздерді қолданды: pearly teeth (маржан тіс), coral lips (қызыл маржан еріндер), ivory neck (піл түсіндей ақ мойын – қазақша аударғанда, ешқандай мағына бермейді), hair of golden wire (алтын сымнан жасалған шаш)» [153, с. 64-65].

Дәстүрлі метафора – тілде орныққан, қолданыста бар, астарлы мағынада қолданып тұрса да, жиі пайдаланылатындықтан баршаға аян астарлы сөздер. Олардың тілде тұрақталып, қолданылып жүргеніне көп жылдар, ғасырлар өтуі мүмкін. Мысалы, жер кіндігі, тау етегі, орындықтың аяғы т.б. Дәстүрлі метафораның өмірімізге сіңіп кеткені соншалық, оның астарлы мағынада қолданып тұрғанын сезбей де қаламыз.

«Дәстүрлі метафора жақсы таныс нәрселер мен құбылыстарды салыстыру арқылы пайда болады, сондықтан да олар халыққа түсінікті, белгілі болады»,- дей келіп, ғалым Б.Хасанов мынадай мысалдар ұсынады: Бала – бал, хат сызып, қара тану, көлденең сөз, қысыр сөз (І.Жансүгіров); көңіл кірі, таптың аты, талаптың тұлпары (Абай) т.б. «Дәстүрлі метафоралар сол тілде сөйлейтін халықтың тіршілігі мен тұрмыс күйіне, өмір сүрген ортасына, дүниетанымына тікелей байланысты болады» [48, 138 б]. Зерттеушінің пікірінше, дәстүрлі метафора – фразеологизмдерге, мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестеріне негіз болады.

«Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?» атты мақаласында Мырзатай Жолдасбеков Абай өлендерінің жалпы саны 176 деп келтіреді: «Абай бар

болғаны 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 мақала жазған кісі екен. (Мақала деп шартты түрде айтып тұрғанымыз – «Қазақтың шығу тегі туралы»)» [154, 8-9 б].

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын (Алматы: Жазушы, 2003 ж.) қарастырдық. Абай метафораларын дәстүрлі және авторлық деп бөліп, осы екі категория бойынша санап шықтық. Зерттеу нәтижесінде метафоралар саны төмендегідей болды: дәстүрлі метафоралар саны – 523, авторлық метафоралар саны – 524. Жалпы, ақын өленderіндегі метафораның екі түрі де, сан жағынан бірдей, тұп-тура сәйкес боп тұр. Метафораның екі типі арасында алшақтық жоқ десек те болады. Яғни Абай қазақтың қалыптасқан метафораларымен бірге, өз тарапынан қосып, ойлап тапқан не трансформациялаған метафораларын өз өлең жолдарына қосып отырған. Онсыз да қазақтың бай сөз қоры Абайдың шығарған авторлық метафоралары арқасында көбейген.

Абай дәстүрлі метафораларды өз өленderіне қосып, шығармаларын нәрлендіре түскен. Дәстүрлі метафоралар деп отырғанымыз – ғасырлар бойы халықтың тілдік қорында сақталған, Абайдан бұрын да қолданылып келе жатқан халықтық метафоралар. Дәстүрлі метафоралардың шығарушысы – халық болғандықтан, бұл метафора түрлері халықтың ортақ қазынасы болып табылады. Дәстүрлі метафора халыққа аян, белгілі бейнелі сөздер.

Ақынның дәстүрлі метафораларды қолданған өленderіне талдау жасайық.

1. «Жазғытұры» (1890) өлені – табиғатқа арналған тамаша өлең. Қазақ әдебиетінде, табиғат тақырыбы толыққанды нысан ретінде, дәл осы Абай поэзиясынан бастау алады. Абайға дейінгі кезеңде қазақ поэзиясында табиғат – бейнелеудің толық нысаны болған жоқ. Басқаша айтқанда, ақындар табиғатқа эстетикалық құндылық сипат берген жоқ, табиғат ақындық рефлексияның тақырыбы емес еді. Пейзаж немесе табиғат әдебиетте әлі жоқ еді. Абай осы эстетикалық принципті қазақ әдебиетіне алғаш рет енгізеді. Тұңғыш рет Абай поэзиясында, түрлі троптар жүйесінде табиғат дискурсының поэзияда көрініс алуы орын алады. Қазақ эпикалық поэзиясында табиғат тек қаһарманның қимыл-әрекетін бейнелеуде керек эпизодтық фон ретінде қолданылғаны белгілі. Табиғат жыраулар поэзиясында бар, оның функциясы – эпикалық көркем аккомпанемент. Табиғат тек формалды құрал немесе фон ретінде, ритмикалық безендіру, атрибутика ретінде қолданылды, мысалы, батырдың ат үстінде қалай ойнағаны туралы баяндауда керек болды. Алайда бірде-бір қазақ эпосы мен дастандарында табиғат сүйсіне қарайтын, өзіндік эстетикалық құндылыққа ие болған жоқ.

Абай поэзиясында табиғат шынайы эстетикалық мағынаға толады. Табиғат сырын пайымдаушының көзіне түсіп, экспресивті мәнерлі және бейнелі құралдар жүйесінен орын алады. Көркемдік салыстыру үшін кез келген адамның ең жақын адамдары – ата-ананың бейнелері қолданылады. Мысалы, күннің көзі жылулыққа толы, мейірімді, рақымды, тура ата-ананың көзіне ұқсайды.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі [155, 120 б].

Күннің көзі – қазақ ұлттық паремиологиясының дәстүрлі метафорасы. Мысалы, күннің көзі – ортақ, жақсының сөзі – артық деген мақал бар. Күннің көзі – халықтық күнделікті сөйлеу бірлігі болып табылады. Абай бұл қарапайым бірлікке жарқын троптың барлық қасиеттерін береді. Абай табиғаттың қозғалысын көрсете алады, оны керемет түрде жандандыруды біледі, қазақтарға жақсы таныс болатын бейнелер арқылы көрсете біледі. Бұл бейнелер қазақтар үшін түсінікті, олардың қабылдауымен меңгерілген, бұл – табиғаттың егжей-тегжейлі, толық сипаттамасы. Күннің көзі метафорасы (ата-анадай елжірер күннің көзі, адам тіктеп көре алмас күннің көзін) Абайдың осы өлеңінде екі рет кездеседі.

Жер жүзі – тура сол лексикалық қатардағы метафора. Бұл өлең жолдарында көз алдымызда мынадай бейне көріп тұрмыз: Жаратушы – нағыз шебердің өзі. Бұл дәстүрлі тіркес түсіндіруді қажет етпейді, оның семантикасы мен қызметтік мағынасы айқын.

Нұр лексемасы – рухани, астралды нұрды бейнелейтін метафора, тіршілік ету рухының көрінісі: мейірбандық дүниеге нұрын төгер [155, 120 б]. Нұр – бұл діни семантикасы бар метафора, біздерге қанша түсінікті болып көрінгенмен, бұл метафораны аудару қиын. Бұл сөздің орыс тілінде нақты баламасы жоқ. Бұл – Абайдың сөздік қорында жиі қолданылатын мағынасы терең сөз.

Қара жер – дәстүрлі метафорика бірлігі, қара шаңырақ секілді салттық сөзбен бір қатарда тұрған тіркес. Қара жер – қасиетті жер-ана дегенді білдіреді. Бұл тіркес этникалық сөз, архаикалық кезеңнен бастап, халықтық паремиология қорында бар. Мысалы, «қара жердің қадірін, ойда, қырда сарт білер»; «қара жер қартаймайды» мақал-мәтелдері көпшілікке аян.

Рахмет сөзі– құрани канондық фразеологиядан алынған. Шын мәнісінде, Рахмани Рахим деген сөздерден, яғни мейірімділердің ішіндегі мейірімдісі (Аллаһ қасиеттерінің эпитетті анықтамасы) дегенді білдіреді [156, с. 4]. Рахмет сөзі мейірім, рақым деген ұғымдарды аңғартады.

Абайдың табиғат тақырыбына арналған өлеңдер цикліне 10 шақты өлеңі кіреді, олар ақынның бағдарламалы шығармаларын құрайды. Қазақ пейзажды лирикасын жасауда Абай өлеңдері үлкен рөль атқарды.Абай өзі аударған ақындар шығармаларында да табиғат арнайы поэзия нысаны бола алды, мысалы, «Қараңғы түнде тау қалғып» (Гете) [157, 330 б], «Теректің сыйы» (М.Лермонтов) [157, 360 б] және т.б. Абай өлеңдерінде табиғат тек қосымша сипаттама құралы емес, ол – эстетикалық нысан.

2. «Заманақыр жастары» (1891) өлеңі. Бұл өлең жолдарында маңызды эстетикалық қызметті қойнына тыққан тастары [155, 121 б] – деген формула атқарады.

Қойнына тыққан тастары – ұлттық тілден алынған ауқымды, бейнелі, мәнді метафора. Бұл сөз тіркесінің мағынасы: «бір ұртында майы, бір ұртында қаны тұру». Өз кезегінде, бұл – көптеген тілдерде аналогтары бар әмбебап, сан

қырлы метафора. Ақынның ойынша, ондай жастар сауданың құралы ретінде, рухани құндылықтарды – ар мен иманды қояды. Ақынның тағы бір көрсететіні, айырбас орнына мынаны ұсынады: «құр тілмен жинағаны». Яғни, тек тілі мен жағына сүйеніп, өз маңдай терімен емес, тек тілі майда, сөзуар адамның тапқан пайдасы. Арам пиғылдары бар, тар тоғышарлық психологияны әшкерелей отырып, Абай білімсіздер туралы сарказммен айтады. Осындай адамдардың мінез-құлқы туралы өте дәлдеп былай сипаттайды: «қалжыңбас келер өздері» [155, 121 б].

Шошқа туар сөздері – қарапайым тіркес, жалпақтілді, дөрекілеу сипатталған және бұл ақынның екіжүзділерден мезі болғанын, оларды ұнатпайтынын көрсетеді. Стилистикалық жағынан «шошқа» лексемасы жағымсыз. Нәтижесінде біздің көз жеткізетініміз – ақын білімсіз, бірбеткей, надан адамдарға қарсы. Ақын бұл қарапайым метафораларды ұлттық тілден алған, олар эпикалық блокқа жатпайды, классикалық батырлар поэзиясында кездеспейді (тек шайқас алдындағы батырлардың сөзбен ерегісіп қалғаны болмаса). Жағымсыз көріністердің жиынтығы ассоциативті түрде Абайдың иманы бар толық адам жайлы ілімімен, яғни кемел адаммен байланысты, мұндай кемел адам лайықсыз, жарамсыз адамдарға қарама-қарсы қойылған (білімсіз, тәкаппар, кертартпа, екіжүзді көлгір т.б.).

3. «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» (1892) өлеңі – Абайдың кемелденген шағында жазылған өлеңі. Қазақ даласында кеңінен таралған ескі көзқарас, қағидаларға сын ретінде жазылған өлең. Абай өзінің поэзиясында үнемі дамып келе жатқан, әртүрлі, концептуалданған өткір сатиралық инвективалардың палитрасын кеңейтеді, бұл өткір сөздер – байлардың парақорлығын, құр бос сөзге әуестігін, өсекке құмарлығын, құр дырдулы, бос сенделіс өмірді сынауға қажет құрал. Абай рухани және әлеуметтік жалқаулықты, керенаулықты жек көрді. Байлардың мақтаншақтығын ұнатпады. Ақынның айтуы бойынша, егер көпшілік болып жетістікке жете алмаса, онда құр босқа өзінді ғана мақтап, кеудеңді ұрғаннан не пайда?

Мақтау – жел сөз метафорасы көзге түседі. Біреуге дифирамб айту, асыра сілтеп мақтау – өткен уақыт белгісі. Шығыс поэзиясында да мақтау сөз туралы ақындар айтып кеткен болатын. Мысалы, Омар Хайям «Не давай убаюкать себя похвалой» [158, с.170], А.Джами: «И лести с многословностью пустою» [159, с.211], «Не хочу я пустословьем обеднять родной язык» [159, с.325]. Метафораның мағынасы: ащы болса да, шындықты естіген абзал. Өтірік, жалған сөз адамды азғырып жібереді. Мақтау, көбінесе, арсыз өтірік, жағымпаздану, жарамсақтықпен жанасып жатады. Жел сөз – өте ұтқыр мета-құрылым, яғни ауқымды әлеуметтік жалпыламасы бар айқын метафора. Кейде Абай астарлы, жасырын мағыналы ишара, тұспалды бір-ақ сөзбен білдіреді. Бұл ишара белгілі бір адамдар тобына бағытталған. Ақын былай дейді: Жұрттың бәрі сөз сатқан [155, 135 б]. Яғни, ақынның айтуынша, адамдар сөзді оңды-солды шашып, алайда қоғамның дамуына керекті нақты нәрселерді жасамайтынын айтады.

Мен мақтанның құлы емес,

Шын ақылға зорлық жоқ [155, 135 б].

Өлеңде «Мен мақтанның құлы емес» деп қысқа пафоспен берілген. Лирикалық кейіпкер бос уақыт өткізу, бос әңгімелесу сияқты құр сенделістердің құлы емес. «Мен жалған сөйлеушілер, жағымпаздар қатарынан емеспін. Желсөзділікпен айналыспаймын», – дейді автор.

Мақтанның құлы тіркесі – метафора рөлін атқарып тұр, бұл – дәстүрлі эпикалық поэзия бірлігі, халықтық тілдегі ескі компонент. Құл ұғымы толық және ежелгі мағынасында «Қобыланды» [160, 192 б], «Алпамыс» [161, 3 б] эпостарында кездеседі. Әдетте, құл сөзі метафора мағынасында Алланың құлы [162, 4 б] деген тіркесте кездеседі.

Өмір – су – айқын және толық метафора. Бұл құрани-библиялық тіркестің перифразасы, жалған дүние, баянсыз дүние дегендермен бір қатарда тұр. Құбылмалы әлемнің символы – аққан су.

Өмір, дүние дегенің

Ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің

Ойлай берсең, у екен [155, 135 б]. Соңында Абайдың таптырмас тұжырымы, түйіні келтірілген: «жақсы-жаман көргенің, ойлай берсең у екен».

У метафорасы – уайым, қайғы, зар, өкініш деген ұғымдарды меңзейді. Ақынның пікірінше, барлық жақсы, жақсылық атаулы жарық, сәулеге, рухани шыраққа, яғни нұрға айналуы тиіс. Материалды қатардағы барлық жаман нәрсе, уға, харамға айналады. Өйткені, бұлардың барлығы – адамға уақытша берілген, алдамшы жетістіктер, олар адамның көзін байлап, есінен тандырады. Бұл философиялық идея діннің барлық бағыттарында да бар.

4. «Келдік талай жерге енді» – ақынның өте маңызды өлеңі. Абай бұл жерде өзінің ұзақ уақытқа созылған, өзгергісі келмейтін адамдармен қарсыласудың, күресудің қорытындысын, нәтижесін жинақтай түскендей.

Қызыл тілім буынсыз [155, 139 б] – аталған өлеңде қызмет ететін айқын метафора. Басты негізі – шебер тіл, сөзуар тіл, рухы мықты поэзия тілі. Бұл ұғымға ирониялық түсініктеме бар: тіл сүйексіз болғандықтан, яғни тілге шек жоқ. Қызыл тіл тропы – қазақ фольклорында, халық фразеологизмінде кездесетін, орыс тілінде тура баламасы (красноречивый язык) бар дәстүрлі образ. Троптың экспрессивті мағынасы – шешен адамның тіл байлығы, сөзінің әдемілігін көрсету.

Сөзімде жаз бар шыбынсыз – ақынның сөзі күш, қуат, өмір нәріне толы. *Шыбын* – бұл менталды кірді, былғаныш, ласты меңзейтін метафора. Бірақ ақынның тілінің аясы кең, оны шектеу мүмкін емес. Бұл метафора антитеза арқылы жасалған *–сөзімде жаз бар шыбынсыз* (авторлық метафора). Аталған конструкт ақынның мүмкіндігі, күші, қауқарын символдайды. Бұл метафора қызыл тіл клишесіне қарама-қарсы қойылған. Екі образ айқын семантикалық контрастта тұр. Автор аллегориялық түрде мынаны тұспалдайды: өкінішке орай, зейін қоймаған, қабілетсіз тыңдарман ақынды, оның айтар ойын

ұғынбайды, сол себепті қайтадан ешкімге керек жоқтық, жалғыздық сезімдері бой көтереді. Ақын, күрсіне отырып, қайғылана отырып бел атты метафораны ұсынады.

Бел дегені асу, өмірдің маңызды бір кезеңін айтып отыр. Бел образы ақын басынан дәл сол сәтте өткізіп отырған, өмірдің жауапкершілігі мол кезеңін бейнелейді. Форма жағынан, бұл метафора – дәстүрлі. Қазақ поэзиясында бел метафорасы жиі кездеседі. Алайда, Абай осы бейненің максималды түрде концептуализациясын жүзеге асырады. Бұл бейне қалай жасалады? Өлең жолдарынан ұққанымыз, ақын жалғыз өзі ғана шыққан, өте бір қиын, ауыр асу. Сондықтан, бел метафорасында рухани мағынасы бар биіктік, асу сөздері бар, бұл жеке күрес арқылы бағынатын асу.

Өлеңде ерекше интонация қолданылған. Осы интонация арқылы, автор өз-өзіне айтып жатқан сияқты көрінеді. Лирикалық кейіпкер мен автор бір-бірінен анағұрлым алшақ тұр. «Қой бұрынғы желгенді!» – бұрынғы жеңілтектігінді, есерлігіңді қой деп отыр автор. Мәнмәтінге қарағанда, лирикалық кейіпкер бойында кезінде осы бір қасиеттер болған көрінеді. Автор өз-өзіне былай дейді: «Қайғы шығып иыққа, қамалтпасын тұйыққа. Сергі, көңілім, енді!» [155, 139 б] – өз жанына өзі демеу болып, қайтадан серпілуге шақырады. «Өзің жалғыз, надан көп» [155, 139 б]. Бұл психологиялық тұрғыдан шеттетіліп, елден жырақ жүрген жалғыздың бейнесі.

Пәле сөзінің бірнеше мағынасы бар, көпмағыналы сөз. «Пәледен тұрмас шошынып» [155, 139 б] дейді ақын. Абайдың пәле сөзі – мүшкіл жағдай, артта қалушылық рухы, надандықтың синкретикалық бейнесі.

Тұл бойын – қазақ тілінің өте ескі, архаикалық сөзі, жан, рух ұғымдарының синонимі, яғни *шыбын жан* дәстүрлі фразеологизмінің синонимі десек те болады. Тұл семасы этнолингвистикалық құрылымы бойынша, адамның ішкі рухани денесін меңзейді. Бұл сөз архаизм болып табылады. Бұдан кейін Абай мынадай жолдарды келтіреді – әзелді Тәңірім сорлы етті [155, 139 б]. Ислам тарихы бойынша, Аллаһ шайтанды тәкәппарлығы үшін жазалады. Ақын бұл өлең жолдарына Адамның жаратылуы туралы маңызды киелі құран мифтік пластын қосты. Автордың ойынша, Тәңірдің өзі ақынның тағдырына, маңдайына жазғаны – халықтың білімсіздігімен күресу.

Жалғыз үй тіркесі – ауқымды метафора болып табылады. Бұл – жалғыздық метафорасы. Автор ақынның жалғыздығы метафорасын одан ары қарай дамыта түседі. Жалғыз үй – автордың өзі салған рухани мекені. «Мен - адам баласымын, атым да адам есімімен аталған», - деп айтатын секілді ақын, бірақ ақынды артқа қарай сүйретететін, тартатын ауыртпалық, қиындық, жүк бар. Шын мәнінде, бұл жүк – өтірікке белшесінен батып тұрған халқы: «Өтірік пен өсекке».Автор өз-өзіне былай дейді: «Жат үйінде, шатылмай!» [155, 139 б]. Бұл – үмітсіздік эмотиві, қажу, торығу интонациясын білдіретін экспрессема. Уайым-қайғыдан басқа, ақын кейде тіпті депрессияға салынып кетеді. Айналасындағы адамдардың түсініспеушілігіне тап болған ақын, өлең соңында келетін дөрекілеу сөздерді өзі -өзіне айтуға мәжбүр болды.

5.«Көзімнің қарасы» (1891) өлеңі – өзінің әуезділігі, әуенділігі, экспрессиясы, саздылығымен ерекшеленетін танымал шығарма.

Өртенген жүрек [155, 129 б] секілді дәстүрлі метафоралар экспрессиялық түрде қызмет етеді, жүректің оты – бейнелі құралдар әлемінде орнықты, тұрақты, лейтмотивті жүйелі конструкция. Абайдың филосема өрісіндегі жүрек концептісі – рухани жүрек (кальб) дегенді білдіреді. Кальб - сопылық термин, адамның рухани жүрегін аңғартады [163, с. 69]. Кальбтың негізгі атрибутикасы – мейірім, негізгі қызметі – адамды нәпсіден аластату, рухын таза ұстау [164, с. 84-88].

Өзгеше біткен гүл тіркесі көзге ерекше түседі, бұл – метафора өрімдей жас қызды бейнелейді, ақынның пікірінше, бұл гүл сирек кездесетін ерекше. Қазақ мақал-мәтелдерінде қызды гүл деп есептеу бар, не болмаса қыз туралы мақал-мәтелде қасында гүл бірге ере жүреді: «қыз – халықтың гүлі, өлең – сауықтың гүлі»; «гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі». Қазақ халқы қызды гүлге балаған. Гүлге қатысты есімдер қойған: Гүлім, Гүлжан, Гүлжайна. Кейде нақты бір гүлдің атауын қызға есім ретінде берген: Раушан, Қызғалдақ, Жауқазын. Қыз – гүл метафорасы әлемдік метафора десек те болады, нәзік жанды қызды гүлге ұқсату ежелден келе жатқан троп. Шығыс ақындарының өлеңдері де сөзімізге куә: Рудаки «Аромат и цвет похищен был тобой у красных роз» [165, с. 49], «Цветок мой желанный» [165, с. 50]; Насими «Лилия дремлющих вод» [166, с. 250], «Райский цветок» [166, с. 251] т.б.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз тіркесін ақын қызды суреттеуге пайдаланады. Қызды гүлмен салыстыру ежелден бар құбылыс.Құлпырып тұрған қыз бүкіл табиғатқа ұқсағандай көрінеді. Қызды гүлмен салыстырып, оған гүлге тән қасиеттерді беру, қыз бейнесін фея, перизат, музамен тең көру, көп халықта кездеседі. Мысалы, орыс поэзиясындағы А.Блок шығармаларына тән, А.Блок «Бұлбұл бақшасы» («Соловиный сад») циклінде керемет бейтаныс қыз бейнесін суреттейді.

Қызыл тіл тіркесі – ақынның шешен тілді, орамды сөйлеуін, халық алдында сөз сөйлеуші шешеннің сөзін меңзейді. Ақын былай деп келтіреді: «қызыл тіл шыға алмас, мақтаудың шартынан» [155, 129 б]. Бұл метафораны лейтмотивті образ деп айтсақ әбден болады. Ол Абайдың философиялық поэзиясында кездеседі, сонымен бірге сүйіспеншілік-лирикалық сипаттағы поэзиясында болып келеді. Қызыл тіл қазақ мақал-мәтелдерінде де көрініс тапқан: «қызыл тіл – жанның мияты, абырой – ердің қуаты»; «өнер алды – қызыл тіл» және т.б.

Сенсің – жан ләззаты, сенсің – тән шәрбаты метафоралық тіркестері толықтай шығыстық сарында жазылған. Мысалы, Хафиз «Томлюсь по сладостным устам в мечтах неясных я» [165, с. 481] өлеңі. Бұл – стереотиптік метафора.

Көрік – Тәңір дәулеті метафорасы, яғни әдемі келбет – Жаратқанның сыйы. Абай поэзиясында Аллаh, Тәңір және Құдай металексемалары кездеседі, бұл үш лексема Абайдың әртүрлі шығармаларында жиі-жиі көрінеді, олардың

барлығы Жаратқанды білдіреді. Абай былай дейді: «Сұлулықты сүю – пайғамбар сүннеті» [155, 130 б]. Абайдың көрсетуі бойынша, пайғамбар сүйіспеншілік арқылы дінге шақырды. Аллаға деген махаббат философиясы, сопылық ойшылдар, оның ішінде аль-Ғазали еңбектерінде [167], [168] бар.

6. «Өзгеге, көңілім, тоярсың» (1890) өлеңі. Бұл өлеңде Абай ақынның жалғыздық мотивін, білімсіздер, өзгергісі келмейтін жұртпен күресу, арпалысу күйін одан әрмен қарай жалғастырады. Көріп отырғанымыздай, бұл шығармада да, автор жанының қайғылы, күйінішті күйі сақталады. Алайда, ақын өз жолында тоқтап қала алмайды, өзінің әшкерелеу, түзету туралы сөздерден бас тарта алмайды.

Дерт лексемасы [157, 142 б] – Абайдың концептуалды метафорасы. Абай халықтық тіл қорынан сема алып, оны концептуалдайды, содан поэтикалық жүйеде бұл метафора қызыл тіл сөз-образ секілді маңызды орын алады. Дерт деп отырғаны, күрделі конструкт – іштегі дерт. Бұл метафора арқылы ақынның көзі тірісіндегі қасіреті, өз халқына, оның жағдайына деген үлкен алаңдаушылықты, уайымды көрсетеді. Өркениетті әлемнен әлеуметтік деңгейде артта қалған көшпенді халықтың халі қатерлі, қауіпті. Абайдың ойлауының, санасының әлеуметтік-саяси жағы өте кең, терең. Халық тағдыры үшін алаңдаушылық Абайды үлкен, терең ойларға жетелейді. Дерт метафорасы сырт көзге қарағанда, қарапайым, жай метафора болып көрінгенмен, семантикалық жағынан, бұл троп өте ауқымды. Формасы бойынша, бұл метафора – эпикалық емес, бұл – авторлық контаминация, ол өте күрделі психологиялық мазмұнға ие.

Қара көңілім оянсың метафорасы, тура сондай психологиялық терең астары бар тіркес. Осылайша, жалғыздыққа душар болған адамның ішкі күйзелісі, жанының ауырып тұрған жағдайы, оның жалпы жағдайы, қара көңілім оянсың метафорасы арқылы одан сайын күңгірттене түседі. «Қара басқан, қаңғыған» – қысқа, бірақ өте сыйымды метафора. Махамбетте де дәл сондай аналогиялық фраза бар: «қара басқыр». Қазақ халқында келесідей тіркестер бар: қара басты, албасты басты, албасты басқыр, марту басты. Ер Тарғын жырында да бұл қарғыс сөзі кездеседі: «Қара албасты қабақтай, бауыздау жеріңе болайын» [169, 31 б]. Тап осы жағдайда, Абай қазақтың дәстүрлі қарғысын перифраз жасаған. Осылайша, метафора-перифраз жасалады. Бұл жырау поэзиясында да бар. Мысалы, Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны: «Хан емессің қасқырсың, қара албасты басқырсың» [170, 102 б]. Бұл өлеңдегі қарғыс нысаны – тек білімсіз адамдар емес, сонымен бірге, көкпет, қырсық, бірбеткей адамдар.Бұл жағымсыз, келеңсіз, негативті мағынамен толтырудың экспрессивті формасы. Абай бұл тәсілді өте жақсы қолданады. Білімсіздерге деген жаратпаушылық, жақтырмау сияқты сезімдердің күштілігі сондай, соған байланысты Абай жанының ауырғаны да еселене түседі.

Іштегі дертім қозғалсын [157, 142] – деп түйіндейді автор. Бұл жерде айта кететіні, Абайдың үнемі айтып отыратыны, рухани жүрек (кальб). Тас

болып қатып тұрған іштегі дерт, ауру – Абайдың халқы туралы ойлары, уайымы.

От-жалын – осы өлеңдегі келесі бір айқын метафора. Біздің алдымызда тұрған – көпқабатты синкретикалық образ. Кеудедегі от-жалын – адам жанының білімге, ақиқатқа, жаңа нәрсеге құмарлығы, құштарлығы, яғни білімсіздікті құптамау, жанымен жек көру, осының өзі – кеудедегі от-жалын, жігер деген сөзді білдіреді.

Сөз метафорасы мына өлең жолдарында кездеседі: «арттағыға сөз қалсын», «қабыл көрсе сөзімді» [157, 142 б]. Мұндағы метафора – «сөз», өзінің қалыпты мағынасын әлдеқайда ауқымды мәнге ие болған ақын сөзі. Сөз – ақынның рухани мұрасы. Сөз – бағдарламалы образ, Абай эстетикасындағы басты концепт, осы концепт арқылы ақынның шығармашылық позициясы көрініс табады. Оның барлық поэзиясы сөзге құралады, халқына айтайын дегені – барлығы сөзге негізделеді. Мұндай концептосфера аясында, сөз метафорасы, шүбәсіз, басты метафора болып табылады.

Мың надан тіркесі бейнелі жалпылама сөзден құралған. Бұл сандық конструкция метафора түрінде қолданылып тұр. Шығарма мәнмәтінінде *мың надан* білімсіздердің сансыз санын білдіреді. Ақынның пікірінше, байқампаз, зерек, ақылды адамдар да бар.

Ішкі сыр – бұл ішкі құпия, адам жанының түбінде сақталып тұрған сыр. Білімсіздерге ақыл айтуға Абайдың қақысы бар еді. Бұл – бағдарламалы өлең, өмірдің басты принципі ашылатын, өз рөлі мен миссиясын түсіндіретін шығарма. Көпғасырлы надандықпен, білімсіздікпен күресі жолында, Абай шыршамай-шалдықпай қасындағыларын, халқын білімге, ғылымға, ілімге шақырды.

7. «Болды да партия» (1898) өлеңі. Ақын халықтың қолданысында бар қозғадың тамырды [157, 157 б] деген конструкцияны қолданады.

Тамыр – халық тілінен шыққан лексема, Абай өлеңінде ол метафора болып тұр. Метафораның негізі – халықтың фразеологиялық қорынан алынған. Халықтық тілдік бірлікке тұтастай басқа мағына беріліп, ақын оны қайтадан басқаша ғып жасап шығарған. Халықтық паремиологияда тамырды ұстау деген тіркес бар. Содан соң ақын былай дейді: көңілге тік кетіп – яғни, бұл менің жаныма жаққан жоқ, жаным тыным тапқан жоқ, жанымды жеген соң, мазам кетті. Бұл диссонанстты түсіндіре кетсек: ақынның ойынша, дана, көңілге ой салатын, білім берер алтын сөздер, көбінесе, халыққа керегі жоқ болып қалады. Дегенмен, сөз қалды, сөздің ең маңыздысы – сөздің сарыны деген осы.

Ұрыңнан асырдың, сұм тілді қарынды – бұл тіркесті де метафораға жатқызамыз, ол субъективті эгоисттық фактор мағынасын жақсы беріп тұр. Ашкөздік, тамақсаулық барлығын жеңіп шығады.Сұм тілді қарынды – керемет авторлық метафора, ол басқа ақындар шығармаларында кздеспейді, ол қазақтардың эпикалық поэзиясында да, Абайдан кейінгі поэзияда да жоқ; бұл метафора – окказионалдық бірлік, Абайдың ойлап тапған дүниесі. Дәл осындай метафораларда, Абайдың жаңашылдығы, новаторлығы, жаңа дүниені жасай алу

қабілеті жақсы көрінеді.

8.«Көк тұман алдыңдағы келер заман» (1896) өлеңі.

Көк тұман тіркесі – барлық белгісіз, түсініксіз, жұмбақ қиындықтар мен қатерді білдіретін дәстүрлі метафора. Ақын болашаққа қатысты өзінің шынайы сезімін, болжамын айтады: «Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс» [157, 248 б]. Дегенмен, ақын мынадай бір пікірін қалдырады: әйтеуір, бір күн ерекше болатыны анық : «соның бірі – арнаулы таусыншақ күн» [157, 248 б] Өмірдің ақырғы күні – қоштасудың өзі. «Таусыншақ күн» – бұл Абайдың окказионализмі, сөзжасамға деген арнайы конструктивті әдіс қолданылғандығы сезіліп тұр. Ақынның келесі жолдарында үлкен мән бар:

«Мені» мен «менікінің» мағынасы — екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан [157, 248 б].

Менталды «мен» дегені — сана мен жан дейді Абай. Бұдан кейін ақын былай дейді: тән – «менікі», яғни, тәнім – менің киімім, сыртқы пішінім. «Мені» мен «менікі» мағынасы мынадай: «мен» – бұл адамның рухы, санасы, танымы, «менікі» – тәні. Бұл екеуі екітүрлі нәрсе, екі түрлі категория. «Мен» деп анықталатын нәрсе, ешқашан өлмейді. Жоғарғы тұлғалық «мен», адам санасы – мәңгілік. «Менікі өлсе, оған бекі» – деп нық айтады автор. Сонымен қатар субъектінің барлық эгоистикалық үйреншікті нәрселері уақытша болып табылады. Ынталарын деген сөз мына мағыналарды білдіреді – алға ұмтылыс, адамның мына дүниедегі тілектері, негізінен, эгоистикалық, өз қара басының қамын ойлауы.

Әділеттік, арлылық, махаббат – үш жолдас дегеніміз конструктивті мағынасы бар авторлық метафора, ол лейтмотив сияқты қызмет жасайды. «Қабірден ары өткенде» деген күрделі түркес назарды аудартады: «Менікі деп жүргеннің бәрі онікі» [157, 248 б], мағынасы: Онікі дегені Алланы меңзеп тұр. Дүниелік заттар барлығы өткінші. Егер адамның рухы әлсіз болса, онда ол толығымен алданышты қараңғы материалды дүние күшінің қол астында болып жүреді. Сондықтан ақын мынадай тұжырымдама жасайды: «тән қалады, мал да қалады, жан қалғанда».

Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек дейді ақын. *Көп ит* метафорасы жамандыққа жаны жақын адамдар турасында болып тұр. *Көк ит* перифразы бөріні: қасқыр, арланды меңзеп тұр, бұл конструктивті синонимикалық қатар: көк бөрі, көк жал. Бұл концептуалды метафора көп ит семасына антитеза ретінде беріліп тұр. Ақын ұтымды түрде *ө* ассонансын қолданады. Көк, көп – осылайша ішкі рифмовка немесе дыбыстық қатардағы толық ассонанс түзеледі.

Ғадалат пен мархаббат – көп азығы адал ниеттілік, риясыздық, жақсылық, қайырымдылық, мейірімділік дегенді білдіреді. Әркімнің жеке мүддесі, өздерінің мақсат, армандары бар. Дегенмен, Абай халқына еш үміт артқан жоқ, өйткені халық болып көрсеткен ұйымшылдықты, белсенділікті, ынтаны көрген жоқ. Ақынның ойынша, халық тек тұтынумен қам жеп жүр, халқы, әлбетте, бейтарап, бойкүйез, енжар, селқос күй кешіп жүр. Өлең соңында, ақын мынадай пікір келтіреді: «ерекше қасиет болып саналатын –

пысықтық пен зеректік аса қажет» [157, 248 б], яғни қоршаған ортасын өзгерту, жақсарту мақсатында әлеуметтік белсенділік таныту, өз-өзін жақсарту, жаман әдеттерден арылу.

9.«Ашқарың жұбанама майлы ас жемей» өлеңі. Мұнда өте маңызды, семантикалық жағынан жүктелген өлең жолдары бар: «Қаруынның барында қайрат қылмай, қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел» [157, 213 б].

Қару сөзі мына мәнмәтінде күш, энергия, уақыт, әрекет мүмкіндігі дегенді білдіреді. Алайда, ақынның ойы бойынша, субъект әрекет еткен жоқ. Поэтикалық әлемде қайтадан «Инелік пен құмырсқа» мысалындағы коллизия бой көтереді, яғни қауіп-қатер, қиындық кезіндегі қатерлі кешігіп қалу жағдайы.

Жел семасы – белсенді әлеуметтік-философиялық мағынасы бар метафора. Бір жағынан, *жел* салтанатты, ойын-сауық өмір салтын ұнататын мылжың, сөз құмарлардың бос өмірін сипаттайтын образ. Олардың өмірі – бос жел – бұл ақынның айқын қорытындысы. Осылайша көп қырлы метафора өмірдің осындай типін ирониялық түрде сипаттайды, сонымен қатар осындай мінез-құлықтың нәтижесін анықтайды.

Сұм нәпсі тіркесі арқылы өзінің ой-тұжырымдарын күшейтеді, экспрессияға дейін жеткізеді. Бұл экспрессивті бірліктің көмегімен ақын өз объектісіне деген сын-ескертулерін күшейте түседі. *Сұм* сөзі өте шамадан тыс анықтама, өте жағымсыз, жиіркенішті. Өйткені адамдар көбінесе дене құмарлықтарына төтеп бере алмай қалады.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар фразасы әрдайым аш, тойымсыз адамдарға тән мінез-құлық пен мінез-құлқын сипаттайды. *Ез* – қазақтың көне сөзі. Бұл өлеңде Абай поэзиясына тән лейтмотивті сөз қайтадан пайда болады.

Антұрған деген қарапайым бірлік, осы сөз арқылы ақын сатқын, нашар адамды сипаттайды, сөзінен айныған, ант, серттен тайған адамды бейнелейді. Мұндай сөзбен Абай адамның ең төменгі түрлерінің бірін көрсеткен.

Кезеген ит - өлеңнің тағы бір лексемасы, ит секілді ырылдап, басқаларды көре алмай күндейтін адамдар туралы айтады. Бұл турасында халық даналығы былай дейді: ит үреді, керуен көшеді. *Ит* семасы автордың поэтикалық жүйесіндегі барлық жағымсыз маркерлармен жасырын байланыста тұр. Ақынның осындай өлеңдері сопылық паремиология - аллегория мен притчалардан бастау алатын, дидактикалық, насихаттық, өсиеттік ақыл, өсиетке толы. Бұл өлең ирониядан тұнып тұр. Сан ғасырлар бойы сопылық дана, ақылды адамдар әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың барлығына дерлік халықтық дидактика ойлап тапқан. Ал Абайдың дидактикасы ұлттық моралды-этикалық мазмұнға ие.

10.«Ғабидоллаға» өлеңі көлемі жағынан шағын ғана шығарма, реминисценцияға, ассоциацияларға, философемаларға толы. Сондықтан да, табиғат туралы ойлар, осы философиялық аллегорияның арқасында, адам, оның ішкі әлемі турасындағы бейнелі экстраполяцияға айналады, басқа сөзбен айтқанда, бұл пейзажды суреттеме – адам жанының метафорикалық суретін,

картинасын бейнелейді. Мысалға, гүл – бозбала деп салыстырылады. Бұл, әрине, дәстүрлі троп.

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсің өмірдің көбін азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын [157, 254 б].

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын – дәстүрлі метафора, гүл тек қызға қатысты айтылмайды, жасөспірім, жас адамға қатысты қолданылады.

Бәйтерек – дәстүрлі троп, тура мағынасы: саясы мол, биік ағаш. Ауыспалы мағынасы: ақылшы, дана адам, абыройлы, беделді тұлға. Тура мағынасындағы ағаш секілді қасындағыларға сәулесін шашып тұратын адам.

«*Боламынмен*» *жүргенде, болат қайтып* деген жолдарда метафора бар, бойдағы қуат, жалын деген сөздер *болат* бірлігімен берілген. Мәнмәтінде бұл – авторлық метафора, десе де, *болат* сөзі бұрынғы эпикалық метафорикада кездеседі, дегенмен де, мынадай мәнмәтінде бұл бейне басқаша, бірегей, ерекше болып тұр. Бұл метафора – шығармашылық метафорасы, конструктивті. Бұл өлеңде болат метафорасы эстетикалық қызмет атқарып тұр.

Жалын деген сөз адамның ішкі көңіл-күйі, күшті өмірлік қуатын білдіреді: жалын сөніп, жас жүзін басады ажым [157, 254 б]. Аталмыш метафора – дәстүрлі, ол Абайға дейінгі поэзияда бар. Бұл метафора қазақ поэзиясында сан ғасырлар бойы кездеседі. Бұл жолдардың мағыналық күші турасында айтсақ, бұл – терең философиялық шығарма. Ақын керемет афористикалық формада, адам туралы өлең жазып шықты.

11.«Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңі [157, 144 б].

Құрғыр – қазақ және түркі сөздеріндегі ең көне, архаикалық сөз, бәлкім, барлық шығыс тілдеріндегі ең ескі сөздердің бірі болар. Құрғыр – архаизм, субстрат, шын мәнісіне келгенде, жын, пері дегенді білдіреді. Семантикасы жағынан, *қара басқыр* секілді, бұл сөз де демонологиялық қатарға жатады. Бұл белгі имплицитті түрде жын, шайтанмен байланысты. Абай поэтикалық перифраз қолданады, сөзді басқа мағынада қолданып, дәстүрлі фразеологизм тұрғысынан, *көңілім-құрғыр* дегенді қолданады. Бұл еріксіз күрсіну, жанының күйзелісі, ақынның өкініші, менің сорлы жаным деген мағынада жұмсалып тұр.

Бейнет-сусының – қос сөзден құралған, айтарлықтай айқын метафора. Азап, жан қайғы, жапа, бақытсыздық мағынасында қолданылады. Функционалды поэтикалық тұрғыдан, бұл – керемет бейнелі метафра. А.Пушкиннің «Анчар» атты әйгілі өлеңін жадымызға түсірейік. Өлеңде улы ағаш, оның булануы салдарынан аң мен құстардың өлуі баяндалады. Алайда жалғыз жолаушы бұл ағашқа тектен-тек келген жоқ. Неліктен беймаза, тынымсыз жан осы улы затты қалап тұр? Пушкин пен Абай арасында көзге көрінбесе де, айқын байланыс бар. Еске салсақ, Абай Пушкин поэзиясын жақсы білді, оның кейбір шығармаларын аударды.

Махаббат – өмір көркі рас метафорасы.Абайдың ойы бойынша, мұндай махаббат, сезім, ештеңеге қарамастан, өшпейді. Өлгеннен кейін, махаббат тілі

сөніп қалып, ол үнсіз тыныштық сатысына көшеді. *Махаббатсыз дүние бос* – белгілі философеманың констатациясы. Егер адам махаббатсыз өмір сүрсе, бұл – қараңғылық күйі, оның үмітсіз жалғыздығы, бұл адамның жаны қараңғыда өмір кешіп жүр. Ақын өз пікірін нығайта түседі. Махаббатсыз өмір – бұл хайуанның халы. Бұл сөздердің барлығы метафорикалық рухта айтылады.

Доссыз ауыз тұшымас – деп қорытындылайды автор. *Шын дос* – бұл бейнелі сөздің мағынасы менталды мәнінде жатыр. Асылында, ізгі жан иесі, жан дос, рухани жолдас туралы айтылып отыр. Ал мұндай дос табылмайынша, жан тыншымайды. Рухани дос болмаса, бұл өмір тек құр дененің өмір сүруіне арналады. *Доссыз ауыз тұшымас*. Доссыз рухани шөл ешқашан қанбайды, жан рахатын сезінбейді.

Жалпы, Абай өлеңдерінің 25 пайызы діни сипатқа ие. Бұл өлеңде ақынның миссиясы туралы имплицитті түрде айтылады. Абай да, пайғамбар (с.а.у) секілді, халқына діни хабарлама жеткізеді. Халқына қанша шырылдап айтса да, дүниені бәрінен биік қойған надандар, дым түсінбейді. Кең дастархан, билік, байлық, мал – осылардың барлығы білімсіз надандарға бәрінен қымбат. Абай өз миссиясын ағыртушылықта деп біледі. Өлең концептосферасында, шын дос дегені, иманды досты меңзеп отыр, мұндай өлеңнің әрбір сөзінде рухтың көтеріңкілігі, ақынның терең ойлары білінеді. Шын дос, рухани хабаршы болып келетін досқа деген шынайы сезім – махабба білінеді.

12. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896) өлеңі.

Мал метафорасы өлеңнің тақырыбында тұр, ол – материалдық құндылық, байлық мағынасында жұмсалып тұр. Шынтуайтына келгенде, бұл өлең жолдарында инабатсыз адам, бай турасында сөз болады, жақындарына қамқорлық жасамайтын, уайым-қайғыдан жұрдай, өзгеге жаны ашу, аяушылық сезімдерінен мақұрым адам жайлы айтылады. Мұндай пенденің пиғылы мен ниеті дұрыс болмағандықтан, оны өтірік, алдау-арбау, параға сатып алу, жадыгөйлікке итермелейді. Оның бар бос уақыты өз асқазаның толтырумен өтеді, сондықтан мұндай адамның еліне, жұртына берер дәненесі де жоқ. Пайдакүнемдікті ғана ойлайтын адам жеңіл табыс, оңай олжа, арам пайданы ғана көздейді. Метафоралық мағыналарға толы мына шығарма махаббат түрлерінің келесідей екі типі арасында шекара жүргізгендей болады: жануарларға тән, төмен деңгейлі сезім және нағыз адамға тән сүйіспеншілік. Хайуан рухани қобалжу, жан күйзелісі, бір-біріне деген адал сезімнен жұрдай; бір-бірін сыйлау, жақсы көру – сана мен танымның жоғарғы сатысын қажет ететін, өз сүйіктісіне бола құрбан болуға даяр бола алатындай күй, асқақ, биік, еңселі сезім. Бұл жерде Абай, сөз жоқ, адамдардың белгілі бір типін тұспалдап, меңзеп отыр. Бұл адамдар бойын хайуанға тән сезімдер билейді. «Аларында шара жоқ алдамасқа», яғни мұндай адам алдамай тұра алмайды. Бұл тип тек өзі үшін өмір сүреді, тек өз қалтасын толтырумен әлек болады.

Мал жияды мақтанып білдірмекке,
Көзге шұқып, малмен күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,

Сорпа – сумен, сүйекпен сүйдірмекке [157, 237 б].

Шошқа метафорасы – осы өлең жолдарындағы басты метафора болып табылады.Материалдық мүдде мен пайданы көксейтін адам ақылсыз, зердесіз, ашкөз, қомағай, тойымсыз шошқаға ұқсайды, тамақсау болғаны сонша, тек өз асынан басқасын мүлдем көрмейді. Өзі шошқа – жаргон стилистикалы қордан алынған. Бұл метафораның қызметі – тек дүниеқорлық, пайдакүнемдікті көздейтін, байығанның үстіне байысам деп армандайтын әлеуметтік типаждың экспрессивті сипаттамасы.Өзге адамдарды «ит» деп ойлайды.

Ит – осы шумақтағы келесі маңызды метафора, иттерді тамақ және етпен (сорпа, сүйек) алдай салуға болады деп есептейді. «Өзгені ит деп ойлар» деген жолдарда, «ит» семасы – қарапайым тілді метафора. Ол Абай поэзиясында жүйелі түрде қызмет ететін, концептке айналды деп айтсақ та болатын, мысалы, «итжүрек» конструкциясында концепт болып табылады. Осы концепт жағымсыз әлеуметтік жағдайларды бейнелейді және сипаттайды, сонымен бірге, рухани төмен адамдарды меңзейді.

Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке метафорасы –сатылғыштық белгілері, басқаларды сатып алуға мүмкіндік беретін құралдар.Бұл фраза, сөзсіз, метафорикалық тіркес, алдаудың бір түрі, оның ішінде, өз-өзін алдау, яғни саналы, ақылды адам, рефлексияға, өз-өзін жетілдіруге қабілетті адам, менталды құндылықтарды сатқан тәрізді, өз-өзін жұбатумен, өзін-өзі ақтаумен болады.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп,
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда – боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді боғынан жеп [157, 237 б].

«Ақылды деп, арлы деп, ақбейіл деп, мақтамайды ешкімді бұл күнде көп» [157, 237 б] деген өлең жолдарында мынадай ой бар: әдетте, ерікті, жігерлі, қайратты, қуатты адамды, жақсы адамды ешкім қадір тұтпайды. Керісінше, қоғамда тоғышарлық, алыпсатарлық, пайдакүнемдік кең таралған.

Осы күнде мал қайда – боқ ішінде, мұндай қарапайым, тұрмыстық тілге тән *боқ* метафорасы – ақынның маңызды экспрессемасы ретінде ол мынаны хабарлап тұр: *боқ* метафорасы өзінің тура мағынасынан басқа, ақынның боқ дегені көреалмаушылық, іштегі кір. Ақын тағы былай дейді: «алтын алсаң», мұндай адамға алтын, жақсы нәрсе, жақсылық жасасаң да, ол оны да кірге, қоқыс, ласқа айналдырады. Пенделердің ұсақ есепшілдігі мен меркантилдік мүдде жайлы ойларын одан ары қарай өрбітіп, автор келесі бір ойымен бөліседі: мұндай тойымсыз қас надан өзге адамдармен, қоғаммен қарым-қатынасында да сүйкімсіз, ол ешкімді мақтамайды, көтермелемейді, себебі адамдардың жақсы жағы мен құндылықтарын көрмейді. Мұндай надан адамның бар өмірі тек тұтыну мен қолданудан тұратындықтан, жақын арада оның бар байлығы – малы, асқазан мен ішектің ішіндегі нәрсеге айналады. Мұндай пенде-малдың бар ішкі болмысы тек – арам, пасық жаман зат. Кездейсоқ, ойда-жоқта рухани құндылыққа қол жеткізген жағдайда да, ол оны

да жаман нәрсеге айналдырып, тура соны кері қайтарады, оған себеп – оның санасының төмендігі мен тұрмыстық заттарды жоғары бағалауында болып табылады.

Алтын метафорасы – білім, рухани азық, құндылықты білдіретін метафоралық белгі.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?!
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [157, 237 б].

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек фразасы – маңызды қорытынды болып табылады. Жігерлі, батыл, нұрға толы саналы адамды ақын өте жоғары қояды, осы қасиеттер – адам өмірі мән-мағынасы туралы философиялық дискурстың басты компоненттері болып табылады.


Осы сөздер Абайдың концептуалды сатирикалық философиясының моральдық тұжырымдарын айғақтайды. Осы ғибратты өнегелі ойды толық аңғарған адам қоғамға өз еңбегін ұсынғаны жөн, ары мен ұятын сатпай, өзінің жеке еңбегінің жемісін, нәтижесін елге ұсынғаны дұрыс. Бұл мәнмәтінде бәрінен жоғары тұрған үш құндылық бар, олар: адал еңбекке ұмтылыс, жігерленген, рухтанған ақыл-парасат және адамгершілік, қайырымдылыққа толы мейірімді жүрек. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» тіркестері символ мен образ түрінде келгендіктен, оларды жоғары менталды семантикасы бар авторлық метафоралық конструкция ретінде есептеуге болады. Контекстуалды лексика тұрғысынан, бұл үш тіркес Абай концептісінің тұрақты концептілері болып табылады, өлең архитектоникасында, осы үш тіркес жоғарыда нұсқалған метафораларға (*мал, ит, шошқа*) қарама-қарсы қойылған. Осы өлеңде жоғарғы мен төменнің метафоралық антитезалары көрсетілген, олар Абайдың этикалық және әлеуметтік ілімінің негізгі мағыналары, адал еңбек пен ар-ұятты, абыройлы адамның негізгі принципі – иман жатыр.


Көріп отырғанымыздай, Абай дәстүрлі метафораларды орнымен, нақты, тиянақты түрде қолданып отырған. Халық қазынасындағы метафораларды өз өлең жолдарында ұтымды пайдаланған. Зерттеу барысында байғанымыз, Абай, негізінен, өлім мен өмір, мәңгілік, табиғат, дін немесе шариғат, махаббат, табиғат пен дүние, мына өмір мен о дүние, қыздың көркін немесе адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді бейнелеу барысында қолданды. Кейде халықтың қарапайым, тіпті дөрекі сөздеріне ерекше мән-мағына беріп, оларды шығарманың басты бетке ұстар метафораларына айналдырып жібереді. Мысалы, *шошқа туар сөздері; өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар; осы күнде мал қайда, боқ ішінде, алтын алсаң, береді боғынан жеп; өңкей надан антұрған; көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек* тағы басқалары.

Метафораға, әсіресе, поэзияда кездесетін метафораға талдау жасағанда, тек осы аталған троп түрін емес, метафораны мән-мәтінмен бірге қарастырған жөн. Себебі, метафораны түсіну үшін, тұтас мәтінмен бірге талдаған орынды. Сонда ғана метафораның мәні, оның қай ортаға бағытталғаны анықтала түспек.

Мына тарауша Абайдың дәстүрлі метафораларына арналса да, арасында ақынның авторлық метафоралары да кездеседі. Негізінен, дәстүрлі метафоралар көбірек кездесетін өлеңге мән бердік. Өлеңде маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, авторлық метафораны қалдырып кете алмадық.

Сурет 1 – Дәстүрлі метафоралардың тілдік және Абай өлеңдеріндегі қолданысы.





Сурет 2 – Дәстүрлі метафоралардың тілдік және Абай өлеңдеріндегі қолданысы.

2.3 Абайдың авторлық метафораларының мазмұндық сипаты

Абай метафораларының келесі бір топтамасы – авторлық метафоралар деп аталады. Яғни, бұрын-соңды халық ауыз әдебиеті, не жазба әдебиетінде кездеспеген, халықтың қолданысында жоқ бейнелік сөз құралдары. Қазақтың бас ақыны Абай қаламынан талай теңдесі жоқ өлең жолдары біздерге мұра болып қалған. Сол өлеңдерде метафора да бой көтерген. Алдында жасаған зерттеу қорытындысы бойынша, Абай өлеңдерінде дәстүрлі метафоралар саны – 523, авторлық – 524. Демек, өлеңдерінде кездесетін метафоралардың тең жартысы – өзінің төл туындысы. Бұның өзі – ақынның шеберлігін айғақтайды.

Авторлық метафораларды ақын-жазушылар, көркем сөз шеберлері индивидуалды-авторлық метафораларды белгілі бір нақты жағдайға байланысты ойлап табады. Сол метафора – белгілі бір жағдайға әдейілеп шығарылады. Ресейдің тілші-ғалымы Голуб И.Б. авторлық метафоралар жайлы ойы мынадай: «Индивидуалды-авторлық метафоралар өте мәнерлі, сазды, айқын, оларды тудыру, ойлап табу мүмкіндіктері шексіз» [171, с.135].

Лингвист-ғалым И.В.Арнольд авторлық метафора турасында пікірі келесідей: «Индивидуалды-авторлық метафораның құрамына поэтикалық метафора кіреді, ал оның негізін мына төрт компонент құрайды: аналогия, екі жақты қарастыру, сезімтал образ, адам сезінетін сезімдерге ие қылып қою (наделение человеческими чувствами). Аталған төрт компоненттің барлығы әртүрлі мөлшерде қолданылады. Аналогияны тым сөзбе-сөз етіп түсінудің қажеті жоқ, себебі поэтикалық метафора, сонымен бірге, екі нәрсе арасындағы айырмашылықты да көрсете біледі» [80, с. 125].

Поэзияда, өлең жолдарында метафораға жан бітіп, ол – өлеңнің басты тропына айналады. Екі заттың арасындағы ұқсастыққа негізделген метафора жансыз сағатты не болмаса тасты тірілтіп, оны өлеңнің басты орталығына айналдыруға қауқары жеткілікті. Абайдың авторлық метафоралары өмірден алынған. Сол кездегі қазақ жұртына налып, «тіріліңдер, оқу, білім-ғылымға ұмтылыңдар, сан жылдар бойғы ұйқыдан оянар кез келді» деп халқын оқу, ізденімпаздыққа шақырғандығы белгілі. Мысалы, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» *өлеңіндегі ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған мәні оятар* метафоралары – сөзімізге дәлел бола алады. Оның барлығы ақын өлеңдерінен табылады.

Ақынның авторлық метафора кезігетін өлеңдерін талдауға кіріселік.

1. «Алла деген сөз жеңіл» (1896) өлеңі. Күнделікті тіршілікте, тұрмыста Алла деген сөзді айту оңай. Адам бұл сөзді ойланбастан айта салады. Адам баласы бұл сөзді тек айта салмай, бар болмысымен Алладан қорқу, мойынсұну, оған сенуі керек. «Ынталы жүрек, шын көңіл, өзгесі хаққа жол емес»[157, 251б] деп айқындайды ақын.

Жол – Абайдың концептуалды метафорасы, қолданылу жиілігі бойынша, лейтмотивті болып келеді. Сопылық парадигмалар бойынша, бұл –Аллаға қарай ұмтылатын жол. Осылайша, ақын айтып отырған жол – өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тежеу, бақылау, жетілу, тазару жолы, ақыр аяғында, махабба, яғни, Аллаға

деген махаббат, сүйіспеншілік жолы. Бұл жол адамның бар өмірін қажет етеді.

Хақ лексемасы – ақиқат, шындық, яғни Аллаһтың өзі. Сопылардың Аллаға деген жолды қалай түсінгенін еске түсірсек, бұл дегеніміз – рух эволюциясы, өзін-өзі шектеу, рухани танымның жетілуі. Кез-келген сопының жолы 4 деңгейден тұрады: шариғат (Ислам қағидаларын ұстану), тарикат (Аллаға мойынсұну. Тарикат сөзінің мағынасы жол дегенді білдіреді), хакикат (ақиқатты тану), марифат (Алланы жүрекпен тану) [172, с.8]. Тек жалынды жүрек, таза рух, шын көңіл арқасында, шынымен, ақиқатқа ұмтылуға болады, Аллаһты тануға әрекет жасауға болады. Бұл рухани дамуда, эволюцияда, «мен» субектісіне шын ынтасымен, бар жан-дүниесімен әрекет етуі қажет.

Ақыл суаты тіркесі – ақылдың кені дегенді білдіретін авторлық метафора. Абай рухани интеллектті, бәрінен жоғары қояды. Мұндай интеллект – сирек кездесетін құбылыс. Егерде тақуа адам сүйіспеншілік жолымен келе жатса да, жалғыз даналық аздық етеді, жүректен шығатын интуиция да керек. Дін жолындағы сопы, тақуа адамдардың пікірімен ақын толықтай келіседі: Аллаһты адамның шектеулі санасымен танып-білу әсте мүмкін емес. Алллаһтың өзі – мәңгілік. Мәңгілік дегеніміз – ғаламат тәрізді үлкен әлем циклдері. Алайда, Аллаһ Тағала уақыт кеңістігінен де жоғары. Тарикат – діни сипаттамалар тілі, интерпретация тілі, дегенмен де, оның да көмегімен Аллаһты суреттеу мүмкін емес. Ақынның ойынша, Аллаһты тек сезінуге болады [157, 251 б].

2. «Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) атты өлеңі – барлық параметрлері жағынан, Абайдың философиялық лирикасының үлгісі болып табылады. Лирикалық рефлексия нысаны – уақыт, яғни Хронос. Омар Хайям секілді, ақын тіршіліктің тез өтіп кетуі, қарбалас, қамшының сабындай қысқа өмір туралы пікірін ортаға салады. Дүниедегі барлық нәрсе дерлік уақытқа бағынады, мойынсұнады, тұрақты ештеңе жоқ, ешбір нәрсе бір орнында тұрмайды, қазір бар нәрсе де, барлығы да өткеннің еншісінде болып қалады, сол туралы жадымызға үнемі салып тұратын – сағаттың шықылдауы.

Сағат – ұры метафорасы авторлық болып табылады. Сағат лексемасы Абай поэзиясындағы күрделі кластерлі метафора рөлін атқарады, өйткені бұл уақыт образы Абайдың көптеген шығармаларында кездеседі, кері айналмайтын, қайталанбайтын, қайтымсыз қозғалыс. Қайта айналып келмейтін уақыт, ақын санасында рухани критерийге айналады, адам үшін ар-ождан сотының принциптері де осы уақыттан алынады. Адамның бар әрекеті тек уақыт ағыны барысында ғана мән-мағынаға ие болады. Егерде адам осы абсолютті факторды түсіне алмаса және оның әрекеті атүстіртін, адал емес болса, осылайша ол уақыт пен өзінің рухани болмысын алдап-арбауға тырысады, осы кезде уақыт, дәл ұры секілді, адамның бар баға жетпес байлықтарын тартып алуға тырысады. Абай өлеңінде, осы бір ой әлемдік иллюзия метафорасы түрінде, яғни қазақ металексемасы – «*Жалған»* түрінде көрінеді: «Сағаттың өзі ұры шықылдаған, Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған» [157, 241 б]. Болмыстың баянсыздығына алданған адам өмірдің мәнісін де, өмірдің өзін де жоғалтады. Мұндай адам жігерсіз, ықтиярсыз, жансыз затқа айналады, ол тек өмір

ағысымен ғана, әйтеуір тіршілік кешуде. Тіршіліктің қамымен, әйтеуір бір жүрген адам, өз өмірін дұрыстап, саналы түрде сүрмейді, оның бар тіршілігі – амалсыздық, лажсыздық, қатаң шарттылық, механистік режимдегі өмір. Оның еншісінде – өткен өмірді мәңгілік кеткен әлем тәрізді қабылдау, ол өткен өзгертуге келмейді. Енді бұл адам үшін, уақыт жылжымайтындай көрінеді: сағаттар тәуліктей, күндер айлардай, айлар жылдардай, жылдар - дәуірлердей көрінеді. Мұндай кешігудің белгісі болып кәрілік тұр. Сонда, барлығы иллюзия, елес, сағым, яғни «жалған» болып кетсе, мұндай рухани-психологиялық апаттан тек Аллаһ құтқара алады.

Жалғаны жоқ бір Тәңірім, *кеншілік* қыл! [157, 241 б]. Тек Аллаһ иллюзия, сағымнан мүлдем таза, ол уақытқа, кеңістікке тәуелді емес, себебі Аллаһ бәрінен биік, бәрінен пәк, бәрінен жоғары. Аллаһ бар болған, мәңгілік бола бермек. Тәңір – келесі кластерлі ұғым, сонымен бірге бұл Абай поэзиясындағы символ-белгі. Бұл – әрі металексема, әрі діни философема.

3. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (1896) – қоғам мен адам өміріндегі өнер атаулының алар орнына, оның мән-мағынасына арналған, Абайдың бағдарламалық шығармаларының бірі.

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа [157, 242 б] – авторлық метафора. Бұл метафораның екі мағынасы бар, біріншіден, поэзиядағы жанның өзі құс символы түрінде көрінеді, батыста бұл Көк құс немесе Ақ құс ретінде бейнеленсе, шығыста бұл феникс түрінде беріледі. Феникс – ертедегі грек мифологиясында жанып кеткен күлден қайта тірілетін құс. Осылайша, көңіл құсы – адам жанының құсы. Бұл ретте, осы бейнелі қатар –М.Лермонтовтың «Выхожу я один на дорогу» [173, с.356] («Күлімсіреп аспан тұр») [157, 339 б] өлеңімен ассоциативті үндестігін байқауымызға болады. Жан, рух құсының әні – бұл қалықтау, шарықтау, ұшу деген сөз, қалықтау – метафоралық тұрғыда рухани кеңістікпен бірдей болып, онымен біртұтас болады. Ән дегеніміз – қалықтау, қалықтау дегеніміз – ән, екеуі де еліктірер, бойды тітіркендіретін қасиеті бар құбылыстар.

Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің [157, 242 б]. Бұл – еңселі, асқақ, биік авторлық метафора. Еске сала кетсек, Абай өзінің әдеби-эстетикалық стратегиясы ретінде, сопылық ілімнің ізбасары болды. Ал бұл ілім тақуа, әділ, өзгеге қиянаты жоқ – кемел адам туралы айтады.

Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда, музыка, ән, астарлы, имплицитті арнауды толық, рахаттана қабылдаған кезде ғана, ұйқыдағы, шартты түрде айтсақ, өлі жанның оянуы, қайта тірілуі байқалады. *Ләззәт* сөзі – сотерология ғылымының метафорасы десек болады. Сотерология – рухани катарсис, эстетикалық сезім, рухани тазару кезінде адам жанының құтқарылуы. Адам өзін-өзі таныған кезде, керемет күй кешеді. Бұл күйдің ғаламаттығы, кереметтігі зор, терең. Адамның шырқап отырған әні – өзі сезініп отырған әлемнің көлеңкесі іспетті. Адамның нендей өлең айтып отырғанына байланысты, оның қандай күйде екенін білсе болады. Бұл өлеңде қазақ қоғамындағы музыка мен әннің үлкен рөлі ашылады, музыка мен әннің рухани ұйқыда жатқан адамның санасын оята алатын қасиеті

жайлы айтылады: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар».

Ұйықтап жатқан жүрек, ұйқылы рух – Абай поэзиясындағы тұрақты лейтмотивті метафоралар, олар көп ғасыр бойы қазақ қоғамының білім беру, ғылым, тарих, өнеркәсіптен жатырқаушылық, білімсіздік жағдайларын бейнелейді, яғни басыңқы, үстем тұрған сана мен рух ұйқысы. Бұл метафоралар Абай өлеңдерінде, әрі прозасында кездеседі. Дегенмен, ұйқыда жатқан рух, ерекше бір әуен, ән, дауыс естіген сәтте, адам жаны оянып, еңсесі, рухы көтерілуі мүмкін.

Үннің тәтті оралған мәні оятар – ән әуендеріне адам рухы да мейірімділікпен үн қатады. Құдайдың адамға артқан міндетін ұғыну, адамның жер бетіндегі миссиясын еске салар үн, ал адамның миссиясы деп білімге ұмтылу, жақсылық жасау, мейірбандыққа ұмтылу, өз өнерін адам баласына ұсыну, сыйлау деп білеміз. Осы бір ретте, аталған шығарманы А.С.Пушкиннің «Құранға еліктеу» («Подражание Корану») [174, с.120], «Пайғамбар» («Пророк») [174, с.152], өлеңімен салыстырғанымыз орынды болар. Осылайша, Поэзия, Ән, Пайғамбар мен Жеті қабат Көктің дауысы – имплицинтті түрде семантикалық жағынан ұқсайды, олар ғасырлар бойы жалғасқан рухани ұйқыдан адам баласын оянуға шақырады, әрекетсіздік, жалғаусыздық, шарасыздықтан құтылып, қайта тұруына ықпал етеді. Сонда ғана адам жанының қасиетті, киелі құсы оянады.

Сөздің майы – дәстүрлі қазақ метафорасы, би және шешендер риторикасында жиі кездеседі. Дегенмен, Абайдың осы өлеңінде бұл метафора толығымен басқаша ойластырылған және халықты рухани ояту үшін жаңа парадигмада қолданылған.Абай поэзияның философиялық мәнін ашып, астарлы, жасырын мәнді түсінетін, білімқұмар адамдарға күш-жігерін аямай жұмсағанын атап өтеді: «Білімдіден аяман сөздің майын» [157, 243 б].

Концептуалдау, тұжырымдамалау – Абайдың ең маңызды эстетикалық қағидасы болып табылады. Абай поэзиясы – жаңа эстетикалық жүйе, ол шынайы ақындық көріністің құрылымдық көрсеткіштері бойынша да, интровертті психологиялық параметрлер бойынша да толық жүйе болып табылады.Бұл жүйеде интертекстуалдық тұрғыдағы мағыналар мен мотивтердің қанықтылығы мен суггестиясы жүреді, сондықтан троптарға, әсіресе, метафораларға үлкен салмақ түседі.Абайдың концептуалдық, стратегиялық бағдарланған поэтикасында, метафоралар поэтикалық мағыналарды ұйымдастырудың ең маңызды құралы болып табылады.

4. «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» (1889) өлеңі.

Тұлпар мен *тұғыр* лексемалары [157, 132 б] – Абайдың осы өлеңіндегі толық метафоралар. Оның астарында, әртүрлі даму деңгейінде тұрған адамдар, тұлғалар туралы айтылады. Әдетте, Абай қарапайым сөздерден метафора жасайды. Ақын кейбір әлеуметтік топтарды сынамай, оларды түрлі жақтан әшкерелемей қоймады. Масасызданған, ашуға булыққан ақын, кейде долданып, шарасынан шығады. Адамдарды рухани ұйқыдан шығару үшін, ол кейде күшті құралдарды пайдаланады, дөрекілеу сөздік қорын пайдаланады, инертті

адамдарды қатты мұқатады. Абай көшпелі қазақтардың дәстүрлі ойлау жүйесіне икемдеп, өмір бәйгесі туралы метафоралық ұғымды пайдаланады, өзара байланыс жасайды. Сондықтан ол арнайы анималистік семалар болып табылатын тұлпар және тұғыр, яғни жүйрік сәйгүлік пен жұмыс көлігі деген атауларды қолданады. Сонымен қатар, ақынның поэтикалық жүйесінде, тұлпар деген білім адамы, жігерлі, әрекетті кісі, тұғыр – жалқау, жатыпішер, тоғышар, көргенсіз адам.

Күшік ит және *бөрі* лексемалары – концептуалды мағынасы бар толық метафоралар. Мұнда адам қасқырға ұқсайды. Абайдың концептосферасында, жол – жақсы өмір үшін шайқас болып табылады, бұл шайқас, көбінесе, қатыгез болып келеді, себебі адал күрескерді басынан сипап тұрар ешкім жоқ. Қатыгез қасқыр қоршаған жолда адам, еріксізден, қатайып, қаталдана түседі, кейде жыртқыш аң сияқтанады. Бұл жағдайда кейіпкер еріксіз трансформацияға ұшырайды. Ол барлық зұлымдық заңдарын біледі, ол соққыларға соққымен жауап береді. Бір-біріне қарсылас екі адам шайқас алаңында иттерге ұқсайды. Ақынның айтуынша, егер күшіктің жолы бола қалған сәтте, бұл оның құтқарылғанын білдірмейді. Өлеңде Тәңір деген сөз қолданылады. Өлең жолдары біздерге мынаны пайымдайды: егер тіпті Тәңірі кейіпкерді құтқарып қалса да, ол майданның жолында тоқтап қалмайды, мұнда періште болу қиын. Бұл жердегі ақынның айтып отырғаны, ізгі емес, ар-ұяттан жұрдай қызғаншақ адам, бұл кейіпкердің имманентті, яғни шынайы қасиеттері.

Сәйгүлік пен *ат* ассоциялары бірден *күшік ит* пен *бөріге* айналады. Бақталас, күншіл, шауып келе жатқан тұлпардан көз алмай, қызғаныш пен ызаға булығады. Айқындауыш, анықтауыш лексема – «арсаңдап» сөзі, бұл полисемантикалық сөз, ырылдау, әрекет ету, үру, шабу дегенді білдіреді: «Әр жерден-ақ керегеге таңылса да» [157, 132 б]. Бұл фразеологизм ылғида біреудің айтқанын істейтін, барып-кел, шауып-келге жарайтын адамдарды меңзейді. Мұндай адамсыздарсыз да іс тынбайды, бірақ олар үлкен «бәйге» үшін жаратылмаған. Бұл типтің өзіндік бір сипаты бар – әдетте, олар алға шыққан, озық шыққан көшбасшылардың аяғына жармасады. Өздерінен алға шыққан адамды күндеп, жамандап, олар туралы ғайбат айтады. Бәсекелестік, бақталастыққа талпынған кейбір адамдар еш нәрседен тайынбайды, олар Абайдың кезінде де болды, оның да өмірлік жолында кездесті. Олар арыз жазу, сөз жеткізу, сөз тасудың шебері болатын. Арыз жазу да – оңай шару емес, арызды жаза білу керек. Арызқой, арызқұмар, даугерлер орыс стряпчийлеріне барып, соларға арыз жаздыратын.

Психологиялық мағынада, арыз жасу, шағым, сөз тасу – бұл қызғаныштың ең жоғары дәрежесінің көрінісі. «Арызшы орыс – олардың олжаласы» [157, 132 б] – деп жазады ақын, яғни орыс стряпчийі – олардың олжасы. Орыс тілінде 19-шы ғасырда, стряпчий деген жасырын тасталған хатты жазатын сол кездің юристері. Стряпчийлер осындай арызқой адамдарды құшақ жая қарсы алды, Семей қаласында осындай шағымданушылар көбейген сайын, олардың да жағдайы жақсара түсті. Абай өз жалғыздығының себебін анық

көрсетті. Ол қазақтардың жаңа ойлауы мен жаңа ой-өрісі үшін күресте күш-жігерін аямай жұмсады. Ол қазақтардың басқа өркениет үшін күреске енгенін түсінді. Сонымен қатар, бұл ойлай білетін, зерделі, адал адамның интеллектуалды сана-сезімі үшін күрес болды, бұл «иман» деп аталатын ерекше рухани қасиет үшін болған күрес болды. Бұл күрестің ажырамас бөлігі – ерте ме, кеш пе, оның философиялық жоспары әлеуметтік-саяси бағытқа айналды. Адам бүкіл ұжымның, яғни халықтың алдында аянбай күресу туралы шешім қабылдайды. Ақын: «Адамдар, ояныңыздар, ғасырлар бойғы ұйқыны тастаңыздар!» – деп жан айқайын жеткізеді. Осы сәттен бастап, сөзсіз, қоғамдық-саяси бағытқа ұласатын күрес басталады. Осындай тағдырдың кәдімгі қайғылы нәтижелерін жинақтап, әдетте адамдар: «Өз Отанынан Пайғамбар шықпас» дейді. Мұндай көшбасшы, қайталанбас тұлға өз күресін бастаған кезде, әлеуметтік жағынан, ол жалғыз болып қала береді. Осы жалғыздық факторы – ойлаушы адамның, әсіресе ақынның жанын жаралайтын ауыр қасірет, жазылмас дерт.

5.«Көзінен басқа ойы жоқ» (1891) өлеңі.

Бұл өлең Абайдың негізгі, философиялық, ішінде адамгершілік, ізгілік бағдарламасы бар ой-тұжырымын жалғастырады. Авторлық философиялық ойлар ортасында маңызды мағыналық ядро бар, сол ядро айналасында Абайдың поэзиясы мен прозасында дамитын кешенді дискурс, яғни әділ, тақуа адам – кемел адамның ілімі қалыптасты. Абайдың халықтың жай-күйі, озық қазақтар туралы ойлары, жаңа өркениетке және мәдениетке серпіліс жасау қажеттілігі туралы өмір бойғы ойлары, бұл авторлық стратегема айналасында жаңа символдардың, сөздердің, тұжырымдардың қалыптасуы белең алады. Бұл ойшыл ақынның сопылық бағытының көптеген шығармаларынан алынған құнды түсінік. Осы ілім идеяларының ассоциативті көрінісін, ақынның көптеген мәтіндерінде, пейзажды, ироniялық лирикаларында, әлеуметтік, философиялық және махаббат шығармаларында байқаймыз. Ақын өлеңдерінде лексикалық бірліктердің семантикалық қанықтылығы, сондай-ақ троптардың, фразеологиялық бірліктер мен паремиологиялық тіркестер жүйесі арқылы осы ойдың генезисін байқау қиын емес. Сонымен бірге, ақын білімсіз адамдардың мақсатын, яғни құмарлық пен ынтықтық, нәпсінің жетегінде жүруін әжуалайды. Ақынның айтуы бойынша, бұл көбінесе осындай адамдардың басты мақсаты. Бұл өлең жолдарында тілі орамды «жайқан-қайқан» [157, 156 б] деген экспрессема кездеседі, қазақ тіліндегі қос сөзді сөздердің бірі, мағынасы: өзін өте керім көретін, тәкәппар адамның жүрісі, ол асықпай, теңселе басып жүреді.

Желөкпе метафорасы қазақ тілінің идиоматикасында, күшті, қажымайтын, талмайтын аттар, желаяқ, жүйрік, ұшқыр, өте төзімді, шыдамды дегенді білдіреді. Бұл қазақ ұлттық тілінен алынған сөз, алайда адамға қатысты біраз жағымсыз мағынада қолданылады.

Иемнің әділ пендесі тіркесінде мұсылман діни лексикасынан алынған сипатты сөз – «пенде» сөзі бар. Абай тілі сөздігіндегі мағынасы: «адамзат, жан

иесі» [175, 423 б]. Күнәларына мәңгі өкінетіндей көрінетін діншіл адамды ироникалық түрде сипаттайды. Бұл кейіпкер өз өмірінің мінез-құлқын немесе жүріс-тұрысын өзгертуге тырыспайды.

Жүректің көзі метафорасы – метасемантикалық мазмұны бар айқын метафора, авторлық метафора. Бұл метафора философиялық тұрғыдан тұжырымдалған, бұл – Абайдың бірқатар шығармаларындағы лейтмотив. Бұл әртүрлі семантикалық қырлары мен семантикалық вариациялары бар терең мағынасы бар образ. Абайдың әртүрлі өлеңдерінде кездесіп, шығармаларында маңызды рөл атқарады. Бұл метафораны ақын түрлі компоненттердің құрылысы арқылы жасады, осылайша жаңа образ *жүректің көзі* пайда болады.

Хақтықтың түсер сәулесі метафорасы үлкен мәнді меңзейді. *Хақтық* тұжырымдамасы - бұл шындық пен әділдік мағынасында жұмсалып тұр. Бұл сөз жоғары білімді, даналықты білдіреді.Бұл өлеңдегі *Сәуле* лексемасы – ол да жүйелі метафора, өйткені ақын рухани сәуле, жарық, яғни нұр туралы айтып отыр.

Іштегі кірді қашырса – сол концептосфераның мағынасын білдіруші жүйелі метафора, авторлық метафора. Бұл сөздер адамның рухани, ақыл-парасатсыздығын, терең білместігінен, сенімнің жоқтығынан, оның рухани, менталды кір екенін білдіреді. Саналы адам ғылыммен шұғылдануы керек, білім іздеумен, Аллаһты танумен уақытын өткізуі керек. Ақынның пікірінше, білімсіз, зұлматтар тек пайдакүнемдік, ұсақ есепшілдік мақсаттарға баса назар аударады.

Адамның хикмет кеудесі – адамның рухани жүрекке, білімге, тазалыққа ұмтылуы. Хикмет концептісінің көп мағынасы бар, бұл ең бастысы, адамның рухани, астралды күйі, пенденің дін жолындағы шыңдалуы. Егер кейіпкер өз жанын күнә мен надандықтан тазартса, оның өмірі де өзгереді. Хикмет – сопылық экзегетикамен тығыз байланысты діни метафора.

Қараңғылық пердесі – бұл метафора кейіпкердің рухани көзқарасын қамтитын немқұрайлылықтың өршуі туралы айтады. Бұл сурет – семантикалық қырынан әдейі белсендірілген, дәстүрлі емес, нақты әлеуметтік және рухани мағынада толтырылған анық авторлық метафора. Бұл метафора надандардың хал-жағдайларын сипаттау үшін пайдаланылған, метафизикалық тұрғыдағы надандықтың жай-күйі, ешбір сыртқы әлемді сезінбейтін адамның сана-сезімі, өлгеннен кейінгі өмірдің барына да, тән өлсе де, жан өлмейтінге де, мәңгіліктің барын да, Алланың барына да сенбейтін және оны сезінбейтін адам.Мұндай пенденің өмірінің мағынасы – жақсы тамақтану, көңіл көтеру, мұндай жандар ғылым мен өнер адамдарын жек көреді.

Малқұмар көңілі – бек соқыр тіркесі арқылы ақын метафоралық тұрғыда тек байлықты, малды көбейтуді ғана ойлайтын адамды сипаттайды. *Көңілі бек соқыр* – тек материалдық дүниені ғана көретін, түйсігі терең ұйқыда жатқан адамды бейнелейді. Бұл метафора мазмұны жағынан да, формасы жағынан да, шығармашылық түрде қайта ойластырылған, авторлық метафора болып табылады. Бұл метафора ассоциативті түрде ақынның кемел адам турасындағы

іліммен тығыз байланысты, жағымсыз адамдар типін суреттеумен байланысты. Ақынның пікірінше, мұндай адамдар санасыз хайуандардан аса ерекшеленбейді.

Жүректе айна жоқ болса – бұл бейнелі қатар авторлық метафораны қамтиды, шынына келгенде, бұл маңызды метаконцепт немесе кемел адам іліміндегі елеулі категория. Түсіндіруді талап ететін көптеген жасырын мағыналары бар. Қиындықтармен күресіп, өз-өзімен жұмыс істейтін, сынақ пен қателіктер арқылы шыңдалатын, уақыт өте келе, сыртқы жағынан, бақылай отырып өз-өзіне қарап, өз бетімен жұмыс істеуге, кемшіліктерді түсінуге қабілеті бар адам. Ақынның айтуы бойынша, адамның жеке бас проблемасынан шығып, өз-өзін өзге тұлға деп қабылдау, өз-өзіне сырттай баға беру – үлкен қабілет, тамаша қасиет. Абай лирикасының типикалық кейіпкерінде әзірше бұл қасиет жоқ. Ол үшін ерекше сана қажет. Бұл туралы сопылық ілімнің ұлы ойшылдары аль Ғазали, Ибн Араби көп жазған болатын. «Тыңдағыш қанша көп болса, сөз ұғарлық кем кісі» [157, 156 б] деп Абай афоризммен біздерге хабар береді. Абай поэзиясы таңдамалы оқырмандарға арналған, бұл поэзияның тереңде жасырылған кодтары мен белгілері сансыз.

6. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1896) өлеңі. Абай жағымпаздыққа, өтірікке, жарамсақтыққа түбегейлі қарсы болды. Ол жауапты лауазымдарда қызмет еткен адамдарға, болыстарға, билерге осы өлеңін арнады. Ащы ақиқат тәтті өтіріктен әлдеқайда жақсы, бұл ойлай алатын адамды құлдыраудан құтқарып қалатын дәрі іспеттес. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегін мен ақылың екі жақтап – еңбегін мен ақылың [157, 250 б] – адамды кез-келген тығырықтан алып шығатын екі көмекші. Ақынның сенімі бойынша, еңбек барлығына дәрі, шипа.

Құмарпаз метафорасы аффиксті тәсілмен жасалған, түбірі «құмар» –рақат дегенді білдіреді, бұл оның басты морфологиялық бірлігі, паз – аффикс. Осылайша, ақын ұтымды түрде осы конструкцияны қолданады.

Оңғаққа ерме! дейді ақын. *Оңғақ* авторлық метафорасы – өзгеру, оңу дегенді білдіретін, яғни өз сөзінен айнып қалатын, құбылмалы, өзгергіш, тұрақсыз адам. Әдетте, оңу етістігі киімге қатысты қолданылады. Алайда, Абай оңу етістігін заттандырып, оны түрлендіріп, адамға қатысты қолданады. Ондай адамға ерсең, тек алданып қаларсың деп ескертеді ақын.

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде – тұрақты концепт ролін атқарушы, жүйелі лейтмотивті метафора. Сопылардың көзқарасы бойынша, әлем қазынасы, танымы, өткен туралы естелік, барлығы рухани орын – жүректе (кальб) орналасқан. Егерде адам ақ ниеті, пейілі, жүрегінің қалауымен жүрсе, онда алынбайтын қамал жоқ.

Шын асыл лексемасы – метафора, ол сапаның қасиетін еселеу әдісі көмегімен жасалған, дәстүрлі троп. Бұл метафора конструктивті сипатқа ие. Ол сопылық эстетикада бар модельдер бойынша құралған.

7. «Лай суға май бітпес қой өткенде» (1895) өлеңі. *Лай суға май бітпес қой өткенге* [157, 216] – бұл өлең жолдары терең имплицитті ішкі мағыналық

қатпары бар, метафоралық сөз тіркесі.

Лай су тіркесі тек осы дүниенің байлықтарын ғана көздейтін, материалды дүниенің құлы болған адамды сипаттайды. Оның бар ойы – қайтсем байысам, жиғанымды еселетсем. Бұл жердегі *қой* лексемасы барлық заттық игіліктің әмбебап маркеры болып табылады, яғни көшпенді қазақтың бағалы жылжымалы мүлігі. *Май бітпес* лексемасы көпмағыналық мәні бар күрделі метафора, жаңағы лексеманың мағынасы – кез-келген материалдық дүние, жиған-терген байлық уақыт өте келе ізсіз жоғалып кетеді.

Қаскыр жалап тіркесі – белгілі формалар негізінде пайда болған Абайдың айқын метафорасы, көптеген фразеологизмдердің перифразасы, басты компоненті - қасқыр (жыртқыш) семасы. Тіркестің мағынасы – қасқыр тәрізді, жоқ нәрсені, яғни жер сипап қалады.

Көңілдің жайлауы сөзтүземі – талғампаз философиялық дискурсттың керемет стилистикалы сөз тіркесі. Барлық параметрлері жағынан, бұл абсолютті поэтикалық образ, адам жанының, рухының кеңдігі, шексіздігі туралы айтып отыр.

Көңіл сорлы таппаған бір тыянақ – лейтмотивті жүйелі метафора. Ақынның жауап таппай отырған сауалы: әбден қиналған сорлы жан неден жұбаныш тапса екен? «Не еткен қуыс. Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңрі» [157, 216]. Бұны былай түсінген жөн: әлемдегі бірде-бір нәрседен, айналасындағы адамдардан жұбаныш таппаған азалы ақын, Аллаһқа жалбарынады. Ақын үнемі қазақтың Тәңірі деген ескі сөзін қолданады.

Халық деген құрани есім де кездеседі, бұл қасиетті кітапта жазылған Аллаһтың 99 есімінің бірі. Сопылар тілінде бұл металексема Құдай, яғни барлық адамзаттың иесі дегенді білдіреді. Ақынның айтуы бойынша, осы миллиардтаған жандардың барлығы қосылса да, Жоғарғы рухани кеңістікті түсінбейді, оны елестете алмайды. Адам Аллаһты ақылымен түсініп біле алмайды.

Мақұлық – яғни, жетесіз тіршілік иесі деп ақын анықтама беріп отыр. Мақұлық дегені – Аллаһтың құлы. Білімді көздемейтін, тек материалдық санаға батқан адамдарды сипаттағанда, ақын мұндай сөзді қолданып, олардың психологиялық тұрғыдан қараңғы, жыртқыштық күйіне баса назар аударады.

Дәһрі лексемасы көзге бірден түседі, бұл сөз анық парсы тілінен алынған, мағынасы – бәрі бекер, білімсіз пенденің Жоғарғы рухты танып білудегі әрекеті босқа, зая: оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі.

Көңілге шек – адамның санасы, адамның ақыл-ойы, танымдық ойдың шектелгендігі туралы айтылған. Өлеңде адамның ішкі психологиялық күйі туралы айтылып отыр.

Лә мәкан лексемасы – мекенсіз, орынсыз дегенді білдіреді, ля артиклімен келетіндіктен, біз оның араб тілінен алынғанын білеміз. Мұндай типикалық дискурстың нәтижесінде, мынадай сұрақ өзінен-өзі туындайды: Аллаһты ойламай, өмір сүру мүмкін бе? Мына жерде көзге түсетіні – *түп иесі* деген метасемантикалық тіркес. Осы қысқа тіркес барлық тіршілік атаулының иесі

дегенді меңзейді. Аллаһтың 99 есімінің бірі – Аль-Бари, оның қасиеттерінің бірі, дүниедегі бар нәрсенің Жаратушысы дегенді білдіреді, бұл –Аллаһтың синонимикалық есімдерінің бірі. Мұндай максималды концептуалды мағынасы бар сөздер – исламдық діни доктринаның дефинициялары болып табылады. Бұдан түсінетініміз, Абай біздерді саналы түрде өзін-өзі тануға, ғылымға, білімге, Аллаһты тануға шақырып отыр.

Өмір жолы – тар соқпақ деген семантикалық жағынан бізге жақсы таныс фраза, қиын-қыстау кезең, азапты өмір жолын нұсқайды. Ақын оқырманына мойымауға, абыройлы, ұятты болуға, өмірдің сынақтарына сынбауға үндейді, қырағы және зейінді, зерделі және ұқыпты болуды бұйырады.

8. «Жүрегім менің қырық жамау» (1899) өлеңі.

Жүрегім менің – қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден [157, 268 б].

Қырық жамау деген метафоралық конструкцияның мағынасы – өткеннен қалған өкініш, күйініш, шер әсерінен, ақынның жүрегі жамаулы, жарақатқа толы, тыртыққа тұнып тұр. Әлеуметтік ортасы түсінбегендіктен, ақынды жаулары ретінде қабылдағандықтан, жүрегі жалғыздыққа, мұңға толы. Қырық жамау – авторлық метафора. Абайға дейін бұл метафора кездеспейді.

Қиянатшыл дүние конструкциясы – үнемі қауіп-қатер, қорқыныш, үрейге толы алдамшы әлем. Азап көрген пенде, одан әрмен шыдай алмай, құрдымға кетуі мүмкін. Өлең негативті, жағымсыз психологиялық, философиялық мағынаға ие, алайда оны тұтастай пессимистикалық сарында жазылған деуге ауыз бармайды. *Қиянатшыл дүние*, «у» метафорасымен қатар тұр, өмірден түңілген адамның психологиялық қорытындысын символдайды.

Тірек лексемасы – маңызды метафора. Адамға ойға салар қасиеті бар метафора: адам арқа сүйер, тірегі болар не бар бұл ғаламда? Өлеңдегі толық формасы: «Сүйенерге жоқ тірек». Адамдар туралы екені айдан анық. Тірек семасы – қарапайым тілдік қордан құралған авторлық метафора.

Қайғысыздың бәрі – асау конструкциясы – күрделі мағыналы, парадоксалды метафора. Оның базалық негізі – асау сөзі, дәстүрлі эпикалық сөз, алайда эпостарда асау сөзі сәйгүліктермен байланысты келеді. Мына өлеңде, Абай парадоксалды жағдай туралы, қайғысыз, уайымсыз адамдарды сипаттап отыр, күйініш, қайғы не екенін білмегендіктен, олар алаңсыз жүр, сондықтан да олардың жүрегінде мейірім жоқ, сондықтан болар олар қатал келеді. Ал ақынның таңдауы жүрегі жаралы адамға түседі.

Қан жүректі қайғылы–ау метафорасы авторлық болып табылады. Ақын жүрегі сыздап, қиналып жүрген адамды айтып отыр. *Қан жүректі* лексемасы авторлық метафора болып табылады, шынайы мейірбандық, адамгершілік, ықыластылықты, бауырмалдылықты сипаттайтын метафора.

9. «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» (1895) өлеңі.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын [157, 212] – бұл жолдар метафоралық, басқаша айту формасында берілген. Ақын ашығын айтады: қазақтар бос әңгіме, өсек-аянмен, мақсатсыз сөйлесумен көп уақыттарын кетіреді. Қазақ қоғамында

бос сөз, мақтаншылық, даңқойлық атмосферасы үстемдік құрып тұр. *Сөзі ұзын* – Абайдың авторлық метафораларының бірі. Метафора халықтық тіл құралдарынан жасалған. Ұлттық ироникалық немесе сатирикалық дискурс ақынға көп мүмкіндіктер берді. Бұл шығармада 19 ғасырдағы қазақ халқының менталды хал-аһуалына сипаттама берілген.

Ішкі мұз лексемасы – сөзсіз, авторлық метафора. *Жүректің қаныменен ерітуге болмайды ішкі мұзын* деген жолдар күрделі, толыққанды, метафоралық фразаны ұсынады. Байқауымызша, бұл фразаның астарында белгілі қан мен тер фразеологизмі бар. Қан мен тер турасындағы тілдік паремиология. Бұл қайғы, азап шегу, бейнет көру метафорасы. Ақынның пікірінше, мұнымен адам жанындағы мұзды еріту мүмкін емес. Өзінің поэзиясында Абай халықтың ұжымдық портретін жасап шығарады. *Мұз* сөзі арқылы селқостық, немқұрайлылық, қатыгездік, мейірімсіздік, тасбауырлық метафорасын көре аламыз, өз тағдыры мен халықтық істерге араласпайтын немқұралайлы адам көз алдымызға елестейді. Барлық авторлық метафораларда ақынның шығармашылық принципі ерекше байқалады – жаңа эстетика мен троптарды жасау, қазақ халқының жүрегіне жетуге мүмкіндік беретін жаңа көркемдік әдеби әлемді құру.

Сөздің іші лексемасы – көрнекі авторлық метафора, ол қазақ поэтикалық концептологиясында жаңа троп тудырды, яғни астарлы мағынасы бар, жасырын ақпараты бар ішкі менталды деңгей, астарында құпия, сырлы, асыл хабарламасы бар деңгей.

Жол лексемасы жүйелі концептуалды метафора рөлін атқарып тұр. Ол адамның күрес пен қайғы-қасіретке толы болуының, рухани қозғалысы, күресі, өмір жолының символдық мағынасына ие. Ақынның тағы бір айтатыны, «түзу жол» дегені бар, яғни бұл ақиқат пен шындық жолы. Өлең мәнмәтінінде мынадай бір ой бар. Қазақ үшін ең бір ренішті сипаттама, оның әлеуметтік және рулық статусы жайлы хабарлайтын мынадай бір сөз тіркесі бар – «мал баға алмайды». Айта кететін бір жайт, «мал»семасы – ауқымды және кеңмағыналы мәні бар, меңзеліп отырған тек төрт түлік мал емес, кез-келген материалды жиған-терген байлық, жинақ. Абайдың метафоралық мәнмәтінінде мал, яғни материалды дүние, субъект иесіне бұл жалғанда тиесілі емес.

10.«Ауру жүрек ақырын соғады жай» (1898) өлеңі. Минорлық, жабырқау, көңілсіз, мұңды интонациясы бар маңызды өлең. Ол осы өмірдің жүректі ауыртар, қақсатар, сыздатар кездеріне арналған. Абай мәнмәтінінде, *жүрек* семасы – рухани жүректі білдіреді.

Ауру жүрек [157, 266 б] лексемасы, жоғарыда айтылғандай, жүйелі лейтмотив. Азап шегуші жүрек – халқы үшін жаны ауырып, қиналып жүр. Бұл – семантикалы масштабты образ, философиялық мағынасы өте тереңде жатыр. Абайдың көзі шалып, көріп тұрғаны – оны мүлдем қуантпайды.

Ыстық қан лексемасы – белгілі концепт, құмарлық, ынтықтық, алаңдаушылық, толқу, тынышсыздану белгісі, ақынды қынжылтатыны да – осы. Ақын мынадай экспрессема жасайды: «қараңғы саңырау қайғы ойды

жеңген» [157, 266 б]. Бұл – жан көңілсіздігінің, қиналғандығының ең ақтық, өз шегіне жеткен халы. Өмір қызықтарына жан қуанар емес.

Шуылдақ сөзі – керемет авторлық метафора, ол өте ауқымды, ішінде ирониялық мағына бар. Абай арамызда көптеп кездесетін, кең таралған адамдар категориясын меңзеп отыр. Әдетте, олар уақытын бос әурешілікпен, әбігерлікпен өткізеді. М.Ю.Лермонтовтың «Печально гляжу я на наше поколение»[173, с. 299] өлеңін еске алайық.

Осы өлеңдегі *беттің арын* идиомасы – адам арының, абыройының образы. Қазақ халқындағы бет сөзі – рухани астары бар, жоғары мағыналы сөз. *Бетіннең айырылма; Қарауға бет жоқ* және тағы басқа. Мұндай концептосферада *бет* сөзі – адамның рухани, адамгершілік, абырой статусы.

11.«Жастықтың оты жалындап» (1891) өлеңі. Бұл өлеңде ақын жастарға үн қатқан. Абай өзінің жан-жағындағы ақын-жазушыларына (Мағауия, Ақылбай, Шәкәрім) ақыл беріп, бағыт көрсететін, жөн сілтейтін.

Жастықтың оты жалындап [157, 158 б] – басқаша айтқанда, ерекше от, жалын – рухани ұмтылыстың жалынын бейнелейтін метафора. Жалын – бұл арманның серпіні, жастардың шабыты. Бұл кезең іздестіру, армандар үшін ең қолайлы уақыт. Бәрін бастан өткеру керек болған кезең. Ақын осы идеяны ашып, оны дамытуды жалғастыруда. Жастық шақ – өз-өзінді тексеретін уақыт. Бұл уақыт – сынақтар кезеңі, адам жаны әлеуметтік, саяси, ақыл-ой мен сүйіспеншілік иллюзиялармен алданатын кезі.

Айла – бұл ақыл мен қулықтың күрделенген түрі. Астарында, амал, арбау, алдау, әккілік жатыр: *ақылмен тауып айласын* [157, 158 б].

Майдан– жасырын түрде, адамның рухани жалғандықпен, екіжүзділікпен, жалқаулықпен соғысын, яғни адамның өзінің ішкі жауымен күресін меңзейді. Адам мұндай жауларымен үнемі күрес жүргізуі тиіс. Абай концепциясындағы *майдан* сөзі адамның адами, рухани жағынан дамуындағы күресті білдіреді. Ақын жек көрген мына жағымсыз қасиеттермен майданын меңзейді, олар: жалқаулық, енжарлық, немқұрайлылық, надандық, артқа тартушылық және т.б. *Майдан* – бұл эпикалық бейнелі, көркем бірлік, ол түркілік поэзияның көптеген классикалық шығармаларында және фольклорлы мәтіндерде кездеседі. Алайда, Абайдың бұл лексемасы қайта ойластырылып жасалған. Абай бұл лексеманы жаңа мағынамен қайта толтырды, оның моральдық және психологиялық астары бар, өйткені ол адам жанындағы шайқасты білдіреді.

Жалын – ынтықтық, құштарлық оты, жас жігітті құмарлықтың жалыны алдыға сүйреді, бірақ оны тоқтату керек уақыт, тежейтін уақыт жеткен секілді. *Жалын – от* метафорасына метафора-синоним болады, жалын метафорасы бірінші жолдағы метафорамен мағынасы жағынан, функционалдық байланыста тұр.

Кәрі дүние – өте мағыналы образ, мағынасы: ескі әлем – бұл авторлық метафора, тамаша поэтикалық олжа, дәстүрлі *жалған дүние* метафорасының перифраздалған нұсқасы. Ақын, қандай да бір себептермен, троптың бұрынғы канондық формасын пайдаланбайды. Шортанбай, Дулат Бабатайұлы, Машһүр

Жүсіп Көпейұлының шығармаларында бұл фразеологизм жиі қолданысқа түседі, діни дискурсты түзеп, ақырзаманның жақындағанын білдіреді. Абай бұл метафораны әдейі өзгертіп, ұлттық ерекшелікке жақындатады, бұл Абайдың жаңашылдығын көрсетеді. Қарапайым халық үшін түсінікті болатын *кәрі дүние* сияқты сөздері әлдеқайда күштірек, әсерлірек болды.

К*етік* семасының маңызды мағынасы бар. Авторлық конструкция *кәрі дүниенің кетігі* деген күрделі метафораны түзейді, сондықтан перефраздалған формула негізінде жаңа метафора пайда болады.

Құйрығы шаян, беті адам – бұл әдемі авторлық метафора, гротескке ұқсас конструкт. Бұл синкретикалық метафораның өте сирек түрі, екі компоненттен – тұжырымдамалардан тұрады. Конструкция екі семантикалық мағынадан тұрады: *шаян* және *адам*, бейнелер қосылып, жаңа күрделі мағына түзеледі: адам–шаян. Яғни, *адам* – рухани жан иесі, *шаян* болса – жәндік, бунақаяқтылар класына жатады. Осы аспектілердің қосылуы нәтижесінде химера, екі жақты тіршілік иесі қалыптасады және оның жағымсыз жағы бар. Бұл химера қауіпті, шайтани жаратылыс. Ол кәдімгі адамның маскасын, бет-пердесін оп-оңай кие алады. Оның бет-әлпеті тартымды болуы мүмкін, бірақ ішіндегі арамдықтан, зұлымдықтан іші қарайып кеткен. Егер мұндай адам басқа бір пенде жолында кездессе, онда ол тек бақытсыздыққа көрінуі мүмкін.

Қу сөзін алма қолқаға деген жолдарда ескерту бар. *Қу сөзін* лексемасы мұндай адамдардың жасырылған арамдықтарынан, өтірік сөздерінен абай болуға ескертеді. Ақынның айтуынша, мұндай адамдардың дәурені, салтанаты да болатын кез болады:

Сұм-сұрқия, қу заман, – және бұл қауіпті, қулана күлімсіреу заманы. Күрделі метафора жасау үшін, ақын үнемі *қу* семасының семантикасын құбылтады, түрлендіреді. Ақын қайтадан *жалған дүние* метафорасын ауыстырады, өзгертеді, нәтижесінде, *жалған дүние* және *қу дүние* изоморфты мағыналар арасында мағыналық кореспонденцияға әкеледі. Сайып келгенде, *қу заман* образы пайда болады, мағынасы – алдамшы уақыт, бұл метафора *жалған дүние* метафорасының негізінде құралған. Алдамшы әлем адамның ішкі әлемі үшін екі есе қауіпті. Бір қарағанда, сыртынан не болмаса, ол әдемі, гүлденген, жанға жайлы көрінуі мүмкін. Ысылмаған жастар дүниенің сырт келбетіне қарап, алданып қалуы мүмкін, сондықтан ақын мұндай әлемнің мыңдаған қауіп-қатерге толы екенін ескертеді. Содан соң, ол әлемнің құбылмалылығы, тұрақсыздығы туралы ойын дамыта түседі: *Бір нәрсені ұнатса*, – яғни, адам шындап қызықса, бір нәрсемен шұғылданса, ол тоқтамайды, ойланбайды. Уақытында тоқтап, ойлану деген – адамның керемет қасиеті.

Қызбабас – атауыштық конструкция, өте қызықты авторлық метафора, құмар ойындар кезінде өз-өзін тоқтата алмайтын, қызбалыққа салынып, шек, шектеу дегенді білмейтін, өз-өзін доғара алмайтын адамдар.Бұл метафораны авторлық окказионализмдердің қатарына жатқызуға болады.

Ары кеткен алдағыш жолдарында да окказионализм бар, қазіргі қазақ тілінде *алдағыш* деген форма кездеспейді десек болады.

Жас қамыс метафорасының ар жағында жастар деген ұғым тұр, анығырақ айтсақ, жас қыздар жайлы, өлеңнің мәнмәтіні бойынша, *ормасаңшы көктейін* деп келеді. Еске сала кетсек, өткен күндерде қыздарды, әдетте, 14-15 жасында тұрмысқа беретін. Тек қана ескі қазақ өмірін, тұрмысын білетіндер, яғни білімді адамдар, бұл метафораны түсінеді. Егер қазіргі қазақ оқырманы осы өлең жолдарынан кейін өзі, өзінің іс-әрекеті, адамгершілік болмысы жайлы ойлана қалса, демек мұндай қазақтың көкірегі ояу, жүрегі бар, ары бар адам деген сөз.

12. «Адамның кейбір кездері» (1886) өлеңі.

Көк бұлттан ашылса [157, 244 б] фразасы – ақынның күрделі метафорасы екені анық. Бұл шығарма Абайдың бағдарламалық шығармаларының бірі. Оның контекстуалдық жоспары мынаны хабарлап тұр: адам, әдетте, қарбалас, күйбелең тіршілік кешеді, егер ол белгілі бір уақытқа кідірсе, оның санасына өз өмірінің мәні, мағынасы жайлы ойлар келеді, дәл осындай кездері адамның ояну, жандану, сергу, серпілу уақыты келуі мүмкін. Мұндай сәттерде кейіпкердің ойында мәңгілік өмір сүретіндей сезім пайда болады. *Көк бұлт* дегені құдіретті аспанды білдіретін авторлық метафора. Бұл философема бойынша, ерте ме, кеш пе, адам жаны оянып, Аллаһ пен адам арасында байланыс орнайды. Функционалдық тұрғыдан, бұл ақынның концептосферасындағы маңызды метафора.

Сылдырлап өңкей келісім фразасы – ақын ирониялық түрде, кез келген дүниелік ойлар, құр әңгіме, бос әурешілік және психологиялық әбігерлікті сынайды.

Кірлеген жүрек – жүйелі, лейтмотивті метафора, автордың үнемі қолданатын метафорасы, адамның рухани жүрегінің менталды кірленуі (сопылық жүрек – кальб) жайлы айтылады. Алайда, адам жанында көк бұлт, аспан, рухани дүниесі оянса, оның үні естілсе, онда оның жабырқаулы жүрегі тазарады. Сонда пенденің рухани көзі ашылады.

Ұйқыдан көңіл ашар көз тіркесі авторлық болып табылады. *Ұйқы* сөзі – рухани ұйқыны білдіретін, ақын жүйесіндегі тұрақты концепт. Бұл халқының, адамның ғасырлар бойғы рухани ұйқысын меңзейтін концептуалды метафора, ақын халықтың жалқаулығын, енжарлығын, немқұрайлығын, керенаулығын нұсқап отыр. Абайдың *көңіл* сөзі – адам жаны дегенге синоним, оның концептосферасында, көңіл адам рухын, жанын білдіреді. Сана мен рух қосылып, бірлескенде, адамның рухани көзі ашылып, жаны оянады.

Дүние кірі тіркесі әлемдегі жамандық атаулы дегенді білдіреді, жасырын діни семантикасы бар дәстүрлі тіркестің (қолдың кірі) перифразы, символикалық түрде әлемнің шаң-тозаңы, кірі, ластығы. «Ойға сөз салар фразасының келесідей мағынасы бар: адам өз өмірінің басты принциптерін анықтай бастайды.

Қыранша қарап қырымға, яғни бүркіт тәрізді көз тастап, әлемге көз жүгірту, бұл салыстыру аффикс жолымен жасалған. *Қырым* семасы – қазақ классикалық поэзиясының эпикалық метафорасы, ол дүниенің шеті, арман еткен өлке – жерұйық дегенді символдайды, қаһармандық эпостарда кездеседі.

Ортағасырлық қазақтар үшін Қырым мен Сібір– әлемнің ең шеті, дүниенің шетісекілді көрінетін. Қазақ паремиологиясында «ібір-сібір» деген тіркес бар, бұл тіркес сол ескі ойлардың көрінісі.

Надан, зұлым лексемасы –ішкі жау, яғни менталды тұрғыдағы надандықты айтып отыр. Жасырын түрде, ақын ішкі жау – надандық, білімсіздікке шабуыл жасап, онымен күресу жайлы ойымен бөлісіп отыр. Ақынның концептосферасында, ең басты жау – ішкі надан, білімсіз.

Ызалы жүрек, долы қол, ұлы сия, ащы тіл – метафоралық тіркестер авторлық болып табылады.Бұл жердегі *ызалы жүрек* – ашулы адамның ызасы, қаһары деген сөз. Осы тұста А.С.Пушкиннің «Пайғамбар» [173, 153 б]. өлеңімен жасырын реминисценция барын байқаймыз. Пушкиннің мына өлең жолдарын еске алайық: «И вырвал грешный мой язык» [173, 153 б]. Бұлар рухани-психологиялық семантикасы бар метафоралар, ақынның қаруы рөлін атқарып тұр, осы қару арқылы ақын ішкі жауға шабуыл жасамақшы.

Талдауымыз көрсеткендей, Абай поэзиясында 30 немесе 40 мағынасы жағынан терең метафоралық, әмбебап, жан-жақты концепция – бейнелі сөздер белсенді жұмыс істейді. Бұл махаббат, адам, ғылым, білім, шындық, Құдай, әділ, кемел адам, жан/рух, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, үй, әділдік, өтірік, иллюзия, жалған және тағы басқалар сияқты концептілер.

Абай түрлі концептілер бойынша, дәстүрлі метафоралармен қатар, өзінің бірегей авторлық метафораларын оқырманға ұсынды. Бір ғана адам бойындағы мінез-құлықты сипаттайтын авторлық метафораларының өзін, жасалу жолдарына қарай, мынадай топтарға бөлуді жөн санадық. Абайдың авторлық метафораларын қарастыру барысында, мынадай қорытындыларға келдік.

I. Біріншіден, ақын қазақ тілі қорында бар сөздерді өзгертіп, әсіресе, сөз табы бойынша етістік сөздерге, қазақ тілінде бар белгілі жұрнақтардың көмегімен (мысалы, *ман, паз, шыл, ғыш* т.б), түбегейлі жаңа метафора жасайды. Бұл авторлық метафоралардың барлығы адам бойындағы жағымсыз қасиеттер, мінез-құлқын сипаттауға арналған. Абайдың осы категория бойынша авторлық метафораларына көз тігелік.

1) *Алярман* метафорасы қаламгердің «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» (1886) бой көтерді. Шабарман, аларман деген *ман* жұрнақты сөздер қазақ тілінде бұрыннан бар, олар негізі ат, бәйгеге қатысты қолданылады. Абай тілімізде бұрын болмаған «аларман» сөзін, тілдік қорға қосты. Жоғарыда аталған сөздіктегі мағынасы келесідей: «алушы» [175, 37 б].Орыс тілінде хапнуть (брать, присваивать незаконным образом) деген етістік бар, одан туындайтын зат есім – хапун, хапуга сөзімен бара-бар. Абайдың аларманы орысшадағы хапунның дәл өзі. «*Ман*» жұрнақты тілімізге енгеніне көп бола қоймаған оралман сөзі бар. Жалпы, «ман» жұрнақты сөздер тілімізде баршылық, мысалға, оқырман, тыңдарман т.б.

2) *Әсемпаз* метафорасы, аты белгілі боп тұрғандай, «Әсемпаз болма әрнеге» (1894) өлеңінде көрініс табады. Қазақ тілінде өнерпаз, аспаз, жеңімпаз деген сөздердің барлығы аян. Осы сөздерді *паз*» жұрнағын негізге алып, Абай

әсемпаз деген сөз ойлап тапты. Абай тілі сөздігінде жазылғандай, мағынасы: «Әуесқой, көрсе қызар» [175, 82 б]. «*Паз*» жұрнақты тағы бір метафораны Абай өз өлеңінде қолданған, ол – құмарпаз сөзі («Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап»).

3) *Қызшыл* метафорасы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1888) туындысында кездеседі. Сөздікте жазылғандай, мағынасы: «қыз құмар» [175, 340 б]. Орыс тіліндегі «бабник» сөзіне сәйкес. Тілімізде қыз құмар деген сөз бар, алайда қызшыл деген метафораны енгізген Абай. Бұл метафора, білуімізше, тілімізде қазірде қолданылмайды, яғни оны тек осы Абай өлеңінде кездестіре аламыз. Себебі мынада деп ойлаймыз, «бабник» сөзі » дөрекі сөз. «Қызшыл» дегеннің мағынасы түсінікті болса да, «*шыл*» деген жұрнақ оның мағынасын жұмсартып тұр. Ал бұл сөз жағымсыз мән-мағынаға ие болғандықтан, оның мағынасын жұмсартпайтын, «бабник» секілді сөз керек, ол сөз – «қызқұмар», сондықтан Абайдың қызшыл метафорасының тілімізде қолданыста болмауының себебі осында деп түсінеміз.

4) *Қызықшыл* метафорасы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1888) өлеңінен байқалады. Мағынасы: ойын-сауық, той-думан, күлкі, қалжың, ырду-дырдуды ұнататтатын адамды меңзейтін метафора. Қызық деген зат есімнен өрбіп отыр. Бұл метафора да авторлық. Абайға дейін қызықшыл деген метафора кездеспеген. Сөздіктегі анықтамасы: «Қызық құмар, тамашашы» [175, 347 б].

5) *Лапылдақ* метафорасы «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (1886) өлеңінде бар. Сөздік бойынша: «лап бергіш, қызба» [175, 355 б] деген мағына береді. Яғни, көрінген нәрсе, жабысып, от секілді лапылдап, көрсеқызарлықтан іші жанатын адамды сипаттайды. Лапылдау деген етістіктен туындап отыр. Авторлық метафора, Абайға дейін қолданыста ондай сөз болған емес.

6) *Оңғақ* метафорасы ақынның екі өлеңінде кездеседі. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (1886) және «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1897) өлеңдері. Абай тілі сөздігінде бұл метафораға мынадай анықтама берілген: «Оңғақ – оңғыш, өзгергіш» [175, 398 б]. Абайға дейін бұл сөз қолданыста болған жоқ. Әдетте, біздің білуімізше, киім оңып, өзгеріп, түрі нашарлап кетеді, киім-кешекке қатыста етістікті, заттандырып, оны жансыз шүберекке емес, адам баласына қатыста ғып қолданған. Яғни, сөзінен айнығыш, уәдесінде тұрмайтын, тұрақсыз, сенімсіз адамға қатысты болып тұр.

7) *Сұрамсақ* метафорасы «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886) өлеңінде бар бейнелі сөз. Сонымен бірге, сұрамсақ сөзі, ақынның үшінші қара сөзінде кездеседі. Абай бұл метафораны сұрау деген етістікке «*сақ*» жұрнағынан жалғау арқылы сөз жасап отыр. Сөздіктегі берлген анықтамасы: «Тілемсек, емінгіш» [175, 463 б].

8) *Шуылдақ* метафорасы «Сәулең болса кеудеңде» (1888), «Ауру жүрек ақырын соғады жай» (1898) өлеңдерінен алынған. Шулау, шуылдау деген қазақ тіліндегі етістіктен жасалған, «*дақ*» жұрнағы қолдану арқылы етістік заттанып, бұрын болмаған, адам мінезінің бір қырын сипаттауға жұмсалып тұр. Абай

ұсынып отырған шуылдақ сөзінде онсыз да жағымсыз мағына тұнып тұр. Ол аз болғандай, Абай оған қосып мынадай тіркестерді үстемелеп береді: «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел» [157, 111 б] және «Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты, Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген» [157, 266 б]. Абай тілі сөздігінде жазылғаны: «айқайшыл, даушыл» [175, 587 б].

9) *Алдағыш* метафорасы «Жастықтың оты қайдасың», «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңдерінде және Абайдың М.Лермонтавтан аударған «Ал, сенейін, сенейін» өлеңдерінде кездеседі. Қазақ тілінде алдағыш деген сөз қолданылмайды. Қу, арам, алдампаз деген сөздер бар. Алдағыш сөзінің сөздіктегі мағынасы: «тұрақсыз, алдайтын» [175, 38 б].

10) *Қызбабас* метафорасы «Жастықтың оты жалындап» (1891), «Осы қымыз қазаққа» (1901) өлеңдерінде бой көтереді. Сөздіктегі мағынасы: «албырт, желөкпе» [175, 345 б]. Адам бойындағы өрескел қылық, бойындағы мінін сипаттау үшін жасалған авторлық метафора.

II. Қазақ тіліндегі баршамызға таныс сөздерге, қарапайым, күнделікті сөздерге үстеме, өзгеше мағына беріп, оны енді адам бойындағы мінезге қатысты қолданады. Негізгі мағынасында, жансыз нәрселерге жан бітіріп, оны адам баласына байланысты қолданады.

1) *Қиқым* метафорасы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886) өлеңінде кездеседі.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын? [157, 27 б].

Бастапқы мағынасында, қиқым – ұсақ нан, нанның кішкене бөлігі. Абайдың айтпағы, ұсақталған, бір-бірін аңдып қалған адамдарды меңзейді. Абайға дейін қиқым деген сөзді адамға қатысты, бойындағы кемшіліктерге қарсы қолданған ешкім болған жоқ.

2) *Тұлпар* және *тұғыр* метафоралары «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» (1888) өлеңінде кездеседі. Бастапқы мағыналары ат, жылқыға қатысты қолданылды. «Тұлпар – жүйрік ат [175, 520 б], тұғыр – жұмыс көлігі» [175, 519 б] деп жазылған Абай тілі сөздігінде. Бірақ ақынның бұл жерде айтпағы, мүлдем ат турасында емес. Адам бойындағы мінездерге байланысты айтылып отыр.

3) *Кірпіш* метафорасы «Әсемпаз болма әрнеге» (1894) өлеңінде бар бейнелі сөз. Абайдың айтпағы, кәдімгі құрылыс материалдары саналатын бөлшек емес, адам баланың өмірдегі алатын орнын меңзеп отыр.
Сен де бір кірпіш, дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан! [157, 195 б].

4) *Шабан, шардақ және шау* метафоралары «Ішім өлген, сыртым сау» (1889) өлеңіндегі метафоралар тізбегі. Шабан ат деген тіркес бар, мағынасы: баяу жылқы. Шардақ ат жүрмейтін, қырсау жылқы деген ұғымды білдіреді. Шау тартқан фразеологизмнің мағынасы: әзер, әлсіз. Абай жылқыға қатысты сөздерді адам бойындағы мін-кемшіліктерге қатысты етіп қолданып отыр.

5) *Шикі* метафорасы «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» (1892) өлеңінен алынған. Әдетте шикі анықтауыш сөзі нан, тамаққа қатысты қолданылады. Шикі деген айқындауыш сөзді Абай адамға қатысты жұмсап отыр: кімге сенсең, сол шикі [157, 174 б]. Абай тілі сөздігіндегі анықтамасы келесідей: «*Ауыс.*Арам, сенімсіз, күйкі» [175, 584 б].

6) *Ала жылан, аш бақа күпілдіктер* метафоралары «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886) өлеңінде кездеседі. Екіжүзді, мақтаншақ, бөспе адамдарды осы бауырымен жорғалаушы жылан мен қосмекенді бақа секілді көріп отыр.


7) *Кер есек* метафорасы «Білімдіден шыққан сөз» (1889) өлеңіндегі троптардың бірі. Абай қырсықтық, қыңырлық секілді жағымсыз қасиеттерге қатысты қоланып отыр: «Ой, тәңір-айшыл» кер есек, қулық, сұмдық, не өсек» [157, 100 б].

Абай адам бойындағы жағымсыз мінез-құлыққа қатысты көптеген авторлық метафоралар жасады. Іштарлық, көреалмаушылық, парақорлық, жалқаулық, екіжүзділік, көлгірлік, айлакерлік, атаққұмарлық секілді арсыз қасиеттерді сынау мақсатында, ақын осы метафораларды өз өлең жолдарына қосты. Айналасындағы адамдар өзгерсін, ойлансын деген ниетпен жасалған дүние деп ұғамыз.

Осылайша, көріп отырғанымыздай, Абай авторлық метафораларды ойлап табуда өзінің көрегендігі, тапқырлығы, данышпандығын көрсете білді. Бір ғана жүрек сөзіне байланысты қаншама метафора қалдырып кеткен. Осы бір сөз аясындағы метафоралардың мағынасы терең, мәні зор. Абай өлеңдеріндегі жүрек метафоралары: *жас жүрек; жүректің оты; жүрегінде жатады өкпе сызы; қараңғы түнде қапалық, жүректі басты шықпас күн; жылы жүрек; қосылған босаспайды жүрек жігі; жүректің көзі; жүректе айна жоқ болса; сорлы жүрек; ит жүрек; кірленген жүрек; жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде; ынталы жүрек; жүректің ақыл суаты; жүректің ізі; ауру жүрек; жүрегім менің қырық жамау; қу старшын, аш билер, аз жүрегін жалғайды; жылытқан тұла бойды ыстық жүрек; шын жүрек – бір жүрек; жалын жүрек суынбай; ет жүрексіз ерніннің айтпа сөзін; ыстық жүрек; жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас; жүректен қызу-қызба кете қалса; достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі.*

Адамның басты органдарының бірі – жүректі, жүрекпен сезіне білген ақын ғана соншама рет оны өлең жолдарына қосып, қаншама метафоралар ойлап тапқан. Оған себеп – ақынның халқына жаны ашып, жүрегінің ауырғаны. «Жүрегім менің – қырық жамау» деуі де сондықтан.

Сурет 3 –Жүрек сөзіне қатысты Абайдың авторлық метафоралары



2-сурет. Адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сипаттауға арналған Абайдың авторлық метафоралары



1.Теп-тегіс жұрттың бәрі болды *алярман*
2.*Әсемпаз* болма әрнеге
3.*Қызшыл* да, *қызықшыл* да әуре жан ғой
4.*Лапылдақ*, көрсе, қызар нәпсіге ерме.
5.Қызық келсе, қызықпа, *оңғаққа* ерме!
6.*Сұрамсақтар* нәпсісін тыл алмай жүр!
7.Көп *шуылдақ* не табар…
8.Ары кеткен *алдағыш*
9.Құмары сол қызбабас

2.4 Абай метафораларының қызметі

Жоғарыда В.Харченконың метафораларды қызметтік қатыстылығына байланысты 15 түрге бөлгенін көрсеттік. Н.Арутюнова дискурстың қай түрінде кездескеніне байланысты, метафораның да өзіндік қызметі болады деген ой-пікірін келтірдік. Аударматанушы ғалым П.Ньюмарк метафораның негізгі екі қызметін коннотативті және эстетикалық деп бөліп көрсеткенін жаздық. Зерттеу еңбегіміз аударматану тұрғысынан қарастырылады, сондықтан Абай метафораларының қызметін П.Ньюмарк көрсетіп кеткен жіктелім бойынша талдауды жөн санадық. Бұл жіктелім бойынша, метафораның екі түрлі қызметі бар: коннотативті және эстетикалық.

Метафораның коннотативті қызметі деп осы троптың зат, ұғым, құбылысқа сипаттама беруі қасиетін атаймыз. Дерексіз (абстрактылы) және нақты ұғымдарды ашып, толық, жан-жақты сипаттау, ойды айқын жеткізу, суреттеліп отырған заттың сипаттамасын дәлдірек көрсету – осы қызмет түріне жатады.

Метафораның эстетикалық қызметі деп автордың айтылып отырған жағдайға қатысты эмоционалдық қатысын көрсету, оқырманға эстетикалық әсер ету, оның мәтінге деген қызығушылығын ояту, таңдандыру. Сөздің бейнелі формасы адресаттың назарын аудартады, сол арқылы автордың негізгі айтар ойы оқырманға жетеді деп сенеміз.

Абай өлеңдеріндегі метафоралардың қызметтік жіктелімі:

1.коннотативті қызметін атқаратын метафоралар: «Сағат – ұры»; «сәлем – борыш», «сөз – қулық»; «уайым – ер қорғаны»; «ақыл – мизан» (таразы); «жас уақытта көңіл – гүл»; «талай қазақ баласы – көкөрім»; «достық – кәннің (қуат) бірі»; «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»; «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау»; «шомшы – бір керуен»; «дем алысы – үскірік, аяз бен қар»; «кәрі құдаң – қыс»; «бүгінгі дос – ертең жау»; «жүрегі – айна, көңілі – ояу»; «оған ақыл – арам без»; «көңілсіз құлақ – ойға олақ»; «берекелі болса ел – жағасы жайлау ол бір көл, берекесі кеткен ел – суы ашыған батпақ көл»; «көл деп оны кім жайлар, суы құрсын, ол – бір шөл»; «әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»; «ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол»; «барса жардың маңына, ол – қылған дәрім»; «ғашықтық – қиын жол»; «шын жүрек – бір жүрек»; «Тәңрі – қазы, тас таразы»; «серт бұзғанның, біл, орны – шоқ!»; «сіз – қырғауыл жез қанат»; «сіз – жалын шоқ, біз – бір май»; «ит – қор адам болар ма»; «сіз – бір сұңқар шаһбаз»; «біз – қырғауыл, сіз – тұйғын»; «арызшы орыс – олардың олжаласы»; «махаббат – өмір көркі, рас»; «күн – күйеу, жер – қалыңдық»; «ата-анаға көз қуаныш – алдына алған еркесі»; «қайғың – қыс, жүзің – жаз»; «өмір, дүние дегенің – ағып жатқан су екен, жақсы-жаман көргенің – ойлай берсең, у екен»; «мақтау – жел сөз»; «кешегі Оспан – бір бөлек жан, үйі – базар, түзі – той»; «ауқаты бар туғанды – қайырсыз ит деп жаттайды»; «алдың – жалын, артың –мұз», «өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ»; «бәрі алдамшы – саудагер»; «айнымас жүрек, күлкің – бал», жүрек –

теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас және т.б.

Коннотативті қызмет атқарып тұрған метафораға мысал ретінде, «бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» (1896) өлеңіндегі метафораларға назар аударалық. Өлеңнің бар бойында, 19-шы ғасырда да орын алған әдет-ғұрып – қазақ байларының қалыңдықты қалың малмен сатып алу үрдісіне қарсы қарсылық, наразылық білдіру бар. Айта кететін жайт, ерлі-зайыптылар арасындағы жас айырмашылығының едәуір үлкен болуы – сол кездегі қалыпты жағдай. Өлең егде жастағы хан қолындағы жас қыздың тағдырын сюжетті баяндаудан басталады. Қыз бар болмысымен бұл некеге қарсы... Мұндай үмітсіз жағдайды баяндауда, Абай халықтың метафоралық паралеллизміне жүгінеді: «Біреуі – көк балдырған, бірі – құрай, Бір жерге қосылама қыс пенен жаз?»! [157, 240]. Яғни, ақын көрсетіп отырғандай, жаңа түскен келіншек – балғын шөп, шал – құрай, қыз – жас, қарт – қыс, екеуін қосқан болар ма екен?! Халық метафоралары дәл, орынды, тура, нақты, мәнерлі болып келеді, сонымен бірге мұндай бейнелі тіркестері халықтың ескірген, мезгілі өткен дәстүр-жоралғыларына деген пікірін көрсетеді.

2. Эстетикалық қызметін атқаратын метафоралар: «ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, таразы да, қазы да өз бойында»; «жақсы менен жаманды айырмадың, бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың»; «самородный сары алтын, саудасыз берсең, алмайды»; «ит маржанды не қылсын, сәулесі бар жігіттер бір ойланар»; «жайы мәлім шошқаның, түрткенінен жасқанда»; «ойлағаны - айт пен той, ыржаң-қылжаң ит мінез»; «өткен соң базар, қайтқан соң ажар»; «ет жүрек өртенді, от боп жанып, жалын салып ішіме»; «ішіңде ыстық қан жоқ, тас бауыр жар, бол хош аман!», «жастықтың оты, қайдасың, жүректі түртіп қозғамай? »; «кейде өртендім, кейде мұз»; қызыл тілім буынсыз, сөзімде жаз бар шыбынсыз»; «әуелесін, қалқысын, от жалын боп шалқысын; жүректің отын сөндірмес»; «масатыдай құлпырар жердің жүзі; ата-анадай елжірер күннің көзі»; «біріне-бірі қастыққа – қойнына тыққан тастары»; «жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі, іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі»; «жалыны қайтар дененің, үнемі тұрмас осы шақ»; «жалын жүрек суынбай»; «жауға мылтық, досқа ынтық»; «ел тамағын, жұрт азабын, жеке тартқан кетті гүл»; «құрсаған бұлт ашылмай, аспанның жүзі көгермес, үрпейген жүрек басылмай, талапты көңіл елермес»; «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!»; «іштегі ескі жалынды сөндір жаңа қылықпен»; «тәуекелге нар едің, талаппен терең бойлаған» және т.б.;

Эстетикалық қызмет атқарып тұрған метафораларға мысал келтірсек.

1.Сағаттың шықылдағы емес ермек (1896) өлеңіндегі *Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр* [157, 241 б] метафорасы – Абайдың маңызды бейнелі бірлігі. Өмір белгісі дегеніміздің өзі – сағаттың шықылдағы. Және бұл жерде, эмоционалды-бейнелі формада берілген, тіршіліктің маңызды экзистенциясы сезіледі. Расында, сағаттың тырсылын естігенде, өмір ағысын сезінбейміз бе? Осы сағаттың шықылдағы бізді өмір туралы ойландырып, өмірдің күрделі, біздерге түсініксіз, бір қызық құбылыс екенін түсінеміз. Өткен өмір белгісі

метафорасының қызметі – эстетикалық болып табылады.

2. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889) өлеңі, сондағы мына метафоралар эстетикалық қызмет атқарады.

Батырдан барымташы туар даңғой,

Қызшыл да, *қызықшыл* да әуре жан ғой [157, 113 б].

Қызшыл деген қарапайым лексикадан алынған лексема – «қызқұмар» дегенді білдіреді, бұл, сөзсіз, авторлық метафора. Ол тиімді аллитерация үшін жасалған. Қасында дыбыстас, үндес *қызықшыл* деген сөз бар, түк бітірмес жалқау, ойран салып жүрген адам. Күнделікті өмірде, біз бұл сөздерді естимейміз. Демек, Абай жасап отырған екі сөз – неологизм, бұл сөздердің қызметі – эстетикалық, яғни өлеңнің фонетикалық қатарына керек аллитерация жасау үшін жасалған.

Мағынасы терең, сөзі мағыналы Абай метафораларының қызметі көрсетіп кеткен екі қызмет түрінен де көбірек. Зерттеу барысында, Абай өлеңдеріндегі метафоралардың мынадай қызмет атқаратынын байқадық:

1. философиялық қызмет – бейнелі сөз арқылы оқырманға ой тастап, санасын оятып, ойлануына итермелейді. Философиялық қызмет әлемді тану, өмірдің мәнін түсіну, ақиқатқа көз жеткізу, адамның ой-өрісін кеңейту, білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

2.философиялық-эстетикалық қызмет – адамның ойлау қабілетін арттырады, дүниетанымын кеңейтеді, дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Эстетикалық қызмет деп оқушыға әсер етуін айтамыз. Философиялық-эстетикалық қызмет, бір жағынан, көркемдік ықпал етіп, екінші жағынан, ойландыруға септігін тигізеді.

3.философиялық-экспрессивті қызмет – түсініксіз құбылысты ұғындырады, адамды ой жетелеп, соның нәтижесінде, өзіне көптеген сұрақтар қойып, сол сұрақтарға жауап іздеуге талпынады. Эскпрессивті қызмет деп бейнелілікті арттыра түсуін меңзейміз.

4.экспрессивті қызмет – берілген ақпараттың бейнелілігін, мәнерлілігін күшейте түседі.

5.символдық қызмет – жасырын сөз, код, символ астарында үлкен терең ойды білдіреді.

1.Философиялық қызмет.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) өлеңін алайық.

а) «Сағаттың шықылдағы емес ермек» [157, 241 б] – барлық параметрлері жағынан, бұл метафора – авторлық болып табылады, ол өте маңызды философиялық қызмет атқарады, ішінде терең ауқымды мағына жатыр. Осы метафора ішінде маңызды ой шоғырланған, сонымен бірге, мәнді концептуалды мағынасы бар, себебі Абай уақытқа орасан, ауқымды виталды мән берген. Уақыт – адам өмірі сапасының көрсеткіші, оның пайдалы не құр сенделіс өмір болғандығын айғақтайды; адам құр дырдулы өмір кешсе, өмірінің соңында, ол өкінішке келіп тіреледі. Мұндай адам өз миссиясының орындалуына кешігіп келеді. Егер пенде маңызды, мазмұнды өмір сүрсе, позитивті, елге керек жұмыс

жасап, халқына қызмет етсе, онда оның уақыты – құр ермек емес. Сағаттың шықылдағы соғып тұрса да, ол өз мерзімі, өз уақытына үлгеріп жатқандығын біледі. Сағаттың шықылдағы – тағдыршешті мағына символы, уақыт – әлемдік уақыт, сондықтан ақын үшін сағат – оның адамгершілік критерийі, адам өмірінің қорытындысы, нәтижесі бойынша үкім шығаратын сот, ермек деген сөздің астарында осындай үлкен мағына жатыр[176, p.48].

ә) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы өлеңінде көп метафора кездеседі. Осы мәтінде Абайдың мына метафоралық мәтелі өте маңызды: «іші алтын, сырты күміс сөз» [157, 76 б]. Бұл – дәстүрлі тіркес. Бұл тіркес би мен шешендер қолданысында көп болды. Абай осы формулировканы қолданды, десе де оған маңызды мән берді. Абай халқына қаратпа ретінде, қазақтар арасында ұлы ақын шыға ма деген сакраменталды сұрақ қояды. Бұл метафорикалық тіркес философиялық қызмет атқарып тұр, өйткені ақын түсіне білетіндерге, ойлана білетіндерге қарап айтады. Абайдың жазғаны – билердің риториканы, шешен сөзді жақсы көретінін айтты. Сол ортадан шыққан ақындардың көпшілігі, рухани жағынан, білімсіз болып қалды. Абай олардың қоғамдағы ролін көрсетті, олар тек көр-жерді, бейітті, зиратты ұлықтап (хан мен батырлардың өткен дәуірі символы) отырды.

2.Философиялық-эстетикалық қызмет

а) «Жүрегім, нені сезесің» (1900) өлеңі. Ақынның айтуы бойынша, адамдардың көбісі – көзбояушы саудагерлер.

Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі – алдамшы саудагер [157, 272 б].

Алдамшы саудагер деген бейнелі бірлік – әшкерелеуші және саркастикалық сипаттағы толыққанды метафора, бұл метафораның айтпағы, бәрімізге белгілі әлеуметтік тип. Демек, шығармада бұл метафора философиялық-эстетикалық, және экспрессивтік қызметтерді атқарады. Нәтижесінде, біз Абайдың көркем, әрі философиялық жағынан қанық өлеңдерінің бірін көріп тұрмыз.

ә) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін шығармасындағы» (1889) мына бір метафора да философиялық-эстетикалық қызмет атқарады.

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін [157, 113 б] – бұл метафора эстетикалық, философиялық қызметтерді атқарады, ол айқын формаға ие, бұл – дәстүрлі тіркес, қазақтар әлі күнге дейін бұл фразаны қолданады. *Көңілінің көзі* (око души) философемасы – семантикалық, концептуалдық жағынан күшейе түседі. *Көңілдің көзі* – рухани, ішкі көзі бар адам. Абайдың кемел адам туралы ілімінің өте маңызды ұғымы.

3.Философиялық-экспрессивтік қызмет.

«Ұяламын дегені көңіл үшін» (1901) өлеңінде кездесетін *достарың – екі ұшты* метафорасы. Сол кездегі қоғамның типикалық адамдарын, яғни тоғышар, ой өрісі тар, ұсақ мүдделі адамдарды, әлеуметтік күреске бейімі жоқ пенделерді суреттей келе, мынадай афористік сипаттағы қорытындыға келеді (әдетте, Абай поэзиясында афористік сипаттағы қорытынды, түйін бар):

Туысқаның, достарың – бәрі екі ұшты,

Сол себепті досыңнан дұшпан күшті [157, 276 б].

Бұл өлең жолдарының мағынасы мынадай: құбылмалы өмір салдарынан, сенің достарың, жақындарың - екіжүзді және шынайы емес қуақыларға айналады, сол себептен, жауың сенің достарыңнан күштірек болып келеді. Барлық параметрлері жағынан, бұл метафора авторлық, бірегей. Бұл поэтикалық дискурста көкейтесті сипат пен қоғамның менталды ауруға шалдыққанын – инертілігін, шынайы рухани өмір заңдылықтары бойынша өмір сүруді қаламау секілді параметрлерден көре аламыз. Мұның барлығы – Абайдың көркем шығармасындағы барлық мағыналардың динамикалық екендігін растайды.

4.Экспрессивті қызмет

а) «Көлеңке басын ұзартып» (1900) өлеңінде, төртінші шумақтағы

Нені тапсаң, оны тап,

Жарамайды керекке.

Өңкей уды жиып ап,

Себеді сорлы жүрекке» [157, 274 б] деген жолдарда көркем бір метафора көзді шалады, ол метафора – *өңкей у*. Абай поэзиясында бұл жалпы әлеуметтік-психологиялық мағынасы бар лейтмотивті образ. Ақын өзінің өмірлік күресінің барлық адамгершілік-психологиялық қорытындыларын сипаттайды, «мен ішпеген у бар ма?» деуі сондықтан. Осы шумақтағы метафора ерекше формада көрініп тұр, ақынның онсыз да сыздап тұрған жүрегін өмірлік түрлі улар басып тұр. Бұл мәнмәтіндегі метафора авторлық, қазақ поэзиясында ол дәстүрлі сипатқа ие емес. *Өңкей у* метафорасы экспрессивті қызмет атқарып тұр.

ә) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі мына бір бейнелі сөзге назар аударайық.

Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [157, 113 б].

Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар – экспрессивті авторлық метафораны құрайды. Оның мағынасы: таза жүректі, кең пейілді, ақ көңілді жастар. *Тілі орамды жастар* формуласы – айқын авторлық метафора, кемел адам туралы ілімінің концептуалды ауқымды, сыйымды компоненті. Тілі орамды жастар – бұл жаңа сөз, жаңа эстетика мен поэзия жасап шығаратын жас ақындар. Абай сондай мектеп құра білді, оның құрамына мына тұлғалар кірді: Мүрсейіт, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім және т.б. Олар Абайдың айналасында жүрді, онымен араласты.

5.Символдық қызмет.

«Көлеңке басын ұзартып» (1900) туындысының соңғы шумағында, айқын көркем экспрессияны көріп тұрмыз, бұл өлеңде ермен (полынь) деген метафора бар, яғни бидай дәндері шашылған жерде, ермен шықты.

Ермен шықты, ит қылып,

Бидай шашқан егінге [157, 274 б]

Ащы ермен (жусан) – өте тура, ауқымды авторлық метафора, маңызды

ұғым болғандықтан, Абайдың поэтикалық әлемінде ол көп нәрсе білдіреді. Ермен метафорасы символдық қызмет атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, Абай метафоралары – астарлы мағынаға ие бейнелі сөздер, олар түрлі қызмет атқарады. Кейде бір ғана метафора, өн бойына бірнеше қызметтерді жинап алуы мүмкін. Мысалы, философиялық-эстетикалық қызмет. Мұның өзі, Абайды – өз ісінің хас шебер ғып көрсетеді.

Абай өлеңдеріндегі метафоралардың дәстүрлі де, авторлық та түрлері немесе метафораның қай қызмет атқарып тұрғанына қарамастан, Абай өлеңдерінің басты мақсаты халыққа бағытталғаны, халқының ұйқыдан оянып, білімге, оқу-ағарту ісіне ден қойып, алға қарай ұмтылуына үгіттеуі [177, p. 59]. Сөзсіз, Абай өлеңдерінің тақырыптары сан алуан. Махаббат лирикасы, табиғат, дін мәселелері. Бірақ Абайды үнемі алаңдатып отырған мәселе – адам проблемасы, оның ішінде халқының алдыңғы қатарларға қосылып, өткеннің жетегінде жүре бермей, жақсылыққа, білімге қарай ұмтылуы болды. Осы ісі үшін де қасындағылары тарапынан талай түсініспеушілікке кез болса да, ақын өз ісін жалғастыра берді. Ниеті дұрыс емес, іші тар, өзгергісі келмейтін қырсық, бірбеткей адамдарды өз өлеңдерінде аяусыз сынады, масқаралады. Кейде көңілі құлазып, айналасындағы көп адамдардан бір демеу, қолдау таба алмағандықтан, ақынның өкініш, уайымға бой алдырғандығы да белгілі. Ақын өмір бойы, өзі айтпақшы, надандармен (Мыңмен жалғыс алыстым) арпалысты, күресті. Қиналды. Көп өлең жазды. Қара сөздерін қалдырды. Поэмалары тағы бар. Нәтижесінде, қазақ әдебиеті, қазақ тілі жаңа бой сөздермен молықты. Нәтижесінде, артында өшпес мұра боп қалған өлең, туындалары – қазақ халқына мирас боп қалды. Сол кездің қазақтары ақынның айтқанына құлақ түрмесе де, қазіргілердің Абай шығармашылығына ден қойып, кейбірі ақынның өлең жолдарын өмірлік кредо ретінде ұстанатындары да жоқ емес. Кішкене баладан еңкейген қарияға дейін, барлығы – Абайды біледі, өлеңдерін жатқа оқиды. Тіпті адамның өмірінде орын алатын әртүрлі оқиға, жағдайларға байланысты, қазіргілердің көбісі, орнымен Абай өлеңдерін мысалға келтіріп, немесе өлеңдерінен үзінді оқиды. Мысалы, бір адам бақилық болса – Өлсем орным қара жер өлеңі еске түседі, немесе өлең, әнге қатысты әңгіме бола қалса, Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы немесе Құлақтан кіріп бойды алар өлеңінен үзінді оқыла қалады. Желсіз түнде жарық ай немесе Көзімнің қарасы деген өлеңдерсіз бірде-бір отырыс не музыкалық байқау болмайды десек те болады.

Кезінде түсініспеушілікке ие болса да, қазір туған халқы ақынды ұлықтайды, мақтан тұтады, Абай – халқының бетке ұстар ұлы адамы. Ағылшындарда – Шекспир, орыстарда – Пушкин, қазақтарда – Абай. Абайдан кейін де қанша ақын болса да, қазақтың бас ақыны да мәртебелі титул Абайға ғана тән. Мұның барлығы, ақынның көзі тірісіндегі күресі, жанының ауырғаны, ұйқысыз түндерінің босқа өтпегендігін айғақтайды.

2-тарау бойынша тұжырым

1. Ақын метафораларын Қ. Жұмалиев, Б.Хасанов және М.Қожақанова ғылыми еңбектерінде біраз қарастырды. Қ.Жұмалиев Абай өлеңдерінде бар троптардың (теңеу, синекдоха, метонимия, метафора және т.б.) әрқайсысына тоқталса, Б.Хасанов Абайдан басқа, XVIII-XIX ғғ ақындар, сонымен бірге І.Жансүгіров, С.Сейфуллин шығармаларындағы метафораларды қарастырған. М.Қожақанова зерттеу еңбегінің бір тараушасында Абай метафораларының аударылуы туралы сөз қозғайды.

2. Абай халық қазынасындағы дәстүрлі болып кеткен метафораларды үнемі өз өлең жолдарына қосқан. Халықтың паремиология қорында бар метафора, тіркестерді орнымен қолданған. Мысалы, сөздің майы, жердің жүзі, күннің көзі және т.б. Абай, негізінен, өлім мен өмір, мәңгілік, табиғат, дін немесе шариғат, махаббат, табиғат пен дүние, мына өмір мен о дүние, қыздың көркін немесе адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді бейнелеу барысында қолданды.

3. Абай қаламынан туған авторлық метафоралардың жасалу жолдарына қарай екі түрге бөлдік. Біріншіден, ақын қазақ тілі қорында бар сөздерді өзгертіп, әсіресе, сөз табы бойынша етістік сөздерге, қазақ тілінде бар белгілі жұрнақтардың көмегімен (мысалы, ман, паз, шыл т.б) жаңа метафора жасайды. Әсіресе, бұл сөздер адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысын сипаттауға жұмсалады. Мысалы, оңғақ, сұрамсақ, шуылдақ т.б. Екіншіден, сөздік қорда бар сөздерге жаңа үстеме мағына беріп, жаңа метафораға жол береді, атап айтсақ, сен де бір *кірпіш* дүниеге; бас-басына би болған өңкей *қиқым* т.б.

4. Аударматанушы П.Ньюмарк метафораның коннотативті және эстетикалық қызметтерін айтып кеткен. Сол жіктелім бойынша, Абай метафораларын қарастырдық. Алайда, Абай метафораларының қызметі екі түрлі емес, одан да көп. Атап айтқанда, философиялық, философиялық-эстетикалық, философиялық-экспрессивті, экспрессивті және символдық функцияларды қамтиды.

3. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 Абай өлеңдеріндегі метафоралардың орыс тіліндегі аударма нұсқалары: тұпнұсқаға барабарлығы

Ақын шығармаларының алғашқы жарияланған өлеңі – «Жаз» шығармасы. Ол Дала уалаятының 1889 жылғы № 7, 9 санында жарияланған. Одан кейін «Болыс болдым мінекей» өлеңі Дала уалаятының 1889 жылғы № 12 санында оқырмандарға таныс болды. Артынша Сынағандағы аттың сыны (Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ), Бүркітші (Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ/ Қансонарда бүркітші шығады аңға) өлеңдері 1897 жылы басылып шықты. Бұл – Абай өлеңдерінің сол кездегі басылым беттерінде жарияланған нұсқалары. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері». Бірінші басылуы. Бастырған Кәкітай Ысқақұлы» деген атпен 120 беттен тұратын жинақ 1909 жылы жеке кітап болып жарияланды. Кейіннен, Абай өлеңдері көптеп газет беттерінде жариялана бастады. Мәселен, «Әсемпаз болма әрнеге» (Қазақстан, 1911, №3), «Интернатта оқып жүр» (Айқап, 1912, №4), «Интернатта оқып жүр» (Қазақ, 1913, №28), «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (Айқап, 1914, №12) т.б. «Абай термесі» атты Абайдың таңдамалы өлеңдері, Орынбор қаласында 1917 жылы шықты. Жинап бастырған – Самат Әбішұлы Нұржанов. Осылайша 1889 жылдан бастап Абай өлеңдерінің газет беттерінде де, жекелеген кітап түрінде жариялануы жүзеге аса бастады.

Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі алғаш жариялануын «Лето» («Жаз») өлеңінің баспа бетін көруімен байланыстырамыз. Өлеңнің аудармасы А.Е.Алекторовтың «Народная литература киргизов» атты мақаласында «Астраханский Вестник» басылымында 1893 жылдың №1181 санында жария етілді. Одан кейін тек 1914 жылы «Восточный сборник в честь А.Н.Веселовского» кітабында Мәскеу қаласынан шықты. Бұл кітапта Абайдың мына өлеңдері жарияланды: «Желсіз түнде жарық ай» (Аул ночью), «Жаз» (Лето), «Адамның кейбір кездері» (Поэть), «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» (Пожалейте меня). Аудармашылары – М.Рамазанов пен С.Сабатаев.

1915 жылы «О любви. Стихи» деген атаумен, В.Н.Белослюдов пен Н.Кулжанов аударған өлеңдер «Сибирский студент» журналының №3-4 санында жарияланады. 1915 жылдан кейін орысшаға тәржімаланған Абай өлеңдері 1934 жылы қайта басылады:

1. «К потомкам», «Ночью». Аударған – М.Баталов //Сов.Литература Казахстана, 1934, №1, 45-46 беттер.

2. «Весна», «Я мертв». «Язык любви». Аударған – Е.Дальгейль//Лит.Узбекистан, 1935, №3, 112-114 беттер.

3. «Нами пройден томительный путь», «Осень», «Когда удлиняются тени». Аударған – Л.Нечаев пен А.Глоба // Лит.Казахстан, 1935, №2, 2-4 беттер [178, 189-190 б].

Өкінішке орай, Абай өлеңдерінің аудармалары, атап айтқанда, 1893 жылғы №1181 Астраханский Вестник журналындағы Лето өлеңі, 1915 жылы «О любви. Стихи» деген атаумен шыққан өлеңдері, «Сибирский студент» журналының №3-4 санындағы аудармалары, Сов.Литература, 1934 жылғы №1 санындағы аудармалары, 1935 жылғы №3 Лит.Узбекистан, 1935 жылғы №2 санындағы Лит.Казахстанда жарияланған аудармаларының бірі сақталмаса, бірі табылған жоқ.

Қолымызда бары – Мәскеу қаласында 1914 жылы жарияланған, А.Н.Веселовский құрметіне арнайы шығарылған Восточный сборникте баспа бетін көрген Абай аудармалары. «Аул ночью», «Лето», «Пожалейте меня», «Поэть» деген туындыларының тәржімалары бар. Аудармашылары – М.Рамазанов пен С.Сабатаев. Енді талдауларымызға кезек берейік.

Айта кететін бір жайт, бұл аудармалар түпнұсқадағыдай өлең сөзбен тәржімаланған жоқ. Тек баяндау түрінде берілген. Мұның себебін нақты білмейміз, дегенмен, жорамалдауымызша, 1914 жылы орыс тілін жетік меңгерген, әсіресе, өлең сөзді өлеңмен өзге тілге жеткізе алатын аудармашылардың тапшылығынан деп білеміз, не дегенмен сол аудармаларға тоқталайық. Абай өлеңдерінің алғашқы аудармалары болып саналатын осы нұсқалардың тағы бір ерекшелігі – өлеңдер аударылған тіл қазіргі қолданыстағы орыс тілі емес, ескі славян тіліне аударылған. Оған дәлел көп сөздердің аяғына жалғанған «ъ», «ь», «і» әріптері. Әсіресе, мына «і» әрпі қазіргі орыс тілінде мүлдем кездеспейді.

Абай өлеңдерінің аудармаларына арналған тарау тақырыбы – «Изъ стихотворений Кунанбаева. Переводъ съ казакъ-киргизского» деп аталады.

Бірінші өлең – «Жаз. Ол «*Льто*» деп берілген. Сол өлең аудармаларынан үзінді:

I.«Изъ цикла «Четыре времени года». Когда наступаетъ лътомъ время «чидэ»; когда зеленая трава, осока, тюльпаны – въ полномъ цвъту; когда у бурливой рьчки располагается кочевой аулъ; – табунъ ржащихъ лошадей весь утопаетъ въ зелени, лишь шерсть ихъ мелькаетъ изъ-за зеленой травы; кони – жеребцы и кобылы, – наъвшись досыта сочной травы, стоятъ въ въкъ, отмахиваясь отъ назойливыхъ мучъ и ударяя хвостами по водъ, а возлъ нихъ шаловливо скачутъ жеребята; взадъ и впередъ летаютъ утки и гуси... » [179, с. 228-229].

«Чидэ» сөзі, яғни шілде, транслитерация әдісімен аударылған. Осы сөзге мынадай түсіндірме берілген. "Время отъ 20-го июня по 1-е августа; собственно значитъ: въ теченье сорока дней». Перевелъ С.Сабатаевъ [179, с. 228].

Көріп отырғанымыздай, Абайдың 60 жолдан тұратын өлеңі, түгелдей прозамен аударылған. Бұл жолма-жол аударма, бірақ түпнұсқадағы өлең жолдар прозамен аударылған.

II. «Аулъ ночью». («Желсіз түнде жарық ай»)

«Тихая, свътлая ночь. Отраженіе мъсяца дрожитъ на водъ. Около аула глубокій оврагъ, куда шумя, низвергается разлившаяся ръка. Листья густого

лъса шепчутся между собою. Трава затянула поверхность земли и скрыла песокъ. Гора отвъчаетъ ъхомъ на лай собакъ на голоса ночныхъ сторожей. Ты пришла, когда тебъ освободили путь. Напрасно бошься ты бытьзамъченной; то въ холодъ, то въ жаръ бросаетъ тебя, и чуть дышешь ты отъ волненія. Біеніе сердца не даетъ тебъ говоритъ. Ты могла стоять, только опираясь на мою руку, и положила свою голову мнъ на грудъ» [179, с. 229].

5 шумақ не болмаса 20 жолдан тұратын түпнұсқаны Н.Рамазанов бар-жоғы осылайша етіп аударған. Метафоралардың не басқа да троптардың аудармада сақталуы жайлы айтудың қажеті шамалы, себебі, өлең жолдың өзі, тым қарапайымданып, қара сөзбен ғана берілген.

III. «Поэтъ» («Адамның кейбір кездері»)

«Когда у поэта стихаетъ тревога сердца, когда бежественный талаитъ выплываетъ изъ-за тучи, когда божьй день, ликуя, просыпается отъ сна, когда все-въ гармоніи подобно текучей прозрачный водъ родника, когда очерствъвшее сердце, очищается отъ житейской грязи, когда слова, переплетаясь въ гирлянду, готовы вылиться изъ устъ, – тогда поэтъ, опоясавшись, уходитъ весь въ созерцаніе.

Далеко устремивъ свой взоръ, подобно вдохновенному орлу, и освободивъ себяотъ земныхъ заботъ, онъ заговоритъо томъ, что его печалитъ и радуетъ. Встрепенувшись, онъ яростно бросается на обидчиковъ и невеждъ. То, что онъ видитъ и чувствуетъ, онъ отдаетъ на судъ здравого разсудка и справедливости. И все, что подсказываютъ, раздраженное сердце, гнъвная рука, ядовитыя чернила, острый языкъ – выльютъ въ обазы. Не понравится вамъ, - какъ хотите» [179, с. 229].

28 жолдан тұратын өлең жолдары, орыс тілінде қысқарып, тек осындай түрде қалған. Аудармашысы – Н.Рамазанов. Проза тілінде берілген дегені болмаса, сөзбе-сөз не жолма-жол әдісімен аударған қос аудармашы, ақын өленделіндегі басты идеяны беруге талпынған. Дегенмен, өлең мағынасын алмағанда, тіпті түпнұсқадағы тақырып атауы мүлде бұрмаланып кеткен. «Адамның кейбір кездері» өленді орыс тілінде «Поэтъ» болып өзгерген.

IV. «Пожалъйте меня! » («Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма? »)

«Когда я умру, сырая земля покроетъ меня. Языкъ мой превратится въ стыдливую дъвицу, бъдное сердце, пылавшее враждой и любовью, охладъетъ какъ ледъ. Вы будете осуждать меня за недостойных движенья увлекавшагося сердца. Тогда я, бъднякъ, не буду въ состояніи вмъ отвътитъ и всецъло буду въ вашей власти. Но будьте осторожны. Развъ справедливо сжигать вторично душу мою? Въдъ, и такъ уже разъ душа моя была смертельно ранена...Но довольно мнъ обнаруживатъ свои тайные муки: стихи передадутъ ихъ сплетни-камъ народнымъ. Перевелъ Н.Рамазанов» [179, с. 229].

Байқағанымыздай, Абай Құнанбаев өленделінің сақталған, қолда бар, алғашқы аударма нұсқалары орыс тіліне аударылғанымен, олар түпнұсқа тіліндегідей өлең жолдарымен емес, тек баяндау түрінде, негізгі ойды өзге тілде жеткізу мақсатымен аударылған болатын. Түпнұсқа мен аударма мәтіндердің

барабарлығы туралы айту мүмкін емес, екі мәтіннің жазылу стилі екі түрлі. Аударма нұсқа түпнұсқа оқушысына әсер еткендей ықпал етпейді.

Абай өлеңдерін алғаш поэзия түрінде орысшаға аударған Всеволод Рождественский. Бұл аудармалар 1936 жылы «Казахстанское краевое издательство» баспасында жарық көрген, жинақтың атауы – «Абай Кунанбаев. Избранные стихи». Аталмыш жинақта қазақ ақынының 28 өлең туындысы бар, барлығын аударған Вс.Рождественский. Мысалы, «Весна», «Осень», «Зима», «Глаз моих ты зрачок», «Послание юноши к девушке», «Послание девушки к юноше», «Стих – это вождь», «Я стихов не пишу для забав людских» деген аударма өлеңдер басылып шыққан. Вс.Рождественский тәржімалаған бірнеше өлеңнің аудармаларын қарастырайық.

1. «Көзімнің қарасы» (1891) өлеңі. *Көзімнің қарасы* метафорасын *глаз моих ты зрачок* деп береді. Қазақ оқырманы үшін, *көзімнің қарасы* тіркесінің көптеген мағыналық мәні бар, оның синонимдік мағынасы – жүрекке жақын, қымбат, қадірлі. *Глаз моих ты зрачок* деген аудармалық нұсқада метафоралық мағына жоқ, алдымызда тұрған әріпқойлыққа салынған аударма тұр, түпнұсқада бар мағыналық, мәндік тұстары аудармада көрініс таппаған.

Келесі метафоралық бірлік болып табылатын тіркес – *көңілімнің санасы*, аудармашы оны *души огонек* деп аударған. Аудармада тәржамашының өз тарапынан қосқан дүниесіне куә болып тұрмыз, себебі, түпнұсқада от, жалын деген сөздер жоқ. Түпнұсқадағы мағына – жан, көңіл санасы.

Көздің майы – түпнұсқадағы маңызды болып табылатын келесі метафора, ол – дәстүрлі метафора, халықтық тілдік паремиологиядан алынған. Оның мән-мәтіні мынадай:

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын [157, 163 б].

Аудармада осы жолдардың көрініс табуы мынадай:

О тебе мой рассказ,
Слезы льются из глаз [180, с. 14].

Аудармашы ақын өлеңдерін эквиритмикалық аударма арқылы аударуға тырысқанымен, аудармада қалып кеткен тұстары бар. *Слезы льются из глаз – көз майы* метафорасының баламасы емес. Түпнұсқада Абай оқырман назарына 22 төрт жол шумақты ұсынады. Аудармада сақталғаны – тек 19-ы. Үш шумақ өлеңнің аудармада көрінбей, қайда қалып кеткені белгісіз.

Түпнұсқа мәнмәтінінде маңызды роль атқаратын метафора – *жүректе оты жоқ* . Өкінішке орай, дәл осы метафора жоғалып кеткен 3 шумақ жолдың ішінде кетті, аудармашы оны да, тұтастай 3 шумақты да аудармай кеткен.

Келесі назарымызды аудартатын метафора – *аузың бал қызыл гүл*. Ақын арудың ернін бал тамып тұрған гүл көреді. Аудармада ол былайша берілген: *алый рот, как цветок.* Сөзсіз, метафора теңеу арқылы жүзеге асқан. Содан кейін қыз көркін сипаттайтын бірнеше образ кетеді, аударманың дамыту деген тәсілі арқылы іске асқан.

Абайдың келесі метафорасы – *өзгеше біткен гүл*. Яғни, ақын қызды өзгеше гүл деп біледі. Аудармашы бұл метафораны былай аударған: *словно стебель цветка.* Метафора теңеу арқылы берілген, оған дәлел «словно» сөзі. Сонымен бірге, түпнұсқада қыз тұтас бір гүл делінген, аудармада тек гүлдің сабағына теңелген.

Абайдың антитезалық метафорасы: *қайғың – қыс, жүзің – жаз*. Қыздың мұңаюы, қайғыруы *қыс* деп алынса, оның жарқын, нұрлы жүзі – *жаз*. Аудармада біз теңеуге негізделген жүйені көріп тұрмыз: *грусть твоя, как зима, а лицо, как весна.* Әлбетте, аудармашы нақты мағынаны беруге барын салып тұр, бірақ тағы да метафора теңеу арқылы аударылған. Бұл шығарманы бейнелі трансформацияға қарай әкелетін, осы аудармашының тенденциясы секілді.

Иісің гүл аңқыған, нұрың күн шалқыған деген Абайдың келесі бір айқын метафорасы бар. Ақын қызға тамсанғаны соншалық, оны иісі әдемі гүл, күн нұры деп біледі. Аударма болса мынадай: *ты – цветка аромат, очи – солнцем горят.* Бұл, әрине, сирек кездесетін жағдай, себебі аудармашы түпнұсқа метафорасын аударып, оны тәржімада метафора етіп сақтай алған. Метафораның аудармадағы барабарлығы сақталған.

Келесі метафора дәстүрлі болып табылады: *қызыл тіл шыға алмас, мақтаудың шартынан.* Аудармасы мынадай*: мой немеет язык пред красою твоей.* Аудармашы түпнұсқа метафорасының мағынасын беруге тырысқан, бірақ ауқымды метафора мен оның эстетикалық қызметтері аудармада жоқ.

Дәстүрлі формулды метафора болып табылатын бейнелі образ келесі: *сенсің – жан ләззаты, сенсің – тән шәрбаті. Артықша жаратқан Алланың рақматы* [157, 165 б]. Бір шумақ өлеңде 3 метафора бар, осылайша 1 төрт жолда көптеген бейнелі сөздердің кездесуі оқырманға ерекше әсер етеді. Үшінші жоғалған төртшумақтың ішінде, осы ерекше 3 метафора да жойылған, аудармада жоқ олар, метафоралар да жоқ, тұтас бір төртшумақ та аудармада көрінбейді.

Келесі метафора: *көрік –- тәңір дәулеті*. Аудармада метафора аударылмаған, тек осы бейнелі образдың болар-болмас кейпі бар: *ты –- источник услад.* Бұл, сөзсіз, нақты аударма емес. Аударманың барабарлығы туралы мүлдем айтуға келмейді.

Келесі *өртенген жүрек* метафорасын *пылающее сердце* деп аударуға болар еді. Бірақ нәтижесінде, аудармада метафора жоқ, ол аударылмаған.

Абайдың осы өлеңінің түпнұсқасы мен аудармасын салыстыра отырып, мынадай қорытындыға келеміз. Вс.Рождественский түпнұсқа мағынасын мейлінше сақтауға тырысып баққан. Осы уақытқа дейін жеткен Абай өлеңдерінің алғашқы аудармалары болып табылатын 1914 және 1915 жылғы аудармалар өлең түрінде емес, проза тілінде жазылған. Сондықтан Абай өлеңдерін поэзия түрінде аударуға тырысқан аудармашы Вс.Рождественскийдің еңбегін атамасқа болмайды. Дегенмен, айта кететін бір жайт, түпнұсқадағы 22 шумақ аудармада қысқарып, олардың саны тек 19-ға жеткен. Кейде метафоралар тасталып, аударылмай қалып кеткен. 3 рет метафоралар теңеу

тропы арқылы тәржімаланған. Тек бір жерде ғана метафора сақталған (*Иісің гүл аңқыған, нұрың күн шалқыған.* Аудармасы: *ты – цветка аромат, очи – солнцем горят.*). Бірнеше жерде аудармашы өз тарапынан түпнұсқада жоқ сөздер қосқан. Сөзбе-сөз аудармалар және бар.

2. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» (1894) өлеңі. Шығарма тақырыбының өзінде-ақ метафора бар: *ғашықтың тілі – тілсіз тіл* [157, 194 б] .Абайдың айтпағы, махаббат, ғашықтыққа, ең бастысы керек дүние – жүрек. Аудармашы осы бір тіркесті былай деп аударған: *бессловесен язык любви* [180, с. 21]. Түпнұсқа мен аударма арасында мағыналық сәйкестік бар.

Көзбен көр де, ішпен біл метафорасы – Абай лирикасында маңызды, мәнді ой-пікірлердің бірі: көзбен көр, сыртқы пішінге назар аудар және жаныңмен, ішкі түйсігіңмен сезіне біл. Аудармашы бұл ойды былайша деп орысшалаған: *сердце к сердцу взором зови*.Аударма дәлме-дәл аудармалар қатарына жатпаса да, метафоралық тіркестің барабар берілуі деп қабылдағанымыз жөн. Аудармада түпнұсқада өлең жолдар саны сақталған, олардың саны – 8.

3. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887) өлеңі – Абайдың бағдарламалы шығармаларының бірі. Аталған өлең аудармашысы – Вс.Рождественский. Өлең тақырыбы былай деп аударылған: *Стих - это вождь средь слов, ценнейший их убор* [181, с. 54]. Ақын поэзияны – керемет өнер деп қабылдап, оның мағынасын атап көрсетеді, поэзияны түсіну – әркімге беріле беретін қасиет емес, ол тек таңдаулы оқырманға, сөзді сүйе білетін оқушыға тән. Бұл өнер жүрекке жеткенде, рух еркінсіп, бостандыққа шыққандай болады, осы мезетте, ақын өзін жеңіл, әрі емін-еркін, бейне бір әлемнің әміршісі ретінде сезінеді.

Сөз сарасы [157, 75 б] формуласы – толық метафора. Оның астарында, поэзия – ерекше, қайталанбас өнер ретінде беріліп, поэзия квинтэссенциясы бар. Концептіге тиесілі мағыналар жиынтығын құрайтын *сөз сарасы* метафорасын аудармашы жоғалтып алды. Аудармашы былай дейді: *стих – ценнейший их убор.* Осылайша, ол түпнұсқа семантикасынан алыстап кетті. *Сөз сарасы* – сөз құдіреті, көркемдігі, әсері, оның айрықша дуалы, сиқырлы қасиеті, тереңдігі мен кеңдігі, ритуалды поэзия квинтэссенциясы дегенді білдіреді. Абай – сөз шебері болғандықтан, әрине, тіл философиясынан хабардар болды, оны жетік білді, сөздің феноменалдығы мен құдіреті туралы жақсы білді. Сол білгені – осы аталған өлеңде көрініп-ақ тұр.

Абай концептологиясында *Сөз сарасы* - айқын және экспрессивті метафора. Талдауымыз көрсеткендей, аударма түсіндірмелі және еркін болып шыққан. Бұл жерде, осы метафораның эстетикалық қызметінің жоғалғандығын байқаймыз. Сонымен қатар, мәнмәтінде ол экспрессивтік қызметіне ие. Нәтижесінде, маңызды троптың өзі жоқ, және сәйкесінше, оның экспрессивті қызметі де жоқ. Ақынның пайымдауынша, негізінен, қоршаған орта, білімсіз, надан болғандықтан, олар *сөздің* не екенін түсінбейді, түсінуге талпынып, әрекет жасамайды. Ақын *сөзін* халқына жеткізе алмаса, ол оның дәрменсіздігін, әлсіздігін, кейде қабілетінің жоқтығын да растайды. *Ол - ақынның білімсіз*

бишарасы [157, 75 б]. *И слов не бережет ничтожный лишь поэт* [181, с. 54]. Көріп тұрғанымыздай, екінші шумақтың екінші жолының аудармасы - еркін, түсіндірмелі түрлде берілген. Абай ақындардың дәрменсіздігі туралы айтып отыр, Абай сөздерінде әлеуметтік аспекті басым, ал аудармада осы аспект жоқ. Үшінші шумақта Абай өте маңызды және терең мағыналы, яғни сөз бастауы, алдымен, сөз болған, ол сөз – аят, хадис екенін жазады, ал бұл – белгілі құрани-библиялық парадигма. Ақын Құран аят, хадистен тұратынын көрсетеді, Осылайша, Абай сопылық экзегетиканың орнын ерекше қылып көрсетеді. Ақын мынадай сұрақ қояды: «Қисынымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын оны Пайғамбар мен оны Алласы» [157, 75 б]. Демек, олар суггестивті тұрғыдан, олар өте күшті, қуатты формадан құралған. Аудармашы Абай сөзінің мағынасын өзгерткен: «Не стоило б ее к пророку обращать, лишенный разума и бедную стихом» [181, с. 54]. Абай осы өлеңінде, Алланың Пайғамбар (с.а.у.) арқылы адамдарға ақпарат жібергенін, аят, хадис секілді формалар, өте қасиетті, құдіретті болып келетін айтқан. Аудармашының интерпретациясында, бәрі керісінше болып шыққан. Барлық белгілері жағынан, бұл өз тарапынан қосылған бөгде сөздері бар, еркін аударма.*Сөз басы* - деген метафора, яғни бастамалардың басы, Логос, Құдіретті Сөз. Бұл метафора аударылмаған, оның алмастырудың не трансформациялаудың әрекеті де жасалмаған. Осы өлеңдегі екінші маңызды метафора жоғалған және ол аудармада өзгертілмеген, ол мүлдем жоқ. Бұл – осы метафораның діни-философиялық қызметінің жоғалуына әкеп соқтырды. Сәйкесінше, патетика, авторлық интонация жоғалған. Түпнұсқада, біз халыққа арналған ұлы, биік, мәртебелі, нағыз ораторлық, халқына деген литургиялық қаратпа интонациясын сезініп отырмыз.

Ислам практикасында *құтпа* – халыққа арналған, халиф атынан болатын уағыз, насихат, бұл – ресми сөз. Құтпа дегеніміз уағыз, қуатты сөздер жиынтығы, мұндай сөзді дін басылардың ең басты имамы айтады.

Бұл мәнмәтіндегі *зар наласы* формуласы, сөзсіз, метафора. Оның мағынасы – асыл, қадірлі, сырлы тілек, ықылас, ынтызар, талпыныс, арман-тілек, мүдде. Формасы жағынан, құтпа, филигранды, анық, айқын болады, оларды тек дайындығы бар дін мамандары дайындайды. Мұндай сөз сөйлеуде, барлығы сақадай сай, тиянақты, дайын болуы керек. Мұндай мұсылмандық саяси мәдениет ерекшеліктерді, аудармашы түсінген жоқ, сондықтан бұл шумақ мүлдем аударылмаған. Вс.Рождественский төртінші шумақты аудармай, қалдырып кеткен (Ол *зар наласы* метафорасын елемей кеткен. Осы ретте ұлттық шедеврлерге деген еркінсіп кеткеп аудармашының қарым-қатынасы байқалады).

Абайдың мына метафорикалық мәтелі өте маңызды: *іші алтын, сырты күміс сөз* [157, 76 б].

Еркін аударманың арқасында, Абай салған мағына, оның мәнмәтіні жойылады. Ақынның айтпағы, пайғамбарлық деңгейдегі сөз, құдіретті сөз. Аудармашы мүлдем метафора мағынасын түсінген жоқ, сондықтан қаратпаның

литургиялық тұсы, семантикасы, металексикалық көтеріңкілігі, барлығы жоқ болады. Аудармашының метафора-аналогы – ол тек көшірме тәрізді.

Но редко может кто составить звонкий стих,

На вид - серебряный, по сути - золотой [181, с. 54]. Аудармашы калька жасауға тырысып бағады, себебі метафораның ішкі көлемі жоғалған, сондықтан аудармашы жеңіліске ұшырайды. Аударма мәтіндегі метафораның қызметі – формалды. Шын мәнісінде, түпнұсқадағы метафораның функциясы – философиялық.

Көр жерді – метафора. Өткеннің ақындары өтіп кеткен дүниені жырлайтын, олар өткенді көп айтатын, олардың ешқайсысы қазақтарды болашаққа шақырмады, яғни ақындар өткен өмір туралы арналған, олардың бүкіл поэзиясы қазіргіге емес, эпостық өткен-кеткенге бағытталған.Олар зират мүсінін поэзияға айналдырған. Олардың бар поэзиясы қабір үстіндегі ескерткіштерге арналған. Олар иллюзорлықтан бір нәрсе жасамақшы болған. Абай ұстанымының шынайы мәні оның халықтың жағдайы туралы ащы шындығын айтуында болып тұр. Аударма нұсқада *көр жерді өлең қылып* саркастық-ирониялық метафорасы жоқ. Абайда бұл троп – өзіндік, авторлық, бұрын қазақ поэзиясында мұндай метафоралар болмаған, ол мүлдем жаңа, кең, әлеуметтік нақты жолдауы бар. Бұл метафора аудармада берілмеген: «поэты прошлого невежды и глупцы, ничтожны их слова и мысли прост покров» [181, с. 54]. Аудармашыда ақындар мен шешендер қарапайым қарт адамдар болып табылады, мұнда интонациялық төмендеу анық: «коль вспомнить, что за речь была у стариков» [181, с. 54].

Қайыр тілеп – қайыршылықты білдіретін дәстүрлі тіркес, ол халықтың тілдік тұрмысында бұрыннан бері бар, поэтикалық мәнмәтінде бұл тіркес метафораға айналады. *Әр елден өлеңменен қайыр тілеп* жолдарының астарында бұрынғының ақындары сөзді қадірлемегені жайында айтылған, сөзді қайыр тілеу үшін жұмсаған деп кейіп отыр.

Сөз қадірі – сөз құндылығы, оның әлеуметтік мәртебесі. Метафора түсіндірме, сипаттама түрде аударылған, ол дамыту (развитие) деп аталатын аудармалық тәсілмен аударылған, бұл өз кезегінде, лексикалық төмендетуге әкеп соқтырды: *свой вес от этого утратили слова* [181, с. 54].

Тағы бір маңызды өлең жолдары мынадай - *өз елін бай деп мақтап құдай қарғап* [157, 76 б]. Жоғарыда аталған өленедегі ақынсымақтың төмендегені сонша, ол жағымпаздана, екіжүздене өз халқын мақтай жөнелді, мағынасы – Құдай қарғаған жоқ оны, бар болғаны, жанағы ақын өзінің ақын ретіндегі қасиетті, құдіретті борышын сатып кетті. Сондықтан ол шеттетілген және қарғысқа ұшыраған болып шықты. Абайдың пікірінше, сол кездің ақындары өзінің трибуналық борышын сарп етіп, соның әсерінен жолдан тайған, жолдан жаңылған болып шықты. Оның борышы - шындық айту, содан бас тартқандықтан, Құдай да оны қарғады. Ақын қашанда ақиқат, шындық жағында болып, соны ғана айтуы, құптауы керек, Абайдың өзі өмір бойы соны істеп келді, сондықтан оның өміріне төнгендер де, артынан түсіп алып, қудалағандар

да болды. Абайдың ойынша, садақа, нәпақа сұрап, тіленіп жүрген ақындар, ақыр аяғында, қарғыс атылғандар болды, олар өз миссиясын жоғалтып алғандықтан, олардың жоғардан келген, Аллаһ берген ұлы қасиеті де бара-бара жоқ болды. Бұл – ақындарға арналған әлеуметтік-философиялық қаратпа, ақындардың негізгі миссиясы – өз халқына қызмет ету. Түпнұсқаның осындай өте маңызды метафорасын аудармашы жоғалтып алды, сатылғыш, екіжүзді ақындар қарғысқа ұшырағандығы туралы тұсы – аударылмай қалып кеткен. Бұл – осы метафораның әлеуметтік-философиялық қызметінің жоғалып кеткеніне әкеп соқтырды.

Былжырақ сөзі арқылы Абай, алдымызда өткен кезең поэзиясының жағымпаздық пен жарамсақтанушылыққа толы, қоғамдағы байлардың алдында жорғалап жүрген ақындар, олардың сарай поэзиясы ұлықтайтынын көреміз. Абай мұндай ақындардың бос лепірмелі сөздерін кекесіндейді. Инварианты - еркін, түсіндірмелі аударманы құрайды: «казахам кажутся пустыми их стихи, утратившими смысл для суетных забав» [181, с. 54]. Әлеуметтік айқын, қатты тиетін троптар мағыналарын жоғалтып алды, Абайдың ауқымды метафорасы жоқ болды, ол аудармада көрініс таппаған. Сәйкесінше, оның экспрессивтік қызметі, сонымен бірге, әлеуметтік жолдау (адресовка) да жоғалған. Аудармашы *былжырақ* деген сөзді, оның мағынасын да, қызметін де түсінген жоқ.

Тыңдар едің сөзін мыңға балап [157, 76 б] тіркесі. Талдауымыз көрсеткендей, *мың* деген жалпылама-метафораны аудармашы тұтастай қалдырып кеткен. Көп, көптік, көптеген мағынасындағы *мың* авторлық метафора, аудармашыға, бәлкім, түсініксіз болған. Бұл метафораның өз мағыналық реңктері бар. Мысалы, *мың* - көптік, көпшілік дегенді білдіреді, бірақ арасында таңдаулы, ерекше адам жоқ. Сонымен бірге, *мың* - тағдыршешті таңдаудың символикалық образы. Егер мыңнан құралған көпшілік пен жалғыз адамның, тұлғаның қақтығысуы бола қалса, әдетте, бұл жанкешті таңдаулылық. Тағдыр жағынан, Абай өмірі дәл сондай болды. Мұндай құрбандық, жанын елі үшін пида еткен ренессансты тұлғалар ауадай керек, өйткені олардың өмірі - жаңа өмір, өзгеріс әкеледі. Аудармашы өз интерпретациясында, түпнұсқаның семантикалық өрісінен әлдеқайда ауықтып кетті. Аудармада мәнмәтін жоқ, нәтижесінде, Вс.Рожденственский аудармасы еркін болып шықты. *Мың* метафорасы күрделі ассоциацияларды құрағандықтан, аударылған жоқ, нәтижесінде, Абайдың экспрессивтік-бейнелік суретінің бұрмалауына әкеп соқтырды, ал бұл – аудармашының айтарлықтай ұтылғаны. Оның орнына тек мынадай еркін аударма байқалады: *Не находя цены для легковесных слов* [181, с. 54].

Амалдап қарағайды талға жалғап тіркесі – бір-біріне үйлеспейтін, байланыспайтын нәрселерді, жоғарды төменмен байланыстыру, яғни сапалық жағынан келіспейтін элементтерді өзара байланыстыру. *Қарағайды талға жалғап* [119, 72] – идиоматикалық тіркес. Бұл конструкция аударуы қиын не аударуға мүлдем келмейтін конструкция, оны тіпті когнитивті қабылдауға да

оңай емес. Аудармашының тәржімалағаны: *Иные там и тут из кожи лезут вон* [181, с. 54].

Мыңнан біреу тропы – ұйықтап жатқан көпшілік ішінен оянған біреу. Аудармада: *хотя б один из тысячи* [181, с. 55]. Тәржіма дұрыс шыққан.

Жау мұңдалап - метафоралық тіркес. *Жау мұңдалап* тіркесі аударылған жоқ, сәйкесінше, осы метафораның эскпрессивтік қызметі жойылған. Абайда бұл – әлеуметтік жолдау, әңгіме – пасық, ниеті нашар адамдар жайлы, оларға тек жаудың кім екенін көрсетсең болғаны, оны талқандап, олар оны жеп қоюға дайын тұрады. Бұл – жыртқыш адам мен құзғын–адам категориясын сипаттайды. Оларға *қорқау-қасқыр* деген метафора жақсы жарасады. *Өсек пен өтірікті жүндей сабап* жолы – метафоралық тіркесті құрайды, халықтық паремиологиядан алынған, ол әлі күнге дейін қазақтар арасында қолданылады. Тікелей мағынасы: өтірік пен өсекті жақсы айтқаны сонша, ол да жүн сабау секілді, бір кәсіпке айналғандай, осындай адамдар сол жаман харекеттің маманы болып алған. Аудармада ол былайша тәржімаланған: *Злословие и ложь взбивая, словно шерсть* [181, с. 55]. Абай метафорасы теңеу деңгейінде аударылған, бұл трансформациялық аударма десек те болады. Дегенмен, троп мағынасы аудармада берілген.

Осылайша, біз Абай өлеңдерінің ең алғашқы Вс.Рождественский аударған нұсқаларын түпнұсқаларымен салыстыра келе, аудармадағы олқылықтар, атап айтқанда, өлең жолдарды қалдырып кету, өз тарапынан қосу секілділерге қарамастан, мейілінше жақсы аударылған деп ойлаймыз. Себебі, оған дейін аударылған Абай өлеңдері поэзия түрінде емес, сөзбе-сөз түрінде берілген аудармалар еді де, мақсаттары тек түпнұсқа мағынасын өзге тілге баяндап жеткізу болатын. Сондықтан, Вс.Рождественский аудармалары ерекше құнды және біз оны алғашқы жемісті талпыныс, ұмтылыс деп қабылдаймыз.

1981 жылы «Художественная литература» баспасынан Абай өлеңдері жинағы орыс тілінде шықты. Жинаққа мына аудармашылардың тәржімалары енді: Вс.Рождественский, М.Петровых, П.Шубин, Д.Бродский, А.Гатов, А.Штейнберг, М.Зенкевич, П.Карабан, В.Бугачевский, Л.Шифферс, С.Ботвинник, А.Жовтис, Ю.Нейман, Л.Озеров, А.Глоба, М.Касаткина, В.Звягинцева, Л.Нечай, В.Державин, А.Арго, М.Тарловский, К.Липскеров, В.Бугаевский, О.Румер, Л.Пеньковский.

Осы жинаққа енген кей аудармаларды талдап көрелік. Жоғарыда талданған Көзімнің қарасы өлеңін М.Петровых та аударып көрген.

1. «Көзімнің қарасы» (1891) өлеңі. Бірінші шумақта 3 метафора бар – *көзімнің қарасы, көңілімнің санасы, ғашықтың жарасы* [157, 163 б]. Метафоралардың әрқайсысы толықтай ауыспалы мағынаға ие. *Көзімнің қарасы – Ты зрачок глаз моих* деп аударылған, бұл сөзбе-сөз аударма. Аудармашысы – М.Петровых. *Көзімнің қарасы* деген «*айналайын*», «*қалқам*», «*шырағым*» секілді сөздер – дәстүрлі метасемантикасы бар формулалар. Калька тәсілімен аударылған орыс тіліндегі тіркес ондай менталды мағынаға ие емес. Осылайша, аудармашы неологизм ойлап тапты. Орыс тілінде *зеница око* деген тіркес бар.

алайда аудармашы оны қолданған жоқ. Аудармадағы *пламень душ золотых* [181, с. 101] деген тіркес бар, «*золотой*» сөзі қайдан шыққаны белгісіз. Абай өлеңіндегі аналог былай көрінеді: *көңілімнің санасы* – яғни, жанымның санасы, танымы. Ақынның төлнұсқа метафорасы тым еркін аударылған, нәтижесінде, метасемантикалы метафора аудармада жоғалған. Мұндай кемшіліктер, әсіресе, поэзия аудармасына тән болып келеді.

Түпнұсқадағы *Ғашықтың жарасы* – дәстүрлі образ, ол парсы, шығыс поэзиясында кездеседі. Аудармасы: «сердцу мук не избыть, столько глубок шрам от них» [181, с. 101]. *Шрам* семасы лексикалық жағынан да, семантикалық жағынан да түпнұсқаға сай келіп тұрған жоқ. *Көңілімнің санасы* метафорасы аудармада қалдырылып кеткен.

Көз майы – қазақ паремиологиясынан алынған дәстүрлі метафора, ол халықтық тілде әлі күнге дейін қолданыста бар. Өкінішке орай, аудармашы бұл метафорадан көз жазып қалды. Бүкіл мағыналық қатар жойылып, соның салдарынан, бейнелі тіркестің эстетикалық қызметі да аудармада жоқ. Аудармашы «и тоской исхожу» деп жазады. Нәтижесінде, психологиялық халahуалдың коннотациясы бар, десе де, метафора жоқ. Оның орнына, өз тарапына қосқан мына өлең жолы бар – «жемчуг слов дорогих для тебя я нахожу» [181, с. 101]. *Жемчуг слов* – түпнұсқада жоқ метафора. Аудармашының тәсілі айқын: түпнұсқадағы бірегей аударманы, түпнұсқаны түсінбегендіктен аудармау, себебі жұмыс жолма-жол аударма арқылы іске асып отыр. Өтеу (компенсация) әдісі арқылы тәржімаланған, яғни алдында қалдырылып кеткен сөз, тіркестердің орнына басқа сөзжасамдар пайда болады.

Жүректе оты жоқ – жүректе жалын, қайрат болмаса деген мағынада берілген. *Жүрек* – Абай мәнмәтінінде сөз болып тұрған нәрсе: адамның рухани жүрегі, кальб –сопылық герменевтикада бар ұғым, яғни рухани жүрек (сопылар оны - адам кеудесінің дәл ортасында болады деп есептеген). Осы логика бойынша, егер жүректе от болмаса, рухани жалын, жақсы нәрселерге ұмтылу, яғни *ниеті* дұрыс болмаса. онда ол пенде ақылсы болмақ. Аудармашы функционалды маңызды жол болып келетін - *Ақылсыз би болмас* [157, 163 б] фразасын қалдырып кетті. Нәтижесінде, толық метафора ғана емес, сонымен бірге, *жүрек* сөзімен байланысты бірқатар концептілер жоғалған. Бұл – аудармашының түпнұсқаға зейін қоймағандығы, Абай концептосферасын ескермегендігі, діни астары бар сөздерді, тілді білмегендігі салдарынан шығып отыр.

Шын ғашық сый болмас [157, 163 б] – Абайдың айтпағы, шынайы махаббат – ақша, не сауда-саттықтың көзі болмайды. Яғни, ұлы сезімді қорлауға, қадірін кетіруге болмайды. Бұл мәнмәтінде *шын ғашық* лексемасы *жүрек* ұғымымен, яғни рухани жүрекпен байланысты келеді. *Сыр* семасы - құпия дегенді меңзейді. Сондықтан, сыр, құпияны сақтаған жөн. Араб-парсы эгзегетикасын жақсы білген Абай.

Өз оқырмандарына түсінікті болсын деген ниетте, Абай осы кодтар мен ишараны нақтылай түседі, ол былай дейді: *арызымды айтайын, құй болар, күй*

болмас. Яғни ақын былайшы түсіндіреді: егер ұлы махаббатты қорлап, оның профанациясы бола қалған жағдайда, адамдар шынайы махаббатқа қол жеткізе алмайды. Мұндай жағдайда, *күй* семасымен белгіленіп тұрған жағдай, яғни өлең, гармония, екі жан арасындағы үндестік, үйлесім бола қоймас. Басқаша айтқанда, рухани аспектіде инь мен янь -нің үндестігі жайлы болып тұр. Абай әр адамның өзінің рухани серігі, жолдасы, жартысы болатынына сенімді, адам өз жартысын жолықтырған сәтте, олар ауызбіршілік, үйлесім, үндестік табады.

Аудармашы түпнұсқаның парадигматикалық негізін жоғалтып алды. Осы шумақтың метафизикалық мағыналары тұтастай жоғалған. Олардың орынан аудармашы өз тарапынан мынаны қосқан: *косы тьмой, тьмой ночной, над зарей, над рекою* [181, с.101].

Ақ тамақ-тың дәстүрлі фольклорлы троп екені дәлелді қажет етпейді. *Ақ тамақ*– тропына балама болатын орыс тілінде тіркес бар, ол – *лебединая шея*. Алайда аудармашы ақын сөздерін былай деп орысшалайды: Лоб широк, взор глубок [181, с.101]. Неліктен *ақ тамақ* тіркесі *лоб широк* тіркесіне айналғандығы бізге беймәлім.

Қызыл жүз деген сөзтүземді, орыс тіліндегі *румяное лицо* формуласымен аударса болады, себебі фольклорлы клише болатын *красная дева* - бұл сұлулық, денсаулық маркеры. Абай өлеңінде әдемі, көркем динамика бар, ару біресе жүзін көрсетіп, біресі ұяла, қымсына бетін жабады. Аудармашы бұл сценаны проза секілді аударады, Абай морфофоникасы жоқ. Түпнұсқада *к- ж, з - к , г-жз, к - г* деген керемет аллитерация орын алған. Бұл тамаша дыбыстық қатар түзейді. Аудармада, өкінішке орай, бұл дыбыстық қатар мүлдем жоқ. Содан соң *қара көз, имек қас* жолында мынадай аллитерация жалғасын табады: *к-р, к-ж, к-з*.... Аллитерация көмегімен жасалған барлық ассоциативті образдар - қазақ тілінің сингармонизмінің ерекшеліктерін жақсы жеткізеді. Аудармашы осы картинадан бірнәрсе жеткізуге тырысады: *яркий рот - сладкий мед* [181, с.101], былай қарағанда, метафора бар секілді. Нәтижесінде, аудармашы түпнұсқаның метафорасын сақтағандығын көреміз. Бірақ Абайдағы образ басқа ғой: *аузың - бал, қызыл тіл*. Аудармашы *яркий* деген эпитет қосады, Дегенмен, айта кететін жайт: қалай болғанда да, метафора сақталған. Аудармашының авторлық метафораны сақтап қалғандығы - өте сирек кездесетін құбылыс, дегенмен дыбыстық аллитерациясы, фоникасы жойылған.

Ақ тісің кір шалмас деген Абай жолдарында керемет дыбыс, үн естіледі. *Кір шалмас- к-с, к-р* деген көркем аллитерация көмегімен жасалған, маңызды өлең жолы. Осы өлең жолының аудармада көрінуі мынадай: *блеск зубов - словно лед.* Түпнұсқа мағыналарынан тым алшақтап кеткенін байқаймыз, сонымен бірге метафора теңеумен аударылған: словно лед. Түпнұсқада блеск, лед сөздері кездеспейді.

Түпнұсқада *қыпша бел* формуласын көреміз, яғни тонкостанная, құмырсқа бел қыз. *Қыр мұрын* деген дәстүрлі формуланың мағынасы – точеный нос. Түпнұсқадағы *қыр мұрын, қыпша бел*, солқылдар, соқса жел жолдары

аудармада гибок стан и высок, гнет его ветерок деп алынған. Қыр мұрын аударылмаған.

Түпнұсқадағы *өзгеше біткен гүл* деген көркем метафора көзге бірден түседі, мағынасы – *ерекше, өзгеше* қыз. Аудармашының жұмысында кәдімгі эмоционалды емес констатация шыға келген: «*ты бела, словно снег, Ты нежна, как цветок*» [181, с. 101]. Түпнұсқада, Абай *снег* сөзін қолданған жоқ. Тек Абай образын берүгі талпыну бар. *Қайғың - қыс*, деген жолдарды – *твоя печаль - для меня зима, лицо же – лето* деп алуға болар еді. Аудармада *қайғың - қыс* тропы сақталмаған, *қыс* атты айқын метафора жоқ. Оның орнына: ты грустна – *даль темна, ты ясна - нам весна* деу арқылы, аудармашы төлтума метафораны перифраздайды, бұл перифраза мағыналық трансформация арқылы жүзеге асады: Абайда – жаз болса, аудармашыда –көктем. Түпнұсқа мәтінінде: *иісің гүл аңқыған, нұрың күн шалқыған* [157, 164 б] . Орысша жолма-жол аударма келтірсек: твой аромат подобен благоуханию цветов, сияние твое – это солнце. Аудармашы болса, еркін аудармаға жүгінгендігі көрініп тұр: *как восход, как закат, заревой твой наряд* [181, с. 101]. Осы жердегі заревой твой наряд – аудармашының өзі қосқан метафорасы, *заревой твой наряд* – сөзсіз, өз тарапынан қосу, түпнұсқа мәтінінде адамның киімі туралы емес, ішінен нұр шашып тұратын әдемі адам турасында. Абай концептосферасында *нұр* семасы - ауқымды метамағынасы бар күрделі, кешенді метафора, адамның рухани және сыртқы сұлулығы екеуі қосылып, соны айғақтайтын метафора. Адамның шынайы әдемілігі деген де осы – рухани және сыртқы келбеті жарасымды, тартымды болуы. Аудармада, осы кешенді метафора-философема жоғалған. Жоғарғы семантика - кәдімгі ақпарат деңгейіне түсіп қалған. Аудармашының айтпағы - физикалық махаббат. Абайдың айтпағы – рухани махаббат.

Түпнұсқадағы *қызыл тіл* формуласы - айқын метафора. Оның мағынасын былайша түсінсе болады : көзге көрініп тұрған қыз әдемілігін, әйел сұлулығын суреттеуден ақынның шешен тілі талмайды.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан.
Қызыл тіл шыға алмас,
Мақтаудың шартынан [157, 164 б]

Аудармашы болса, еркін аударма жолымен кетті:

Лучше ты во сто крат
Всех похвал, что твердят.
Должных слов не найду,
Что восторг утолят [181, с. 101].

Мәнмәтіндегі *қызыл тіл* маңызды метафорасы, М.Петровыхтың аудармасында, толықтай жойылған. *Сенсің тән шәрбаты, сенсің тән ләззаты* [157, 164 б] – деген күрделі метафорада, Абай поэзиясының араб-парсы эстетикалық дәстүрімен байланысы айқын көрінеді.

Сенсің – жан ләззаті,
Сенсің – тән шәрбәті.

Артықша жаратқан,
Алланың рақматы [157, 164 б]

Бұл – кірме образдылығы бар лексикалық қатар, ақынның алғашқы өлеңдерінде көрінеді, ақын Физули, Хафиза, Саади поэтикаларымен байланысын ерекше көрсетеді. Аудармашы лакуналарды қалдырып, әдетте, араб-парсы формулаларын тәржімада көрсетпейді. Абайдың маңызды метафоралары, олардың атқаратын эстетикалық қызметтері ғана емес, толықтай бір шумақ қалдырылып кеткен. Аудармасы жоқ.

Артықша жаратқан Аллаһтың рақматы деген маңызды жолға, өзіміз жолма-жол аударма жасасақ: Аллах создает духовно красивых личностей, чтобы возвышать других людей. *Аллаһтың рақматы* деген формуланы аудармашы *божий дар* деп тәржімалаған.

Знает млад, знает стар:
Красота – божий дар.
Нам пророк повелел
Быть в сетях милых чар [181, с. 101].

Мұның нақты емес, дәл емес аударма екені айғақ, мәтінде Абайдың айтпағы – Хақ Тағаланың рақымы, мейірімі, орысша аударсақ, *милость Всевышнего*. Аудармашы екі функционалды дербес бірліктерді, екі шумақты қосып, бір төртшумақ жасап шығарды.

Көрік – тәңір дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік –
Пайғамбар сүндеті [157, 164 б]

Аударма нұсқада былай делінген: «нам пророк повелел, быть в сетях милых чар» [181, с. 101]. *Пайғамбардың сүннеті* формуласы, Абайда басқа мағынаға ие. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұйрығы емес, оның өсиеті. *Завет* сөзі – жай бұйрық емес, ол одан да тереңірек мағынаға ие. *Пайғамбардың сүннеті* – терең мағынасы бар арабизм. Бұл лексема, М.Петровых аудармасында жоқ, араб-парсы каноникасын білмегендіктен деп жорамалдаймыз.

Өртенген жүрек деген дәстүрлі тіркес арқылы Абай жалындаған жүрек жайлы айтып отыр. Аудармашы түпнұсқа мағынасын бұрмалап кеткен: «Сердцу ты, только ты, шлешь мечты, даришь сны» [181, с. 101]. Талдауымыз көрсеткендей, аудармашы түпнұсқалық мағынадан алшақ кеткен. Ол Абай концептосферасын жоғалтып алды. Аудармашы «жүрек» сөзінің астарын түсінбеген, сол себептен Абайдың терең діни-философиялық мағынасы жоғалған. *Дөп* семасы айқын авторлық метафора, қайсысы саған тең, тура дегенді білдіреді: біздердей ғашық көп, қайсысы саған дөп? [157, 164 б]. Сен кімді таңдамақсың, ол бақытты кім болмақ деген құптау реминисценциясы жасырын тұр.

Аудармашы М.Петровых аудармасында, керісінше, құмарлық тақырыбы өрби түседі. Оның интерпретациясында, лирикалық кейіпкердің құмарлығы одан бетер арта түседі. Абайдағы, ол басқаша реңктте берілген сөз: қасқая

күлгені, қылады тым құмар, ер емес қымсынар[157, 164 б]. Аудармашы әбден мезі болған *кто не смел - не жигит* фразеологизмін қолданады, Абай өлеңін аударамын деп, аудармашының басқа лексикалық қабатқа өткендігі белгілі. Өлең аяғында түпнұсқаның аудармамен сәйкестігі байқалады, екі мәтіннің мағыналық үндестігі көрініп тұр. Бірақ жалпы айтқанда, Абайдың философиялық өлеңінен, оның ішінде концептуалды өрісінен де, морфонологиясынан да алшақ кеткен жүйелі жаңылу, ауытқушылықтарды көріп тұрмыз. Абай берген маңызды мағыналар қатары жоқ, рифмовка жоғалған, аллитерация жағынан да сәйкестік көрінбейді. Нәтижесінде, Абайдың маңызды мәнмәтіні (мәтіннің түп астары) жойылған, сондықтан Абай өлеңінің аудармасында айтарлықтай бұрмалаушылықтар, қателер орын алған. М.Петровых шығармасында, тек құмарту жайлы сөз бар. Абай рухани махаббат үндестігі жайлы айтып отыр. Ұлттық поэтикалық дәстүрде, бұл өлең - биік үндестігі бар романс болып табылады, бұл өлеңді қазақ тілін білетін адамдардың барлығы біледі десек қателеспеспіз. Осы тұрғадан, ол А.С.Пушкиннің «Я помню чудное мнгновение» өлеңімен бір қатарда тұр десек әбден болады. Петровых аудармасы, түпнұсқадан, шығарма рухынан әлдеқайда басқаша, әлдеқайда алшақ тұрғанын мәлімдеуімізге тура келеді.

2. «Көлеңке басын ұзартып» (1900) өлеңі. Жетілген, жетік параллельді образдылығы бар өлең, қаһарманның басынан өткендері табиғат жағдайларымен үндес келеді. Бұл – Абайға тән психологиялық сипаттама мен көркем сурет тәсілі. Ымырт, ақшам уақыты, беймезгіл кезі, күннің батуы – қартайып бара жатқан өміріне көңілі толмай баға беріп, қорытынды жасап жатқан адамның сөзі. Осы өлеңде *өткен өмір – қу соқпақ, қыдырады, талайды* [157, 274 б] метафорасы бар.

Ю.Нейманның «Когда все тени, удлиняясь» аудармасында біз осы метафораның былай берілгенін байқаймыз: *тропинка узкая ведет, в долину прошлых лет* [181, с.144]. Осылайша, Абай метафорасы, бір қарағанда, барабар түрде аударылды, аталған метафораның эстетикалық және экспрессивті қызметтері де аудармада берілгенін көре аламыз. Бірақ дегенмен, Абай метафорасының мағынасы аудармада біраз тарылғанын көре аламыз, өйткені қазақ тіліндегі *қу соқпақ* сөзжасамында, жай ғана *узкая тропадан* бөлек басқа да мағына барын білеміз, қу соқпақтың астарында жалғыз, алыстатылған, адам аяғы баспаған деген мағыналар бар. Осы көркем, әрі символдық мағыналар, ақын тағдырымен ассоциативті үндесетін сәттер өкінішке орай, аудармада толықтай көрініс таппаған. Төртінші шумақтағы

Өңкей уды жиып ап,

Себеді сорлы жүрекке [157, 274 б] деген жолдарда метафора бар, ол метафора – *у метафорасы*. Ю.Нейман былай деп аударады: в*се в душу мне вливает яд, на раны сыплет соль* [181, с.144]. Бір қарағанда, барабар аударма тәрізді, бірақ өз жанынан қосу бар – *на раны сыплет соль.* Абайда мұндай сөздер жоқ. Міне тағы да, Абай метафорасының мағыналық тұстары жоғалған, ақынның айтпағы: онсыз да бейшара жүректі түрлі улар улап болды. Бұл

күшейтілген экспрессия, образдардың шоғырлануы. Сондықтан, аудармада, түпнұсқалы Абай метафорасының экспрессивті қызметінің бір бөлігі жоғалған.

Соңғы шумақта да бірталай жоғалып кеткен тұстары бар: *ермен шықты, ит қылып, бидай шашқан егінде*. Ю.Нейман бұл мәнді мағынаны былай деп берген: к*азалось, добрым был посев, а что в полях взошло!*. Абай өлеңінде айқын көркем экспрессияны көріп тұрмыз. Аудармада метафора жоқ, оның символдық және философиялық қызметтері жоғалған.

3. «Жүрегім нені сезесің» өлеңі (1900 ж.) – ақынның лирикалық өлеңдерінің бірі. Ақын өз жанынан ең бір маңызды, ең бір асыл, қадірлі, сырлы сезімі туралы сұрайды, себебі жүрек алдауды, арбауды білмейді ғой:

Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! [157, 272 б]. Формасы жағынан, өз-өзімен диалог іспетті берілген шығармада маңызды менталды-соматикалық түйіндеулерсіз өтіп кету мүмкін емес, бұл өлеңде, әрине, олар бар: «сезгенің сездіріп, жете алмадың ортаққа» [157, 272 б].

Абайдың пікірінше, қоғамдағылардың дені – көзбояушы саудагерлер.

«Әркімге-ақ тілеу қостық қой, бәрі – алдамшы саудагер» деп жазады Абай. Осы өлеңіндегі жарқын метафора: б*әрі – алдамшы саудагер.* Ал аудармасы ше? А.Штейнберг былай деп жазады: «ими платят беде людской лицемерные торгаши» [181, с.143]. Бір қарағанда, Абай метафорасы тура троптың өзімен, яғни *лицемерные торгаши* деп берілген. Алайда, шумақтың бар мағынасы өзгеріп кеткен. Абайда біз, өткір, қатты тиетін, әлеуметтік типтелуі бар афористік түйіндеме көріп тұрмыз. Аудармашы болса, кәдімгі саудагерлер туралы айтып отыр, яғни мағынаның тарылғанын, басқаша айтқанда, семантикалық редукцияны байқаймыз, аудармашы тек констатация береді. Аталған шумақта, ақын ақиқатты, тірі жанды іздегені туралы айтып отыр, сансыз адамға үміттене отырып, оларға сұрақ қойды: «әркімге тілеу қостық қой», алайда іздеп отырғанын таба алмады, себеп – айналасында өңкей саудагер. Ақынның әрбір сөзі – көпөлшемді, көпжоспарлы келеді, бірақ мұны аудармашы түсінген жоқ.

Ақырында, ақын толық құқылы түрде, былай деп күйінеді:

Халықтың аты керек қой
Я мақтауға, боқтауға.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға[157, 272 б]. Осы өлең жолдарында, ақынның сол баяғы ойының жалғасы болатын, әлеуметтік астары бар түйіндеме көріп тұрмыз: «құбылға бәрі зерек қой», яғни барлығы – екіжүзділік, алдамшы ойынның шеберлері. *Зерек* деген образды бірлік – толыққанды метафора, кәдімгі *зерек* сөзіне, ирониялық үстеме мағына беріп, ол метафора статусына дейін жеткен. Аудармашы өлеңдегі осы маңызды мағыналық бірлікті сақтап, тәржімада жеткізген:

Мастера в ремесле измен,

Позабывшие стыд и честь[181, с. 143]. Десе де, *позабывшие стыд и честь* конструкциясы толық аудармашылық өз тарапынан қосу болып тұр, себебі түпнұсқада мұндай мағына жоқ. Дегенмен, ақынның түпнұсқалық метафораларының жартылай, кейбірі болса да, дұрыс айтылғанына дау жоқ.

4. «Ұяламын дегені көңіл үшін» (1901) өлеңі. Аударған А.Арго, өлең «Стыдливость, но лишь для отвода глаз» деп аталады. Өте терең және даналыққа толы психологиялық шығарма. Бұл өлеңде ақын типтік мещандық психологияны суреттеп отыр, қоғамда тек декларативті, нормаланған модель үстемдік құрады, адамдар тек сырт көзге ғана, әрекет етеді. Мұндай ортада адамдардың моральдың шартты нормаларына үйренгендері сонша, ар, ұят тек маскаға, жасанды қылық, жалған әрекетке, күнделікті пантомимаға айналды. Абайдың «туысқаның, достарың – бәрі екі ұшты, сол себепті досыңнан дұшпан күшті» [157, 272 б] деген жолдарында *туысқаның, достарың – бәрі екі ұшты* метафорасы назарды аударады. Аудармасы былай берілген:

Друзья и родня – лицемерны насквозь,

Любовь и долг расходятся врозь.

Враги сильны, и слабы друзья.

В какое же время мне жить довелось! [181, с. 146]. Метафора *друзья и родня – лицемерны насквозь* деп берілген, метафора аудармада жоқ және түпнұсқалық метафораның философиялық-экспрессивтік қызметі сақталмаған.

5.«*Байлар жүр жиған малын қорғалатып*» (1886) өлеңі. М.Зенкевич өлең тақырыбын «Бай живет и охраняет свой скот» [181, с.33] деп аударған. *Оның алып тоқсаннан дәме қылып* [157, 29 б] тармағы құрылыс бойынша күрделі метафора болып табылады. Метафора *он* және *тоқсан* сан есімдерінің тұтастырылуынан жасалған. Әдетте сандар метафора рөлінде көрінбейді. Аудармашы метафораны, оның эстетикалық қызметін, мағынасын дұрыс түсінді және жеткілікті түрде сәйкес аударды: *десять подарит, сотню уберет*. Бұл байлық пен пайдаға ұмтылған адамдар туралы бейнелі түрде айтылған. *Бір ит сақтап жүр ырылдатып* тіркесі – айқын және әсерлі метафора. Әңгіме адам бойындағы ашу, өшпенділік, қара күштер туралы болып тұр. Осылайша *ит* зат есімі – адам бойындағы зұлымдықты меңзейтін метафора болып табылады. Яғни, аудармашы Абайдың *ит* метафорасын *пес* сөзімен аударды: «наготове любой держит злого пса» [181, с.33]. Түпнұсқада қабаған ит туралы айтылмаған, аудармашы қосу әдісін пайдаланып, *злой пес* деп тәржімалаған, метафораның экспрессивтік қызметі аудармада жоқ.

6.«Патша құдай, сыйындым» (1886) өлеңі. В.Бугаевский аудармасының тақырыбы «О, помоги, к стопам твоим...» [181, с. 40] деп алынған. Түпнұсқада келесідей метафора бой көтерген: *Самородный сары алтын саудасына жезіне* [157, 44 б]. Абай мәтінінде *самородный* деген транслитирацияланған сөз байқалады. *Уникальный, единственный, природный, неповторимый* мағынасындағы транслитерацияны қолданып, Абай *самородный деген орыс* сөзін қолданады. Бұл метафораның мағынасы аудармада жеткізілді, еркін

аударма болып тұр: «Им слиток золота даю, но так уж повелось, что им он медью кажется простой» [181, с. 40]. *Самородный* сөзі аудармада қалдырылып кеткен. Түпнұсқалық метафораның экспрессивтік қызметі аудармада толықтай берілмеген.

«Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» [157, 44 б] деген жолдарда, *тобықтының езі* метафорасы кездеседі, бұл метафора экспрессивтік қызмет атқарып тұр. Аудармада мына өлең жолдарының берілуі келесідей: «А для сородичей моих, их вещий смысл – лишь звук пустой» [181, с. 40]. Түпнұсқа метафорасы жоқ, нәтижесінде оның экспрессивтік қызметі де аудармада берілмеген. Аудармашы түсіріп тастау әдісін қолданған. Тобықты деген рудың аты аудармада сақталмаған, сородичи деп беріле салған. Қысқа болса да ауқымды *ез* сөзі орысша нұсқасында жоқ. *Тәңірдің құрған тезіне* тіркесі - функционалды метафора-формула.Алладан келетін сынақтар жайлы айтылған ауқымды, мағыналы метафора. Аудармада ассоциациялық мәнмәтін жоқ. Функционалдық метафора, өкінішке орай, жоғалған, аударма жалпылама және сипаттамалы түрде берілген: когда безумцы наконец, падут, повержены тобой? [181, с. 40]. Мұндай еркін, сипаттамалы аударма нәтижесінде, өленнің бейнелі суреттемесі де, оның мағыналы тұтастығы да жоғалды. Метафора еркін аударылған мен екі метафора жоғалуының нәтижесінде, түпнұсқалық бейнелердің эстетикалық қызметі де сақталмаған, яғни семантикалық маңызды Абай метафоралары аудармада берілмеген.

7. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (1896) өлені. Аудармашы А.Гатов Птицы-песни во всех направлениях летят [181, с. 130] деп тәржімалаған. *Көңіл құсы* – айқын авторлық метафора. Ол тек осы өленде емес, сонымен бірге Абай поэзиясында маңызды эстетикалық қызмет атқарып тұр. Орысша аударар болсақ, *птица души* тіркесі шығады. Абайдың поэтикалық әлемінде, бұл құс бүкіл әлемге, жер дүниеге, кеңістікке қарап өлең айтады. А.Гатов аудармасында функционалдықтан ауытқу, барлық парамертлері бойынша, аударманың түпнұсқадан ауытқып кеткендігін байқауға болады: «птицы-песни во всех направлениях летят». Аудармашы өленді трансформациялап қайта құрау әдісі бойынша кеткен, түпнұсқа мазмұнын жете түсінбеу нәтижесінде Абайдың маңызды философемасы жоғалған. Ақын *салған ән көлеңкесі сол көңілдің* [157, 242 б] деген тартымды образ жасайды, бұл – көркемдігі, экспрессиясы жағынан керемет бейне. Бұл күрделі метафора. Аудармашының жасауы мынадай: *песня – тень от пленительной думы такой* [181, с. 130], әлбетте, аудармашы образды қайта жасауға талпынғаны, тырысып-баққаны көрініп тұр, троптардың белгілі бір сәйкестігі көзге көрініп тұр, дегенмен, аудармада метафора өзгерген, нәтижесінде, А.Гатов аудармасында бұл көңіл құсының көлеңкесі емес, ойлардың көлеңкесі (*тень не птицы души, а тень думы*). Сондықтан, бұл нұсқа трансформацияланған аударма болып саналады. *Жылы жүрек* формуласы – Абайдың концептуалды түрде ұйымдастырылған философиясынан өрбитін метафора. Аталған семантикада ол – мейірімді, қайырымды, мейірбан жүректі, айтылған әнге елең

ете қалған ән әсер еткен ашық, ықыласты, бауырмал жүрек. Демек, оянған жүрек жайлы сөз болып тұр. Өкінішке орай, *жылы жүрек* метафорасы аудармада көрініс таппаған: «где ты сердце, чтоб, слушая странный напев».

Білімдіден аяман сөздің майын деген лейтмотивті метафораның орыс тілінде баламасы да, аналогы да жоқ, яғни сөздердің ең бір мағыналы, мәнді астары, сыры, құпиясы, сөздердің асыл құдіреті. Аудармашы былай деп аударады: «красота моих слов – для достойных умов» [181, с. 130]. Метафора аударылмай қалған, нәтижесінде оның эстетикалық және философиялық қызметтері тәржімада көрініс таппаған.

Сөзімнің суреті тіркесі ішкі астары бар, мағынасы терең метафора. Сөзінің астарында маңызды мән барын жасырмайды ақын, бұл маңызды мағына ұғына білген адамға арналған. Абай өз өлеңдерінің әдемі екенін белгілеп, міне, қараңдар демейді. Тек өлеңдерінің қарапайым емес, маңызды ишарасы бар, ойлана білетін оқушыға бағытталғанын жазды. Аудармашының түсінбегендігі салдарынан, жалған пафос, яғни сөздерімнің сұлулығы, керімдігі деген аудармада пайда болады: «красота моих слов – для достойных умов». *Сөзімнің суреті* – мәнді авторлық метафора. Абай жасаған эстетика тұрғысынан, бұл тіркес, сөзсіз, маңызды. Абайдың осы бағдарламалы өлеңінің аудармасы, айтарлықтай түрде, дәрменсіз, әлсіз болып шыққан: «будет ясным значение сказанных слов» [181, с. 130]. Мұндай сәтсіздіктердің бір себебі – сөздің астары, бүкпе мәнді, мәнмәтінді ескермегендігі және осы аудармадағы барабар декодтаутың жоқтығы. Абайдың композиялық құрылымын аудармашы шамалаған, болар-болмас ұқсату арқылы аударады.

Өмірдің алды – ыстық, арты суық қанатты сөз іспеттес, бұл тіркесте өмірлік мағына жатыр. Анық, айқын формулировканы, аудармашы формалды ұқсатумен аударады: *лето жизни сменяется долгой зимой* [181, с. 130], Түпнұсқада бар экспрессия аудармада сезілмейді. Содан соң Абай афоризм секілді жасалған күрделі метафорикалық конструкция ойлап шығарады.

Өмір сәуле тіркесі – метафизикалық мағынасы бар Абайдың кешенді метафорасы, мағынасы – тіршіліктің, өмірдің не екенін түсіну. Абай иллюзия, сағым арқылы жарып өтетін тіршілік танымы, сана сәулесі жайлы айтып отыр. Бұл сәуле – жалған өмірдің барлық аспектілерінен жарып шығады. Ол – биік, асқақ. Осылайша, бұл жай метафора емес, бұл – Абай дискурсында маңызды роль атқарушы философемасы. Түпнұсқадағы метафора, аударма барысында өзіндік метафизикалық қатпарын жоғалтып алған. Аудармашы формалды аударма жолымен жүріп, сөздермен құр ойнаған секілді әсер қалыптасады. Абай интеллекті шығыстық сарынға, шығыс рухани жолынан тамырлағанын, оның дүниетанымы, дүниеге көзқарасының түп-тамыры сопылықтан шыққанын, сөзсіз, бұл кеңестік одақ аудармашысына түсініксіз болды, сондықтан болар, аудармашы үшін Абайдың негізгі мағыналары ашылған жоқ. *Заря золотая* деп *Өмір сәулесі* метафорасын аударуы мүлдем дұрыс емес. Ақын мен аудармашының поэтикалық дискурстары екі бөлек жолмен кетті.

8. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889) өлеңі. Өлеңді Д.Бродский

аударған. Аудармасы: «Не для забавы я слагаю стих» [181, с. 75]. Абай өз поэзиясы мен өзіне дейінгі поэзия арасына айқын шек, шекара қояды. Ол өз өлеңінің өзіне дейінгі сарай ақындары поэзиясынан, кең сарайларда қызмет еткен ақындар поэзиясынан айырмашылығын айтады. Абай сол кездегі ақындар мен өзі бар болмысымен толық сенетін қазіргі жастар арасына шек, шекара қояды, өзгешелектерін көрсетеді.

Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар [157, 113 б] – экспрессивті авторлық метафораны құрайды. Оның мағынасы: таза жүректі, кең пейілді, ақ көңіл жастар. *Тілі орамды жастар* формуласы – айқын авторлық метафора, кемел адам туралы ілімінің концептуалды ауқымды, сыйымды компоненті. Аудармашы осы мәдени контекст түсінбегендіктен, Абайдың ұлттық колоритін жоғалтады. Абайдың *тілі орамды жастар* дегенін аудармашы мынадай жолдармен тәржімалаған:

Для чутких слухом, сердцем и душой,

Для молодых я свой рождаю стих [181, с. 75].

Осыдан-ақ Абайдың шеберлігін көруге болады, оның 3-ақ сөзбен бергенін аудармашы жеткізе алмағандықтан, оны дамытып, еркін аудара салған.

Көңілінің көзі ашық – бұл метафора эстетикалық, философиялық қызметтерді атқаратын, айқын формаға ие дәстүрлі тіркес. Көңілінің көзі (око души) философемасы семантикалық, концептуалдық жағынан күшейе түседі. *Көңілдің көзі* – рухани, ішкі көзі бар адам, Абайдың кемел адам туралы ілімінің өте маңызды ұғымы. Аудармашы былай деп жеткізеді: *кто сердцем прозорлив* [181, с. 76]. метафораның мағынасы дамыту (развитие) әдісі арқылы ашылған десек болады. Аудармашының мәтінінде түпнұсқа метафора жоқ, алайда мағына, дамыту әдісі арқылы болса да ашылған.

Осы өлеңдегі *қызыл* лексемасы – бұл редукцияланған метафора, оның толықтай нұсқасы: *қызыл тіл*. Оның келесідей мағынасы бар: отты, жалынды тіл, поэзия, ақиқат пен шындықтың өртеп жіберер бай тілі. Аудармашы өлеңнің жалпы мағынасын дұрыс берсе де, *қызыл* метафорасын жоғалтып алады.

Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз [157, 113 б].

Аудармашының тәржімасында кәдімгі констатация шыққан. Ол біршама сипаттамалы түрде аударманы береді:

Чтоб совестью не пренебрегли, –

Прошу: прислушайтесь к словам моим! [181, с. 76]. Шын мәнісінде, Абай ақиқаттың керемет, әдемі сөздері туралы айтып отыр. Абай халқына қажетті шындықты ащы, өткір сөздерімен жеткізеді.

Қызшыл деген қарапайым лексикадан алынған лексема – қызқұмар дегенді білдіреді, бұл, сөзсіз, авторлық метафора. Ол тиімді аллитерация үшін жасалған. Қасында дыбыстас, үндес *қызықшыл* деген метафоралар кездеседі. Оны аудармашы: *бездельники родятся, болтуны* деп аударған. Метафора аудармада жоқ.

Қызыл тіл формуласы – Абайдың тұрақты метафорасы. Ақын бұл

образды бейнелеп, өз тіліне, бейне бір тірі жан, тіршілік иесіне айтқандай айтады: «қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой!» [157, 113 б]. Орыс тілінде мынадай бір тіркес бар: «не мечите бисер перед свиньями» [182, с. 382]. Абай конструкциясы осы фразеологизмге жақын. Осы экспрессиялық тіркес арқылы Абай адамдардың деградациясын көрсетіп отыр, ұрлық-қарлықпен байыған барымташылар туралы айтып отыр. Абайдың сөзі бойынша мұндай адамдар сонысымен тағы мақтанады келіп, дәл осы жерде, Абайдың ащы ирониясы сезіледі. Осы сөздер арқылы осындай адамдардың, тек ұрлық, барымта, қарақшылық, талау, тонау арқылы байып, таза, адал еңбек жасамаған топ-топ адамдар деградацияларының масштабын, ауқымдығын көрсетеді. Кейде халық батыр деп санаған жігіттердің өзі барымтамен айналысқан. Абай өлеңі өткір, ащы шындыққа толы. Аудармашы *қызыл тіл* метафорасын аудармаған, оны *мой стих* деп қана аудара салған.

Абай өлеңдерін аударған Вс.Рождественский, М.Петровых, Ю.Нейман, А.Штейнберг, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, М.Зенкевич, В.Бугаевский, аудармаларын қарастырдық. Аудармашылардың барлығы дерлік қосу, түсіріп тастау әдісін қолданады.Бұдан бөлек, М.Петровых өтеу, А.Штейнберг нақтыландыру, Д.Бродский дамыту, Вс.Рождественский метафораны теңеумен аудару арқылы түпнұсқа метафораларын тәржімалайды.

Қорыта айтқанда, Абай өлеңдерін, оның ішінде, ақын метафораларын аударғанда, аудармашылар мынадай әдістер қолданады:

– өз тарапынан сөз қосады (*құбылға бәрі зерек қой - мастера в ремесле измен, позабывшие стыд и честь*. Түпнұсқада *позабывшие стыд и* честь деген жолдар жоқ. А.Штейнберг аудармасы);

– метафораларды түсінбесе, толықтай бір шумақ, кейде бірнеше шумақтарды қалдырып кетеді (*сенсің – жан ләззаты, сенсің – тән шәрбаті. Артықша жаратқан Алланың рақматы* – Вс.Рождественский аудармасында метафора да жоқ, шумақ тұтас қалдырылып кеткен);

– метафораны теңеумен аударады (*аузың бал қызыл гүл - алый рот, как цветок*, Вс.Рождественский аудармасы);

– сөзбе-сөз аударамын деп метафораны сақтауға тырысады, алайда формасы бар, бірақ мағынасы дәл келмейтін метафоралардың аудармалары көрініс табады (*көзімнің қарасы - ты зрачок моих глаз*, М.Петровых аудармасы);

– метафораларды дамыту әдісі арқылы аудару (*көңілдің көзі - кто сердцем прозорлив*, ауд. Д.Бродский); –

– метафораның ауқымды мағынасын тарылтады (*Өткен өмір – қу соқпақ, қыдырады, талайды - Тропинка узкая ведет В долину прошлых лет*". Ю.Нейман);

– метафораны түсінбей, басқаша аудару (*өмір сәулесі* метафорасы - *заря золотая*, ауд.А.Гатов).

Дегенмен, кейде аудармашылар барабар етіп тәржімалайды: *иісің гүл аңқыған, нұрың күн шалқыған* [157, 165 б], *аудармасы: ты – цветка аромат, очи – солнцем горят* [180, с.16].(Ауд.Вс.Рождественский).

Түпнұсқаға барабарлық мәселесі мен Ю.Найданың аударманың динамикалық баламалылығы теориясы, сайып келгенде, бір арнаға тоғысады. Екеуінің де мақсаты - аударма тілінде оқып отырған оқушы, өзінің аударма нұсқаны оқып отырғанын ұмытып, оған түпнұсқа оқушысына қандай әсер етсе, аударма оқырманына да дәл сондай ықпал ету. Аударманың түпнұсқаға барабарлығын қарастырғанда, Абай өлеңдерін, оның ішінде, метафора аударушылары аталған мақсатқа жетпегендігін байқаймыз.

3.2 Абай метафораларын аударудағы вариативтілігі/көп нұсқалылығы («Абайдың 37 өлеңі» жинағы бойынша)

Аударманың вариативтілігі дегеніміз түпнұсқа мағынасын жеткізу үшін аударма мәтіндердегі түрлі формаларды атаймыз. Аударманың вариативтілігінің астарында әртүрлі аудармашылардың бір мәтінді аударуын меңзейміз. Не болмаса, бір мәтінді бір аудармашы түрлі уақыт аралығында бірнеше рет тәржімалауы деп түсінеміз [183, с. 8].

Бірнеше аудармашылар жасаған аудармалардың деңгейі, аударылу сапасы бір-бірінен өзгеше болатыны белгілі. Аударманың түрлі әдістері қолданылады, сәйкесінше, бір мәтіннің түрлі тәржімасы болады. Дегенмен, аударманың сапасын қай тұрғыдан қарастырған орынды? «Аударматану» еңбегінде ғалым А.Алдашева аударманы бағалау туралы былай дейді: «Аударманың бағалаудың екіжақты межесі бар. Біріншісі, түпнұсқа қандай ақпараттық, экспрессиялық, тәрбиелеу, насихаттың, ықпал қызметін атқарса, аударма мәтін де осы мүддеден шығуы тиіс. Екіншісі, екі тілдегі мәтіндер семантикалық-құрылымдық жағынан бір-біріне жақын түсуге тиіс» [184, с. 47].

Поэтикалық мәтіндердің аударылуы жайлы ғалым Т.Есембековтың пікірі келесідей: «Поэтикалық аудармада өлшем мен ұқсастық сәйкестігін сақтау аздық етеді. Өлеңге әуенділік, саздылық сияқты қасиеттер тән болғандықтан мәтіннің фонетикалық ерекшеліктеріне де назар аудару керек. Поэтикалық аударма автор қолданған барлық бейнелеу мен суреттеудің амал-құралдарын қатаң есепке алуды талап етеді. Аудармашы ондағы ой, сезім, тәжірибе, пәлсапалық ұғым, образдың қайсысының жинақталып бейнеленгенін ажыратып алғаны дұрыс. Поэтикалық аударма мәселелері поэзиялық мәтіннің ерекшелігіне, оның мәдени-тілдік, образдылық қасиеттеріне байланысты» [185, 31-35 б].

Абай өлеңдерінің аудармаларын салыстыру мақсатында, 2006 жылы жарыққа шыққан «Абай. Тридцать семь стихотворений» кітабындағы тәржімаларды қарастырдық. Бұл кітаптың құрастырушысы, әрі Абай өлеңдерін аударған белгілі ақын – Марат Адибаев. Бұл кітап беттерінде Абайдың халық арасында танымал 37 өлеңін түрлі аудармашылар тәржімалаған. Олардың ішінде М.Луконин, М.Тарловский, М.Адибаев, Д.Бродский, Ю.Кузнецов, Ә.Қодар, Л.Дличач, А.Гатов, А.Штейнберг, С.Липкин, В.Бугаевский, М.Сұлтанбеков және басқалары. Жолма-жол аударма жасаған аудармашылар да бар, атап айтқанда, К.Досжан, Б.Момышұлы, Г.Бельгер, С.Тілеубаев,

Б.Қайырбеков т.б. Енді талдауларға жол берелік.

1. «Жүрегім менің қырық жамау» (1899) өлеңі.

Абайдың маңызды өлеңдерінің бірі, жүрек концептісін құрайтын туындыларының бірі – «Жүрегім менің қырық жамау». Өлең тақырыбының өзінде-ақ мағыналы семантикасы бар метафора тұр – *қырық жамау* [157, 168 б]. Айдан анығы, ақын жаралы жүректі меңзеп отырғаны белгілі, талай уайым-қайғы, өкініш, өкпе, ауыр қасірет, сатқындық көрген ақынның сорлы жүрегі. Бұл жинақта осы өлеңнің 4 аудармасы оқырман назарына ұсынылған. Жолма-жол аударманы жасаған – С.Тілеубаев. Қалған үш аударманы – М.Петровых, Ю.Кузнецов, М.Адибаев жасаған.

С.Тілеубаевтың жолма-жол аудармасында басты метафора болып тұрған *қырық жамау* тіркесі былайша аударылған: *сердце мое – из сорока заплаток* [186, с. 324]. Формалды түрде, аударма түпнұсқаға сай келіп тұр. Алайда, аудармада түпнұсқаға тән экспрессия мен интонация байқалмайды. Келесі мәнді, мағыналы метафора – *қайғысыздың бәрі асау* [157, 268 б]. Автор бұл метафораға мынадай мән беріп тұр: ой-қайғы, алаңдаушылақтан алшақ, уайымсыз адамдар. Олар ешнәрсе туралы ойланбайды, алаңсыз, жайдары өмір кешуде, сонысымен де, жабайы еркін жылқы, асау аттарға ұқсас келеді. Өйткені, қазақ тілінде «асау» сөзі сипаттамалы түрде жылқы, құлын, атқа қатысты қолданылады. С.Тілеубаев бұл метафораны келесідей қылып аударған: *у кого горя нет, они строптивы*. Келесі метафора экспрессивті және эмоционалды түрде өте қанық: *қан жүректі қайғылы-ау,* аударма нұсқада мағына сақталған – *окровавленное сердце печально*. Алайда бейнелі сөздің семантикалық және концептуалды біртұтастығы аудармада басқа сипат беріп тұр.

Осы өлеңнің тағы бір аудармасын жасаған – М.Петровых. Хронологиялық тұрғыдан бұл аударма басқаларымен салыстырғанда ертерек шыққан, себебі осы аударма нұсқа 1981 жылы жарыққа шыққан Абайдың өлеңдер жинағының құрамында бар. Бұл мәнмәтіндегі *қырық жамау* метафорасы– айқын, көркем, бейнелі авторлық метафора. Ол халықтық қарапайым тілдік қордан құралған. Абай өзіне тән жаралы жүрек, азапты жан формуласын осы өлеңде одан ары қарай дамыта түседі. Қырық жамаудың астарында азапты, қиналған жүрек жатыр [187, р.311]. Бұл метафора осы өлең маңызды символдық қызмет атқарып тұр. Ол Абайдың бар ізгілік пен рухани өмірінің қорытындысын жалпылама түрде жинақтап, қорытындылаған іспетті. Бұл сәтті нәтиже емес, ақынның жүрегі қырық рет жыртылып, қырық рет қайта тігіліп жамалған жүректің аянышты хал-жағдайы. Осы авторлық метафора былайша аударылған: *на сорок лоскутов тоскою* [186, с. 325]. Бейнелі тіркес мағынасы аудармада берілсе де, метафораның өзі жоқ. Сонымен бірге орыс тілі синтаксисі тұрғысынан М.Петровых аудармасы мінсіз деп айта алмаймыз. Бір көзге қарағанда, *сорок лоскутов* тіркесі тура, дәл аударма секілді көрінеді. Алайда, нәтижесінде, өлеңнің мағыналық мәнмәтіні бұрмаланған. Мұндай әсер аудармадағы ақпараттың толық еместігі әсерінен болып тұр. Түпнұсқада

жүректің жамауы өмірдің ауыртпалығынан, қиындығынан екендігі айқын, аудармада жүректің не себепті қиналып тұрғанының себеп-салдары жоқ.Тұпнұсқада метафоралық түрде берілген тіркесіміз бар, бұл – *қырық жамау,* яғни ескі жара, мұң әсерінен жүрек қырық мәрте жамалған.

Келесі *асау* метафорасы М.Петровыхтың аудармасында былай шыққан: *беспечных утешит любое* [186, с. 325]. *Асау* – анықтауыш метафора. Асау эпикалық поэзияда жиі кездеседі, күнделікті халықтық өмірде ол *асау ат – строптивая лошадь* формуласында жиі естіледі. Абай мәнмәтінінде бұл метафора, қолданысы жағынан, жаңаша, күтпеген қолданысқа ие болып тұр. Оның мағынасы – уайым-қайғысы жоқ жұмыр басты пенде. Аудармашы бейнені еркін түрде берген. Нәтижесінде, *асау* метафорасы жоғалып кеткен. Оның орнына *беспечный* деген анықтауыш сөз тұр.

Осы өлеңдегі *қан жүректі, қайғылы-ау* бейнесі – айқын экспрессивті метафора. Ол әлеуметтік тұрғыдан қанық мәнмәтінде берілген, қайғы мен азаптан қан жұтқан, қансырап тұрған жүрек мағынасында берілген. Метафора аударма мәтінде мүлдем жоқ. Яғни, түпнұсқада экспрессивтік қызмет атқарып тұрған бұл метафораның, аудармада өзі де жоқ, оның атқарып тұрған қызметі де жойылған. *Қан жүректі қайғылы-ау* бейнелі сөз, мүлдем аударылмай қалдырылып кеткен. Оның орнына аудармашы мүлдем басқа мағынаны аудармада берген:

А как ты горишь болью злою!..
Мечты! оглянись на них
И вспомни величье былое
Желаний бесплодных твоих [186, с. 325].

Осы өлеңнің аудармасын жасаған енді бір аудармашы –Ю.Кузнецов. Абай метафорасы орысшасында былайша аударылған: *на сорок лоскутьев печалей* [186, с. 326]. Ю.Кузнецов аударған троп толыққанды метафора бола алмайды. Бұл аударма, стилистика жағынан алдыңғы М.Петровыхтың аудармасымен үндес келеді. *Асау* метафорасы былай тәржімаланған: *строптивый про горе не знает* [186, с. 326]. *Асау* сөзінің мағынасы берілгенімен, ол *строптивый* деп алынған. Алайда, авторлық метафора аудармада сақталған ба? Абайдың *қан жүректі қайғылы-ау* экспрессивтік тіркесі былай аударылған: *эй ты, кто в крови и печали!* [186, с. 326]. *Қанжүректі қайғылы-ау* – Абай өлеңінде жалпы зат есім түрінде берілген, ал аудармада біз фраза формасында берілген сипаттама, яғни дамыту (развитие) әдісін көріп тұрмыз.

Төртінші аударманы жасаған – М.Адибаев. Бұл нұсқада аударылған өлеңнің тақырыбы мынадай: «Толпа безумно-похотливо» [186, с. 327]. Түпнұсқаның алғашқы төртшумағы бізге белгісіз себептермен өлеңнің аяғында көрініс тапқан. Бұдан бөлек түпнұсқада 4 төртшумақ болса, ал М.Адибаевтың аудармасында 5 шумақ өлең, яғни бір шумақ өлеңді аудармашы өз тарапынан қосқан. Ол басында емес, туындының аяғында тұр. Яғни эквиритмикалық

принципті аудармашы М.Адибаев сақтап отырған жоқ. Абайдың метафорасы былай тәржімаланған: *несчастное, в лоскутьях сердце, как сирота, бредешь во тьме* [186, с. 327]. Яғни дамыту әдісімен, теңеу арқылы аударылған. Түпнұсқада мұндай тіркес жоқ.

Зерттеу жұмысы барысында Марат Адибаевтан сұхбат алдық. Ол Абай өлеңдерін аудару тәжірибесімен бөлісті. Абай өлеңдерін аудару оңайға соқпағанын айтты. Мәселе ақын қолданған сөздердің не тіркестердің қиындығында еместігін меңзеді. М.Адибаевтың айтуынша, Абай күшті менталды энергетикаға ие, сондықтан аудармашы талай ізденістерден, зерттеулерден тұратын кезеңді бастан өткергенін, тек солардан өткеннен соң ғана қанағаттанарлық аудармаға қол жеткізетінін айтты.

2 – кесте – «Жүрегім менің қырық жамау» өлеңіндегі метафоралар мен олардың аударылуы

Түпнұсқа	С.Тілеубаев аудармасы	М.Петровых аудармасы	Ю.Кузнецов аудармасы	М.Адибаев аудармасы
Жүрегім менің қырық жамау	Сердце мое – из сорока заплаток	На сорок лоскутов тоскою	На сорок лоскутьев печалей	Несчастное, в лоскутьях сердце
Қайғысыздың бәрі – асау	У кого горя нет, они строптивы	Беспечных утешит любое	Строптивый про горе не знает	Те, беззаботны и строптивы
Қан жүректі қайғылы-ау	Окровавленное сердце печально	–	Эй ты, кто в крови и печали!	–

Байқағанымыздай, Абай метафоралары аударма нұсқалардың барлығында бірдей сақталмаған. Бірде метафора теңеу тропы арқылы аударылса, енді бірде дамыту әдісі арқылы тәржімаланған. Абай метафораларын аудармада қалдырып кеткен жағдайлар да жоқ емес.

2. «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» (1898) өлеңі

Абайға тән айқын, мәнерлі, мәнді және философиялық-семантикалық метафоралы өлең – *сұм жүние тонап жатыр, ісің бар ма* [157, 261 б].

Өлең аудармасын бірнеше аудармашы жасаған, жолма-жол аударманы жасаған – С.Тілеубаев. Аударманы жасағандардың ішінде М.Петровых бар, ол осы бір өлеңнің аудармасын екі рет жасаған. Қолымыздағы жинақта М.Петровыхтың бірінші нұсқасы және М.Петровыхтың екінші нұсқасы делінген. Содан кейін А.Қодар мен М.Адибаев аудармалары оқырман назарына ұсынылған.

Өлең тақырыбының өзінде-ақ *сұм дүние тонап жатыр* метафора жатыр. Біздің ойымызша, бұл өлең семантика тұрғысынан, әрі интонациялық жағынан, «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңімен сарындас, үндес келеді. Екі

шығармада да, ақын қайғылы түрде, ерекше бір мұңменен, қатігез уақыт біздің минут, жыл, жастығымызды, өмірімізді ұрлайтыны туралы жырлаған. Бұл ой – халық философиясынан туындайтын дәстүрлі формула.

С.Тілеубаев жолма-жол аударма әдісімен бұл тіркесті *несчастное время* [186, с. 302] деп аударған. Бірақ аударманың былай берілуі мағыналық жағынан дәл емес, себебі түпнұсқада *сұм дүние* деген троп бар, мағынасы – минуттарымызды күнде ұрлайтын уақыт, ол мейіріміз, қайырымсыз, қатал. Ал бұл аудармада біз басқаша мағынаға тап боламыз, бұл – *несчастное время* тіркесі. Бұл Абай ойының бұрмалануы десек артық айтпаспыз, себебі, ақынның пікірінше, уақыт адамнан қымбатын ұрлайды, ол мүлдем керісінше емес, аудармада не себептен уақыттың бақытсыз, сорлы, яғни *несчастное время* болып қалғаны түсініксіз.

Келесі метафора: *алды – үміт, арты өкініш алдамшы өмір* [157, 261 б]. Аудармашы былай деп аударған: *впереди надежды, позади горечь, обманчивая жизнь* [186, с. 302]. Нәтижесінде, біз Абай тропының сөзбе-сөз берілген әдемі, түсінікті аудармасын көріп тұрмыз.

Ақынның келесі метафорасы мынадай: *дәмі қайтпас бұзылмас тәтті бар ма? Бір бес күннің орны жоқ аптығарға* [157, 261 б]. Бұл жердегі *тәтті* сөзінің мағынасы – өмір ләззаты, қуанышы, кереметі, бақыт, рахат т.б. Барлық осы дүниедегі бар рахат пен ләззаттың символдық жалпылама атауы. Аудармашы былай деп жеткізген: *Есть ли сладость, не теряющая вкуса и не портящаяся? Нет места отчаянию на короткий срок* [186, с. 302]. Бұл аудармада авторлық философиялық метафора жоқ. Стилистикалық жоғалған дүниеге куә боламыз.

Абайдың *ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін* [157, 261 б] метафорасын С.Тілеубаев былай аударған: *не произноси глупых слов, слетающих с трусливых губ* [186, с. 302]. Бұл – түпнұсқаның мағынасы мен ритмикасын бұрмалап жіберген сөзбе-сөз аударма.

Абайдың мына бір бейнелі метафорасы адамның назарын өзіне аудартады: *шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін* [157, 261 б]. Аудармашы түпнұсқаның поэзиялық жолдардан құралғанын ұмытып, осы метафораны прозамен аударады: *разве есть у языка кости, у губ – грани, которые могли бы заслонить вид на утес?* [186, с. 302]. Түпнұсқада ауқымды символикалық мағына, айқын философема жатыр. Метафораның аудармасы дәл емес, аудармашы өз тарапынан қосқан, бұл өз кезегінде, авторлық метафораны бүлдіріп отыр. *Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін* деген автордың метафорасы аудармада көрініс таппаған.

Осы өлеңнің екінші аудармашысы – М.Петровых. Осы аудармашының аталған өлеңнің бірінші нұсқасын қарастырайық.

1. *Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Жизнь обирает нас день за днем*. Где мечты твои? [186, с. 303]. Мағынасы аудармада дәл берілмеген, ритмі жоғалған, авторлық метафора жоқ. Түпнұсқада арман, мақсат-мүдде (мечты) жайлы сөз жоқ.

2. *Алды – үміт, арты өкініш алдамшы өмір. Сперва – порыв, а следом – тоска. Лжет жестоко жизнь!* [186, с. 303] – Абай метафорасы азды-кем сақталған.

3. Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? *Где ж сладость, где ж манящая нас всегда? К чему бороться так за остаток дней?* [186, с. 303] – Бұл жерде Абай метафорасы жоқ, аудармашының өз тарапынан қосқан сөздері орын алған.

4. *Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?* деген метафора аударылмаған.

Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін деген тіркес *Язык – приспешник обид, прислужник лжи* [186, с. 303]. Авторлық метафора сақталмаған, дамыту әдісі арқылы аудармашы тілге өзінше анықтама берген.

5. Шымылдық боп көрсетпес *шынның жүзін* метафорасы *правды свет* [186, с. 303] деп аударылған. Біздің ойымызша, метафора сақталған.

Дәл осы өлеңнің енді бір аудармасын жасаған дәл осы аудармашы – М.Петровых. Аударманың екінші нұсқасын қарастырайық.

1. *Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Проклятый мир обирает нас день за днем.* Как поладить с ним? [186, с. 304] – алдыңғы нұсқаға қарағанда екінші аударма түпнұсқаға жақындау. Әсіресе, сұм дүние метафорасының аудармасы біраз ұтымды шыққан. Ісің бар ма? деген сауалдың аудармасы *где твои мечты?* немесе *как поладить с ним?* емес, біздіңше, ісің бар ма? дегеннің мағынасы *сен* осыдан хабардарсың ба, жоқ па деген мағынада тұр.

2. *Алды – үміт, арты өкініш алдамшы өмір. В надежде горечь таится. Коварна жизнь!* [186, с. 304] Байқағанымыздай, метафора жоқ. Сипаттамалы әдіспенен аудармасы жасалған, бірақ авторлық троп жойылып кеткен.

3. *Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? Любая радость твоя перейдет в печаль* [186, с. 304]. Аудармада тәтті сөзінің мағынасы жалпылама түрде берілген, бірақ Абайдың тәтті деген сөзі метафора болса, аудармада ол өзгеріске ұшыраған, *радость* деп берілген.

4. *Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?* М. Петровыхтың екі аударма нұсқасында да, Абайдың осы бір метафорасы аударылмаған. Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін деген тіркес *Язык привычен лукавить, послушен лжи* [186, с. 304]. Суреттеме, сипаттама әдісін қолданған аудармашы тіркесті аудармада жеткізе алмаған. Жалпылама мағынасы ғана жеткізілген.

5. Шымылдық боп көрсетпес *шынның жүзін – они скрывают завесой истину от души* [186, с. 304]. *Шынның жүзі* метафорасы тек бір-ақ ауыз сөзбен, яғни *истина деп* аударылған. Бұл метафора емес. Тым еркін аударма.

Жолма-жол аударма жасаған С.Тілеубаевтан, М.Петровыхтың екі аудармасынан бөлек, Абайдың осы бір терең мағыналы өлеңін аударуға тәуекел еткен аудармашы – Ә.Қодар. Осы аудармашының еңбегін талдайық.

1. «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? » «Посмотри, этот мир тебя грабит жесток» [186, с. 305]. Басқа аудармаларға қарағанда, автордың ойы дәл берілген, авторлық метафора болып тұрған *сұм дүние* қолданысы *мир жесток* деп аударылған. Метафораның философиялық-экспрессивтік қызметі аудармада сақталған.

2. *Алды – үміт, арты өкініш алдамшы өмір*. *С жизнью, где за надеждой стоит сожаленье* [186, с. 305]. Авторлық метафора сақталмаған.

3. *Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? Есть ли сладость, чей вкус никогда не пройдет?* [186, с. 305]. Мағынасы жеткізілген, дәл аударма десек болады. Алайда, түпнұсқадағы *тәтті* сөзінің мағынасы кең, ауқымдырақ, ал орыс тіліндегі *сладость* сөзінің аясы біршама тарлау тәрізді.

4. *Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма? Где язык – без костей, губы виснут без края* [186, с. 305]. Абайдың мына метафорасы да, дәл метафора түрінде аудармада көрініс таппаса да, түпнұсқа мағынасы аудармада дәл жеткізілген.

5. *Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін – Закрывая, как пологом, истины лик* [186, с. 305]. Аудармашының ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында, мына авторлық метафора аудармада сақталған. Метафораның эстетикалық қызметі аудармада сақталған.

Абайдың осы өлеңінің бесінші аудармасын жасаған – М.Адибаев. Кітап мазмұнында 306-бетте М.Адибаевтың аудармасы *Что можешь ты? Лихое время грабит* деп көрсетілген. Алайда, баспаның жіберген қатесі ме екен, белгісіз, кітап беттерінде, тек мазмұнында жазылғаны ғана болмаса, М.Адибаевтың осы өлеңінің аудармасы жоқ. Оның орнына М.Петровыхтың екі нұсқасы 2 мәрте басылып келген екен. Кітаптың бірнеше нұсқасын тапқанмен, өкінішке орай, дәл осы М.Адибаевтың осы аудармасын таба алмадық.

3 кесте – «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» өлеңіндегі метафоралар мен олардың аударылуы

Түпнұсқа	С.Тілеубаевтың жолма-жол аудармасы	М.Петровых аудармасы (І-ші нұсқа)	М.Петровых аудармасы (ІІ-ші нұсқа)	Ә.Қодар аудармасы
Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?	Несчастное время грабит, что за дело?	Жизнь обирает нас день за днем. Где твои мечты?	Проклятый мир обирает нас. Как поладить с ним?	Посмотри, этот мир тебя грабит, жесток
Алды – үміт, арты өкініш, алдамшы өмір	Впереди надежды, позади горечь, обманчивая жизнь	Сперва – порыв, а следом – тоска. Лжет жестоко жизнь!	В надежде горечь таится. Коварна жизнь!	С жизнью, где за надеждой стоит сожаленье,
Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?	Есть ли сладость, не теряющая вкуса и не портящаяся?	Где ж сладость, где я манящая нас всегда?	Любая радость твоя перейдет в печаль.	Есть ли сладость, чей вкус никогда не пройдет?

3–ші кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?	Разве есть у языка, у губ – грани	–	–	Где язык – без костей, губы виснут без края
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.	–	В них не брезжит правды свет, в них – плен души!	Они скрывают завесой истину от души.	Закрывая, как пологом, истины лик

1. *Сұм дүние* тіркесі «жалған дүние» секілді тіркестің перифразы болып табылады. Бұл метафораның ар жағында Абайды айтып отырғаны – сұм, жалмаңдаған қатыгез дүние. Абайдың осы метафорасы діни семантикаға ие, *алдамшы өмір* формуласы да «жалған дүние» тіркесінің метафора-перифразы болып тұр. Бұл дәстүрлі метафораның мағынасы – өтпелі, уақытша өмір

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? [157, 261 б] деген метафораны барынша түпнұсқаға жақындатқан аудармашы – М.Петровых, нақтырақ айтқанда, осы аудармашының екінші нұсқасында метафора азды-кем сақталған: *проклятый мир обирает нас* [186, с. 305]. Философиялық-экспрессивтік метафораның аудармада тек философиялық қызметі сақталған, аудармада түпнұсқадағыдай экспрессия сезілмейді. С.Тілеубаевтың «несчастное время» [186, с. 302] деп аударғаны мүлде метафора емес, әрі түпнұсқада дүние деген сөзге сұм анықтауышы берілсе, аудармада, керісінше, дүние, уақыт, бейнебір бейшараға айналған. М.Петровыхтың бірінші нұсқасында, «жизнь обирает нас день за днем» [186, с. 303] деп қана берілген. Метафора да жоқ, дүниеге ешқандай анықтауыш сөз де берілмеген. Ә.Қодар «мир жесток» деп алған, мағына берілгенімен, метафора сақталмаған.

2.Алды – үміт, арты өкініш алдамшы өмір [157, 261]. С.Тілеубаев: *Впереди надежды, позади горечь, обманчивая жизнь* [186, с. 302] деп мағынаны жақсы берген. М.Петровыхтың бірінші нұсқасында, *Сперва – порыв, а следом – тоска. Лжет жестоко жизнь!* [186, с. 303] делінген. Бұл аударманы да мағынасы жақсы берілген тәржімә деп қабылдауымызға әбден болады, алайда метафораның экспрессивтік қызметі сақталмаған. М.Петровыхтың екінші нұсқасында, «в надежде горечь таится. Коварна жизнь! » [186, с. 304] деп аударылып тұр, алайда бұл тәржіма дұрыс берілмеген. Ә.Қодар осы өлең жолдарын былайша берген: «С жизнью, где за надеждой стоит сожаленье» [186, с. 305] – бұл аударма сөзбе-сөз берілген тәржіма деп қабылдаймыз.

3. *Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? Бір бес күннің орны жоқ аптығарға* [157, 261 б]. *Тәтті* семасының мәні – құндылық, мәңгілік құнын жоғалтпас бағалы зат, оның мағынасы мына философемада берілген: дүниедегі барлық зат уақыт озған сайын өтеді де кетеді. С.Тілеубаевтың: «есть ли сладость, не теряющая вкуса и не портящаяся?» [186, с. 302]; М.Петровыхтың бірінші нұсқасындағы: «где ж сладость, где я манящая нас всегда?» [186, с. 303]; Ә.Қодардың: «Есть ли сладость, чей вкус никогда не пройдет?» [186, с. 305] деген аудармалары – сөзбе-сөз аударма. Абай өлеңіндегі бұл тіркес – айқын метафора, ал мына аудармашылар метафораны нақтыландыру (конкретизация) әдісімен аударып, яғни мағынасын тарылтып отыр. М.Петровыхтың екінші нұсқасындағы «любая радость твоя перейдет в печаль» [186, с. 304] аудармасы *тәтті – сладость* деп сөзбе-сөз берілмеген, оның ар жағында қуаныш, бақытты сәттер тұрғанын сезген М.Петровых, метафора радость деп аударған. Бұл аударманы барабар тәржіма деп есептейміз. 4. *Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?* [157, 261 б] фразасында екі метафора қызмет атқарып тұр. Оның мағынасы сала-құлаш тілге, тілі мен жағына сүйенген адамның шегі бар ма? С.Тілеубаевтың *Разве есть у языка, у губ – грани* [186, с. 302] деп мағынаны тура, дәл берген, десек те метафора жоқ. Ә.Қодар жасаған осы тіркестің аудармасын біз балама аударма деп түсінеміз, ол осы тіркесті былай берген: *где есть язык без костей, губы без края* [186, с. 305], сонымен бірге түпнұсқаның философиялық-эстетикалық қызметі сақталған. Бұл сәтті шыққан аударма қатарына жатады. М.Петровыхтың екі бірдей аударма нұсқасында бұл метафора аударылмай қалып кеткен.

5. *Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін* [157, 261] – түпнұсқада өте ауқымды, қанық метафора қолданылғанын байқаймыз, яғни ақиқат пен адам тілі арасын бөліп тұратын шымылдық, перде. Бұл тұжырымның аржағында да діни астар жатыр. Осы өлеңнің жолма-жол аудармасын жасаған – С.Тілеубаев, бұл метафораны аудармай қалдырып кеткен. Оның орнында түпнұсқа мағынасын бұрмалап, басқа ұғымды аудармада беріп отыр: ...которые могли бы заслонить вид на утес? [186, с. 302] . М.Петровыхтың бірінші нұсқасында, *В них не брезжит правды свет, в них – плен души!* [186, с. 303] деп аударылса, екінші нұсқасында, *они скрывают завесой истину от души* [186, с. 304] деп берілген. Бірінші нұсқада, *шынның жүзі* метафорасы *правды свет* деп баламалы түрде аударылған, метафораның философиялық-эстетикалық қызметі сақталған. Екінші нұсқада тек *истина* деп алынған: они скрыват завесой истину от души [186, с. 304]. Метафора аудармада троп күйінде аударылмаған. Ә.Қодардың аудармасында бұл тіркес былайша орысшаланған: *закрывая, как пологом, истины лик* [186, с. 305]. Ә.Қодар аударған метафоралар жақсы берілген, метафоралардың экспрессивті-философиялық қызметі де сақталған. Бұл – аудармашының үздіксіз еңбегінің көрінісі.

Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу барысында, ақынның авторлық метафоралары теңеу, эпитетке, тағы басқа троп түрлеріне айналып кеткен. «Ақынның эстетикалық ой-толғамдарын, әлеуметтік танымы мен

шығармашылық нысанасын көрсететін метафоралар, негізінен, еркін аударылды» [188, 88 б].

Ақынның «Жүрегім менің қырық жамау» және «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?» өлеңін бірнеше аудармашылар орыс тілінде сөйлетуге талпынған. Аударма трансформациясының түрлі әдістері қолданылған: түсіріп тастау (С.Тілеубаев, М.Петровых, Ә.Қодар), дамыту (Ю.Кузнецов, М.Адибаев), нақтыландыру (М.Петровых, М.Адибаев, Ә.Қодар), сөз қосу (С.Тілеубаев), сипаттамалы әдіс (М.Петровых) және т.б.

Метафора мағынасы бұрмаланған аудармалар да көрініс тапты: *сұм дүние* – несчастное время (С.Тілеубаев). Түпнұсқада *сұм дүние* – қатігез, аудармада ол неліктен бақытсыз, сорлы халге түскені белгісіз. Ақынның айтар ойын дұрыс түсінбегендіктен, аудармалар кейде тым еркін аударылды: *ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін* – не произноси глупых слов, слетающих с трусливых губ (С.Тілеубаев), *сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?* –жизнь обирает день за днем. Где мечты твои? (М.Петровых, 1-ші нұсқа).Дегенмен, түпнұсқа барабарлығы да сақталған тұстары да жоқ емес: шынның жүзі – истины лик (Ә.Қодар), правды свет (М.Петровых).

«Абай. Тридцать семь стихотворений» кітабында жарық көрген Абай өлеңдерінің аудармалары әртүрлі деңгейде тәржімаланған. Метафораны аударуға талпынғанымен, бұл троп түрі кейде мүлдем аударылмайды, не болмаса, аудармашылар әріпқойлыққа жүгініп, метафораның мағынасы бұрмаланып кетеді. Ғалым А.Жақсылықовтың пікіріне сүйенсек, «әріпқойлық дегеніміз мағынасыз, еш мәні жоқ сөздер жиынтығы. Сондықтан аударылатын тілде, мүмкіндігінше, мағынасы жағынан баламасын табу қажет» [189, с. 149]. Аударматанушы А.Алдашеваның әріпқойлық турасындағы пікірін келтіре кетсек, «әріпқойлық –түпнұсқа тіл мен аударма тілдегі формалды немесе семантикалық құрылымды тұп-тура сәйкестендірудің нәтижесінен туатын құбылыс. Бұл – дәлдік емес, түпнұсқадағы ақпараттың мағынасын бұзатын, кері түсіндіретін және аударылатын тілдің нормасына елеулі нұқсан келтіретін жайт; аудармашының қатесі немесе аудармашының лингвомәдени құзыретінің төмендігін көрсететін белгі» [190, 30 б]. Сондықтан, осы аудармашының қатесін, мейлінше, жібермеуге талпыну керек.

Түпнұсқа мен аудармадағы метафораларды салыстырмалы-салғастырмалы талдау барысында мынадай қорытындыға келдік. Абай поэзиясында кездесетін метафораларды аудару барысында, аудармашы мыналарды есте ұстағаны жөн:

– ақын өлеңінің шығу тарихынан хабардар болу;
– ақын қолданысындағы метафораның түрін анықтау;
– метафораның семантикасы, этимологиясына мән беру;
– тәржімада авторлық метафораның белгілі бір тұтастық жүйесіндегі синтаксистік, лексикалық, семантикалық, ритмикалық, көркемдік-эстетикалық қызметінің ерекшеліктерін ескеру;
– ақын метафораларының түпнұсқадағы атқарып тұрған қызметін аудармада

беру;
– аударма трансформациясы түрлерінің мүмкіндіктерін пайдалану;
– ақын метафоралары мен олардың аудармалары арасында барабарлық, бамалалық деңгейлерін сақтауға тырысу;
– Абай метафорасын аудармада нұсқада да метафорамен беру мүмкіндігін іске асыру.

3.3. Абай метафораларының ағылшын тіліне аударылуы: түпнұсқа мен аударманың салғастырмалы-семантикалық талдауы

Абай өлеңдерінің ағылшынша нұсқасын *«Abai Kunanbayev. Selected Poems»* деген 1970 жылы Мәскеудің Прогресс баспасынан жарыққа шыққан жинақтан оқуға болады. Жинақтың алғысөзін жазған – М.Әуезов, оны ағылшыншаға аударған – Ольга Шарце. Түрлі аудармашылар тәржімалаған ақын өлеңдерінің ағылшынша жалпы саны – 89. Абайды ағылшынша сөйлеткендер аудармашылар: Том Боттинг, Ольга Шарце, Дориан Роттенберг, Ирина Железнова.

Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай *«Abai. Book of Words»* деген атаумен 1995 жылы «EL Bureau» баспасы жарыққа шығарған жинағы бар. Бұл жинаққа Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің ағылшынша аудармалары енген. Қара сөздерін аударған – Дэвид Айткин (David Aitkyn). Алғысөзі мен өлеңдерін аударған – Ричард Маккайне (Richard McKane). Осы жинақта баспа бетін көрген ақын өлеңдерінің саны – 39.

Ақын өлеңдерінің ағылшынша нұсқасын Семей қаласынан 2005 жылы Абай халықаралық клубы шығарған кітаптан табуға болады. Шын мәнісінде, Абайдың 150 жылдық мерейтойына арнап шығарылған Abai. Book of Words кітабының тура өзі, тек өңделген нұсқасы. Яғни сол 1995 жылғы жинақта өлеңдерін ағылшыншаға аударған – Ричард Маккайне (Richard McKane). Семейден шыққан жинақта да тура сол аудармашының 39 аудармасы басылған.

Абай өлеңдерінің ағылшынша нұсқасын электронды нұсқада да оқуға болады. Abai-inst.kz сайтында жарияланған ағылшынша нұсқалары 1970 жылы жарыққа шыққан аударма өлеңдердің электронды нұсқасы. Бұл сайтқа кітаптағы бар 89 аударма өлеңдері салынбағанмен де, ақынның біраз өлеңдерін ағылшынша оқуға мүмкіндік туады.

Аударма жасау барысында, тәржімашы аударма траснформациялары деп аталатын аударма тәсілдерін қолданады. О.В.Петрованың «Введение в теорию и практику перевода» атты кітабында аударма трансформациялары туралы былай делінген: «Аударма трансформациялар қатарына келесідей лексикалық трансформацияларды жатқызамыз:

1. ұғым-түсініктерді нақтылау (конкретизация понятий)
2. ұғым-түсініктерді тұтастыру (генерализация понятий)
3. антонимдік аударма (антонимический перевод)
4. мағыналық дамыту (смысловое развитие)
5. өтеу, орнын толықтыру (компенсация)

Грамматикалық трансформациялар қатарына мыналарды жатқызамыз:

1. ауыстыру (перестановки)
2. сөз формасын өзгерту (замены форм слова)
3. сөз табы мүшелерін ауыстыру (замены членов предложения)
4. құрмалас сөйлемдегі синтаксикалық ауыстырулар (синтаксические замены в сложном предложении)
5. қосу (добавления)
6. түсіріп тастау (опущения)
7. сөйлемдерді біріктіру және сөйлемдерді мүшелеу (объединение предложений и членение предложений)». [191, с. 367].

И.С.Алексееваның «Профессиональный тренинг переводчика» атты кітабында аударма траснформациялары жайлы былай делінген: «Аударма кезінде қолданылатын лексикалық трансформациялардың негізгі типтері төмендегідей аударма тәсілдерін қамтиды: аударма транскрипциялау, транслитерация, калькалау және лексикалық-семантикалық ауыстырулар (нақтыландыру, жалпыландыру). Грамматикалық трансформациялардың негізгі түрлері мыналар: синтаксикалық ұқсастық (сөзбе-сөз аударма), сөйлемдерді мүшелеу, сөйлемдерді біріктіру. Лексикограмматикалық трансформациялардың негізгі типтері: антонимдік аударма, экспликация немесе сипаттамалы аударма, компенсация» [192, с. 93-100].

Аудармашы осы аталған аударма трансформацияларын қолдана отырып, түпнұсқа мәтінді екінші тілге жеткізуге барын салады. Осы тұрғысында, ғалым Қ.Айдарбектің пікірін келтірсек: «Кез-келген аудармашы аудару барысында мазмұн баламалылығын сақтауға тырысады. Түпнұсқада айтылған ойды қандай әдіс-тәсілдермен жеткізудің амалдарын іздестіру барысында аудармашы негізгі материалды анализ және синтез процестерінен өткізуге, түпнұсқа мәтіннің негізгі идеясын, мән-мазмұнын талдап түсінісу және осы идея мен мазмұнды екінші тілдің құралдары арқылы жеткізу мәселерін шешуге тиісті болады» [193, 158 б].

Поэзия аудармашыларының алдындағы міндет тіптен күрделі. Аударматанушы ғалым Ә.Тарақ осы тұрғысында мынадай пікір білдіреді: «Поэтика аудармасында шығарманың толық құндылығына жету асқан шеберлікті қажет етеді. Туындыны басқа тілде қайтадан поэзиямен мазмұндап беру – өте қиын іс. Поэзия аудармасында, сөз тіркесін, сөйлемді (өлең жолдарын) бастапқы мағынасын сақтау негізінде түрлі тәсілдермен аудару болады. Поэзия жалпы адамзат тілінде сөйлейді. Сондықтан да оқырманға айқын түсінікті тілде жеткізілуі тиіс» [194, 166 б].

Екі жинақта жарияланған өлеңдерін негізге алып, ақын өлеңдерінің ағылшын тіліне қалай аударылғанын байқалық.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек» [157, 241 б] 1896 жылы жазылған өлеңі. Метафоралар: *ермек, ұры, өткен өмір белгісі, кеңшілік қыл, бұлдыр заман. Бұлдыр заман* – қамшының қысқа сабындай, өтпелі, өткінші кезеңді білдіреді. *Бұлдыр заман* – ақынның концептуалды метафорасының бірі, жалған

дүние, фәни дүние, сағым дүние формуласының перифразасы. *Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.*

4 – кесте – «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңіндегі метафоралар мен олардың аударылуы

Том Боттинг аудармасы	Ричард Маккайне аудармасы
1.Сағаттың шықылдағы емес *ермек* *The tick of a clock is not something slight* [195, p.140]. Кері аударма: *Сағаттың шықылдағы болар-болмас нәрсе емес* Метафора аударылмай қалып кеткен, түсіріп тастау әдісі	Сағаттың шықылдағы емес *ермек* *The ticking of clock is not an idle sound* [196, p.16]. Кері аударма: *Сағаттың шықылдағы – мағынасыз дыбыс емес* Метафора аударылмай қалып кеткен, түсіріп тастау әдісі
2. Сағаттың өзі *ұры* шықылдаған *The ticking of clocks unheeded still shows* *The count of our days and seconds extinguished* [195, p.140]. Кері аударма: Сағаттың шықылдағы байқалмаса да, қанша күніміз бен секундіміздің сөнгендігін көрсетіп тұр Метафора аударылмай қалып кеткен, түсіріп тастау әдісі	*A clock is a ticking thief, stealing life daily, taking it unnoticed* [196, p.16]. Кері аударма: Сағат – шықылдаған ұры, білдірмей өмірді, күнде ұрлап. Калькалау әдісімен аударылған троп, дегенмен осы 2 жол түпнұсқамен сай келіп тұр. Метафора сақталған.
*3.*Қайта айналмас, бұрылмас *бұлдыр заман* *The past, in its march, cast off and relinguished* [195, p.140]. Кері аударма: Өткен өмір, өз маршымен, кетті, өтті. Түпнұсқада мағынасы терең, Абайдың лейтмотивті метафорасы, аудармада аударылмаған, түсіріп тастау әдісі	*So that without love and constancy life nonetheless just fleeting deception* [196, p. 16]. Кері аударма: Махаббат пен адалдықсыз, өмір мағынасыз, тек өткінші жалған. Аудармашы түпнұсқаны түсінбегендіктен, мүлдем басқа жаққа кетіп қалған. Қосу әдісі орын алған.
4.Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр A clock gives a tick and life is dimished [195, p.140]. Кері аударма: Сағат шықылдайды және өмір қысқарады. Аудармада метафора жоқ, түсіріп тастау әдісі, метафораның қызметі жойылған.	In a clock’s rustling is past life [196, p. 16]. Кері аударма: Сағаттың шықылдағы – өткен өмір Түпнұсқада философиялық қызмет атқаратын метафора аудармада жоқ, яғни метафора қызметі де сақталмаған, еркін аударма.

4-ші кестенің жалғасы

1	2
5.Жалғаны жоқ бір Тәңірім, *кеңшілік қыл* Only Allah eternal can be our support [195, p.140]. Кері аударма: Тек мәңгі Аллаһ бізге қолдау бола алады. Аудармада метафора сақталмаған, түпнұсқаның жалпы мазмұны берілген еркін аударма.	Imperishable Creator, *have mercy upon us!* [196, p. 16]. Кері аударма: Мәңгі Жаратушы, кеңшілік қыл! Аудармада *кеңшілік қыл* метафорасы сақталған. Кеңшілік қыл – помилуй – have mercy upon us, барлық тілдерде бар ұғым болғандықтан, метафора аударылған, метафораның эстетикалық қызметі сақталған.

Ағылшын тілінде ақын өлеңдерін оқу үшін, бұл аудармалар сатылы аудармалар арқылы жасалғандығы белгілі, орыс тілі – ортадағы дәнекер. Абайдың осы өлеңін орысшалаған тәржімашылар: Б.Кайырбеков (жолма-жол аударма), А.Глоба, Ю.Нейман, Э.Шехтман, Е.Курдяков, М.Султанбеков, Ю.Кузнецов, А.Кодар, М.Адибаев.

Ақынның аталған өлеңі ағылшын тілінде қалай аударылғанын, қай нұсқадан сатылы аударылған зерттеу барысында қарастырдық. Нәтижесінде, Т.Боттинг аудармасы Ю.Нейман аудармасынан, Р.Маккайне аудармасы жолма-жол аударған Б.Каирбековтен аударылған болып шықты. Сатылы аудармаға мысал болатын мына аудармаларды қарастыралық, біріншісі: Абай – Ю.Нейман – Т.Боттинг; екіншісі: Абай –Б.Каирбеков – Р.Маккайне.

I. «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңі. Аудармалары: «Не просто так – звук часов: «тик-так»; «The tick of clock is not something slight» (Абай – Ю.Нейман – Т.Боттинг). *Ермек* сөзі өткен өмірді меңзейтін, ауыспалы мағынада тұрған бейнелі сөз. Өлеңнің тақырыбы, әрі бірінші жолындағы метафора орыс тіліндегі аудармада да, ағылшын тіліндегі тәржімада да байқалмайды.

Сағаттың өзі *ұры* шықылдаған метафорасы да орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларда сақталмаған.

Ю.Нейман аудармасы:

Тик-так»...Часы отсчитывают путь.
Часы напоминают: «Не забудь:
Проходит все. Необратимо время.
Прошедшее вовеки не вернуть! [181, с. 128].

Т.Боттинг аудармасы:

The ticking of clocks unheeded still shows
The count of our days and seconds extinguished.
Time is not constant. It changed and flows –

The past, in its march, cast off and relinguished [195, p.140].

Ақынның терең мағыналы, астарлы, философиялық қызмет атқарып тұрған *ұры* және *бұлдыр заман* метафоралары орыс тілі аудармасында түсіп қалған, ағылшын тіліндегі тәржіма Ю.Нейман аудармасынан алынғандықтан, ағылшын тілінде де бұл бейнелі сөздер сақталмаған, нәтижесінде метафора қызметі сақталмаған.

Аталған өлеңнің төртінші метафорасы: *өткен өмір белгісі – осы сыбдыр*. Орыс тіліне аударған тәржімашы осы ретте ақынның метафорасын түсінбей, аудармада оны жеткізе алмаған, нәтижесінде ағылшын тіліндегі аударма да метафорасыз қалған.

Ю.Нейман аудармасы:

Хоть расшибись, а все же это – так!
Уносит жизнь привычный звук «тик-так».
Хоть все обманывать себя готовы,
Но втайне это понимает всяк. [181, с. 128].

Т.Боттинг аудармасы:

Men hide from the fact that none want to know
A clock gives a tick andlife is dimished.
Protest as you may it always was so –
These small sounds proclaim that life is soon finished [195, p.140].

Ю.Нейман аудармасында автордың метафорасы жоқ, тәржіма еркін аударылған. Аудармашының кәсіби этикасы сақталмаған, түпнұсқада ойды жеткізбей, аударманы мүлдем бұрмалап жіберген. «Хоть расшибись, а все же это – так!» деген дөрекі, ерсі өлең жолдарын қосуға әсте болмайды.

Абайдың *Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл* жолы ауқымды ойды қамтиды. Өмірдің жалған екендігін сезінген пенде, Аллаһтан ғана көмек сұрап, Жаратушысынан ғана пана таба алады. Кеңшілік метафорасы мейірім, рақым, шапағат деген сөздерді меңзейді.

Ю.Нейман аудармасы:

Так день за днем, и так –за годом год,
И вот уж старость –у твоих ворот. ..
Не вечен, видно, век у человека,
И лишь Предвечный – верный наш оплот [181, с. 128].

Орысшадағы оплот сөзінің мағынасы – қорғаныс, қамал, қоршау дегенді білдіреді. Түпнұсқада ондай сөз мүлдем жоқ. *Кеңшілік қыл* сөзінің орыс тіліндегі аудармасы проявить великодушие, проявлять милосердие, проявлять широту натуры.

Т.Боттинг аудармасы:

The hours become months. The months become years.
We soon face old age – our life span is short.
Al mortals soon pass through this valley of tears –
Only Allah eternal can be our support [195, p.140].

Орыс тіліндегі дайын аудармадан тәржімалағаннан кейін, орыс тілінде жоқ метафора ағылшын тілінде пайда болуы мүмкін емес. Дегенмен, өлең жолдарына, әйтеуір, бір метафора қосайын дегендей, *valley of tears* (кері аудармасы: долина слез – көз жас алқабы) метафорасын қосады. Кеңшілік метафорасы аударылмаса да, Предвечный сөзінің Аллаһқа қатысты екенін түсінеді.

Осылайша, Абайдың осы өлеңіндегі маңызды деген бес метафора орыс тілінде де, ағылшын тілінде де аударылмаған. Сатылы аударма арқылы тәржімаланған ағылшын тілінде де, орыс тілі аудармасындағы қателер бой көтереді: автордың ойы нақты жеткізілмеген, аудармашылар өз тарапынан сөз қосқан, метафоралар түсіріліп тасталған.

II. «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңі. Аудармалары: «Звук часов –не простая забава»; «The ticking of clock is not an idle sound» (Абай – Б.Каирбеков – Р.Маккайне).

Зерттеу нысаны болып отырған метафора, түпнұсқа тіліндегі өлеңнің өн бойында тұр.

Түпнұсқа:

Сағаттың шықылдағы емес *ермек,*
Һәмиша өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек [157, 241 б].

Б.Каирбеков аудармасы:

Звук часов – не простая забава,
Что жизнь проходит - дают они знать.
Минута одна схожа с человеческой жизнью,
Прошла, умерла, не суждено ей возвратиться [186, с. 272].

Р.Маккайне аудармасы:

The ticking of clocks is not an idle sound
Life flows by, my friend, their beating repeats
A minute is like an age for a man:
it goes, it dies, and the circle of life is closed [196, p.16].

Түпнұсқадағы айқын метафора болып тұрған *ермек* деген сөздің ішіне көп мағына сыйдарған. Орысшада бұл метафора *забава* деп аударылды, ағылшынша да - *an idle soun (*кері аударма*:*стук часов – не глупый звук немесе сағаттың шықылдағы мәнсіз дыбыс емес).

Келесі бір жарқын метафора – *сағаттың өзі ұры шықылдаған*.

Түпнұсқа:

Сағаттың өзі – *ұры* шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [157, 241 б].

Сағатты ұрыға теңеп, оның, расында да, білдірмей минутымызды, жастығымызды ұрлап жатқандығы баршамызға аян. Бірақ біз уақытты не

сағатты ұры-қарыға баламаймыз, тек өмірдің заңы сол екен деп жүре береміз. Ал *ұры* деген семантикалық жағынан жағымсыз мағыналы сөзді баршамызға қымбат уақытқа балап, соған метафора қылып қойған Абай – дана ақын. Метафораның негізі де сол, екі заттың не феноменнің ортақ белгілерін байқап, ортақ аналогия негізінде бір затты екіншісіне теңдетіп қою. Уақыттың көрінбесе де секунд, минут, жылдарымызды ұрлайтыны рас па, иә. Сондықтан да, осы бір маңызды метафораның аудармада көрініс табуы өте қажет.

Б.Каирбеков аудармасы:

Часы –это воры, крадущее своим звучаньем,
Каждый день крадут они незаметно нашу жизнь.
Нет постоянства, нет верности – пришло, ушло,
Не вернется, не оглянется назад призрачное время [186, с. 272].

Байқап отырғанымыздай, Абайдың ауқымды метафорасы саналатын *ұры* метафорасын Б.Каирбеков *часы –это воры* деп аударған. Қазақшада ұры сөзі жекеше түрде тұрғанменен, орыс тілінде көпше түрінде *воры* деп тұр. Метафораның философиялық қызметі аудармада көрініс тапқан.

Р.Маккайне аудармасы:

A clock is a *ticking thief*, stealing life daily,
taking it unnoticed,
so that without love and constancy
life is nonetheless just fleeting
deception [196, p.16].

Ұры – вор – thief үш мәтінде де метафора сақталған. Форма, мағына, метафора қызметі сақталған, үш нұсқада да метафораның философиялық қызметі бар.

Бұлдыр заман – өткінші, жалған дәурен, уақыт, кезең, жалған өмір дегенді білдіретін метафора. Орысшада ол тек *не вернется, не оглянется назад призрачное время* деп кетсе, ағылшыншада бұл ауқымды тіркес аударылмаған.

Түпнұсқа:

Өмірдің белгісі – Абайдың маңызды метафорасы.
Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қарасып босқа бұлдыр [157, 241 б].

Б.Каирбеков аудармасы:

Примета прошедшей жизни – эти звуки,
Чувство свое вовремя успей утолить или погасить.
То, что ум твой давно угадал, напрасно ты
Не хочешь замечать, обманывая самого себя [186, с. 272].

Р.Маккайне аудармасы:

In a clock’s rustling is past life,
if it dulls a soul or comforts it,
still reason knows that time is treacherous,

it goes past as though its tick is harmless [196, p. 16].

Өмірдің белгісі метафорасы *примета прошедшей жизни* деп орысшада барабар аударылған.

Түпнұсқа:

Күн жайылып ай болды, он екі ай – жыл,
Жыл жайлып, қартайып қылғаны – бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, *кеңшілік қыл* [157, 241 б].

Б.Каирбеков аудармасы:

Дни, собираясь вместе, составят месяц,
А двенадцать месяцев – составят год.
Года бегут, а это значит – ты уже стареешь...
О, ты, мой бог, не ведающий обмана, *будь милостив* ко мне [186, с. 272].

Р.Маккайне аудармасы:

A day, a month, a year go off intoashes,
old age comes, time flows away...
Since transient time beckoned us
pitilessly, oh, imperishable Creator, *have*
mercy upon us! [196, p.16].

Түпнұсқадағы *кеңшілік* сөзінің орыс тіліндегі аудармасы *великодушие, милосердие, милость.* Кеңшілік қыл – будь милостив ко мне – have mercy upon us! - барабар аударма көрінісі.

Абай өлеңін ағылшыншаға аудару үшін, Р.Маккайне алдында аударылып кеткен нұсқаларға қарамай (А.Глоба, Ю.Нейман, Э.Шехтман, Е.Курдяков, М.Султанбеков, Ю.Кузнецов, А.Кодар, М.Адибаев нұсқалары), тек жолма-жол аудармаға негізделген. Әр аудармашының аудару стилі, әртүрлі аударма әдістерін қолданатынын ескерсек, Р.Маккайнидің неліктен тек жолма-жол аудармадан аударғандығын түсінетін боламыз. Себебі, сатылы аударма барысында, ортадағы дәнекер тілде кеткен қателіктер үшінші тілдегі аудармада да орын алуы ықтимал. Бұл тұрғыдан, Р.Маккайнедің таңдауын дұрыс деп білеміз. Дегенмен, түпнұсқадағы бес метафора (*ермек, ұры, бұлдыр заман, өткен өмір белгісі осы сыбдыр, кеңшілік*), орыс тілінде (*забава, воры, будь милостив ко мне*) деп аударылса, ағылшын тілінде (thief, have mercy upon us) деп сақталған.

3.4. Абай метафораларын аударуда қолданылған трансформациялар

Аударма трансформациясы дегеніміз – аударманың техникалық тәсілдері, бір тілдегі мәтінді екінші тілге аудару кезінде қажет әдіс. Түпнұсқа мен аударма мәтіні арасында сәйкестік болуы тиіс, ал ол қандай жолмен жасалғаны осы аударма трансформациясына байланысты.Аударма трансформациясы жайлы сөз еткенде, бірнеше ғалымның жіктемесін келтірсек болады. Мысалы, А.М.Фитерман мен Т.Р.Левицкая аударма трансформациясын былайша бөледі:

1. грамматикалық трансформациялар

2. стилистикалық трансформациялар

3. лексикалық трансформациялар[197, с. 11-31].

Я.И.Рецкер аударма трансформацияның екі типін бөліп қарастырады:

1. грамматикалық трансформация деп сөз табы немесе сөйлем мүшелерінің алмасуын айтады.

2. лексикалық трансформация қатарына нақтылау, тұтастыру, антонимикалық аударма, компенсация, мағыналық дамыту, мағыналардың дифференциясы, толықтай өзгертулер кіреді [198, с. 45].

Ғалым Л.С.Бархударов Аударма трансформациясын мынадай типтерге бөледі:

1. перестановка (орнын ауыстыру)

2. замена (алмастыру)

3. добавление (қосу)

4. опущение (түсіріп тастау) [199, с. 190].

В.Н.Комиссаров аударма трансформациясын төмендегідей 3 топқа бөледі:

1. лексикалық трансформация (транскрипция және транслитерация, калькалау);

1а.лексико-семантикалық трансформация: нақтыландыру, жалпыландыру, модулдеу.

2.грамматикалық трансформациялар: сөзбе-сөз аударма (синтаксистік ұқсастық/уподобление), сөйлемдерді бөлшектеу, сөйлемдерді біріктіру және грамматикалық алмасулар;

3.лексико-грамматикалық трансформациялар немесе кешенді (комплексті): антонимдік аударма, сипаттау аударма әдісі (экспликация), компенсация әдісі [200, с. 172-173].

В.Н.Комиссаров пен Л.С.Бархударов теориясы негізіндегі аударма трансформациясы жіктемесі бойынша Абай метафораларының аударылуын қарастырып шықтық. Негізге В.Н.Комиссаровтың ұсынған жіктемесін аламыз және зерттеу барысында байқағанымыз, Абай өлеңдерін аударуда Л.С.Бархударов жіктемесінде ұсынылатын қосу мен түсіріп тастау әдісі көп кездеседі. Сондықтан, В.Н.Комиссаров жіктемесімен бірге Л.С.Бархударовтың осы екі трансформация әдісіне сүйеніп талдау жасаймыз.

Осы трансформациялардың әрқайсысына В.Н.Комиссаров берген анықтамаларға қарасақ:

1.Транскрипция және транслитерация – аударма тіліндегі әріптер көмегімен жасалған, түпнұсқадағы лексикалық бірлік аудармасы. Транскрипция кезінде басқа тілдегі сөздің дыбыстық формасы, ал транслитерация кезінде оның графикалық формасы, яғни әріптік құрамы жазылады. Мысалы, (Dorset ['dasit] — Дорсет, Campbell ['kaerabalj— Кэмпбелл).

2. Калькалау – түпнұсқадағы лексикалық бірлікті, оның құрамдас бөліктері морфема немесе сөздерді, аударма тіліндегі лексикалық сәйкестіктерге негіздеп аудару. Калькалаудың мақсаты – түпнұсқадағы

лексикалық бірлік құрамына ұқсатып, аударма тілінде жаңа сөз немесе тұрақты тіркес жасау. Мысалы, mass culture «массовая культура» деп аударылады.

3. Нақтыландыру (конкретизация) дегеніміз – түпнұсқадағы заттық-логикалық кең мағынасы бар сөзді не сөз тіркесін аударма тілінде тар мағыналы сөзбен алмастыру, нәтижесінде, түпнұсқадағы сөз ауқымды кең мағынасында қолданылса, ал аударма тілінде оның түрлік, типтік ұғымы қолданылады. Мысалы, Dinny waited in a corridor which smelled of disinfectant. Динни ждала в коридоре, пропахшем карболкой. (Динни карболка иісі шығып тұрған дәлізде күтіп тұрды).

4. Жалпыландыру (генерализация) – түпнұсқадағы тар мағыналы сөзді аударма тілінде кең мағыналы сөзбен алмастыру, бұл үдеріс нақтыландыру әдісіне (конкретизация) қарама-қарсы. Мысалы, He visits me practically every week-end. Он ездит ко мне почти каждую неделю. (Ол маған апта сайын келеді).

5.Модулдеу немесе мағыналық дамыту дегеніміз – түпнұсқалық бірлік мағынасынан логикалық түрде туындайтын сөзбен аудару, яғни түпнұсқа тіліндегі сөзді аударма тіліндегі сөзбен алмастыру. Мысалы, I don't blame them. – Я их понимаю. (Мен оларды кіналамаймын деудің орнына, Мен оларды түсінемін деп аударылған).

6. Сөзбе-сөз аударма немесе синтаксистік ұқсастық/уподобление – түпнұсқаның синтаксістік құрылымы аударма тілдегі аналогтық құрылымға айналатын аударма әдісін айтады. Трансформацияның бұл нөлдік типтік трансформациясы, түпнұсқа тіл мен аударма тілде параллельді синтаксистік құрылым бар жағдайда қолданылады. Мысалы, I always remember his words – Я всегда помню его слова (Мен оның сөздерін үнемі есімде сақтаймын).

7. Сөйлемдерді бөлшектеу түпнұсқадағы синтаксистік құрылым аударма тілде бір немесе екі предикативті құрылымға айналады. Мысалы, The annual surveys of the Labour Government were not discussed with the workers at any stage, but only with the employers. Ежегодные обзоры лейбористского правительства не обсуждались среди рабочих ни на каком этапе. Они обсуждались только с предпринимателями. (Лейбористік үкіметтің жыл сайынғы шолуы жұмысшылар арасында бірде-бір деңгейде талқыланған жоқ. Олар тек кәсіпкерлер арасында талқыланды).

8. Сөйлемдерді біріктіру – түпнұсқадағы синтаксистік құрылым аудармада өзгереді, яғни екі жай сөйлем бір сөйлемге айналады. Бұл трансформация алдыңғы трансформацияға қарама-қарсы. Мысалы, That was a long time ago. It seemed like fifty years ago. Это было давно – казалось, что прошло лет пятьдесят. (Бұл бұрындары болған, 50 жыл өткен тәрізді.

9. Грамматикалық алмасулар – түпнұсқадағы грамматикалық бірлік аударма тілде басқа грамматикалық мағынаға алмасады. Аударма тілде кез келген деңгейдегі грамматикалық бірлік ауысуы мүмкін: сөз, сөйлем мүшесі. Мысалы, We are searching for talent everywhere. Мы повсюду ищем таланты. Біз таланттарды жан-жақтан іздейміз.

10. Антонимдік аударма – түпнұсқадағы болымды форма аударма тілде болымсыз формаға айналатын лексико-грамматикалық трансформация. Nothing changed in my home town. Все осталось прежним в моем родном городе. Менің қаламда барлығы бұрынғы қалыпта қалған.

11. Экспликация немесе сипаттамалы аударма – түпнұсқа тілдегі сөз не сөз тіркесі аударма тілде эксплициттік мағынада қолданылады, яғни сол сөзді аударма тілде толықтай түсіндіреді немесе анықтамасын береді. Экспликация көмегімен түпнұсқадағы эквиваленті жоқ сөзді аударуға болады, мысалы, conservationist – сторонник охраны окружающей среды, қоршаған ортаны қорғау жақтаушысы.

12.Компенсация (өтеу, орнын толтыру) – аударма кезінде жоғалған түпнұсқалық бірліктер, аудармада басқа түрде беріледі, дәл түпнұсқада тұрған орнында тұру шарт емес. Осылайша, жоғалған түпнұсқалық мағынаның аудармада орны толтырылады. Түпнұсқаның грамматикалық құралдары лексикалық құралдармен алмасады немесе керісінше болуы мүмкін. Мысалы, "Serve him right," said Sir Pitt; "him and his family has been cheating me on that farm these hundred and fifty years" ... Sir Pitt might have said, 'he and Ms family to be sure; but rich baronets do not need to be careful about grammar as poor governesses must be. (Үшінші жақтағы есімдіктің қолданылу формасы дұрыс қолданылмаған, бірақ ол маңызды коммуникативті рөл атқарады және аудармада көрініп тұруы керек. Бірақ оны орыс тілінде қайта қалпыну келтіру мүмкін емес. Жоғалған бірліктің орнын келтіру үшін сэр Питтің сөз сөйлеуі орыс тілінің басқа лексикалық бірліктерімен берілсе болады). «Он со своей семейкой облапошивал меня на этой ферме целых полтораста лет!»... Сэр Питт мог бы, конечно, выражаться поделикатнее, но богатым баронетам не приходится особенно стесняться в выражениях, не то что нам, бедным гувернанткам [200, с. 174-186].

13. Қосу (добавление) – түпнұсқада жоқ сөзді не тіркесті аудармада беру.

14. Түсіріп тастау (опущение) – түпнұсқада бар сөзді не тіркесті аудармай қалдырып кету.

В.Н.Комиссаровтың 12 трансформациясы мен Л.С.Бархударовтың 2 трансформациясымен 14 трансформациялық әдісті құрайды. Дегенмен, бұлардың барлығы Абай метафораларын аударуда қолданылмайды. Айталық, сөйлемдерді біріктіру, сөйлемдерді бөлшектеу, грамматикалық алмасулар деген аударма трансформациялары негізінен сөйлемдерге қатысты қолданылады. Абай метафоралары сөйлем түрінде келмегендіктен, бұл аударма трансформацияларын қолдану мүмкін емес. Аударма трансформациясының бірінші түрі – транскрипция, транслитерация да Абай метафораларына қатысты қолданылмайды, себебі трансформацияның бұл түрі, негізінен, жер-су атауларын не адам есімдерін аударуда пайдаланылады не болмаса бір тілде жоқ ұғымды аударуға қажет әдіс. Метафора адам есімдерінен не жер-су атауларынан тұрмағандықтан, бұл әдісті де қолдану мүмкін емес. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Абай поэзиясындағы метафоралардың орыс тіліндегі аудармалар ішінде антонимдік аударма деп аталатын түрі жоқ.

Енді кесте түрінде Абай метафораларының аударылуын қарастырайық. Мына кесте түпнұсқа мен орыс тіліндегі аудармаларды қамтиды.

5–кесте– Абай метафораларын орыс тіліне аударуда қолданылатын аударма трансформациялары

Аударма трансформациясының түрі	Түпнұсқа мәтіні	Орыс тіліндегі аударма
1.Калькалау	1.«Жүрегім менің қырық жамау» (1899) өлеңі. Жүрегім менің – *қырық жамау* [157, 268 б].Бұл - авторлық метафора. 2. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі Өмір жолы – *тар соқпақ*, метафора - тар соқпақ [157, 216 б].	1. «Сердце мое - из сорока заплаток». Сердце мое – из *сорока заплаток* [186, с. 324]. Аударған С.Тлеубаев 2. «Когда баран войдет в ручей, воде жирней не стать» Путь жизни – *узкая тропа* [181, с. 121].Аударған Вс.Рождественский
2. Нақтыландыру (конкретизация)	1. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», (1896) өлеңі. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан – шын *асыл*, тастай көрме [157, 250 б]. 2. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» (1886) өлеңі. Мал бен бақтың кеселі *ұя бұзар* [157, 25 б].	1. «Разным людям не верь, что тебя вознесут», Загляни в свое сердце и там, в глубине, Отыскав *жемчуга*, береги, не бросай [181, с. 134]. Аударған А.Гатов 2. «Постарели, думы и печали, выросли мечты». *Разрушающей гнездо/дом* [186,с.55]. Аударған Б.Момышұлы
3. жалпыландыру (генерализация)	1. «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» (1886) өлеңі. Жұрт жүр ғой *күйкентай* мен *қарға* сақтап [157, 26 б]. 2.«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886) өлеңі. Сапырылды байлығың, баққан *жылқың*[157, 27]	1. «Хоть любую добычу беркут берет» Люди возятся с *птицей* других пород [186, с. 69].Аударған А.Штейнберг 2. «Народ великий мой, казах, ты видел беды» Промотан *скот*, богатства не спасти [186, с. 79]. Аударған М.Адибаев

5-ші кестенің жалғасы

1	2	3
4. Модулдеу немесе мағыналық дамыту	1. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» (1886) өлеңі *Орыс* айтты өзіңе ерік берем деп [157, 24 б]. Метафора – *орыс* сөзі.	1. «Хоть мы уже старцы, хоть мысли печальны,- в нас жадность сильна». *Начальник* твердит нам: для выборов людям свободна дана [186, с. 58]. Аударған Л.Длигач 2. «Где старость, там скорбь, там мученья одни». *Чиновник* сказал: вот свобода, бери! [186, с. 63]. Аударған А.Қодар
5.Сөзбе-сөз аударма немесе синтаксистік ұқсастық	1. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», (1886) өлеңі. Ашуың – *ашыған у,* ойың – кермек [157, 20 б]. Метафора: *ашыған у.* 2. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886) өлеңі. Бас-басына би болған *өңкей қиқым* [157, 27 б].	«Постарели, печали думали, сон чуток». Гнев – *прокисший яд*, мысли желчь [186, с. 41]. Аударған Б.Момышулы 2. «О, казахи мои, многочисленный, народ, бедола» Каждый сам себе би (судья), царь, одни *мелкие, жалкие крохи* [186, с. 74]. Аударған К.Досжан
6.Экспликация немесе сипаттамалы аударма	1. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884) өлеңі. *Екі алма* кеудесінде қисаймайды" [157, 17 б]. Метафора: екі алма. 2. «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», (1892) өлеңі. *Жетім қозы* – тас бауыр" [157, 174 б].	1. «Белый лоб – серебро, чей тонок чекан» Туг и свеж этих юных *грудей* шафран, Безупречен налив этих *двух плодов [*186, с. 32]. Аударған М.Тарловский 2.а) «Сердце бедное, не бейся, не стучи». *Сирота* – и тот найдет себе отца [186, с. 228]. Аударған К.Курдаков б) «Боже, сердце, не бейся!» У *сироты* – сердце камень [186, с. 229]. Аударған М.Адибаев

5-ші кестенің жалғасы

1	2	3
7.Өтеу, орнын толтыру (компенсация)	1. «Әсемпаз болма әр неге» өлеңі. Сен де – бір *кірпіш* дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!" [157, 195 б]. *Кірпіш* деген метафора, мағынасы: бүтіннің/дүниенің бөлшегі, өмірдегі өз орнын табу тиіс бөлік 2.«Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) өлеңі. Сағаттың өзі – *ұры* шықылдаған, өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған [157, 241 б]. Метафора: ұры – өміріміздің минут, сағаттарын ұрлайтын зат	1. «Не упивайся праздной красотой» Господний замысел открой, и *миру ты придешься в пору* [186, с. 237].Аударған М.Адибаев (Негізгі метафора жоқ болғанменен, в пору деген метафоралық тіркес қосылған) 2. «В мирных звуках часов безотрадное есть». Похищает надежды часов строгий лад, приближает он тайно *годины утрат*[186, с. 274]. Аударған Э.Шехтман. (Негізгі метафора жоқ, *годины утрат* деген фразеологизм бар)
8. Қосу (добавление)	1. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», (1886) өлеңі. Ашуың – *ашыған у,* ойың – кермек [157, б. 20]. Метафора: ашыған у, яғни ашуланса, айналасына зәр. 2. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» (1886) өлеңі. Уайым – *ер қорғаны*, есі барлық [157, 36 б].	1. «Старость, тяжкие думы, стал чуток твой сон». *Яд и горечь* – твой гнев, желчью ум поражен [186, с. 45]. *Горечь* сөзі өз тарапынан қосылған. Аударған Ю.Кузнецова 2. «Только юность одна – жизни счастливый сад» Сдержанность – вот твой щит, *верный признак ума* [181, с. 36]. Верный признак ума деген метафора түпнұсқада жоқ. Ауд.Вс.Рождественский

5-ші кестенің жалғасы

1	2	3
9. Түсіріп тастау (опущение)	1. «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңі. Тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл – гүл [157, 50 б]. 2. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?" [157, 262 б].	1. «Пока не знаешь – молчи". Да буден праведен путь, твоей души молодой!" [181,с.43]. Ауд. М.Петровых 2. «Умру. И стану вновь землей». И мой язык насмешкой злой [186, с. 311]. Аударған М.Дудина

Байқағанымыздай, Комиссаров пен Бархударов ұсынған 14 аударма трансформациясының ішінде Абай поэзиясындағы метафоралар аудармасына келетіні 9 аударма трансформациясы, бұл – тек түпнұсқа мен орыс тіліндегі аудармалар зерттеуіндегі нәтиже. Ал ендігі кезекте ағылшын тілі мен түпнұсқа тіліндегі мәтінді қарастыралық. Абай өлеңдерінің ағылшын тіліндегі нұсқалар саны орыс тіліндегі нұсқалардан аздау екені түсінікті. Ақын өлеңдерінің орыс тіліндегі нұсқалары әлдеқайда көп, тіпті бір өлеңнің 5-6 аудармасы бар, оған Абайдың 37 өлеңі (Абай. Тридцать семь стихотворений, 2006.) кітабы куә. Сонымен бірге, 1981 жылы жарияланған орыс тіліндегі жинақта 117 аударма (Абай Кунанбаев. Избранное), Вс.Рождественский аударған ақын өлеңдерінің 28 нұсқасы және Ә.Қодар (Антология казахской поэзии в переводах А.Кодара. – Алматы, 2007) тәржімалаған ақынның 70 өлеңінің аудармасы тағы бар.

6 – кесте – Абай метафораларын ағылшын тіліне аударуда қолданылатын аударма трансформациялары

Аударма трансформациясы түрі	Түпнұсқа мәтіні	Ағылшын тіліндегі аударма
1. Калькалау	«Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) өлеңі Сағаттың өзі *ұры шықылдаған* [157, 241 б].	1. «The ticking of clock is not an idle sound» A clock is a *ticking thief* [196, p. 16]. Кері аудармасы: шықылдаған ұры
2. Нақтыландыру (конкретизация)	1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886) өлеңі. *Бет бергенде* шырайың сондай жақсы [157, 27]	1. «Oh, Kazakhs, my poor people» *Eye to eye*, you're welcoming and kind, but then you're [196, p. 17]. Түпнұсқада бет

6-шы кестенің жалғасы

1	2	3
2. Нақтыландыру (конкретизация)	*Бет беру* – құрамында метафорасы бар фразеологизм	деп жалпылама айтылса, ағылшыншада көзбе-көз деп нақтыландыру тұр.
3. Модуляция немесе мағыналық дамыту	«Қажымас дос халықта жоқ» (1889) өлеңі. Сыйласарлық *тектінің* кім танымас нұсқасын" [157, 128 б]. Текті – дәстүрлі метафора	«There are no true friends among people» Who cannot identify by sight a *good person* " [196, p. 39]. *Текті* деген сөзді дамытып *жақсы адам* деп аударған.
4.Сөзбе-сөз аударма немесе синтаксистік ұқсастық	«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы» (1899) өлеңі. Адам бір – *боқ көтерген боқтың қабы* [157, б. 269].	«Man is a sack, full of shit» өлеңі Man is a sack, *full of shit* [196, p. 45]. Сөзбе-сөз аударылған метафора.
5.Экспликация немесе сипаттамалы аударма	«Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» Ішім – толған *у мен өрт*, сыртым дүрдей [157, 263 б].	«When I die, will not the damp Earth become my resting place?» Within me are poison and flames, *I'm only happy on the outside* [196, p. 51]. Метафора тек сипаттамалы түрде берілген.
6. Қосу (добавление)	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887) өлеңі. Амалдап *қарағайды талға* жалғап [157, 77 б]. Екі метафора: қарағай мен тал	«Poetry is the queen of language, the soveriegn of the word " Contrive to connect the pine with the ***vine***" [196, p. 36]. *Vine* сөзінің аудармасы *виноградная лоза*, тал сөзіне мүлдем келмейді, ұйқас үшін жасалған.
7.Түсіріп тастау (опущение)	1. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886) өлеңі. Сәлем – борыш, сөз –	1. «I'm disillusioned with enemies and friends alike» But behind you back he slanders and abuses you [186,p. 34].

6-шы кестенің жалғасы

1	2	3
7.Түсіріп тастау (опущение)	*құлық* болғаннан соң" [157, 32 б]. Метафора: *құлық*	Метафора аударылмай қалдырылып кеткен.
8.Антонимдік аударма	«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» (1886) өлеңі. Мұңдасқанда қалмайды *көңіл кірі* [157, 63 б].	«Life has passed, full of regrets» «Trusting conversations *cleanse the soul*» [186, p. 49]. Антонимдік аударма: *жан тазалығы* деп аударылған.

Байқап отырғанымыздай, ағылшын тіліндегі аудармада антонимдік аударма орын алған. Оның есесіне жалпыландыру (генерализация) мен өтеу (компенсация) ағылшын тіліндегі аудармаларда кездеспейді.

Аударма трансформациясының 14 түрін атап өттік, Абай өлеңдеріндегі метафоралардың орыс тіліндегі аудармаларына, жоғарыда көрсетілген 9 аударма траснформациясы тән болса, ағылшын тілдеріндегі аудармаларға 8 траснформация түрі қолданылды. Бұл аударма трансформациялардың барлығы Абай метафораларын аудармалары мейлінше жақсы шығуы үшін жұмсалған. Себебі, Абай өлеңдеріндегі метафораны аудару оңай емес. Абайтанушы ғалым Ж.Дәдебаев осы мәселе жайлы мынадай пікір қалдырған: «Абайдың өлең сөздегі қайталанбас өнерін, әрі шығармасындағы тас бұлақтың суындай бірөңкей келісіммен жарасқан сұлулықтың ішкі нұры мен сыртқы жарығын басқа тілде өз деңгейінде лайықты беру қиын» [201, 9б].

3.5 Абай өлеңдері аудармаларындағы метафоралық трансформация

Кез-келген аударманың мақсаты – түпнұсқа мәтіндегі көркемдік, мазмұндық, семантикалық ерекшеліктерді сақтай отырып, екінші тілге жеткізу. Аудармашының мақсаты туралы «Проблемы поэтического перевода с казахского на русский язык» зерттеу еңбегін ің авторы Н.Ж.Сағандықованың пікірі келесідей: «аудармашының маңызды мақсаттарының бірі – автордың негізі айтар ойын түсініп, оны екінші тілге аудару, алайда, көбінесе аудармашылар мұндай мақсатты көздемейді, ал бұл өз сөзсіз, аударма нұсқаның сапасын әсерін тигізеді» [202, с.168].

Метафораларды аудару белгілі бір әдіс-тәсілді, өзіндік жолды қажет ететіні түсінікті. Осы ретте профессор және кәсіби синхронист-аудармашы, «Перевод и Лингвистика», «Теория перевода: статус, проблемы, аспекты», «Глазами переводчика» секілді кітаптардың авторы А.Д.Швейцердің пікірін қарастырайық. Зерттеушіге сүйенсек, метафоралық трансформациялар аударма трансформацияларының ішінде маңызды рөлге ие, олар семантикалық трансформацияларға жатады. Метафоралық трансформация негізінде ұқсастық,

аналогия жатыр. Метафоралық трансформациялар қатарына ол *метафоралау, реметафоралау, деметафоралауды* атайды.

1) Метафоралау деп метафоралық емес сөз не тіркестің метафоралық тіркеспен аударылуын атайды. Мысал ретінде А.Д.Швейцер мына сөйлемдерді келтіреді. «Don't be scared. You ain't no worse then the rest of us..." (Dreiser) — » — ...Не робей, мы тут все одного поля ягоды»; Түпнұсқадағы метафоралық емес сөздерді, метафоралық тіркес - *одного поля ягоды* деп аударған.

2) Реметафоралау дегеніміз – метафоралық трансформацияның бір түрі, метафораның метафорамен аударылуын, метафораның метафорамен алмастырылуын атайды. And poor Sedley opened his pent-up soul... (Thackeray) — «...бедняга Седли излил перед ней душу... »; Реметафоралау, әдетте, мақал-мәтілдерді аударуда қолданылады.

3) Деметафоралау деп түпнұсқадағы метафоралық тіркесті метафоралық емес тіркеспен тәржімалауды атайды. Мысал ретінде, зерттеуші мына сөйлемді назарымызға ұсынады: « She stared out of the window, a world away» (Gordon) – «Она смотрела в окно, думая о своем».

Мысалы, аударма барысында, берілген контекстегі метафораның мағынасын ашу үшін интерпретациялық аударма қолданылуы мүмкін, метафораны аудара отырып, аудармашы фразеологиялық бірлікті нақты бір мағына білдіретін метафорикалық емес тіркеспен аударуы ықтимал [203, с. 136-138].

Деметафоралау кезінде аудармашылар әртүрлі стратегияны ұстанады. Аудармада метафораны қалдырып кетіп, оның орнын теңеу, эпитет не басқаша етіп орнын толтыруға тырысады [204, с. 592].

Швейцер ұсынған метафоралық трансформацияларға негіздеп, Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі метафора аудармаларының (орыс және ағылшын тілдеріндегі) қай трансформациялық деңгейде екенін кесте жүзінде салыстырып байқап көрелік. Ақын өлеңдерінің ағылшынша аударылғандары көп емес. «Abai. Book of Words» деген атаумен 1995 жылы шыққан жинаққа Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің ағылшынша аудармалары енген. Қара сөздерін аударған – Дэвид Айткин (David Aitkyn). Алғысөзі мен өлеңдерін аударған Ричард Маккайне (Richard McKane).

7 – кесте – Абай метафораларының метафоралау (метафоризация) әдісімен аударылуы

Абай өлеңдері	Орыс тіліне аударылуы	Ағылшын тіліне аударылуы
1.«Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896) өлеңі Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек[157,241 б].	«Стучат часы, их стук - не праздный звук», перевод Ю.Кузнецова Прошла, и нет возврата ей в *свой круг* [186,277]	«The ticking of clocks is not an idle sound», trans-lated by Richard McKane. It goes, it dies, and the

7-ші кестенің жалғасы

1	2	3
(Мына жолдарда метафора жоқ)	(«Возвращаться на круги своя», «все возвращается, на круги своя») – фразеологизм	***circle of life*** is closed [196, p.16]. (Circle of life – мағынасы «круговорот жизни», түпнұсқада жоқ метафора, екі аудармада да көрініс тапқан, метафоралау.
2.«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886). Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың? [157, 27 б].	«О, казахи мои, мой бедный народ!», Перевод С.Липкина Ты и с виду неплох, и числом велик, Но какой же *яд* в твою душу проник? [186, с. 76]. (Түпнұсқадағы осы өлең жолдарында метафора жоқ, алайда орыс тіліндегі аудармада *яд* сөзі метафора)	«Oh, Kazakhs, my poor people!», translated by Richard McKane. Eye to eye, you're welcoming and kind, but then you're mercenary-minded and your face changes [196, p. 17]. Метафоралау жоқ, *яд* метафорасы ағылшын тіліне «mercenary-minded» деп аударылған, бірақ ол метафора емес, оның аудармасы – пайдақор, пайдакүнем, корыстный деген мағынада қолданылған.
3. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», 1885 ж. Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім [157, 19 б]. (Түпнұсқадағы мына өлең жолдарында метафора жоқ.)	«Молодым до науки дойти я не мог», перевод А.Кодара Не оценит никто ни удач, ни труда, Лучше дома лежать и *не лезть за порог* [205, с.144]. (Лезть за порог – выходить из дома, үйден шығу деген мағынада қолданылған, метафоралау трансформациясы)	«When I was young I didn't give much thought to knowledge», translated by Richard McKane. But no one can value your works,and so I preferred in everything the peace of solitude [196, p.19]. (Ағылшын тіліндегі жолдарда, метафоралау емес, қарапайым сөздермен берілген,

7-ші кестенің жалғасы

1	2	3
		мағынасы: мен тыныштықты, оңашалануды қаладым, the peace of solitude)
4. «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», (1886) өлеңі. Онын алып, тоқсаннан дәме қылып [157, 29 б]. (Түпнұсқадағы мына өлең жолдарында метафора жоқ.)	«Бай живет и охраняет свой скот», перевод М.Зенкевича А тот, кто добудет *десять голов* [181, с. 33]. Бұл жердегі десять голов –синекдоха, тұтас бір заттың орнына оның бір бөлігімен ғана аталады.	«The beys live in worry, protecting their wealth», translated by Richard McKane. Accepted the ten, hanker after the ninety percent [196, p. 21]. (Байқағанымыздай, ағылшын тіліндегі бұл өлең жолдарында метафоралау жоқ, дәл қазақ тіліндегі түпнұсқадай аударма жолдарда метафора көрмейміз)
5. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», 1887 ж. Қисынымен қызықты сөз болмаса [157, 75 б]. (Түпнұсқадағы мына өлең жолдарында метафора жоқ.)	«Стих – это вождь средь слов, ценнейший их убор», перевод Вс.Рождественского За ними ставь баит – и речь пойдет *шитьем* [186, с. 133]. (Қисынымен деген сөз шитье деген метафорамен аударылған, шитье сөзінің астарында, көрнекті, тігілген тігіс секілді сөз деп ұғынамыз)	« Poetry is the queen of language, the sovereign of the word », translated by Richard McKane. Do not endow the word with powerful strength [196, p. 35]. (Кері аудармасы: сөзге мұндай жігерлі күш бермес еді, яғни бұл өлең жолдары еркін аударылған, метафоралау да көріп тұрғанымыз жоқ)

Байғанымыздай, метафоралау әдісімен аударылған аудармалар орыс тіліндегі аудармаларда көбірек байқалады, дегенмен де ағылшын тіліндегі тәржімаларда да трансформацияның бұл түрі орын алады. Метафоралық трансформацияның метафоралау түрі өлең аудармасын түпнұсқадағыдай әдемі,

мазмұнды, мағыналы болсын деген ниетпен аудармашылар қолданатын тәрізді, дегенмен метафоралау трансформациясы арқылы аударылған дүниелерді біз еркін аудармалар қатарына қосамыз, себебі бұл сөз қосу болып табылады.

Метафоралық трансформацияның екінші түрі реметафоралауға кезек берелік, анығын айтқанда, реметафоралау, яғни, метафораны метафорамен аудару үлкен тәжірибені, біліктілікті, қос тілді жетік меңгеру мен автордың айтайын деген ойын, оның концепциясын жете түсінуді талап етеді. Метафораны метафорамен аудару үздіксіз еңбек, ұшқыр білім, талапты ойды қажет екендігі сөзсіз. Реметафоралау әдісімен тәржімалау көптеген аудармалардың мақсаты деп білеміз, бірақ бұл мақсатқа жету оңай емес. Метафора мен оның түпнұсқа мәтініндегі қызметін сақтап қалып маңызды.

8 Кесте – Ақын метафораларының реметафоралау (реметафоризация) әдісімен аударылуы

Абай өлеңдері	Орыс тіліне аударылуы	Ағылшын тіліне аударылуы
1. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», 1896 ж. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан – *шын асыл*, тастай көрме [157, 250 б]. (*Шын асыл* сөзі метафора, жүректегі бар тазалық, адалдық, асылды меңзеп тұр автор)	«Разным людям не верь, что тебя вознесут», перевод А.Гатова Загляни в свое сердце и там, в глубине, Отыскав *жемчуга,* береги, не бросай [181, с. 134]. (Нақтыландыру әдісімен аударылса да, метафора сақталған, *шын асыл* метафорасы *жемчуга* дегенмен тәржімаланған, табиғатта сирек кездесетін қымбат, таза асыл тас, сондықтан аудармашының бұл тәржімасын, метафорасы сақталған аударма деп қабылдаймыз. *Шын асыл* сөзі таза түрінде кездесетін *жемчуга* сөзімен алмастырылған.	«Don’t believe the flatterers when they sing your praises», translated by Richard McKane. You must simply look deeper into the heart—you will find there the *true treasure*—don’t lose it [196, p. 44] . (True treasure – шын, нағыз қазына, асыл дегенді білдіреді, сондықтан да бұл мысалды, дәлме-дәл аударма деп түсінеміз. Ағылшын тіліндегі аударма сатылы аударма арқылы жүзеге асса да, метафора 3 тілде де бар, 2 аударма нұсқада сақталған, реметафоралау трансформациясы арқылы жасалған 2 үздік мысал деп есептейміз)

8-ші кестенің жалғасы

1	2	3
2. «Жүрегім менің – қырық жамау» (1899) өлеңі. Жүрегім менің – *қырық жамау,* қиянатшыл дүниеден [157, 268 б]. Түпнұсқадағы метафора *қырық жамау* – қиянат пен зұлымдықтан жараланған жүректі қаптаған, жамаған қырық жамау. *Жүрегім менің – қырық жамау* – тамаша авторлық метафора, бұрын-соңды бұл метафораны қолданған қазақ авторлары жоқ. Абай жүрекке қатысты біраз метафоралар жасаған: ауру жүрек, жүрек – теңіз.	Бұл өлеңнің бірнеше аудармасы бар, алайда метафора тек С.Тлеубаев аудармасында сақталған. 1. Сердце мое - из сорока заплаток [186, с. 324], С.Тлеубаев аудармасы 2. На сорок лоскутов тоскою [186, с. 325], М.Петровых аудармасы 3.На сорок лоскутьев печалей [186, с. 326], Ю.Кузнецов аудармасы 4.Несчастное, в лоскутьях сердце [186, с. 327], М.Адибаев аудармасы	«My heart is in forty shreds» өлеңі. , translated by Richard McKane. My heart is *in forty shreds*, from the malicious intent of the world [196, p. 31] деп аударылған. *Shred* сөзінің аудармасы - лоскуток, клочок, яғни қазақшасы кесінді, қиық, жамау дегенді білдіреді. Ағылшын тіліндегі тікелей аудармасы: «Мына зұлым дүниеден, жүрегім менің қырық жамау». Сирек кездесетін құбылыс – түпнұсқадағы метафора 2 аударма тілде де, орыс және ағылшын тілдерінде сақталған. Көріп отырғанымыздай, реметафоралау трансформациясы 2 аударма тілде көрініс тапқан.
3. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» (1898). Махаббат, ғадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім *мұз* болмай ма? [157, 262 б]. *Мұз* – дәстүрлі метафора, ешқандай эмоцияға жауап қатпайтын, қатып	«Не в земле ли сырой обрету я приют, умерев? » А.Кодар *аудармасы* Мое сердце, в котором боролись любовь и вражда, Не станет ли *льдом*, где не властны ни радость, ни гнев?! [186, с. 314]. *Лед* сөзі баламалы түрде аударылған, метафора	«When I die, will not the damp earth become my resting place?» өлеңі , translated by Richard McKane. My poor heart, where love and anger fought, will it not, poor thing, turned into an *ice* block? [196, p.49] Түпнұсқадағы *мұз*

8-ші кестенің жалғасы

қалған жүрек. Автор нұсқап кеткендей, майдандасқан, алысқан, күрескен жүректен не қалмақ? Ол – сөзсіз, әбден шаршап-шалдыққан, сондықтан мұзға айналады, яғни жібімейді, қатып қалады. Жүрек – сезімтал орган, жылы сөз айтылып, жақсы, ұнамды істерге жүрек жібіп, қуанады. Ал жүректің қатайып, мұз болуына себеп көп. Мысалы, сатқындық, өтірік, біреуге қиянат жасау, осылардың салдарынан, жұмсақ болуға тиісті жүрек, мұзға айналады. Оған ауа-райының суықтығы емес, адамдардың, әсіресе, жақын адамдардың немқұрайлы, салқын қарауы жеткілікті. Мұз деген қысқа сөз болса да, өте ауқымды, мағыналы, ішінде талай мәні бар метафора, Абай өте орынды қолданған.	сақталған. (Осы өлеңнің бірнеше аудармасы бар, мына *мұз* метафорасы әртүрлі аударылған. 1.Разве сердце от этого леденеет?, С.Тлеубаев аудармасы 2. Бездушным льдом - пылающее сердце, Ю.Нейман аудармасы 3.Не тронет ледяным коварством, М.Дудин аудармасы 4.Ты беззащитно будешь в тверди ледяной!, Е.Курдаков аудармасы 5.Растает, как льдинка у Господа в теплых руках, Ю.Кузнецов аудармасы 6. Язык мой острый и строптивый, оледенев, не возразит тебе, М.Адибаев аудармасы Көріп отырғанымыздай, реметафоралау әдісімен аударылған тек Ә.Қодардың тәржімасы.	Түпнұсқадағы *мұз* метафорасы – ағылшын тілінде де өз мағынасын сақтаған, *ice* сөзі – мұз деп аударылады. Аудармада *ice* сөзі "block" сөзімен қатар кеп тұр. Одан мағына өзгермейді, аудармашының "block"сөзін, екінші жолдағы "fought" (майдандасу) сөзімен ұйқасу үшін алған. Байқағанымыздай, өте сирек кездесетін реметафоралау әдісімен аударылған. Ақынның метафорасы екі аударма тілде де сақталған, формасы да, мазмұны да берілген. Әдетте, орыс тіліне аударылған тәржіма нұсқалар дұрыс болады, бірақ ағылшын тіліне сатылы аударма арқылы тәржімаланғандықтан, ағылшын тіліндегі метафора дұрыс берілмейді. Сондықтан, мына екі аударма да сәтті жасалған деп айта аламыз, әрі реметафоралау әдісіне бірден-бір мысал бола алады.
4. «Домбыраға қол соқпа» өлеңі. Іштегі ескі *жалынды* Сөндір жаңа қылықпен	«Не стучи руками по домбре», К.Досжанның аудармасы. То, что внутри горит	«Don't pick up the dombra», translated by Richard McKane. Extinguish the *fire* in my

8-ші кестенің жалғасы

[157, 290 б]. Осындағы метафора *жалын* – дәстүрлі метафора, мағынасы – алаулаған сезім, ынтық көңіл, махаббат. Жалынның астарында, тек жағымды эмоция емес, өкініш, қайғы, уайым, ақталмаған үміт секілді адамның түрлі күй-ахуалы бар, соның барлығын жалын деген метафора дөп беріп тұр.	*старым огнем* [186, с. 340]. Бұл аударма жолма-жол әдіс арқылы жасалған, десе де, басқа 4 аудармаға қарағанда, метафора мейлінше сақталған. Қалған аудармаларда метафора сақталмаған: 1. «Угли в сердце», А.Гатов 2. «Молю, погаси костер», А.Жовтис 3. «Тление былого», А.Кодар 4. «Внутри что тлеет и горит», М.Адибаев	soul [139, p. 32], ағылшыншадан аударсақ, мағынасы дәл түпнұсқаға сай келеді: Іштегі отты, жалынды өшір, сөндір. *Fire* сөзі От, жалын деп аударылады, яғни түпнұсқадағы метафора, сатылы аудармамен келген, ағылшын тілінде де сақталған. *Жалын – огонь – Fire* –үшеуі де метафора, яғни ақынның метафорасы екі аударма тілде де сақталған, формасы да мағынасы да сол қалпы.
5. «Құлақтан кіріп, бойды алар» (1897) өлеңі. Аталған өлеңде бір метафора екі рет қолданылған. Мысалы, өткен күннің *уларын* және мен ішпеген *у* бар ма?" [157,257 б]. Ақынның айтпағы, кәдімгі *у* емес, оның астарында азап, мұң, қайғы, ақын тартқан тауқымет жатыр, халқының ақынды түсінбеуі, оның үндеуіне халқының құлақ аспауы жатыр.	«Красивой песней под струнный звон», Вс.Рождественский аудармасы Ақынның екі метафорасы да метафора болып аударылған: 1.прежний *яд*; 2. разве на свете *отрава* есть, какой бы не выпил до капли я?" [181, с. 135]. Ақынның бір *у* метафорасы екі түрлі аударылған, *яд* және *отрава*. Екі сөз синоним, аудармашы екінші сөзді өлеңде ұйқас шығу үшін алған.	«Intruding on the ear, the wonderful song», translated by Richard McKane. Түпнұсқадағы екі рет кездесетін бір метафора *poison* деп аударылған. 1. And thirstily drink the venemous *poison* of days I lived through [196, p. 53]; 2. Any *poison* that I have not drunk? [196, p. 53]. *У – яд/отрава – poison* метафоралар болып табылады, түпнұсқадағы метафора екі аударма тілде де көрініс тапқан, реметафоралау процессі сәтті шыққан.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Швейцер ұсынған үш әдістің ішінде ең керегі де осы – реметафоралау әдісі арқылы жасалған аударма дүниелер.

Метафоралау мен деметафоралау әдісі арқылы жасалған аудармалар еркін аудармалар қатарына жатады. Себебі, бір жағдайда, бар метафораны жоқ қылып, оны түрлі себептермен жойып жіберсе, екінші жағдайда, түпнұсқада жоқ метафора аударма нұсқаларда бой көтереді. Ақын өлеңдерін бір тілден екінші тілге сөйлету мақсат емес, одан бұрын, ақынның ойын, концептісін дұрыс жеткізу, ақынның метафора және тағы басқа троптарын аударма нұсқаларда да мейлінше сақтауға назар қойған жөн. Кей сәтте түпнұсқада бар метафораны аударамын деп, аудармашылар оны эпитетке не теңеуге айналдырып жібереді. Ал, асылында, метафораның метафора болып қалғаны абзал. Осындай түпнұсқада бар метафораны аудармада жоқ қылу процесі деметафоралау деп аталады. Енді, кестедегі үшінші әдіс, деметафоралау әдісімен аударма жасау мысалдарына көз жүгіртелік.

9 Кесте – Абай поэзиясындағы метафоралардың деметафоралау (деметафоризация) әдісімен тәржімалануы

Абай өлеңдері	Орыс тіліне аударылуы	Ағылшын тіліне аударылуы
1.«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», (1889) өлеңі. Қиналмай, *қызыл тілім*, кел, тілді ал, қой! [157, 114 б]. *Қызыл тіл* – метафора, бір айтқанда, кесіп айтатын, тура айтатын, орақ тіл, сөзі орамды адамның тілі. Қызыл тіл метафорасы, сонау жыраулар поэзиясынан келе жатқан дәстүрлі метафора.	«Не для забавы я слагаю стих», Д.Бродский аудармасы Навек замолкни лучше ты, мой стих. [181, с. 75]. *Қызыл тіл* метафорасы аудармада жоқ, ол тек «мой стих» деген сөз тіркесіне айналған. Еркін аударма, нәтижесінде, метафора жоғалып кеткен. Қызыл тіл – қазақ халқына бұрыннан түсінікті концепт, тура айтатын, шешен адамға тән.	«I don’t write poems for amusement, and not», translated by Richard McKane. "then, my *tongue*, don’t make the effort, be silent" [196, p. 25]. *Tongue* тіл деп аударылады. Түпнұсқадағы метафора – қызыл тіл, ол оның физикалық күйін емес, буынсыз, өткір тілді адам дегенді білдіреді, аудармада бұл жоқ.
2. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»,1886 ж. *Ала жылан, аш бақа күпілдіктер* [157, 31 б]. Мұнда екі метафораны көріп отырмыз, адамдардың жағымсыз	«Измучен, обманут я всеми вокруг», П.Карабан аудармасы К злодеям, к ворам снисходителен он, [181, с.34]. Байқағанымыздай, аудармада жолма-жол аударманың арқасында,	« I’m disillusioned with enemies and friends alike», translated by Richard McKane. *Like speckled snakes* or *croaking hungry toads*, they[196, p. 33]. *Speckled snake* – ала жылан,

9-шы кестенің жалғасы

тобы жайлы айтылып отыр, ала жылан дегеніміз сұм, арам, залым адам; аш бақа – тойымсыз, жаландаған пендені меңзеп отыр.	мағына берілген, бірақ метафора жоқ, ақынның екі айқын метафорасы аудармада берілмеген, оның орнын қарапайым сөздер басқан.	*croaking hungry toads* - бақылдауық аш бақа деп аударылады. Бірақ like сөзі секілді, тәрізді деп аударылғандықтан бұл теңеуге айналып кетеді, яғни деметафоралау әдісі арқылы жасалған.
3. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896) өлеңі. *Алтын* алсаң, береді боғынан жеп [157, 237 б]. Алтын дегеніміз – рухани байлық, білім, құндылықты білдіретін метафорикалық белгілер. Пиғылы нашар адамға рухани байлық, рухани құндылық, білім келе қалса да, ол өз ниетіне сай, сол рахани білімді жаман нәрсеге айналдырып жібереді, оның қадірін біле алмайды, тек дүниені қуып жүрген адамға, рухани байлықтың, яғни алтынның қажеті жоқ, оның көздегені тек – дүние, байлық.	«Стяжателю одно лишь тешит душу – скот», О.Румер аудармасы *Крупинки золота* ищи в навозной куче [181, с. 128], түпнұсқадағы метафора аудармада жоқ, түпнұсқада алтынның өзі болса, орысша нұсқада тек сол алтынның бір бөлігі, бөлшегін айтып отыр, бұл нақты аударма емес, сонымен бірге метафора да емес. Түпнұсқада алтынды алсаң делінген, ал аудармада алтынды сол жерден тап делінген, яғни жаңадан тап делінген, бұл нақты емес. Ақынның *алтыны* аудармада жоқ, мағынасы бұрмаланған.	«Who stuffs his pockets tight», translated by Richard McKane. "and in their lust for gold they'll even eat shit!» [196, p. 43]. Ағылшыннан аударар болсақ, мына аударма жолдар түпнұсқаға мүлдем сай келмейді, аударылуы: «Алтынға ынтық болғандары сонша, олар боқ жеуге де әзір». Аудармашы ақын ойын бұрмалап жіберген, форма жағынан алтын – gold деп тұрса да, мағына жағынан, Абайдың алтыны – рухани байлық, ал аудармада gold – кәдімгі металл, алтын оның атауы.
4. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896) өлеңі. *Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* [157, 237 б]. Бұл мәнмәтінде бәрінен жоғары тұрған үш құндылық бар, олар: адал еңбекке ұмтылыс,	«Стяжателю одно лишь тешит душу – скот», О.Румер аудармасы Корысть позорит нас, нельзя прожить достой-но Без светлого ума, без пламенной души [181, с. 128]. Тұпнұсқадағы үш айқын метафора, үш тіркес	«Who stuffs his pockets tight», translated by Richard McKane. Human beings have only three virtues: the burning heart, the bright mind – and firm will [196,p. 43]. Ағылшынша нұсқада да метафорасыз берілген:

9-шы кестенің жалғасы

жігерленген, рухтанған ақыл-парасат және адамгершілік, қайырымдылыққа толы мейірімді жүрек. *Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* тіркестері символ мен образ түрінде келгендіктен, оларды жоғары менталды семантикасы бар метафоралық конструкция ретінде есептеуге болады. Контекстуалды лексика тұрғысынан, бұл үш тіркес Абай концептісінің тұрақты концептілері болып табылады, өлең архитектоникасында, осы үш тіркес мына метафораларға (мал, ит, шошқа) қарама-қарсы қойылған.	аудармада түсіп қалған, оның орнына еркін аударма бар, жалпылама тек мағына ғана берілген, өлең формасы өзгерген, метафорасыз берілген. Ыстық қайрат – пламенная душа, нұрлы ақыл – светлый ум делінсе, жылы жүрек тіркесі аудармада мүлдем қалып кеткен. Бұған түрлі себеп болуы мүмкін, өлеңдегі ұйқасты келтіру мақсатымен, не болмаса, ақынның осы бір үшінші метафорасын жете түсінбегендіктен болуы мүмкін, нәтижесінде, ақынның осы бір авторлық метафоралары аудармада берілмей қалған.	burning heart – жалындаған жүрек (пылающее сердце), bright mind – сергек сана, ақылды парасат (ясный, светлый ум); firm will – мықты ерік-жігер (твердая воля) дегенді білдіреді. Десек те, орысша аудармаға қарағанда, үш тіркес те ағылшынша аудармада бар, бірақ бұл тіркестер нақты аударылмаған. Нәтижесінде, метафоралар да аударма да жоқ. Аудармашы өз тарапынан сөздер қосқан, мысалға түпнұсқада мықты ерік-жігер туралы айтылмаған. Нұрлы ақыл тіркесі азды-көпті аударылған, ыстық қайрат тіркесі толық аударылмаған.
5. «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» өлеңі. Адамзат – бүгін адам, ертең *топырақ* [157,272 б].*Топырақ* сөзі – метафора, десе да бұл ақиқатты жиі айтатынымыз соншалық,бұл сөздің метафора екені де байқалмайды.Адам топырақтан жаралды, барар жері – жер қойнауы, топырақ.	«Ты рос. Ты вверх тянулся смело», перевод М.Дудина Многообразен путь земной, смерть не обходит стороной [186, с. 334]. Ақынның ойы жалпылама жеткізілген, метафора мүлдем жоқ, ол аударылмай қалып кеткен. Осы бір ақиқат та басқа сөздермен жеткізген. Аудармашы еркін тәсіл қолданды.	«You grew up striving for the azure skies», translated by Richard McKane. Now you are a hero, but tomorrow only ashes [196, p. 56]. Аудармасы: қазір сен қаһармансың, ертең сен күлсің. *Күл* мен *топырақ* бір емес, метафора нақты аударылмаған.

Деметафоралау әдісі , сөзсіз, аудармашылар арасында жиі қолданылатын әдіс. Себебі, өзге тілде жазылған дүниені, әсіресе, поэзиялық өрнекті өзге тілде дәл солай сөйлету нақты біліктілікті, білімді, тәжірибені, тіл білу машығын талап етеді. Ақынның айтар ойын дәл жеткізу, метафорасын метафорамен аудару, түпнұсқадағы метафораның атқарып отырған қызметін аудармада дәл көрсету көп еңбекті қажет етеді. Метафораны қалдырып кетіп, оны басқа троптармен алмастыру немесе оны мүлдем қалдырып кету жиі орын алады. Десе де, қазақтың бас ақыны Абайдың философиясын, оның концептісін жете түсініп аудару көп аудармашының қолынан келе бермейді, дегенмен, аудармашылар талаптанды, өзге тілде жеткізуге тырысып бақты. Метафора жоқ жерде метафора қосып (метафоралау), ақын өлеңдерінің сұлулығын аударма нұсқаларда сақтауға әрекеттенді. Реметафоралау немесе қайта метафоралау әдісі арқылы түпнұсқадағы аудармаларды қалпына келтірген тәржімалар да бой көтерді. Мәселен, *у – яд – poison*; *мұз – лед – ice* метафоралары т.б. Түпнұсқадағы метафора және оның экспрессивтік қызметі екі аударма нұсқада да сақталған. Формасы жағынан ғана емес, түпнұсқадағыдай ішкі мазмұн мен мағынаға ие аудармадағы метафоралар қатары орын алғандығы қуантады.

3-ші тарау бойынша тұжырым

1. Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі ең алғашқы аудармасы («Жаз») «Астраханский Вестник» басылымында 1893 жылдың №1181 санында жария етілген. Одан кейін 1914 жылы ақынның «Желсіз түнде жарық ай» (Аул ночью), «Жаз» (Лето), «Адамның кейбір кездері» (Поэть), «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» (Пожалейте меня) өлеңдері «Восточный сборник в честь А.Н.Веселовского» кітабында. Аудармашылары – М.Рамазанов пен С.Сабатаев. 1915 жылы В.Н.Белослюдов пен Н.Кулжанов аударған Абай өлеңдері «Сибирский студент» журналынының №3-4 санында жарияланады. Бұл аудармалардың барлығы өлең түрінде емес, баяндау түрінде аударылған. Абай өлеңдерін орыс тілінде алғаш өлең түрімен берген Вс.Рождественский, 1936 жылы «Абай Кунанбаев. Избранные стихи» жинағында Вс.Рождественскийдің ақын өлеңдерінің 28 аудармасы жария етілді. Вс.Рождественский аудармаларында метафораны теңеумен аудару сөз қосу, түсіріп тастау, тұтас өлең шумақтарын аудармау секілді кемшіліктері бар.

2. 1981 жылы шыққан жинаққа Абай өлеңдерінің аудармалары енді, ақынның 117 өлеңін орыс тілінде оқуға мүмкіндік болды. М.Петровых, Ю.Нейман, А.Штейнберг, А.Арго, А.Гатов, Д.Бродский, М.Зенкевич, В.Бугаевский аудармаларын түпнұсқамен салыстыру-салғастыру кезінде мынадай кемшіліктерін барын анықтадық: метафораны түсінбей, басқаша аудару; нақтыландыру, дамыту әдісі арқылы тәржімалау т.б.

3. «Абай.Тридцать семь стихотворений» жинағына енген аудармашылардың еңбектерін сараладық, зерттеу жұмысымызға тек біразын

келтірдік, атап айтсақ, С.Тілеубаев, М.Петровых, Ю.Кузнецов, М.Адибаев, А.Қодар аудармаларын талдадық. Аударма кемшіліктері бар, десе де, барабар аудармалар да кездеседі, мысалы *шынның жүзі* метафорасы – *истины лик (Ә.Қодар) деп аударылған.* Абай өлеңдерін аудармас бұрын, мына аспектілерге көңіл бөлген орынды: ақын өлеңінің шығу тарихынан хабардар болу; ақын қолданысындағы метафораның түрін анықтау; метафораның семантикасы, этимологиясына мән беру; тәржімада авторлық метафораның белгілі бір тұтастық жүйесіндегі синтаксистік, лексикалық, семантикалық, ритмикалық, көркемдік-эстетикалық қызметінің ерекшеліктерін ескеру; ақын метафоралары мен олардың аудармалары арасында барабарлық, бамалалық деңгейлерін сақтауға тырысу және т.б;

4.Абай өлеңдерінің ағылшын тіліндегі аудармаларын түпнұсқамен салыстырып-салғастыру әдісі бойынша талданды, ағылшын тіліндегі аудармалар сатылы аударма арқылы іске асқандығы байқалды. Ортадағы байланыстырушы тіл – орыс тілі. Орыс тілі аудармасында кеткен кемшілік ағылшын тілінде де көрініс табады. Дегенмен, ағылшын тіліне аударатын маман алдындағы дайын орыс тіліндегі аудармаларға сүйенбей, аударманы жолма-жол аудармадан жасаса, аударма жақсы шығуы әбден мүмкін. Мысалы, осындай әдіспен Р.Маккайне Б.Каирбековтың жолма-жол аудармасынан тәржімалаған.

5.Абай метафораларын орыс тіліне аударуда қолданылатын аударма трансформациялары:калькалау, нақтыландыру, жалпыландыру, эскпликация, компенсация тән болса, ағылшын тіліне аударылған тәржімаларда жоғарыда келтірілген әдістердің барлығы анықталды. Ағылшын тіліндегі тәржімаларда антонимдік аударма әдісі кездеседі, бірақ жалпыландыру (генерализация) мен өтеу (компенсация) ағылшын тіліндегі аудармаларда кездеспейді.

6. Метафоралау трансформацияның үш түрі бар: метафоралау, реметафоралау, деметафоралау. Метафоралау деп түпнұсқадағы жоқ метафораны метафорамен аудару, деметафоралау түпнұсқадағы метафораның аудармада көрініс таппауы аталса, ал реметафоралау деп метафораны метафорамен аударуды атаймыз. Абай өлеңдерінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында метафоралу трансформациясының үш түрі де орын алған.

Қорытынды

Диссертациялық жұмыс Абай поэзиясындағы метафораның рөлі, негізгі түрлері, қызметтерін анықтау мен ақын метафораларының орыс, ағылшын тілдеріне аудару мәселесіне арналған.

Абай Құнанбаев – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ халқының ұлы ақыны. Болыстың беделді қызметінен бас тартып, ол әділдік үшін күресудің қиын жолын таңдады, оның мақсаты – өз халқын рухани дамыту, жаңарту, білім мен жаңашыл талпыныстарға бағыттау болды. Алайда, бұл жол – қиыншылықтарға, жан азабы мен рухани күйзелістер әсерінен, оңай жол болған жоқ. Бұл коллизиялар туралы Абайдың өзі өлеңдерінде ашық баяндайды. Абайға өзінің өмірлік жолының маңызды кезеңдерін, жан тебіренісі мен рухани өмірдің түйінді сәттерін айқын түрде жеткізу қажет болды. Сол себептен Абай поэзияда метафораны таңдады, өлең жолдарына арқау етті. Ол ой-санаға ерекше әсер ететін сөздерді жиі пайдаланды, ақын үнемі жаралы жүрек, қайғылы жүрек, қырық рет жамалған жүрек жайлы айтады. Ақынның қоғамдық өмірдегі белсенділігі, халқының рухани-адамгершілік қайта құруы жолындағы қатыгез күресте төтеп беруі салдарынан, ақын адамның рефлексиясын, яғни жүректі бейнелейтін авторлық метафорлар пайдаланды. Ақын өзінің ой-пікірін және бүкіл өмірінің мақсатын жеткізгісі келетін, сол мақсатта кеңінен пайдаланылған поэтикалық сөз – авторлық метафорасы бар көптеген өлеңдер жазылды. Жүрек пен жаралы жан метафорасын, ақын өзінің ішкі дүниесінің жай-күйін экспрессивті түрде беру үшін, сондай-ақ, өз халқына, қарапайым қазақ адамына жаны ашығандықтан, соны жан-дүниесімен түсінгендіктен, кеңінен қолданды. Осылайша, Абайдың авторлық метафорасы поэзиясында ел жүрегіне жеткізуде арнайы құрал ретінде қызмет етті. Абай поэзиясы, маңызды психологиялық, рухани және философиялық мағыналарға ие, функционалдық белсенді метафораның арқасында, өз аясын кеңейтіп, қазақ оқырманына ғана емес, орыс және ағылшын мәтіндерінің оқырмандарына да қол жетімді болды. Абайдың өлеңдері мен қара сөзі, көптеген аудармашылардың ұзақ жылғы еңбегі нәтижесінде көптеген тілдерге аударылды. Дегенмен, біздің міндетіміз – аудармада ойдың қаншалықты дұрыс берілгенін, атап айтқанда, метафораны аударғанда қалай берілгенін қарастыру болатын, өйткені метафора – Абайдың поэтикалық жүйесіндегі басты троп, осы троп көмегімен, Абай өз халқын жалқаулықтан, рухани ұйқыдан оятуды көздеді және өз елінің өзге мемлекеттердей, білім, ғылым, өнерге ұмтылуын, рухани жаңаруын қалады.

Талдауымыз көрсеткендей, аударма барысында,тәржімашылар Абай өлеңдерін аударуда түрлі әдістер қолданғандығы белгілі болды, мысалы, метафораны теңеуге ауыстыру, дамыту, сөздерді түсіріп тастау, сөз қосу, нақтыландыру, жалпыландыру және т.б. Тек метафора немесе жекелеген сөздер емес, тұтас бір жолдардың, өлең шумақтарының қалып кеткені көрсетілді. Абай поэзиясының күрделі, жүйелі, мағыналы бір жолынан айрылу деген сөз – автордың барлық ойынан айырылып қалу дегенмен бірдей. Дегенмен, Абайдың

семантикалық маңызы бар метафораларының жекелеген сәтті аудармаларын да байқауға болады.

Осылайша, Абай поэтикасындағы метафораны зерттеу, оны орыс және ағылшын тілдеріне аудару тәсілдерін қарастыру, аудармаларын талдау барысында біз келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Зерттеу барысында Абай өзінің поэзиясы жүйесінде, дәстүрлі және авторлық метафораларды функционалдық түрде қолданғандығы анықталды, Талдау барысы көрсеткендей, поэтикалық жүйесінде қолданған дәстүрлі метафоралардың саны – 523, ал авторлық – 524 құрады. Бұл ара-қатынас дәстүрлі қазақ сөз эстетикасындағы терең, сапалы өзгерісті білдіреді, ол Абай поэзиясы арқылы шаблон мен стереотиптен реализмге, нақты өмірге ұласуын байқатады. Абайдың авторлық метафораларын жасалу жағынан екі түрі бар екені анықталды. Біріншісі, ақын қазақ тілі қорында бар сөздерді өзгертіп, әсіресе, сөз табы бойынша етістік сөздерге, қазақ тілінде бар белгілі жұрнақтардың көмегімен (мысалы, ман, паз, шыл т.б), ақын түбегейлі жаңа метафора жасайды. Әсіресе, бұл жаңа метафоралар адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сипаттауға бағытталған. Атап айтсақ, алярман, әсемпаз, қызшыл, қызықшыл, лапылдақ, оңғақ, сұрамсақ, шуылдақ және т.б. Екіншісі, тілдегі бар қолданылу сипаты қарапайым сөздерге жаңа үстеме мағына беріп, авторлық неологизмді адамның мінезіне қатысты жұмсайды, мысалы қиқым, кірпіш, тұғыр, аш бақа т.б. сөздері.

2. Абай өлеңдеріндегі метафора коннотативті және эстетикалық жіктеме бойынша сараланды. Сонымен бірге, ақын поэзиясындағы метафоралардың, жоғарыдағы қызметтерінен бөлек қызметтері анықталды. Мысалы, философиялық, философиялық-эстетикалық, философиялық-экспрессивті, экспрессивті, символдық қызмет деп бөлінді. Осы қызметтердің әрқайсысы жүйелілігімен, концептуалдығымен ерекшеленеді.

3. Абайдың поэтикасы көбінесе тұжырымдамалық (концептуалды) сипатқа ие, бұл ақынның өмірді терең философия тұрғысынан түсінгендіктен деп қабылдаймыз. Сондай-ақ, Абай метафорлары өмірдің құбылыстарына да, сондай-ақ терең ойланушы тұлғаның рухани өмірінің санасына да қатысты болып табылады.

4. Абай поэзиясында «жүрек» концепті жиі кездеседі, бұл концепт символикалық тұрғыда, рухани және эмоционалды маңызды хал-ахуалды жеткізуге көмектеседі. Абайдың көптеген авторлық метафоралары онымен байланысты, бұл тармақталған ассоциативті жүйені құрайды және бұл күрделі метафорикалық құрылымдарды жасау үлгілерінің бірі ғана болып табылады. Мысалы, *жүрегім менің қырық жамау, жүректің оты, ауру жүрек* және т.б.

5. Абай өлеңдерінің алғашқы аудармалары 1893 жылы, одан кейін 1914 жылы және 1915 жылы пайда болса да, Абайдың өлеңдерінің алғашқы нағыз аудармашысы Вс.Рождественскийді есептейміз. Ол Абайдың өлеңдерін поэзия нұсқасымен аударған. Бұған дейін Абайдың өлеңдері тек қана прозамен аударылған (аудармашылар М. Рамазанов және С. Сабатаев).Абайдың 28 өлеңін

орысшаға аударған Вс.Рождественский тәржімалары түрлі трансформациялық әдіспен жүзеге асқан, мысалы, өлең жолдарды қалдырып кету, сөз қосу, түсіріп тастау т.б.

6. Абай аудармаларының түрлі нұсқалары негізінде, тәржімалалардың салыстырмалы-салғастырмалы талдауын жүргіздік, Абайдың көптеген өлеңдері орыс тіліне аударылған. Талдауға 1981 жылы шыққан жинаққа енген М.Петровых, Ю.Нейман, А.Арго, А.Штейнберг, А.Гатов, Д.Бродский және т.б аудармалары алынды. Нәтижесінде, аудармашылардың метафораны теңеумен аудару, метафораларды дамыту әдісімен аудару, сөзбе-сөздікке жүгіну және т.б әдістерін қолданғандығы анықталды.

7.Абай метафоралары аударылу вариативтілігін көрсету мақсатында, Абайдың бір өлеңінің бірнеше нұсқасы талданды. Салыстырмалы-салғастырмалы талдау Абайдың 37 өлеңі жинағына енген аудармашылардың тәржімалары негізінде жасалды. Нәтижесінде, Абай поэзиясындағы метафораларды аудару барысында, аудармашылар мына аспектілерге назар аударған жөн деген қорытындыға келдік. Олар: ақын өлеңінің шығу тарихынан хабардар болу; ақын қолданысындағы метафораның түрін анықтау; метафораның семантикасы, этимологиясына мән беру; тәржімада авторлық метафораның белгілі бір тұтастық жүйесіндегі синтаксистік, лексикалық, семантикалық, ритмикалық, көркемдік-эстетикалық қызметінің ерекшеліктерін ескеру; ақын метафораларының түпнұсқадағы атқарып тұрған қызметін аудармада беру; аударма трансформациясы түрлерінің мүмкіндіктерін пайдалану; ақын метафоралары мен олардың аудармалары арасында сәйкестік деңгейлерін сақтауға тырысу; Абай метафорасын аудармада нұсқада да метафорамен беру мүмкіндігін іске асыру.

7. Ағылшын тіліндегі аудармалар орыс тіліндегі аудармалардың негізінде жүзеге асырылғандықтан орыс тіліндегі аудармаларда кездесетін кемшіліктер ағылшын тіліндегі аудармаларда да көрініс табуы мүмкін. Алайда, ағылшын аудармашысы тәржіманы орыс тіліндегі аударма нұсқадан емес, жолма-жол аудармадан тәржімаласа, жақсы нәтижеге қол жеткізуі әбден мүмкін.

8. Аударма трансформациясының 14 түрін зерттеу жұмысымызда келтірдік. Абай өлеңдеріндегі метафоралардың орыс тіліндегі аудармаларына, 9 аударма траснформациясы тән болса, ағылшын тілдеріндегі аудармаларға 8 траснформация түрі қолданылды.

9. Метафоралау, деметафоралау, реметафоралау әдісімен аударылған Абай метафоралары талданды. Метафоралық трансформация негізінде, Абай өлеңдерінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары сараланды, кесте жүзінде көрсетілді. Деметафоралау әдісі – сөзсіз, аудармашылар арасында жиі қолданылатын әдіс. Себебі, өзге тілде жазылған дүниені, әсіресе, поэзиялық өрнекті өзге тілде дәл солай сөйлету нақты біліктілікті, білімді, тәжірибені, тіл білу машығын талап етеді. Ақынның айтар ойын дәл жеткізу, метафорасын метафорамен, түпнұсқадағы атқарып отырған қызметін аударма нұсқада бере білу үнемі ізденімпаздықты қажет етеді.

10. Жазушы, аударматанушы Г.Бельгер «Властитель – слово. Почему трудно переводить Абая?» мақаласында құнды пікірлерімен бөлісті: «Абайды өзге тілге аудару қиынның қиыны. Кейде Абайды мүлдем аударуға келмейтіндей көрінеді. Абай – Асқақ. Асқар. Қол жетпес. Берік. Биік.
Дәрменсіздіктен, тауың шағылып, не істеріңді білмейсің. Ең тиянақты, мұқият, бірнеше нұсқалары мен комментарийлері бар жолма-жол аударма да ұнамсыз көрінеді, поэзияны тұншықтырғандай әсер қалдырады. Тек кейде қажырлы, ұқыпты жолма-жол тәржіма жасаған аудармашының орасан еңбегі есебінен түпнұсқа мағынасы, мәтіннің жалпы суреті, Абай өлең жолының графикалық сипатын аудармада қалпына келтіруге мүмкіндік туады...Поэзия поэзия болып аударылады. Абайды өзге тілге аудару үшін талант қажет. Түпнұсқадағы Абай поэзиясын түсінетін, ұғынатын, оны бар болмысымен қабылдап, жүрегімен сезініп, оны аудармада, өзге тіл формасында қайта қалпына келтіру керек. Бұл – жалғыз дұрыс жол» [186, с. 365-369].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Аристотель. Поэтика / пер. и прим. Н.И.Новосадского. – Л.: Academia, 1927. – 120 с.

2 Paul Ricoeur. The Rule of Metaphor. – Canada: University of Toronto Press, 1977. – 387 p.

3 Скляревская Г.Н. Метафора в системе языка / Г.Н. Скляревская – СПб.: Наука, 1993. – 152 с.

4 Канке В.А. Формы времени. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 230 с.

5 Когай Э.Р. Метафора как средство создания индивидуально-авторской картины мира. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 77 с.

6 Quintiliani A. De Musica libri tres. R. P. Winnington-Ingram, B.G. Teubner (Leipzig), 1963. – 198 p.

7 Античные риторики. – М.: Издательство Московского Университета, 1978. – 352 с.

8 Бхарата. Натьяшастра // В кн.: Столепестковый лотос. Антология древнеиндейской литературы. Классическая литература Востока. Перевод с санскрита и древнетамильского. – М. : «Восточная литература РАН», 1996. – 408 с.

9 Анандавардхана. Дхваньялока (Свет Дхвани). Памятники письменностей Востока.Перевод с санскрита Ю.М.Алихановой. – М.: Главная редакция восточной литературы издательство Науки, 1974. – 305 с.

10 Лучицкая С. Метафоры средневекового общества: тело, здание, шахматы // «На меже меж Голосом и Эхом». Сб.статей в честь Т.В.Цивьян. М.: Новое издательство, 2007. – С.269-276.

11 Дюби Ж. Трехчастная модель или представления средневекового общества о самом себе. Перевод с французского Ю.А.Гинзбург. – М.: Языки русской культуры, 2000. – 320 с.

12 Жак ле Гофф, Николя Трюон. История тела в средние века. Перевод с французского Е.Лебедевой. – М.: Текст, 2016. – 192 с.

13 Айвор А.Ричардс. Философия риторики // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. – С.44-67

14 Тарасов О.В. Соотношение метафоры и науки: основные философско-мировоззренческие подходы: дисс.... канд.фил.наук. – Уфа: Белорус.гос.ун-т, 2005. – 164 с.

15 Гоббс Т. Левиафан или Материя, форма и власть государства церковного и гражданского. – М.: Государственное социально-экономическое издательство, 1936. – 504 с.

16 Шитиков П.М. Концептуальная метафора в Евангелии от Иоанна. – СПб: Алетейя, 2015. – 148 с.

17 Локк Дж. Собрание Сочинений в 3-х томах, Т. 1. – М.: Изд-во «Мысль». Редакция философской литературы, 1985. – 567 с.

18 Мигуренко Р.А. О роли метафоры в философском языке описания сознания // Журнал «Известия Томского политехнического университета», 2008. Том 313, Номер 6. С. 99-101.

19 Дмитриев Т.А. Проблема методического сомнения в философии Рене Декарта. Рос.акад.наук, Институт философии. – М.: ИФ РАН, 2007. – 232 с.

20 Эрнст Кассирер. Сила метафоры // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. С.33-43.

21 Жапарова А.Ж. Метафораның тарихи-философиялық негіздері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2018. – № 2 (57). 139 -144 Б.

22 Хосе Ортега и Гассет. Эстетика. Философия культуры / пер Б. В. Дубина. М.: Искусство, 1991. – 591 с.

23 Сысолятина О. Н. Метафора как вербально -невербальная форма // Вербальные и невербальные формы репрезентации знания: дис. ... канд.фил.наук. – Киров, 2004. – 188 с.

24 Гак В.Г. Метафора: универсальное и специфическое // Метафора в языке и в тексте. – М.: Наука, 1988. – С.11-26.

25 Ломоносов М.В. Краткое руководство к красноречию / Ломоносов М.В. Сочинения. Том 10. Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1957. – 519 с.

26 Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Том 1. – Алматы: Ел-шежіре баспасы, 2013 жыл. – 382 б.

27 З.Ахметов. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген //Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады. Құрастырушы: В.Қ.Күзембаева. – Алматы: Орталық Ғылыми Кітапхана, 2001. – 267 б.

28. G.Lakoff, M.Johnson. Metaphors we live by. – Chicago: The University of Chicago Press, 1980. –242 p.

29 George Lakoff, Mark Turner. More than cool reason. A field guide to Poetic Metaphor. – Chicago: The University of Chicago Press, 1989. – 231 p.

30 Phillip Stambovsky. The Depictive Image:Metaphor and Literary Experience. - Amherst:University of Massachusetts Press, 1988. – 156 p.

31 Andrew Ortony . Metaphor and Thought. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – 678 p.

32 Z.Kovecses. Metaphor . – New York: Oxford University Press, 2003.–285p.

33 Cameron Lynne . Metaphor and Educational Discourse. – London: Continuum, 2003. – 294 p.

34. Маккормак Э.Когнитивная теория метафоры// Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. С.358-387.

35 Дж.Лакофф и М.Джонсон. Метафоры, которыми мы живем. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 стр.

36 Alice Deignan .A corpus-based study of some linguistic features of metaphor. – Birmingham: University of Birmingham. 1997.– 401p.

37 Gladys Nyarko Ansan. Metaphor and bilingual cognition: the case of Akan

and English in Ghana. – Lancaster: Lancaster University, 2011. – 451 p.

38 J. Berenike Herrmann. Metaphor in academic discourse Linguistic forms, conceptualstructures, communicative functions and cognitive representations. –The Netherlands: LOT. – 361 p.

39 Elsie Kit Ying Chan.Translation as metaphor: Yan Fu and his translation principles». – Coventry: University of Warwick, 2003. – 372 p.

40 Charles Thursby Denroche (Metaphor, metonymy, language learning and translation. – London: Institute of Education, 2012. – 292 p.

41 Mohd Nour Al Salem. The translation of metaphor from Arabic to English in selected poems of Mahmoud Darwish with a focus on linguistic issues. – Leeds: The University of Leeds, 2014. – 339 p.

42Тарасов О.В. Соотношение метафоры и науки: основные философско-мировоззренческие подходы: дис. ...канд.фил.наук. – Уфа: Белорус.гос.унив., 2005. – 164 с.

43 Уилрайт Ф.Метафора и реальность// Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. С.82-109.

44 Рикер П. Живая метафора//Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. – С.435-455.

45 Б.П. Иванюк «Метафора и произведение: структурно-типологический, историко-типологический и прагматический аспекты исследования» (ғылым докт. дәрежесін алу үшін жазылған дисс., – Киев, 1999. – 369 с.

46 Н.А. Туранина «Именная метафора в русской поэзии начала XX века» ғылым докт. дәрежесін алу үшін жазылған дисс., Белгород, 2000, – 340 стр.

47 Н.С.Трифонова «Метафора в ранней лирике Анны Ахматовой: «Вечер» – «Белая стая» – «Anno Domini» (диссертация на соискание ученой степени доктора наук). Екатеринбург, 2005. – 220стр.

48 Оганьян А.М. Метафора как основной троп поэтической речи: на материале англоязычной поэзии XX века: диссертация на соискание ученой степени кандидата наук. – Москва, 2006. – 206 стр.

49 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: филол.ғыл.канд....дисс. – Алматы, 1964. – 287 б.

50 Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен таралуы: филол.ғыл.канд....дисс. – Алматы, 1963. – 206 б.

51 Садықбеков Р. Қазақ тіліндегі сөздердің көп мағыналығы: филол.ғыл.канд....дисс. – Алматы, 1973. – 184б.

52 Сыбанбаева А. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі: филол.ғыл.канд....дисс. – Алматы, 1999. – 130 б.

53 Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде): филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2004. – 136 б.

54 Омирбекова Ж. Метафора және тіларалық транспозиция (Ә.Нұрпейісовтің "Соңғы парыз" романы бойынша): филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2005. – 119 б.

55 Абитжанова Ж. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы: филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2008. – 132 б.

56 Кәрібаева С. С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект): филол.ғыл.канд. ...дисс. – Астана, 2010. – 122 б.

57 Боранбаева Ж.Қ. Мағжан поэзиясының көркемдік жүйесі): филол.ғыл.канд....дисс. – Астана, 2003. – 135 б.

58 Мұсалы Л. Символ және оның көркемдік қызметі: филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2003. – 121б.

59 Рахимжанова А.С.Авторская метафора как способ экспликации архетипических знаний в художественном тексте: дисс. ... канд. фил. наук . – Кокшетау, 2010. – 118 с.

60 Сансызбаева С.К. Метафоры-фреквенталии в сфере «животное-человек»: дисс....канд. фил. наук. – Алматы, 2001. – 127 с.

61 Тимофеев Л.И., Венгров Н. Краткий словарь литературоведческих терминов. М.: Учпедгиз, – 1963. – 194 стр.

62 Жапарова А.Ж. Метафора - поэтикалық жүйенің конструктивті бірлігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2019. – № 6/3. –Б.207 -211.

63 Цицерон М.Т. Трактаты об ораторском искусстве. Об ораторе. Книга III. – М.: Наука, 1972. – 230 с.

64 Балли Ш. Французская стилистика. – М.: Государственное издательство иностранной литературы, 1961. – 394 с.

65 Вардзелашвили Ж. О двоякой сущности метафоры // Санкт-Петербургский государственный университет и Тбилисский государственный университет. Научные труды. Серия: филология. Выпуск IV. – СПб-Тб., 2002. – С.66-77.

66 Ортега Х и Гассет. Две великие метафоры// Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. –С.68-81.

67 O.Barfield. Poetic Diction and Legal Fiction / The Importance of Language. – New Jersey: Prentice-Hall, 1962. – 51-77p.

68 O.Barfield. Poetic Diction. A study in meaning. – Oxford: Barfield Press UK, 2010. – 104p.

69 Квятковский А.П. Поэтический словарь. – М.:Советская энциклопедия, 1966. – 376 стр.

70 Петровский М. Метафора // Словарь литературных терминов: В 2 т. Т. 1.– Л.: Изд-во Л. Д. Френкель, 1925. – 748 с.

71 О.С. Ахманова. Словарь лингвистических терминов. – М.:Книжный дом «Либроком», 2012. – 576 с.

72 Аристотель. Этика, Эстетика, Поэтика. – Минск: Харвест, 2011. – 1280 с.

73 Якобсон Р. Два аспекта языка и два типа афатических нарушений // Теория метафоры. – М: Прогресс, 1990. – С.110-132.

74 Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М: Аспект Пресс,

1999. – 334 с.

75 Е.Г.Субачева. Лингвокогнитивные основы поэтической метафоры: на материале произведений английских поэтов XX века: дисс. ... канд. фил. наук . – М., 2009. – 166 с.

76 М.И. Стеблин-Каменский. Изоморфизм и фонологическая метафора //Спорное в языкознании. – М.: Издательство Ленинградского университета, 1974. –144 стр.

77 В.Жирмунский. Поэтика А.Блока // Вопросы теории литературы. – Л: Academia, 1928. – 358 стр.

78 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва: Языки русской культуры, 1999. – 896 стр.

79 Никитин М.В. Курс лингвистической семантики. Учебное пособие. – СПб.:РГПУ им.А.И.Герцена, 2007. – 819 стр.

80 Москвин В. П. Русская метафора: очерк семиотической теории.– М.:Ленанд, 2006. –184 стр.

81 Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык. – М.: Издательство «Флинта», 2002.– 384 стр.

82 Black, Max. More about Metaphor/ In Metaphor and Thought, edited by Andrew Ortone. – Cambridge: Cambridge University Press. pp.19-41.

83 Никитин М.В. Концепт и метафора // Проблема теории европейских языков / Отв. ред. В.М. Аринштейн, Н.А. Абиева, Л.Б. Копчук. – СПб: Изд-во «Тригон», 2001. – С.36.

84 Гак В.Г. К проблеме общих семантических законов // Общее и романское языкознание. – М.1972, стр.144-157.

85 Левин Ю.И. Структура русской метафоры // Труды по знаковым системам. – Тарту, 1965. Т2. С.293-299.

86 Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и языковая картина мира. – М.:Наука, 1988. - 173-204 стр.

87 Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка . – М. : Издательство литературы на иностранных языках, 1958. – 460 с.

88 Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка: учебник. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 464 стр.

89 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1965. – 158 бет.

90 Ларин Б. О разновидностях художественной речи. Семантические этюды // Ларин Б. Эстетика слова и языка писателя. –Л.,1969 . – 236 стр.

91 Виноградов В. Основные типы лексических значений слова. // Вопросы языкознания. – М.: Издательство Академии Наук СССР, 1953б, № 5. С.3–30 стр.

92 Якобсон Р. Заметки о прозе поэта Пастернака (1935) // Роман Якобсон. Работы по поэтике. – М., 1987. – С.324-338.

93 Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс //Теория метафоры:сб. – М.:Прогресс, 1990. –С.5-32.

94 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихиның мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Т.2. – Алматы, 1960. –121-362 бб.

95 Цинковская Ю.В. Виды художественных метафор в современной русской прозе // Ученые записки ЗабГГПУ, №3, 2010, С.154-158.

96 Уилрайт Ф. Метафора и реальность // Теория метафоры:сб. – М.:Прогресс, 1990. –С.82-110.

97 Culler J. The Pursuit of Signs. - New York: Routledge, 2001. – 272 p.

98 Харченко В.К. Функции метафоры. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 96 стр.

99 Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс / Теория метафоры. – М.:Прогресс, 1990. – 498 стр.

100 Newmark P. A textbook of translation. – New York: Prentice Hall, 1988. – 311p.

101 Raymond Van Den Broeck. The limits of transability exemplified by metaphor translation // Poetics Today, Vol.2, No. 4, translation Theory and Intercultural Raletions (Summer-Autumn, 1981), Published by Duke University Press. – P.73-87.

102 Dagut, M.B. Can Metaphor be translated? // Babel: International Journal of Translation, Volume 22, Number 1.– P.21-33.

103 Кубрякова Е.С. Язык и знание. На пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.

104 Жапарова А.Ж. Аудармадағы метафора және оны аударудың негізгі әдістері // XXI Филология ғылымдары: ұлттық код және көркемдік таным" атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. –Алматы: Қазақ Университеті, 2018.

105 Федоров А.В. Основы общей теории перевода: лингвистические проблемы. – М.:Высшая школа, 1983. – 303 с.

106 Казакова Т.А. Практические основы перевода. – СПб.: Союз, 2010. – 320с.

107 Комиссаров В.Н., А.Л.Коралова. Практикум по переводу с английского языка на русский (на английском языке). – М.: Высшая школа 1990. – 123 с.

108 Гальперин И.Р. Стилистика английского языка. Классический учебник по стилистике английского языка для факультета иностранных языков. 3-е издание. – М.: Высшая школа, 1981. – 316 с.

109 Вовк В.Н. Языковая метафора в художественная речи. – Киев: Наука Думка, 1986. –143стр.

110 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Международные отношения, 1974. – 237 с.

111 Жуйкова П.С.Способы передачи метафоры //Язык.Социум.Культура: сборник материалов Всероссийской научной конференции. – Саратов: ИЦ Наука, 2010. с.98-102.

112 Борковец Н.И. Техническая метафора в художественной картине

мира (на материале немецкой прозы 20 века и ее переводов на русский язык): дисс....канд.филол.наук. - Екатеринбург, 2000. – 203 с.

113 Основные понятия переводоведения. Терминологический словарь - справочник. – М.:ИНИОН РАН, 2010. – 260 с.

114 Krings, H.P. Translation problems and translation strategies of advanced German learners of French. In J. House, & S. Blum-Kulka Eds. , Interlingual and intercultural communication – Tubingen: Gunter Narr, 1986. – P. 263-275.

115 Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М.: ЭТС, 2002. – 424с.

116 Алексеева И.С. Введение в переводоведение. – СПб: Академия, 2004.–352с.

117 Аржанова И.А. Функциональный подход в вопросах обучения адекватному отражению метафоры в теории и практике перевода // Научно-методический журнал Мордовского государственного университета им.Н.П.Огарева: Интеграция образования. – 2013, № 2. – С.136-142.

118 Catford, John C. A Linguistic Theory of Translation: an Essay on Applied Linguistics, London: Oxford University Press, 1965. – 110 p.

119 Левицкий Р. О принципе функциональной адекватности перевода // Сопоставително езикознание, IX, 3 – София, 1984. – С. 68-77.

120 Липатова В. В., Литвинов А. В. Понятия эквивалентности и адекватности в преподавании перевода в высшей школе на современном этапе// Вестник РУДН, серия Лингвистика, № 4. – Москва, 2011. – С. 105-113

121 Тюленев С. В. Теория перевода. – М.:Гардарики, 2004. – 336 с.

122 Швейцер А. Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – Москва, 1988. – 215 с.

123 Швейцер А. Д. Перевод и лингвистика. – Москва, 1973. – 280 с.

124 Рецкер Я.И. О закономерных соответствиях при переводе на родной язык // Вопросы теории и методики учебного перевода: Сб. СТ. / Под ред. КА. Ганшиной и И.В. Карпова. – М., 1950. – С.156-178.

125 Бархударов Л. С. Язык и перевод. – Москва, 2010. – 240 с.

126 Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001, – 224 с.

127 Алдашева А. Аудармадағы баламалылықтың түрлері// Аударма тәжірибесі:хрестоматия. Құрастырған Қазыбек Г. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 39-45б.

128 Гарбовский Н.К.Теория перевода. – М.: Изд-во Моск.ун-та, 2004. – 545 стр.

129 Koller W. The Concept of Equivalence and the Object of Translation Studies//Target. – Amsterdam, 1995. - Vol.1, N.2. – P.191-222

130 Комиссаров В.Н. Современное переводоведение . Курс лекций. – М.: ЭТС, 1999. – 192 стр.

131 Комиссаров В.Н. Общая теория переводов. – М.: ЧеРо, 1999. – 136 с.

132 Nida, Eugene A., Taber, Charles R. The Theory and Practice of Transla-

tion.– Leiden: E.J.Brill, 1969. – 220 p.

133 Nida, Eugene A., Toward a Science of Translating. – Leiden: E.J.Brill, 1964. – 331 p.

134 Ma, H. J. Selected Readings of Contemporary western Translation Teories. Beijing: Foreign Language Teaching and Research Press, 2009. – 382 p.

135 Гак В.Г., Львин Ю.И. Курс перевода: Французский язык. – М.: Издательство ИМО, 1970. – 400 стр.

136 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы). – Алматы: Ғылым, 1968. – 334 б.

137 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. – 175 б.

138 Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 264б.

139 Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері. – Алматы: Өнер, 2008. – 399б.

140 Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.

141 Қ.Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. –Алматы, 1948. – 201 б.

142 З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп баспасы, 1973. – 212 б.

143 Қ.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі / Абайтану. Таңдамалы еңбектер, XV том. / жалпы ред.басқарған Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 248 б.

144 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.

145 М.Базарбаев. Өлең–сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы : Жазушы, 1973. – 256 б.

146 М.Сильченко. Путь Абая к реализму //Жизнь и творчество Абая. Сборник статей/ под редакцией М.Ахинжанова и З.Ахметова. – Алма-ата: Издательство АН КазССР. 1954. – С.107-131.

147 Фатима Исмаилова. Романтические женские образы в поэзии Пушкина и Абая // Пушкин-Абай және қазақ әдебиеті: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service6 2006. – С.254-267.

148 Девицкий И.И. Абай Кунанбаев // Лермонтовская энциклопедия /АН СССР. – М.: Сов.Энцикл.1981. – 746 с.

149 Абай.Я – человек-загадка. Составитель Г.Бельгер. - Астана:Фолиант, 2009. - 504 стр.

150 Герольд Бельгер. Властитель – Слово (Почему трудно переводить Абая) // Абай. Двадцать стихотворений на трех языках. – Астана: Аударма, 2008. – 136 с.

151 Б.Кенжебаев. Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы // Абайдың өмірі мен творчествосы. Жизнь и творчество Абая.Сборник статей. – Алматы:

Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1954. –С.85-106.

152 Қожақанова М. Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасының әлем тілдеріндегі аудармалары (рецепция, интерпретация). Философия докторы дәрежесіне іздену үшін диссертация, 2013. – 153 б.

153 Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык. – М.:Флинта: Наука, 2002. – 384 с.

154 М.Жолдасбеков.Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Егемен Қазақстан, 2008, 26 қараша (№357-360). – Б.8-9.

155 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2003. – 296 б.

156 Ахмад Абу Яхья аль-Ханафи. Прекрасные имена Аллаха и их краткое толкование. – М.: Даруль-Фикр, 2017. – 64 стр

157 Абай. Шығармалар. – Алматы, "Мөр" мемлекеттік шағын кәсіпорын, 1994. – 416 б.

158 Хайям О. Рубайат. -М.: Издательство Наука, 1972. – 202 стр

159 Джами А. Избранные произведения в четырех томах. Т.1 – Душанбе: Ирфон, 1972. – 399 стр.

160 Бабалар сөзі.Жүз томдық. Батырлар жыры. 37-ші том. –Астана: «Фолиант», 2006.–540 бет.

161 А.Сейдімбеков. Алпамыс батыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 158 б.

162 Болатбекұлы А. Дұғалар. – Алматы, 2014. –116 б.

163 Рахматуллин Р.Ю. Суфийская антропология//Исламоведение, 2013.№1.–С.64-74

164 Джавад Нурбахш. Психология суфизма. –М.: Амрита-Русь, 2004. – 158 стр.

165 Классическая восточная поэзия. –М.: Высшая школа, 1991. – 799 стр

166 Насими. Избранная лексика в двух томах. Т1. – Баку: Азербайджанское государственое издательство, 1973. – 325стр.

167 Имам аль-Газали. Лучи мудрости (Анвар аль Хикмат). – М.:Рисалат, 2010. – 48 стр.

168 Аль -Газали ат-Туси. Возрождение религиозных наук. – М.:Нуруль Иршат, 2007. – 585 стр.

169 Ер-Тарғын (Қазан басылымы) // Бабалар сөзі.Жүз томдық. Батырлар жыры. 44-ші том. —Астана: «Фолиант», 2007. Т. 44. – 11-53 б, 496 б

170 Дулат Бабатайұлы, М.Өтемісұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.Kz», 2014, –288 б.

171 Голуб, И.Б. Стилистика русского языка: Учебное пособие/И.Б.Голуб. – М.:Айрис пресс, 1997. – 512 стр.

172 Вильданов У.С. Суфизм о пути любви к наивысшему совершенству //Проблемы востоковедения. 2012/1 (55). –С.7-9.

173 Лермонтов М.Ю. Полное собрание сочинений. – Спб: Издательство Пушкинского дома, 2014. – 776 с.

174 Пушкин А.С. Стихотворения и сказки. – Новоуральск, 2000. – 352

стр.

175 Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер баспасы, 2011. – 614 б.

176 A.Zhaparova. The functional characteristics of a metaphor in Abay's poems// Journal of Language and Literature, Vol.7 No 1, February 2016. Azerbaijan ISSN: 2078-0303, Scopus, –P.42-52.

177 A.Zhaparova, Zh.Dadebaev, A.Zhaksylykov. The conceptual metaphor in Abay Kunabayev's poetics// Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 3. August, 2016, Scopus, – P.54-59.

178 Құнанбаев А. Библиографиялық көрсеткіш. Қазақ ССР-ің А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік Республикалық Кітапханасы. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1965. – 287 б.

179 Восточный Сборникъ въ честь А.Н.Веселовского. Труды по Востоковъдънію, издаваемые Лазеревскимъ институтамъ восточныхъ языковъ. – М.: Типографья М.О.Аттая и К.О.Маросейка, Косьмодаміанский переулок, д.№5, 1914. – 479 с.

180 Кунанбаев А. Избранные стихи. / перевод Вс.Рождественского. – Алма-Ата:Казахстанское краевое издательство, 1936. – 75 с.

181 Кунанбаев А. Избранное. –Алма-Ата:Художественная литература 1981.– 224с.

182 Серов В.В. Энциклопедический словарь крылатых слов и выражений. – М.: Локид-Пресс, 2005. – 677стр.

183 Солдатова Л.Лингвистические и экстралингвистические основы вариативности перевода. – Рига:LAP Lambert Academic Publishing 2011. – 208 стр

184 Алдашева А. Аударматану. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.

185 Есембеков Т. Аударманың поэтикалық мәселелері//Аударматану мен әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2010. – Б.31-35

186 Абай. Тридцать семь стихотворений. Составитель и переводчик М.Адибаев. – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006. – 440 с.

187 Zhaparova A. Translating the Kazakh poet Abay // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016, Scopus, – P.307-314

188 Жапарова А.Абай метафорасының семантикасы және оның орыс тілінде берілуі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – № 6(52). – Б.88-92.

189 Жаксылыков А. Перевод фразеологизмов, специальных терминов //Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы (таңдамалы дәрістер). –Алматы: Ценные бумаги, 2010. –С.149-152.

190 Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы//Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы:Тіл, 2008. – Б.25-35.

191 Петрова О.В. Введение в теорию и практику перевода. – Н.Новгород:

ИГЛУ им.Н.А.Добролюбова, 2001. – 97 с.

192 И.С.Алексеева. Профессиональный тренинг переводчика. –СПб.: Союз, 2001. – 288 с.

193 Айдарбек Қ. Аударма мәселелері және терминология// Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы:Тіл, 2008. – Б.157-166.

194 Тарақ Ә. Аударма әлемі. –Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.

195 Abai Kunanbayev. Selected Poems. – М.: Прогресс, 1970. – 190 с.

196 Abai. Book of Words. – Семей: Абай халықаралық клубы, 2005.– 176 б.

197 Левицкая Т.Р., Фитерман А.М. Теория и практика перевода с английского языка на русский. – М.: Издательство литературы на иностранных языках, 1963. – 123с.

198 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода/ Дополнения и комментарии Ермоловича. – 4-е изд., – М.: «Р. Валент», 2010. – 244 с.

199 Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода. – М.: 1975. – 240 с.

200 Комиссаров В.Н. Теория перевода(лингвистические аспекты): Учебник. – М.: Высш.шк., 1990. – 253 с.

201 Дәдебаев Ж. Абайдың ақындық дүниетанымы: түпнұсқа және аударма (түсіну, пайымдау, бағалау)// Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №3. 3-12 бб.

202 Сагандыкова Н. Проблемы поэтического перевода с казахского на русский язык: дисс. ... докт. фил. наук. – Алматы, 1994. –330 с.

203 Швейцер А. Д. Перевод перевода. Статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука,1988. – 206с.

204 Казакова И.В. Проблемы перевода метафоры (на материале современной английской поэзии) // Казань: Молодой ученый. – 2015. – №14. –С.591-593.

205 Антология казахской поэзии в переводах Ауэзхана Кодара. – Алматы: Издательский дом Таймас, 2007. – 328 с.